

А 2017

4371 к



ҰЛГАЛАР

ҰҒЫРЫ









# ТҰЛҒАЛАР ТҰҒЫРЫ



«Мер-Press» баспасы

Алматы

2017

ӘОЖ 82, .512.122.09  
КБЖ 83.3 (ҚАЗ.)  
Ғ-54

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

*Бас сарашы: Марал ЫСҚАҚБАЙ,  
жазушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері*

**Т 54 ТҮЛҒАЛАР ТҰҒЫРЫ:** – Алматы:  
«Мер-Press» баспасы, 2017 – 285 бет.

ISBN 978-601-03-0447-5

*Құрастырушы: Бақыт БАЙТӨЛЕ*

Кітапқа әйгілі Қордай асуының күңгей-геріскейінде өніп-өсіп жатқан ұрпақтардың ұраны болған, Жетісу мен Шу бойындағы Алашқа даңқы жайылған тарихи төрт тұлға жайлы атақты жыраулар, белгілі қаламгерлер мен әдебиетші-ғалымдар әр кезеңде айтқан дастандары мен зерттеу мақалалары топтастырылған. Тұлғатанымдық, сол арқылы ұрпақты елдік, ерлік Рухта тәрбиелеу мақсатымен ерекшеленетін бұл дүние көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-03-0447-5

© Б. Байтөле, 2017  
© «Мер-Press» баспасы, 2017

# ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ

(Алғысөз орнына)

Мұратбай ЖОЛДАСБАЕВ

*Ежелден ел еңсесін көтеріп келе жатқан есті ұрпақ. Олар өзіне дейінгі өткен өмірді, ондағы ұлтқа ұлағат болған ата-бабаларымыздың Рухын ерекше құрметпен ертеңдерге жеткізіп, солай бола беруін өзінен кейінгілерге аманаттап отырады. Өйткені, кезегімен келіп жататын ұрпақ, өздерінің өсіп-өркендеп жатқаны үшін де өткендердің алдында – қарыз. Осыны қаперден шығармау, ол үшін тектілігімен жалпақ жұрттың жан тебіренісін тудырған қасиеттілерінің қадіріне жету – парыз.*

*Қазақтың тарихи тағдырында талай-талай ұрпақтың өлмес өнеге, өшпес рухына айналар тұлғалар тағдыры мәңгілік. Осындай биіктіктің ұшар басындағы қазақтың қасиетті перзенттерінің қатарында Қордайдың күнгейі мен төскейінде дүниеге келіп, асып тусан Өтеген батыр, Кебекбай мен Ноғайбай сынды кемеңгер би-шешендер, Жетісу ән мектебінің іргетасын қалаған қазақтың ұлы композиторы Кенен Әзірбаев та тұр. Дулат – Жаныс – Қасқарау руынан шыққан Өтеген бабамыздың батырлығын ұлы жырау Жамбыл мен Сарыбас ақын ұлт-азаттық күресіндегі ерен ерлігін жырға қосып, тарихқа таңбалап кетті. Кебекбай мен Ноғайбай Ресей империясы мен Қоқан хандығына есімдері аян болған көсем ойлы, шешен сөзді қайраткер билер. Әйгілі Шөже, Майкөт және қырғыздың атақты ақындары жырларына арқа етті. Бұлар әділдікті ту еткен, ұлттық намысты ұрпақтардың ұстанар ұлағаты болуын көксеген. Заманының саяси-әлеуметтік үрдісінде дипломаттық қабілетімен танылған көздері ашық, көкіректері ояу, көрегендер еді.*

*Ұлы композитор, ақын Кенен Әзірбаевтың кеңестігі келісті де кемел өнердің керемет үздігі болды. Оның ешкімге ұқсамайтын ән әлемі, оның өзгеше өрнегі, күллі қазақ даласының аспанында 100 жылдан астам уақыттан бері қалықтап келеді және қалықтай береді.*

*Иә, Тәуелсіздік жылдарында алардың есімдерін ел-жұрттың есінде мәңгі қалдыру мақсатымен туған ауылдарында ескерткіштері мен мазарлары тұрғызылған. Осынау азаматтық үлкен шаруаның басы-қасында сол кездегі аудан басқарған, кейін Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты болған Құрманғали Уәлі жүрді. Алайда, қордайлықтар тарихи төрт Тұлғаның ұлы Рухын бірдей бір биіктен көрініп тұратындай етіп сәулетті монумент орнату биыл жүзеге асты. Ол Шығыс пен Батысқа жол қозғалысы күндіз-түні ағылып жататын замандық автобанның бойындағы көрнекті жерге тұрғызылды. Бір мезгілде олар туралы әр кезде жазылған мақалалардың басын қосып, осы кітапты жарыққа шығарды. Бұл Тәуелсіздіктің, соның арқасында түйсіктің түкпірінен түлеп шыққан ұлттық рухани адамгершіл-азаматтық өрлеудің, ұрпақтық парыздың, тарихи тереңінен тамырды танудың тағдырымызға жазған мүмкіндігі мен абыройы. Бұл – исі қазақтың, тұтастай ел-жұрттың ынтымақ-бірлігі мен келешегі үшін қаны мен терін қатар сығып беріп өмір сүріп жатқан қордайлықтардың парыз бен қарыз алдындағы кімге де үлгі болар кісілік келбеті.*

*Соның нақты жарқын көрінісі бабаларға арналған монументті тұрғызуда оны қаржыландырған ірі меценат формацевтика заводының Бас директоры Қайрат Қаймолдаевтың атадан қалған аманат – атымтай жамарттық азаматтығын айрықша атап өтпеске болмайды. Сондай-ақ, есімі елге мәлім меценат Асқар Жұмбаевтың жөні бір бөлек. Монументтің құрылысын жүргізген – «Жаңа-Кемер құрылыс» ЖШС-ның басшысы, іскерлігімен кең танымал Көшкінбай Құлманбет, монументтің жобасын сызған «Бақ проект» ЖШС-ның құрылтайшысы – Бақыт Сегізбаев, барлық шаруаның басы-қасында бар-жоғын түгендеп, барынша қызмет көрсеткен Қордай аудандық ветеринарлық орталығының бастығы Бақыт Байтөле екендігін ерекше атап көрсету де парыз.*



# ӨТЕГЕН БАТЫР

(1699 – 1773)

*Шапырашты*  
*Қазыбек бек ТАУАСАРҰЛЫ*  
(«Түп-тұқияннан өзіме шейін» кітабынан.)

## МЕНИҢ ЗАМАНДАСТАРЫМ, ӨТЕН ЕКЕУМІЗ

Мен Бұқарадан келген соң бала оқыттым. Оны айттым. Бірақ содан қара танығаннан кейін оқып кеткені—Өтеген Өтеғұл баласы. Ол доңыз жылы туған, менен бір жас үлкен екен. Екеуміз менің он жасымнан бастап бірге болдық та, өле-өлгенше ажырамадық.

Өтеген Өтеғұлұлы әкесіне құдай берген жеті ұлдың бірі еді. Ол, сан жағынан алғанда төртінші ұл болатын. Шешесі Ұмсындық ақжарқын, өте фазылды, ғазиза кісі еді. Әкесі Өтеғұл – шаруа адам. Малды да, жанды да кісі. Өйткені, туған-туысқандары өте көп адамдар болатын. Сол малды сол кездің өзінде бізден малға кедейлеу болатын Бұқара, Самарқант жерлеріне көбірек айдап, соның әсерімен алтын ақша жинаған Қасқарау-Сырымбет тұқымы Өтеген ауылы еді. Өтен маған он жасымда ерді де, содан дүниенің біршама жерін бірге шарладық.

Алдымен Өтеғұл бай айдаған малмен екеуміз бірге шығып Бұқараға, одан Самарқант бардық. Онда Торын

қажының қолында бір жыл тұрдық. Бұқара, Самарқант тұрмысы, олардың адамдарының жиіркенішті, жаһиллік ақшақұмарлығы маған ұнамады. Жаңа келген, оқу іздеген Өтенге мұның бәрі қызық болды. Мен болсам бұрын да Халимол медресесінде төрт жыл пәкірт болып, көп жайдан уағыз алып, нәмуәнә алып, ендігі біраз нәрсемен тахрис болған жайым бар-дүр. Мен Өтеннен бөлек ғараб тілін оқи бастадым. Өйткені, маған мұнда қызығатын ештеме болмады. Торын хазірет менің өзімше, басқа тілдерді, бөтен ілімдерді оқығанымды жақтамады. Сондықтан, Өтен білгенімен, Торын хазіреттен құпият ғарапшаны зһіндей жүрдім. Менің көп жағдайды мүдәрристерім Бұқара базарындағы саудагер сарттар болды. Бұқара базарынан сарттың қисусанын кездестірет едің. Солардан дүниедегі ең көне кітаптың бірі «Ауастаны» алып оқыдым. «Шахнаманы» да осылардан алып оқып, содан алғаш қазақ атын кездестіргенде, Өтенге тәһсирленіп, ол екеуміз төңіректегі қазақ ауылдарына барып, үш күн қымыз ішіп, қызара бөртіп тойлап жүрдік.

Бұқара елі, мұнымен сабақтас жатқан оғыз-түрікпендер, қарақалпақтар елін де осы кездері Өтен екеуміз әбден кездік. Қыздарының мұрнына салған әребегін көріп, Өтеннің есі кеткені бар-ды. «Қазкен», – дейтін ол, – біздің елде сіргені енесі еміп қояды деп тана-топаққа салушы еді, мына түрікпендер мен қарақалпақтар қыздарына салады екен». Мен әрбір сөзін еске сақтауға тырыстым. Оның себебі: жанымда жүрген жалғыз жанашырым Өтен болмаса, мен қалай жүрмекпін. Тіпті бұдан бұрын төрт жыл жалғыз қалай жүргеніме кейде таңқғлатын едім.

Өтеннің сауаты күн сайын ашылып, үмәттікке фазылданып, оқуды өзіне уазифа етіп алды. Оқыған

ғұламаларға тағдим ету, нашарларға фазылдық көрсету сияқты жай енді оның күн сайынғы әдет-ғұрпына сіңісіп барады. Біз уәжіп-парызымызды атқару мақсұтымызды, ғибадатымызды ел көзіне дұрыс атқардық. Көбіне балалығымыз жеңіп, ұмытып, қызық қуып кететініміз де көп болды. Мәсжідке барғанда, момақан болып, мүлгіп барамыз да, былай шыға бере өзімізше жүретін едік. Бірақ қалайда білуге, мағрифатқа қатты асық едік.

Өтен әптиекті бітіргеннен соң өзінше мықтап жазып кете алмағанымен, судыратып оқитын дәрежеге жетті. Фәһімі артып, білімге ылтифаты басымдады. Енді ол діни кітаптардан гөрі ғарапша, парсыша жазылған тауарих мағарифына бейім, жалпы фәһімді кеңейтетін китаптарды оқитын, менің мұһтарәм китаптарыма жармасатын болды. Мен бұған ренжімедім, қайта һәр нәрсенің һаммасын ғапласып отыруға болатындығына қуандым...

Біз Өтен екеуміз – біріміз онға, екіншіміз он бірге келген боламыз. Бұқараға сауда қыла келген Ысты Нұрмамбет бидің үлкен ұлы Қырбайдан әке-шешемізге хат бағыштадық. Онда Әсфаһан бармақ болғанымызды, өйткені Самарқантта мен енді алатындай білім ордасы болмағанын, жалғыз білім ордасы Ұлықбек қирасы екенін, онда азғантай ғана адам жүргенін, олар шәкірт-мүрид тебіздемейтінін айттық. Дегенмен де Самарқантта да Ұлықбек медресесін, ілім ордасын жағалап бір жарым жыл жүргенімізді жазғанбыз. Бұл жерде Өтен ештеме ала алмады. Өйткені, ол балалармен бірге Регистонға барып, тізерлеп мағаріф алмақ болғанымен, бұрынғысына ештеме қоса алмады, ұстаз-ұлағаттарында береке жоқ, кешке дейін мүлгіп бәрі бір-бір ұрттам көк шай ішіп, жоқтан барды гүріңлесіп отырғаны.

Пұштымдардың өмірі бізге ұқсас. Бірақ тым жабайы қалыпқа жақын. Жерлері соншалықты нашар, әсіресе

олардың көші-қоны жүретін жерлері ит байласа тұрғысыз, құм, кішкентай жел тұрса, бір адым жердегі адамды көре алмай қаласың.

Өтен екеуміз осы далада екі күн адасып өліп қала жаздап, шөлдеп, құлап жатқанымызда, кездейсоқ әлдеқайдан келе жатқан ғараптар бізді қайтадан Кәбілге әкеліп тастады. Кәбілдің адамдары да – Гараптағылар сияқты мұсылманшылығы аз, мейірімсіз адамдар. Біз Әсфаһанға барамыз деп қайта айналып Кәбілге келген соң қатты ренжіп, тіпті елге кетсек пе екен деп ойладық. Ондай ойды салған да – Өтен. «Ләкин, мақсұтымызға жетуге ұмтылмасақ, біздің жігіт болғанымыз қайсы» деген пікір де бізді билеп алды.

Кәбілдің медреселері Бұқар медреселері ғана шамалас. Мажалы менің байқауымша, бұл ел оқуға онша құлықсыз секілді. «Мына пұштымдардың білетіні менің білетінімнен де аз екен», – деп Өтен күліп жүрді.

Біз Кәбілге тұрақтамадық. Мұнда қалу тіпті де мүмкін емес. Бұлардан біз ештеме үйрене алмайтын болғандықтан, қайта Әсфаһанға баруды ойластырдық. Басында біз білмеппіз, бұл шақта ауған елі Парсыға бағынатын болғандықтан, бізге кетуге көлік, керуен оңай табылды. Баста білсек, адаспас едік.

Әсфаһан – әдемі шаһар. Зейендеруд деген өзеннің үстіне салынған. Осындағы екі көпір бұл шаһарды нұрландырып тұрады десе де болады. Ал нақ шаһардың ортасындағы Ғалиғапу сарайы, Шар месжиді – балық көркі. Шаһардың ішіндегі үш-төрт күмбез парсының жамрият билеушілерінікі деседі. Мұнда бізді айрықша тандандырған – кілем тоқу шебері. Кәдімгі жырда әсфахан қылышы дейтін қайқының соғылар жерін Өтен есекеуміз арнап барып көрдік.

Өтен екеуміз Лотфолла шайқы мәсжідінен дәріс алдық. Мен бұл мәсжідтің ең озық мүдридi болдым. Парсы жырларының, тауарих ілімінің арқауын мен осында меңгердім. Өтен де риза болмаса да, мәзһаптан сабақ алды.

Әсфәһанда біз бір жарым жыл тұрдық. Меккеден қайтып бара жатқан адамдардан елге хат бермек болсақ, ондай бізге кездеспеді. Ақыры біз жолға шықтық. Зейендеруд өзенін жағалап, жаяулап Техранға тарттық.

Техранда біз үш-ақ ай тұрдық. Мұнда да оқитынымыз діни оқу болғандықтан, ол бізді қызықтыра қоймады.

Парсылар өздерін мәдениетті елміз деп санайды. Олар бастауын Айраннан аламыз деп, өздерін шал-шауқандары иранбыз деседі. Олардың ойынша, дүниеге әдебиет те, мәдениет те парсыдан жайылған. Бөтен елде жүріп біз оған таласа алмадық. Біраз жылғы жазулы тауариғы бар елдің мақтануы да, бәлкім, дұрыс шығар. Біз парсылармен үнемі тәһһин таптық.

Егер шынын айтар болсақ, Өтен екеуміз де осы Бағдатқа келгенше балалығымыз кетпеген, басымыз кеппеген екенбіз. Байқай келсек, барлық Еуропа, Азия елдеріндегі жағдай бірдей ме деген жорамалға келдік. Өйткені, бұл ғарап елдерінде де ағайынды кісілердің балаларын некелестіру бар екен. Егер олар хукімет билігіне бара қалса, бірін-бірі аямай жазалауға әзір тұрады екен. Мәзкур елде, яғни Бағдатта біз енді тұрмыс-салт ерекшеліктеріне қарамаймыз, тек білім аламыз деп келістік.

Бағдатта ежелден келе жатқан Ғали ибн Яхия ибн әл-Мүнажжим деген атақты адамның ұрпағының кітапханасын да біз шарлап шықтық. Өйткені, бұл кітапханада бір көнеден келе жатқан дәстүр бар екен. Ол – мұнда оқу үшін келген адамның бар шығынын

китапхана иесі көтереді. Ол тек білім алып, дұға оқып жүрсе болды. Бұл Өтен екеуімізге өте бір қолайлы жай болды. Бұл шақта қалтамыз жұкарып қалғандықтан, «Даналық қазынасынан» еркін сусындап жүрдік.

Ақшамыз аз қалды. Сонымен, бір жарым жылды Бағдатта өткіздік. Енді біз Шам қаласына бармақ болдық.

Біздің бір атамыз Бес деген кісі Шам мен Басырада тұрып, арап қызына үйленіп, балаларының атын Шам, Басыра қойғанын үшбу кітаптың шежіре жағында айтқанмын.

Мен – Бестің Шам деген баласының он бірінші ұрпағымын. Біз қайта айналып жүрмес үшін, бір қуыста жатқан Басыраға бардық. Онда көп аялдамадық. Басыра араптың, парсылардың басқа қаласынан көп айырмасы жоқ, саудагерлер қаласы екен, ежелгі қалалардың бірі болса да, бұл бізге онша әсер ете қоймады. Мұны көрген Өтен Әсфәһаннан шыққан жолда-ақ соғып өтіп, қайта келмеу керек еді деп іренжіді. Бірақ көруден, білуден бұл дүниеде жалыққан бар ма, тек өлім күтіп отырған адам болмаса, тіршілікте көргеннің бәрі қызық емес пе?

Керуенте ілесіп біз Шамға жол тарттық. Өтен менен бойы биіктеу, алпамсадай адам болды. Біз, әрине, елден кеткендегі он, он бір жасар балалар төрт-бес жыл өткен соң «соқтандай жігіт болыпты» дегізетіндей болсақ керекті... Өтен өте көрікті жігіт болатын. Жұрттан айырмамыз көп болмауы үшін, біз бір қалаға барған заматта киім өзгертетінбіз. Бұл бізге әдет болған десек те болады. Өйткені, жұрттың көзіне бадырайып көрінгіміз келмеді. Сонда да көрген жұрт біздің басқа елден екенімізді аңғарар еді.

Шам – теңіз жағалауынан онша алыс емес, тау бауырындағы қала. Шаһар ортасынан Бараба деген өзен



өтеді. Біз болған кездері тоза бастаған қала. Әсіресе, – дейді жергілікті халық, – осы Түріктер билегелі бері шаһарымыз нашарлап кетті деседі.

Шам қаласына келіп орналасқан соң, Өтен қатты ауырды. Өтеннің басында іштен туған жара болатын. Ол уақыт өткен соң аузы қарақотырланып, кейін мүйіз сияқтанып қатып қалған. Осындағы тәуіптерге көрсеткенімізде, тәуіп бас сүйекте тесік бар, содан іштен әртүрлі қан ұйысқан сұйық заттар шыққан. Енді ол болып мүйізденіп, бас сүйектегі тесікті жауып қалған. Қазір жер жағдайына байланысты қозғалып ауырған болар, бір айдан кейін қояды дегенді айтты.

Өтен ауырған екі ай маған екі жылдай болып көрінді. Мен оған дәрі-дәрмек, тамақ тасумен болдым. Ақшамыз азайған, бірақ бар болатын. Түрік патшасының ірі ақшасын майдалатқанымызда кейде бізге жұрт танданып қалатын. Қалтамыздағы ақшамызды әлі екі жылға жеткізуіміз керек еді. Бұрынғыдай емес, енді үнемдеуге көштік. Қорлық көргеніміз жоқ. Өтеннің ауырғаны маған емес, Өтенге батты.

Ол менің оқу іздеп келіп, ауру күтуші болғанымға қысылды. Мен қайтсе де ол жазылса екен деймін. Ол менің жанымды тындыратын еді. Мені ол қанша айтсам да болмай ұстаз санайды да, менің алдыма шықпауға тырысады. Сол қалпымен қатты ауырып жатқанда да ол ауырып, мені жұмсап қойғанына қысылды.

Өтеннің басы ауырады. Басы көтертпейді. Ол қан тамырының, қан тасуының ауруы емес. Басында қан тасыды ма екен деп, қан алдырсақ па екен деп едік, жоқ ауру басындағы жараға байланысты болды. Сонан соң оған оқуды қоюға тура келді. Өйткені, тәуіптер оған оқуға тыйым салды.

Екі айдан кейін басын көтеріп, бір күні қазақтың мақалын айтты: «Ақша қарда көп жүрсең, көзің бір күн қарығар; ағайыннан шет жүрсең, көңілің бір күн тарығар» деген еді, сол бізде болып тұр дегенді келтірді. Ол елге қайтсақ қайтеді дегенді ашық айта алмады. Өйткені, менің әлі үш жылға қойған уәзипамды білетін еді. Мен оған: – Сен мені қалдыр да, барлық ақшаны алып елге қайта бер, – дедім. Ол оған көнбеді. Өтен мені тастап кетпеді. «Тіріде сыйласпаған өліде жылыспайды» демеп пе еді қазақ, сені жалғыз тастап елге қалай тірі бармақпын?» – дейді ол. Өтен дініне де, сөзіне де мехкам кісі болатын, айтқан жерінде қатып қалатын көкайыл. Кейде мен оның үшбу мінезіне яғажига болатынмын. Біз ол кезде Ғалиакбар дейтін байдың үйінде тұратынбыз. Оның екі әйелі бар да, балалары жоқ кісі еді, бір жаққа шыққанда, тіпті базарға барса да, екі әйелін бірдей жанынан тастамайтын.

Ғалиакбар есік алдына шығып отырғанды ұнатпайтын, үйіне шенбақа жолатпайтын қатыгез адам-ды. Бәлкім, оның пиғылына бола Құдай бала бермей қойған шығар деп те қоятын едік Өтен екеуміз. Бір күні Ғалиакбар екі әйелін ертіп екі күндік сапарға аттанды. Әлдеқалай мен есік алдына шығып, артұж ағашын көлеңкелеп отырғанмын. Мойнына дорба салған, үстіндегі киімі шұрқ тесік бір кісі мені көре салып, бері бұрылды. Мен жасы үлкен адамға тағзым етіп, сәлем бердім. Ол маған алая жаман көзімен қарады да: «Сенің жаныңда жолдасың бар, ол қатты науқас, егер оны мен қазір қарамасам, ол ертең осы уақытта бұл дүниеден сапар шегеді», – деді. Менің балалығым бар, бірақ жігіт болып қалған едім, сонда да қорқып кеттім. Жаңағы адам өзінен өзі ақиланып, аспанға, жерге, жан-жағына алақ-жұлақ қарап, өзімен-өзі сөйлесіп, мен түсінбейтін бірдемелерді айтып айқайлап, жұлқынып-жұлқынып: «Бол, тез, қашанды аш, әйтпесе



кетіп қаламын, я раббим, пахирға болыса көр!» – деп зіркілдеп кетті. Әрине, бұлардың бәрін ғарап тілінде айтып тұр. Мен қатты састым. Мұны есік алдындағы даусымен төсекте жатқан Өтен қолында ұстаған айбалтасы бар үйден шыға келді. Өтеннің айбалтасы екі сүйемдей сабы бар, өте нәзік жасалған, басының бәрі күмістелінген, үнемі қайраулы, лыпып тұрады. Оны ол жаз күнінде де тастамайды және онысын ешкім көрмейді. Оны мен ғана білемін. Мұны көрген әлігі диуана соған тұра жүгірді. Мен Өтен ұрып жіберер ме екен деп, зәре-иманым қалмады. «Міне, міне, мынаның басы ауырады, емдеу لازم, емдеу لازم», – деп, ол Өтен жанына барды.

Өтен балтасын тықты. Диуана Өтенді иығынан басып отырғызды да, басына киген тақиясын жұлып алып, Өтеннің басын қалтасынан алған түсініксіз бірдемеге от қойып, онымен Өтен басын күйдіре бастады. Өтен бәріне көніп, тып-тыныш отыр. Мен таңданып қалдым. Диуана тұқшындап дорбасынан тағы бірдеме алды да, баттастырып жап-жасыл дәріні жаға салып: «Ал енді ажалдан қалдың, қош бол!» – деді. Мен ақша беріп едім, алмады. «Құдай үшін, Құдай үшін, я раббым», – деп тағы түсініксіз бірдемелерді айтып, тұра жөнелді және қатты жүгіріп кетті. Кәдімгі балаша жүгірді. Басын көтере алмай қалған Өтен ертесіне-ақ басын көтеріп жүруге жарады. Сөйтіп, сол жара бұдан кейін ауыру белгісін бермеді, кәдімгі мүйіз болып, доңғалақтанып қатып қалды. Кейін шашын алғанда, өзім оны талай ұстап көрдім, кәдімгі мүйіз. Осыдан кейін Өтен ауруы көрдім жоқ болды. Өле-өлгенше Өтеннің енді басы ауырып, балтыры сыздап көрмеді десем де болады.

Өтен жазылды. Бірақ мен оның кітап оқуына тыйым салдым. Елден жырақ жүргенде дәхида ауырып қалар

болса, жаман айтпай жақсы жоқ деген, мерт болып кетсе, елге не бетімді айтамын? Шам шаһары біздің келуімізді жақтамады деп таптық та, енді өзіміздің түріктерге бармақ болдық. Бірақ кетер күні Шам шаһарындағы зор зиратқа барып Әбу Насыр бабамыздың басына бата оқуды жөн көрдік. Шейықшы бізді әл-Фараби моласы деп бір молаға алып барды. Оның басындағы тасты, шейықшының айтуынша жазуын тереңдетіп жазу үшін алып кетіпті. Әйтеуір біз барғанда басында белгі жоқ. Мен баба басына Құран оқыдым. Менің оқығаным болады демей, Өтен де өз бетінше «әллэзина» оқыды. Сөйтіп, көңілімізді демедік. Баба басына бармасақ, жолымыз болмайды деп есептедік. Бармасақ, ол көңілімізге түйткіл болып тұрып алар да еді. Енді жолымыз болар дестік. Шам мен Анкир деген түрік қаласының арасына біз тынымсыз жүріп, екі айда жаяу жеттік. Қонатын жерге қонып, көретінімізді көріп, аспай-саспай қозғалдық. Түрік туғандардың жері де таулы екен. Біздің жүрген кезіміз жеміс піскен, тоқ кез еді. Жеміс дегенінің мұнда қисусан түрі бар. Не керек десең, соның бәрі табылады. Бірақ біздің түріктерге қарағанда бұларда нан аз секілді. Ішетін тамақтары да қызық. Өрікті езіп, соны кептіріңкіреп, қазанға қарып нан жасайды.

Енді екі айдан соң Истанбулға жол шектік. Біз оны базарынан бастадық. Өйткен себебіміз: енді киім сатып алмақ болдық. Базардың үсті тұтас жабық десе де болады, оның ең үстінде зор күмбез бар. Оның төңірегі—біріне бірін жапсыра, тигізе сала берген базар. Оның әрқайсысының үстінде төңкерген қазан сияқты күмбездер. Зор күмбездің төрт жағында төрт дарбаза, мұнда көліктің дүние жүзіндегі бар түрі бар. Пілді тұңғыш рет Өтен екеуміз Истанбул базарынан көрдік. Бұл — түрік жеріндегі ең үлкен шаһар. Бір жағы белгілі Қара теңіз де, екінші

жағы Ақтеңіз, шаһар қысылмада салынған. Қаланың жартысы Еуропада, жартысы Азияда. Шаһарда үйдің үлгілері де ерекше. Түрлі ғибадатханалардан басқа толып жатқан зерделердің месжідтері, медреселері. Мұнда біз бұрын көрмеген Еуропаның, батыстың үлгілерімен салынан үйлер көбейіп бара жатқанын тұрғындар айтады. Шахзаде, Ахмедзаде медреселері онда оқитын муриттердің көптігімен ерекшелене түседі. Өтен екеумізге ұнамаған бір нәрсе: арақ-шарап, темекінің көп болуы.

Ең керемет нәрсе – Истанбул мұсылман мәртебелі мектебі, ісірібі хижра жыл санауының 731 жылы тұрғызылған, түріктер өздері оны дүнияуи оқу орны деп те жүреді.

Өтен екеуміз дүнияуи оқуда көп білім алдық. Әсіресе біздің зерттеп, түптеп оқығанымыз аспан әлемі еді. Тасқа жазылған жазулар сырын осында аңғардық. Мұнда одан дәріс беретін адам бар екен. Ондайларды біздің елде бітімен дейтін. Тастың тіл қататынын да, ауруды иісінен айыруды да осында білдім. Осында Махмут бабаның «Диуани лұғат ат түрік» кітабын қатты зейін қойып оқып, көп білім алдым, көп нәрсе оқып, түйдім. Ахмет бабаның «Диуани Хикмет» кітабын да осында көрдім. Өз бабаларымның кітабын бөтен елде оқып, білгеніме ренжідім де, қуандым да.

Мен Истанбулдағы мәртебелі мектепті үш жыл оқып тауысқан соң, өзімді әжептәуір адам қатарына қосылдым деп есептедім. Бірақ барлық мағрифаттан мағлұматым болғанмен, енді әуез өнерін үйрену мақсаты тұр еді. Суретшілік өнерді де байқап едім, ол маған қонбады. Оның қисынын білгенмен, туа бітпеген өнер бойыма сыймады. Бұл жөнінде Өтен менен әлдеқайда өнерлі болып шықты. Бірақ ол оны өрістетпеді. Өйткені, ол ертең қалам ұстаймыз ба, ауылға барған соң, әлде таяқ

ұстаймыз ба деп еді, ол екеуі де болмай, біз найза ұстап, жақ тарттық.

Өтен екеуміз тез жиналдық та, бұл жақта өте көп болатын жүргіншілермен ілесіп Ромға жол тарттық. Естіп, оқып білгенімізге қарағанда Ром елін су қоршап тұрады, үлкен аралда. Оған жету үшін Түрік елінен Грек еліне, одан теңіз өтіп барар болсақ керек.

Грек еліне біз аялдамадық. Грек елі менің есімде үлкен суреттермен, әдемі дарбазалармен, биік, зәулім үйлермен қалды. Бір айдан кейін біз Ром еліне өтіп, кемеге міндік.

Біз келгенде, Ром бірнеше корольдікке бөлінген, талас-тартысы көп, Палон елімен соғысып жатқан кезі екен. Біздің онда не шаруамыз бар. Түрік ақшасын айырбастамай-ақ сауда жасай беруге болады екен. Бұл бізге көп жеңілдік әкелді. Ром жері, шынымен, айналасы тегіс су, етегін кесіп елден шығарғандарды, айдалғандарды апарып тастайтындай жер екен. Ләкин оған ұқсамайды.

Ром елі де таулы, қырат. Жазы ыстық, қуаң. Қысы жылы. Бұл ел жөнінде Истанбулда мол мағлұмат алғанмын. Бұл – хижра жыл санауынан 150-200 жылдай бұрын Хан тұқымы Ақжолдың екі ұлы Еділадан мен Біледен соғыс салған, ромдықтарды тігіреткен жер.

Мен Истанбулдың мәртебелі дуняуй мектебінде білген Галилей зерттеуінің быт-шыты шығыпты. Ондай ілгері дамыған ғылымды бүлдіруші де дін. Айса пайғамбар тууынан жеті жүз жылдай бұрын тұрғызылған Ром қаласының сәулетіне таң қалу мүмкін емес. Біз Өтен екеуміз осыған таңданғанда, Ром адамдары, мұның көкесі гректерде ғой деді. Біз Грек жеріне тоқтамай өткенімізге қатты ренжідік. Егер ромдықтар осындай ғимараттар, ғибадатханалары, сәулетті сарайлары бола тұрып, грекке

аузының суы құри айтса, онда оның шамадан тыс керемет болғандығы ғой деп шамаладық.

Еуропаның батысында опера деген өнер бар. Бәл-бір адам туралы хикаяны өлең, әнмен айтып жеткізу. Оны түсіндірмес бұрын театр өнерін түсіндіруім керек. Театр өнері болған оқиғаны болғандай қалпымен, сөзін сөз, қимылын қимылмен көрсетуі керек. Айталық, Қаракерей Қабанбайдың әлде Қанжығалы Бөгенбайдың, әлде Шапырашты Наурызбайдың қалай соғысқанын сол қимылымен, дәлірек айтсақ, найзамен шаншыды ма әлде қылышпен шапты ма, ол шапқан адамға қылыш сүңги тиді ме, тисе қай жерінен тиді, қылышпен шапқанда жау не деді, әлде біздің батырлар не деді, сол қалпымен сөзін айтып көрсету керек. Міне, осындай бір хикаяның қимылын бергенде, енді оның айтар сөзін әуезбен, әнмен береді. Әнші сөзді әнмен айтып, қимылының қалай болғанын да көрсетеді. Әншіні әуез аспаптары сүйемелдеп, қосылып отырады. Оған сол жұртта бар әуез аспаптарының бәрін қосуға болады, кейде сызылған әдемі дауысқа, даңғаза әуез аспаптарының үні қосылғанда, оқиға болғанындай көзіңе әуез елестейді. Мен өзімнің ең жақын достым Өтеген батырдың Ботхишар ойратпен болған жекпе-жегін осындай бір опера болмаса да, яғни ән-әуезбен болмаса да, қара сөзбен жазсам деп едім, ол тілегіме де жете алмадым. Ал біздің жұртта бар әуез аспаптарынан опера өнерінде біздің қалған, шың, шом, шылдырман, шертер сияқты аспаптар қолданылады. Әсіресе арпа деген аспап біздің жетіғанға ұқсас.

Соңғы кететін жылы Өтеген екеуміз үш айдай бос, Италидың бірсыпыра жерін араладық. Операсын көрдік. Опера – хикаяны өлең-әнмен, қимылмен бейнелейтін өнер. Театрларында да болдық. Опера өнері біздің баруымыздан

жүз жылдан аса уақыт осыларда басталған екен. Көп ұзамай бұл өнер Еуропа еліне тез тарай бастаған.

Біз енді елге келген жолмен қайттық. Енді айналып Еуропаға келеміз бе, келмейміз бе деп, асықпай араладық. Италимен қош айтыстық. Ол ел өте зор да, зәулім де ғимараттарымен, сәулетті үйлерімен, өнерге деген құштарлығымен біздің есімізде қалды. Әсіресе, суретшілік өнер мені қатты қызықтырды. Бәрінің де қисынын үйрендім, бірақ оны сызып отыруға тағат таппадым. Құдай маған ондай өнерді үйреніп келген күнде де, сурет өнеріне қарсы ислам діні бұл өңірде оған есік ашпас еді.

Осылайша қарамықтың дәні болғанша, бидайдың сабаны болайық деп қаңғығанға, жеті жыл өтіп, сегізінші жылдың жартысы кетіп бара жатты. Шынын айту керек, елді қатты сағындық, кейде бізді біреу зорлап жүргендей, теңіз жағасына барып Өтен екеуміз жылап та алатынбыз.

Итали елінде мал тауып сою – дүниенің ең қиыны. Елге қайтамыз дегенде Өтегеннің есі кетті, қуанышында шек болмады. Ол жолға деген қаржыдан шығарып бір марқаны әкеліп бауыздап, үйітіп, сонан соң көңіл жетер он шақты адамға тамақ бердік. Бұл біздің жолға айтқан құдайымыз еді, бозқасқа айтпағанмен, қозы сойдық. Бірақ кететінімізді ешкімге тіс жармадық. Өйткені, бұл елде де бірлі-жарымды бұзақылар жетерлік, кететінімізді білсе, тонап кетуі әбден ықтимал.

Мінгенінің көбі қашыр, есек испан Мадрид елін басып өттік. Герман елі де бірнеше бөлек еді, сол кезде Прус астанасы болып тұрған Берлинде екі ай аялдадық. Жандары ұсақ емес, италиандарға да, испандарға да ұқсамайтын бұл бір тәртіпті ел екен. Итали мәдениетін көрген адамға Прус мәдениеті әсер етпек емес. Бұл елде Прус жерінде біз шыны ыдыс шығаратын бір орнында

болып, көп жұмыс істеп, біраз қаржы таптық. Ақымызды жеген жоқ, біз күндіз-түні істедік.

Ақша жинап алып қайта жолға шықтық. Еуропа елдерінің көлікке мінгенінен жаяу жүргені көп, маңғырып жатқан мал жоқ, бұл жақтың ерекшелігі – қысының жұмсақтығы, сонымен бірге, жазының қоңыржайлылығы. Екі айға созылар қысының қыс сияғы жоқ, жаңбыры көп, көк те көп. Орыс жеріне өткен соң, елге жақындап қалғандай сезіндік. Бірақ Еуропада жүргенімізден орыс арасын жүріп өткеніміз қиын болды. Міне, біз орыс елінде бес жарым ай аралап жүргенде, кім екенін анық білдік.

Ең алғаш біз еуропалықтар сияқты бұлар да мәдениетті ел деп ұғатынбыз. Оларды да жақсы білу үшін, екі-үш жерде бір-бір айдан тұрдық, жұмыс істедік, бұл елде кәсіп жоқ сияқты. Қашан көрсең де орман аралап, керенқұлақ теріп жүреді. Біздің келген жеріміз Азау уәләйаты екен. Дөң өзеніне оң жағынан қосылатын Ведуга деген шағын өзен бар. Соның Дөңге құйылатын жерінде шағын қыстақ бар. Осында «Пашка косой» атанатын бай орыс тұрды. Біз соған жалданып үш ай жұмыс істедік. Кәсібіміз орманнан қарағай кесу болды.

Өтен екеуіміз Пашка косойдың үйінен екі қоржынымызды мойнымызға салып жаяу шықтық. Менің қоржынымның бір басын сым қобыз алады. Маған мұны Өтеген болмай алғызған-дүр. Елге жеткен соң ақысын мен төлейін дегенге дейін барды. Сонан соң жыртық киіммен сым қобыз арқалаған соң, қайыршы сияқты емегенде кімсің? Оның ішінде, яғни қоржынның төрт басы толған кітап, суреті көп екі кітабымызды Пашка косой ұрлап алды. Оны Пашканың алғанын көрген жалшылары айтты. Осы жерде бір айта кететін нәрсе: орыс дегенді ұрлық, арақ десең де болады. Орыс жүрген жерде ұрлық та, арақ та болмай қоймайды. Дүниедегі

елдердің көбін көрдім ғой мен. Сонда осы орыс елінен тәртіпсіз, жабайы ел көрмедім десем де болады.

Ит қорлықпен Еділдің арғы оң жағына жеткен соң-ақ біз қорлықты ұмыттық. Еділдің оң жағында атпен жүрген кісіге бес-алты күндік жерде біздің жұрт тұрады екен. Соларға жеттік те, біз қара жаяулықтан біржола құтылдык.

Еділден өткен соң Жағалбайлы ауылын аралап, Жайық жетіп, одан Арқаға ойыстық.

Арқа біздің өз үйіміз сияқты. Ауылы мен ауылы арасына қыз-бозбала жиналып дуылдатып шығарып салып, Шуға тура шілдеде жеттік. Күн ысып, арқасы біраз жыл күн көрмеген Өтен екеуміз алғашта шыдай алмадық. Дегенмен өз жерің өз жерің, таныс табиғат, тамақ тоқ, көлік дайын.

Біз Шуға келген соң Өтегеннің әке-шешесін білетін адамдар табылды. Өтен тумалары бұл күндері Іленің оң қанатынан қоныс аударып ата қонысы Қордай, Қарадырға көшіпті. Енді олар: «Баламды Қазыбек алып кетіп, өзі де, менің баламды да құртты», – деп жылап жүрген Өтеғұл байға сүйіншіге адам шаптырды. Өтеғұл ауылы ол кезде Қозыбасыда екен. Қозыбасы тауы, осы кітапты жазып отырған Қарадырдан бір күншілік жер. Қарадыр– біздің де, Өтегеннің де көктеуі, біздің ел мамырдың аяғына дейін осы бір отты, құмды-тасты, жусанды далалы аймаққа төл алады. Сонан соң біздің ел көшіп, Іле өтіп, Матай-Бақай кетеді де, Өтегендер Бұғы Мүйіз, Бесмойнақ, Қарарша кетеді.

Сонымен, біз Далақайнардан өткенде алдымыздан жүз атты адам, қыз-бозбала, саба артқан түйелер, Өтегеннің әкесі Өтеғұл, оның бірге туғандары шықты. Өтеннің шешесі дауыс салып тұрып көрісті. Сегіз жыл көрмеген, бала болып кетіп, осы көрініп тұрған елдің



бәрінен бойы асып тұрған ірі жігіт болып келіп тұрған Өтенге бұлай көрісу дұрыс та сияқты еді. Менің де шешем осылай көрісетінін ойлап тұрдым. Ал менің барар жерім – әлі алыс, Іленің оң жағы, Емілдің Алтынының, Әжіке Матайдың қыстауы. Бүгінгі мен үшбу кітапты жазып отырғандағы атымен фаһимдер болсам, Матай тауы, менің атам Матай жері.

«Ел құлағы елу» деген, келген жүздеі аттының ішінде менің туысқандарым Шапыраштылар – Екей, Еміл, Айқым, Шыбыл тұқымдары, қазіргі қазақтың үш қолбасшысының бірі Шапырашты Наурызбайдың әкесі Құттымбет; Шапырашты менің туысқаным Орымбет Еспенбет батыр да бар еді. Оларға салсаң, мені іліп алып, бөліп, Лабастың үстіндегі Үлкенсаз, Құлансаздан бір-ақ шығармақ. Бұған Өтеғұл бай қарсылық білдіріп, мені үш күн жібермеді. Ат шаптырып той жасады. Екі нарды тұрған күйінде арқанмен торлап, екеуінің үстіне шом, қом салып, тақтайдан тұғыр жасап, Өтен екеуімізді ел көрсін деп отырғызып қойды. Той тарқаған соң, әкесі Өтеннің асқан молда, ғұлама болып келгеніне көз жеткізу үшін өлгендерге Құран оқытты. Баласының босқа жүрмегеніне көзі жетті.

## **БИЛЕР МЕН БАТЫРЛАР – МЕНІҢ ЗАМАНДАСТАРЫМ**

Қоян жылы көкек айының басында Сеуан Рабдан Ертістен Сарыарқаға көшіп жатыр деген хабар жетті. Елдің билері жиналып, сүр жесіп, біздің үйде біраз ақылдасты. Ешқайсысы, басы менің әкем болып, менің сөзімді тыңдамады. Арада он шақты күн өткенде Көктеңіз айналып кеткен қалмақтар Талас, Шу бойынан әрі қарай қалың Дулатқа шабуыл жасады деген хабар дүңкілдеп

кетті. Одан екі күннен кейін «қалмақтар Ташкентті алыпты, олар соғыссыз қарапты» деген сөз де естілді. Қазақтың басын қосуға тиісті Болат хан еш қайрат көрсете алмады деген сөз де жетті.

Іленің сол қанатында Шапырашты, Дулаттың игі жақсылары Шапырашты Асыл Құттымбет, қазір менімен бірге қартайып отырған Асыл Еспенбет батыр, Дулат – Жаным – Өтеген Өтеғұл ұлы, жас өрен Шапырашты Еміл Қастек Жарылғап баласы ат үстінде қарсы алды. Бізді қырылып қалды деп естіген олар малы-жанымыз түгел Тайбақайдан өткенде, қуаныштары қойнына сыймады. Дегенмен, жай бетінде, ел шетінде қалғандар аз болмады.

Біз, Өтеген, Еспенбет үшеуіміз түнделетіп, Дегерес арқылы Қозыбасыға тарттық. Өйткені, біздің көп ойратты тосып алар жеріміз сол болатын. Уәдеміз солай, бірақ біз жеткенде жолындағы елді қырып-жойып, қалмақтар Қордай асып кетіпті. Енді қалмақтардың арттағы қосындысы кетіп бара жатты. Олардың тірі кеткені аз болды.

Қалмақ шапқыншылығына жыл толғанда біз Лабас етегіндегі Қозыбасыға жиналған едік. Бізде әлі де қол аз еді. Өйткені, Қозыбасыға төрт жарым мың ғана қол жинадық. Ал Үш Алматы мен Үш Қараш, Үш Қоңыр арасын қыстап шыққан Шамал қолы әлі бізден екі-үш мыңдай көп еді. Сондықтан, біз әлі де қолды көбейтуді тездетіп қолға алдық. Бізге енді Шуас бауырындағы, Талас бауырындағы дулаттар қосыла бастады. Біз күн асқан сайын көбейіп бара жаттық. Өтеген бас болып, маған қазақ қолын бастауды ұйғарды. Мен мұндай үлкен істі бұрын атқарып көрмегендіктен, жүрексіндім. Бірақ жүрексінгенмен амал не, жөн-жосық білетін, сауатты адам аз. Дәулет пен Өтеген қолды баста деп отырып алды.

Сонан соң ғаскерді құрап, Дәулетті, Өтегенді, Сатайды, өзімнің әкем Тауасарды мың басы етіп белгіледім.

Жасы келген Тауасар биді Өтеген мен Дәулеттің ғақылшысы етіп қойдым. Дулаттан келгендерді Өтегенге тапсырдым да, өзім шапыраштылардың екі жарым мың қолын қолға алдым. Өтеген – өте қызба, тезқатар, батыл да батыр адам. Оған басалқалық жасауды әкем Тауасарды, Өтегеннің әкесі Өтеғұлды қостым. Өзім әкем қатарлы Сатай батырды жаныма алдым.

Өтеген қолы Қордайдың арғы бетіне бекінді. Ол шыдамсыздық білдіріп: «Сендерді құртып жіберсе, сонда мен несіне аман қалмақпын?» – деп өкпе білдіреді. Дегенмен ол – менің сөзімді екі етпейтін адам, достыққа берік кісі.

Жау Қордай асуын Шоқпар, Далақайнар арқылы өтпек. Сондықтан біз Далатаудың түстік бетіне және Шоқпарға кіреберіске бекіндік. Ал Өтеген қолы да екіге бөлініп, Шоқпардың Шуға еңкейісіне бекінді. Қалмақ шеруінің алғашқы бес қосынын түгел аман өткізіп жібереміз. Алғашқы кезек мен басқарған қосындікі. Біз алтыншы қолды алға өткізіп жіберіп, артынан, екі бүйірінен тимекпіз. Қазақ қолының ұраны – «өліспей беріспеу». Осыған әр жауынгер-ақ сенімді. Олар бізге ертең таңертең жетеді де, алды өте бастайды. Сондықтан, Сатай батырды ертіп, іңірде барлық қосынды аралап тәкпірлесіп, жауынгерлерге батыл болуды, сонымен бірге орынсыз, өлетін жерге көзсіз ерлік жасамауды ескертіп шықтым.

Қалмақ ғаскерлері жолдағы елді таптап, енді Шөлқопада ел жоқ болғандықтан, шеру тартып өте бастады. Ел орынға отырарда Шапырашты Айқым Көкбарақ батыр қайта хабар әкелді. Қалмақтар біздің Қордайдың бергі бетіне, Далатауға бекінгенімізден

хабардар болатын. Сондықтан біз не істерімізді білмей, ойланып отырғанда, нақ осы хабарды Балдан да жеткізді. Қазақ арасында өскен Доң деген қалмақ кәдімгі қазақ болып барып, ауылдан барлық хабарды білген. Ойраттар да енді қай жерді қалай өтуді ойластырған. Енді біздің көзіміз әбден жеткен соң, ұрыс орнын өзгерту керек болды. Көкбарақты Өтегенге шаптырдық. Ол Шоқпардың бергі бетіне бекінуін тапсырдық. Ұрсыса отырып, біз де барамыз деп Өтегенді үміттендірдік.

Қалмақтар Шөлқопада жайрап қалды. Жарым-жартысы, аман қалғаны, ілгері қашты. Мен біздің жаралыларды, өлгендерді жинауға елу адам қалдырдым да: «Өліктің бетін жасырып, жаралыларды тауға жіберіп, арттан келіндер!» – деп бұйырдым. Өзіміз, Еспенбет екеуміз ұрсысып кетіп бара жатқан ғаскерді Сатай батырға бастауды тапсырып, Өтеген қолына қарай оза шаптық. Біз олардың ұрысының қызған үстінен шықтық. Өйткені қалмақтар Шөлқопаның ішіндегідей емес, еркін соғысуға мұрсат алды. Дегенмен, біз жауды жамсатып салмағанмен, қатты ұрсысып, көп шығынға ұшыраттық. Осы Шоқпарға шығыс жағынан кіреберісте Өтеген он шақты қалмақтың басын шауып түсірді. Мен де қарап қалмаған болсам керек-ті.

Ұлы жүз қолына басшылықты Жолбарыс жүргізуге тиіс еді. Ұлы жүзге қараған қолда 17 мың адам болды, бірақ көбіне ұрыстың барысында қолды белгілі батырлар бастап кетті.

Оның ішінде Шапырашты Емілден – Қаумен мен Дәулет, Асылдан әкелі-балалы Сатай мен Бөлек, Наурызбай, Дулат – Жаныс Өтеген, Дулат – Ботпай Сәмен, Албан – Хангелді, әкелі-балалы Қасқары екеуміз болдық. Менің үлкен ұлым Қасқары сол жылы он алтыға толған, ол да бір мыңның иесі еді. Бұл жеті мың адамға жалпы

басшылықты мен жасадым. Дәулет, Сатай, Өтегендерге көп көмектің керегі жоқ, басқаларының қай-қайсысының жанында болуға тырыстым.

Тауық жылы көктемде біз Қаратауға – Екітұранның батыс жағындағы алқапқа орналастық. Бұдан әрі Ақтас төңірегінде қалмақтар жатыр. Олар мұндағы ыстылар мен ошақтыларды аямай қырып, ұрып өтіп, соғып селін алуда. Бұл қалмақтарды Қоржық басқарады десті. Бәлкім, бұл қазақтар қойған ат шығар дестік. Шынымен біле келсек, ол қазақтар қойған ат екен, басқаратын адамның аты Донық екен де, оның бас батыры Ботхишар деген. Донық Қалден Сереннің нағашы жұртынан екенін, оның өзі он үш ағайынды жігіт екенін, бәрі Қалден Серен ордасында қызмет қылатынын Балдан айтып берді. Ал Ботхишар өте тәсілқой, қазақ десе қаны қас, тек қалмақ ханының көзсіз орындаушысы емес, әкесі, атасы сонау Батыр қоңтайшы соғысынан бері көкірегінде кегі, тамырында қаны қатқан кәдімгі қаныпезер жау еді. Төрт жарым мың қалмақ Донықтан гөрі Ботхишарды көбірек ардақтайды әрі тыңдайды. «Егер біз соғыста Ботхишардың көзін жоя алғандай болсақ, онда мұндағы қалмақтың басы қосылмай, қалғаны шілдің боғындай тозады», – деді Балдан. Шапырашты Айқым Көкбарак батыр үш мәрте олардың шатырына кіріп, өлтірудің ыңғайын таба алмады. Соңғы жолы қасындағы Атан, Сүйін деген екі жігіті ұсталып қалып, қолымыздағы ойраттың қоңтайшысының туғандары Мерген, Өмбеге айырбастап алдық. Бұл боркемік екі бай баласы да бізге көп мағлұмат берген болатын.

Сонымен, менің басыма бәйге тігілген. Егер зәредей мүмкіндік болса-ақ қалмақтар мені қағып түсірері белгілі.

Сондықтан, Өтеген мен Еспенбет менен екі елі қалмайтын болды. Соғысты Өтеген екеуміз қолға алдық.

Қалмақтармен ұрысты Қаратаудағы Ұзынбұлақтың Бөгенге құяр жеріндегі өзеннің сол қанатында жүргізетін болдық. Үш күн жекпе-жек жасамақпыз. Жолбарыс ханнан шабарман келді, Қазыбек батыр жекпе-жекке шықпасын депті. Алғашқы күні ұрыс Бөгеннің сол қанатындағы жота үстінде еді. Донық майданға шықса, мен де шығуым керек. Бірақ ол жекпе-жекке шықпады. Оның бас батыры Ботхишар шықты. Ол ат ойнатып майданға шығуын шыққанмен, Өтегенді жақындатып келіп көрген соң, атының басып бұрып алып қайта тұра қашты. Өтеген астында Төлеқұла деген жорға болатын. Жануар жорғасымен самсаған қолдан көкпар алып шығып кетіп, ешкімге аламан бәйгені билетпейтін. Қазыбек пен Өтеген жекпе-жекке шығады деген соң, мұны осыдан жарты ай бұрын Төле би жіберген. Бұл төбе бидің өзінің топқа мінер жорғасы еді. Төленің сол жылдары қалмақ арасынан кепілдіктен келген ұлы Жолан құланы өзі мінгісі келіп бергісі келмеген екен. Төле би: «Халқым үшін қалмаққа сені қимағанда, құланы қимаушы ма едім?» – деп жеңіпті. Өйткені Төленің ұлы Жолан бірнеше жыл қалмақ қолында кепілдікте тұрған. Және екі мәрте болған. Сонымен Төлеқұланы Өтеген жарты айдай мініп, жаратып, тақымын үйретіп, мінезін де біліп алғанды. Жылқы баласы да үстіндегі иесінің кім екенін біледі, құла жорға Өтегеннің артынан итше сүмендеп жүреді.

Өтеген менімен бірге өскенмен, Төлеге жақын болатын. Өтеген де, Төле би де Дулат – Жаныс еді.

Төле би Жантудан тарайды да, Өтеген – Жарылқамыстың ұрпағы. Дулаттың төрт баласының ұрпағы өзара бас қосып, той-томалақ, ас-шек бергенде, әрқайсысы төртеуі төрт бөлек ұрандаған. Сонда Жаныстар

Арқарлап ұрандайтын. Арқар – Жаныстың төрт ұлының бірі. Жаныстың Арқар, Құлжа, Олжа, Орда деген балалары болған. Заманында Арқар асқан батыр, қолбасы болған деседі.

Жарлықамыс – менің тоғызыншы бабам Асылмен замандас. Жарлықамыс Архон, Алдан деген екі ұл болған екен. Архоннан бала қалмапты да, Алданнан Қарым, Шарын деген екі ұл қалыпты. Өтеген – осы Қарым тұқымы. Қарымнан – Ерден, одан – Бәйімбет, одан – Қасқарау (өз аты Дерім, оның тағы да жанама аттары болған), одан – Бұқар, одан – Сырымбет, одан – Өтеғұл, ал Өтеген осы Өтеғұлдың бел баласы. Бұлар – өте өскен тұқым, үрім-бұтағы, шыбықұшы көп. Оны бұрын қалай байқамағанымызды қайдам, Өтеген Ұзынбұлақта Көкбеткейде жекпе-жекке шыққанда, олардың тұқымының сонша көп екенін көрдім. Бұл оқиғаны жеке бір кішкентай оқиғасына дейін қалдырмай жазған едім, қосшы баланың қолапайсыздығынан жоғалтып алдым. Таластан өткен жерде жоғалтқанымды айтқанмын. Амал не, ондағыдай тәптештеп отыруға уақыт тар, дәрмен жоқ, енді үстіртін болса да досымның жекпе-жекке шыққанын айтайын.

Ұзынбұлақтың суы ат күйрығын бұрады. Соның сол қанатындағы тоғыз тұмалы бұлақ басында соғыс салдық. Олардың бізбен айқасар кездегі қолбасы Жадамба деген торғауыттан шыққан ноян еді. Ол осы күндері түнде өздерінің басшысы Донықты өлтіріп, орнына отырған. Жадамбаны бұрын талай көрген едім, ол Сеуан Рабдан қаршысына күн аралатып келіп жүретін. Ол да мені жақсы біледі. Менің басыма бәйге тігушінің бірі әрі белсене кіріскені сол екенін Көкбарақ жеткізген. Жадамба жекпе-жекке шықса, ол мені сұрары хақ еді. Ботхишардан да хабардармыз. Оның осы қолда он ұлы бар, бәрі үйелмелі-сүйелмелі. Бәрі менің Қасқарым мен Өтегеннің Тарпаңы

қатарлы. Ботхишарды он ұлы майданның бірсыпыра жеріне дейін атпен шығарып салды. Балаларының көзін сүрткені болған жоқ. Ол арғы беттен қазақтың қырағы көзіне анық-ақ көрініп тұрды.

Өтеген Төлеқұлаға мінгенде, Тарпаң солқылдап тұрып жылады. Өтегеннің тілеуін тілеуші көп болды. Осы майданда Өтеген Төлеқұлаға мінгенде, он-он бес адамның белбеуін мойнына салып, құдайға жалбарынып, мінәжат етіп тұрғанын байқадым. Өтеген жорға құлаға өзі мінді. Бұл – қазақ жоралғысы: майданға бара жатқан кісіні ешкім аттандырмайды. Сәлден кейін Төлеқұламен Өтеген майданға қарай жұлдыздай ақты.

Арғы беттен, ол да құла мінген, Ботхишар шапты. Ортаға екеуі жеткенде, найзалардың шақ-шақ еткен дыбысы шықты. Төлеқұла өзінің басалқалы жорға екеніне қарамай, өте омыраулы жылқы екен. Арада бие сауым уақыт өткенше екі батыр бірін-бірі алыса алмай, біріне-бірі найзасын да, қылышын да дарыта алмады. Енді әлден соң әбден терлеген денесі қызған аттардың дыбысы да шыға бастады. Төлеқұланы Өтеген тура Ботхишар құласының жанынан салды. Төлеқұла соншалықты омыраулы жылқы екен, қалмақ құласын екпінімен, омыраулап ығыстырып жіберді. Қалмақ құласы шыдамай, әрі бұрыла бергенде Өтеген Ботхишарды бүйірден сайып жіберді. Ботхишар аттан аунады. Дарымады деп тұрдық біз. Бірақ Өтегеннің кіріп кеткен найзасы шықпай, ол әлі ат үстінде еді. Өтеген қалмаққа енген найзасын қос қолдап қайта тартқанда, шамасы, суырылды білем, Ботхишар аттан құлап бара жатты. Қалмақтар жағы шулап кетті. «Құлады, құрыды»— деп қазақтар тұрды. Батырының жеңгеніне қуанған қазақтар жылап жібергендері де көп еді.

Қашқан жауды қуа, өкшелей отырып біз Шу өңіріне жеттік. Осы жерде оншақты күн сарбаздарға мұрсата



беріледі. Мұны осылай өзім шештім. Сондай күннің бірінде Шу бойындағы қорысқа аңға шықтық. Өтегеннің жанында он адам, менің жанымда Еспенбет бастаған (ол туысқаным ғой) он адам бар. Кешке дейін аң аулап, олжалы болдық. Бірақ кешке жақын ішкеніміз— ірің, жегеніміз желім болды. Біз Өтегеннен айырылып қалыппыз. Қасқыр қуып бара жатқанда, жігіттер бір кезде араларында Өтегеннің жоқ екенін аңғарады. «Өтем қайда, Өтем?» – деген оның немере інісі Кіндіктің даусы қатты шығады. Сөйтсе, шынымен араларында Өтеген жоқ. Әрі іздеп, бері іздеп, қас қарайғанда уәделі жерде күтіп тұрған жерге он жігіт мойындары салбырап келіп тұр. Араларында Өтеген түгіл оның туған інісі Өтеп те жоқ. Сөйтсем, Өтеп «Мен ұстазға қалай көрінемін»,– деп, бел астында қалып қойыпты. Өтегенмен бірге менен Өтеп те оқыған. Өтен жасы бір жасы болса да үлкен, оның үстіне шет жерде сегіз жыл бірге болуымыз шығар, маған тура сөйлей беретін де, Өтеп баяғы шәкірт қалпында мені «ұстаз» дейтін. Оған Еспенбетті жіберіп алдырдым. Өтеп сол жерде маған: «Ағамнан айырылып қалдым»,– деп жылап көрісті.

Көктемнің күні өте суық. Далаға үйренген қазақтар көптеуілге адам қойып жаттық. Таңертеңмен тұра тағы іздедік. Өтеген ұшты-күйлі жоқ болды. Кебенек киген ер-ді, келер дестік. Өтегенге қайта оралмас үшін, оның басынан кешкендерін айта кеткенім жөн.

Мені талай ажалдан алып қалған Өтегеннің жоқтығына қабырғам қатты сөгіліп жүрдім. Содан Өтеген табандатқан он үш жылда оралды. Бұл кезде ел-жұрт одан күдерін үзіп, жылын, асын беріп қойған. Үлкен ұлы Тарпаң жыл сайын мені шақырып әкесіне шек беретін. Ең кіші ұлы Терік бесікте қалған. Өтеген әңгімесінің төркіні де осы соғыстан туар еді.

Саятта жүргенде көңіліміз тым көтеріңкі еді. Өйткені жауымыз жеңіле бастаған-ды. Өтеген бір қасқырды соғып аламын деп қуып, шығандап нөкерінен қол үзіп қалғанын білмеген. Сөйтсе, біздің саятқа кеткенімізден хабардар болған қалмақтар Өтеген екеумізді қолға түсірмек болады. Олар біздің артымыздан ізімізді андып жүріп отырған. Сөйтіп, төңірегімнен үнемі адам кетпей қойған соң, Өтеген төңірегіндегілердің жайбастығын, бейбастығын аңғарады да, біржола соның артына түскен. Бұған бұл топтың ішінде болған, Ботхишардың туған інісі Батжарғалдың болуы да әсер етті. Ол андағы Өтегенді көрген соң, соның ізін баққан. Қасқырдың абаданын оңаша қуып кеткен Өтегенді көрген олар кеш бата оның артынан қосылады. Өтеген артындағы нөкерінің өзінен ажырап қалады деген ойында жоқ, көз байлана қалмақтар оны қуып жетті. Осыған дейін оларды өз қолы деп ойлаған. Артынан жеткен Батжарғал оған бұғалық тастап сүйрей жөнелді. Желі бойындай жер сүйреген соң буынып, әлсіреген Өтеген үстіне екі-үш қалмақтың міне түскенін көрді. Сөйтіп, Өтегенді олар алдымен күнделеп, артынан екі қолы байлаулы күйінде атына мінгізіп, ат бауырынан екі аяғын шаңдыды. Ат үстіне мінгізген соң екі қолын шешіп, артына байлап алып кетті. Олар түнде жүреді де, күндіз кешке дейін жасырынып жатты.

Көбіне таң ата қорысқа кіріп кетеді. Өтегеннің байқауынша, әйтеуір, тегіспен тартып келеді. Өтеген Көкшетеңіз сыртымен, елсізбен, бәнәгіт жағалап бара жатқанын білді. Аузы да таңулы. Түнде дәретке шығарғанда да екі аяғын тұсап, бір қолын ғана босатады. Екінші байлаулы қолды керіп бір қалмақ тарғып тұрады. Сөйтіп, сегіз күн жүрген соң, қалмақ ауылдарына әкелінді. Осы сегіз күнде бір саптаяқ судан басқа түк бермеді.

Қалмақтар шулап бір қамыс күркеге әкеліп Өтегенді күнделеді. Екі қолға зәнжір, екі аяққа кісен салып, ол екеуінің арасынан шынжыр өткізіп байлады. Әйтеуір, күнде мойнына салынбады. Өтеген олар оны білмейді деп ойлады. Әйтпесе мұны олар аяйын деп тұрмаған еді.

Бір күні қып-қызыл оттан шыққан қожағайды екі балтырына, екі жауырынына басты. Қызған темір тигенде, еті шыжып тұрып күйді. Осыдан кейін қалмақтар мұны тек көшерде ғана мазалайтын болды. Екі айдан кейін екі балтырындағы күйік жазылды. Шамасы, жауырындағы жара да жазылса керек, шалқасынан ұйықтай алатын болды. Қыздырып басқан темірдің орны тыртық болып қалды. Тыртық құры дөңгелек. Шамасы, тұтқынға салар белгісі шығар. Өтеген осылай табандатып он жыл жатты. Өлмес ауқат шикі піскен бір жапырақ ет, іртік-іртік бір аяқ не сүт, не айран емес, шамасы шикі теріге құйылған сүт болса керек, соны береді. Он бірінші жылдың күзінде қалмақ ауылын қытайлар шапты. Көп адамды байлап алып кетті. Соның ішінде аяқ-қолы кісендеулі Өтеген де бірге жөнелтілді.

Қытайлар қалмақтарды атты-шапты. Аяқ-қолы кісендеулі Өтегенге тиген де жоқ, жөн сұраған да жоқ. Қытайлар әбден қалмақтарды жайластырып болған соң барып Өтегенге оралды. Бұл арада қытай сүйреп келіп тастаған бір балықтағы балшықтан салынған үйде бес ай өтіп кетті. Алтыншы айдың жүзі болғанда, үстіне үш адам кірді. Бұдан жауап сұрады. Бұл ештеңе түсіне алмады. Сонан соң мұны жөніне қалдырды да, олар шығып кетіп, арада бір апта өткенде түлкі тұмақты біреуді ертіп келді. Келген таза қазақша сөйледі.

– Қазақпысың? – деді.

– «Иә, қазақпын» дедім, – деді Өтен маған айтқан әңгімесінде. – Оны көргенде тура әкемді көргендей болдым. Өзі де мосқалдау адам екен».

– Өңкей қалмақтың арасында неғып қаңғып жүрсің?  
Өтеген басынан өткен жағдайдың бәрін айтады. Қытайлардың өзі де аяқ-қолы кісендеулі адамды, әйтеуір қалмаққа қарсы адам шығар деп жүреді екен, оны табанда босатып қоя береді. Түлкі тұмақтының аты қазақша емес сияқты – Орхон.

Орхон ауылы Өтеген жатқан түрмеден тым жырақ емес екен. Бұлар кәдімге қазақ тұрмысында тұрады. Тек тілдері өзге. Өзге болғанда қазақша-ақ сияқты, бірақ «болған» деген сөзді көп қоса береді.

Олардың арасында екі айдай болып, сонан соң батыс терістікке бет түзейді Өтеген. Кетерінде Өтенге Орхон ақыл айтқан. «Сен енді мылқау бол, әйтпесе жөніңді білген ұйғырлар жолда қайтадан қалмаққа ұстап береді, олар бір кісінің ғұмырынан бір тиын тапқанды артық көреді», – деген.

– Ойбай-ау, олар мұсылман ғой, – деген Өтеген.

– Ақшаны көрген тараншы мен қашқарлық құдайды ұмытып кетеді, сен ешкімге сенбе, – деп арқасына салып жүретін қоржын әкеліп береді.

«Бұл елде, – деді Өтеген, – ұрлық болмайды екен. Ең алғаш бір қолы, екі қолы жоқ, мойнына ағаш қамыт кигізген адамдарды аяп жүрдім. Сөйтсем, олар бәрі де ұрлық, Қытай әкіміне қарсы қылық істегендер екен.

Еренқабырғаның арғы жағында бір қытай көпесінің үйінде алты ай қызмет қылдым. Менің ең қорлық көргенім, – дейтін Өтеген, – тамағымды тойғызуым қиын болды. Өйткені ең ірі деген қытай менің иығыма зорға жетеді, – дейтін ол, – ал ішкен тамақтары судан

алып, суға салған бірдеме. Сүйсініп жеген тамағым – суға пісірген күріш ботқа болды».

Енді Өтеген әңгімесін мен өз атымнан айта берейін. Өтен көпес үйінде алты ай тұрып, олардың да жай-жапсарын, тілін ұққан. Бірақ екінші бір Қытай қорғаны жанындағы елге келгенде, оның қытайша сөйлегенін ешкім түсінбеген. Өтен оларда тілдің айырмашылығы өте көп екенін аңғарған. «Үш күннен соң көрге де үйренеді» дегендей, олардың жеген исі сасық, қытай пиязға ашытқан шөптерін де жеген. Оны екі таяқшамен алып жеуді де үйренген. Ол көлбақаның етінің дәмін де көрген. Оны алдымен торғайдың еті деп жеп, артынан білген, бірақ оны жемегенде бұған кім қара қоңыр қойдың етін, жал-жая, қазы-қарта дайындап отыр, сондықтан бәрін де жей берген.

– Бір күні жылан жедім. Ондай дәмді тамақты сирек кездестірдім, – деп күлдіретін ол. Соның қалай піскенін көргім келді.

Сөйтсе, тірі жыланды ыдыстағы суық сүтке салады екен. Жылан оны әбден ішіп тойғанша оны батырып-шығарып, батырып-шығарып тұрады екен. Жылан әбден іші сүтке толып, кебінгеннен соң, сүт тұрған ыдысты отқа қояды екен. Сүт ыси бастағанда жылан ыстыққа шыдай алмай кәдімгідей бұлқынып, ыдыстан шығуға қам жасайды екен. Сонан соң жыланнан әл кеткен соң, ыдыстың бетін жауып қайната береді. Арада бие сауым өткенде ас дайын болады. «Кертіп алып жей бересің», – дейді Өтеген. Мен айтамын: «Өтен, сен қалмақтармен бірге доңыз жедің, қытайлармен бірге бақа, жылан жедің, сонда сенің мұсылманшылығың қайда қалды?»

– Жылқының етін жеп, сүтін ішіп алып, сен де мұсылманмын деп жүрген жоқсың ба, оның үстіне «оразанамаз – тоқтықта, иман кетер жоқтықта» демейтін бе еді

қазақ, аш болсаң, атаңның басын жерсің, бек», – дейді. «Бегі» әншейін сөзді әдемілеу үшін айтып отырғаны, менімен осындай бота қалжыңмен жүрер еді Өтен. Өтті ғой дүниеден, Өтенім! Сонымен, Өтен хижранын 1119-жылында, тауық жылының қараша айында Қытайдан келді.

«Он шақты атты кісі батыс беттен қатты шауып келеді», – деп біреулер үйдің сыртында Наурызбайға айтып жатты. «Апыр-ай, – деп ойладым мен, – бір бүршек жер босатсақ та, арт жақта жау қалдырмаған сияқты едік», – деймін.

– Алдыңғысы Тарпаң ғой, – деген Наурызбай даусы шықты. Шынымен-ақ келген Тарпаң, Қасқары, тағы он шақты жастар. Олар ұрыс арасындағы күналқыны пайдаланып, арттағы еру елге барған екен. Өтеген келіпті. Соған сүйінші сұрай жеткен.

– Бек қайда, бек? – деген Тарпаң даусы қатты естілді. Бек, сүйінші, бауырың келді, бауырың!

– Кім, кім? – деген Наурызбай даусы естілді. Ей, тентек, маған да айтсаңшы! Тарпаң, Наурызбай, менің Қасқарым бәрі бір жүретін, бірімен-бірі ойнап жүретін.

– Ағам, келді! Сүйінші!

«Ағам» деген соң, мен шатырашты тастай салып, далаға шықтым. Тарпаң – үлкен ұл, Өтегүл қолында өскен. Сондықтан Өтенді – әкесін аға санайтын. Сөйтсе, Өтеген «Жетісудың көп жері қалмақ қолында» дегенді естіп, Арқамен Көкшетеңіз сыртымен келген. Қашан да балқашты жерге жаудың бұрын көз салатынын біледі де, даламен, Мойнақ-Мойынты арқылы жеткен. Он күннен соң Іленің оң қанатындағы, Сарыөлең маңында ол бізді қуып жетті. Жылап көрістік. Осыдан былай ол өзінен әл кеткенше менің көз алдымда, соғыста желкемде болды.

# МҮЙІЗДІ ӨТЕГЕН

*Марал ЫСҚАҚБАЙ, жазушы,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

Батыр деген барақ ит —  
Екі долы қатынның бірі табады.  
Би деген бір бұлақ —  
Қатынның ілуде бірі табады, —

деген екен данышпан Төле би. Ел тізгінін еппен ұстар кемеңгер көсемнің, ағайын бірлігін шайқалтпастан, жаңылмай сөйлер данагөй шешеннің сирек туар құбылыс екеніне еш шүбәміз жоқ. Сондай-ақ ғасырлар бойы майдан алаңына айналғандай-ақ төсінен дұшпан атының тұяқ дүрсілі арылмаған ұлан далада ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз шетінен шешен болып тумағанмен, шетінен батыр болып өсуге мәжбүр болғанына да шәк келтірмейміз. Әйтпесе, осынау ұшы-қиырсыз кең-байтақ сахараны көзінің сұғы, көңілінің дығы бітпейтін айнала көп дұшпаннан қалай қорғап қалар еді? «Екі долы қатынның біріне» батыр ұл сыйлағаны үшін рақымы мол Алла тағалаға мың да бір рақмет! Қара қазан, сары баланың қамы үшін тоқымын — төсек, ерін жастық етіп, жортуылмен күн кешкен тірлік мағынасын тек ел шетінің амандығынан, отан іргесінің бүтіндігінен тапқан сол ерлерге — жүздеп туып андыздап өскен сол батыр бабалар әруағына мың да бір тағзым! Жандары жәннатта болғай!

Бір жыл емес, он жыл емес, ғасырларға жалғасқан зобалаңы мол сол замандарда бел шешіп жайлы төсекте жата алмай, сойылын құшақтап түзде түнеген ер-азаматтың қай-қайсысы да атаның тұзын, ананың сүтін ақтап өткеніне күмән айтар кісі де, сірә, табылмас. Бүгінгі жер басып жүрген тірі қазақ түгелдей **батырлар** ұрпағымыз деп мақтанса жарасқандай екен. Көзіміз оған енді-енді жете бастағандай.

Әйтсе де, тарихы хатқа түспеген елде сол мың сан батырдың есімі қайтіп түгел сақталсын. Халық жады ол ерлердің ұмытылуы мүмкін емес ең ірі тұлғаларын ғана әкеп

табыстаған біздерге. Бәлкім, мұнда бір белгілі заңдылық бар шығар. Әйтсе де, көп ретте олардың істеген ерліктері тарих шаңының астына көміліп, ғасырлар қатпарында қалып кеткен де, тек алыстан талып естілген батыр үніндей болып есімдері жеткен. Енді біреулері тарих жадына сенбегендей, аңыздың, ертегінің кейіпкеріне айналып, әдебиет әлеміне қоныс аударып қонған.

Сондай ірі тұлғалардың бірі – Өтеген батыр.

Артына «Төле бидің тарихы» атты көлемді қолжазба еңбек қалдырған белгілі Халық ақыны Қазанғап Байболұлы: «Менің білуімше, бұл кісінің үш аты бар! Мүйізді Өтеген, Сері Өтеген, Батыр Өтеген дейді. Өз басым «Сері Өтеген» деген атын да естіп едім деп жалған сөйлеп күнәһар бола алмаймын, ал «Өтеген әулие» деген тағы бір есімі бары анық.

Әулие деген – киелі ұғым. Ол атқа халық ықылысына бөленген кез келген ұлы тұлға ие бола бермек емес. Өзім білетін төңіректе «әулие» атанған екі-ақ батыр, бір шешен бар. Олар: Райымбек әулие, Өтеген әулие, Кебекбай әулие.

Ал енді бұл кісілер неліктен «әулие» атанды дейтін болсақ, ол басқа әңгіменің тақырыбы. Ескі хикая атаулыны жаппай жоққа шығарып, сенім-нанымнан әбден жұрдай жұтап біткеніміз өтірік емес қой. Әлі де сол мінезге бейіміз. Көбіміз-ақ әлгіндей әңгімені жүре тыңдаймыз, әйтпесе күле тыңдаймыз. Мәселен, жоғарыда есімі аталған үш әулиенің де көріпкел қасиеті болған деген дерекке қалай қарайсыз. Өтегенге қатысты сондай аңыздың бірі былай: бір жылы қыс қатты болып, мал жаппай қырылар шаққа жетіпті. Әбден жаны қысылған болу керек, елдің бір қадірлі қариясы Өтегенге жігіт шаптырып: «Өтегеннің көріпкелі бар деуші еді, барып білші, құдайдың кеңшілігі бола ма, әлде мал ақсүйек болып қырыла ма?», – деп хабар әкелуге жұмсайды. Сонда Өтеген: «Қар екі күннен қалмайды. Бүгін түнделетіп ауылыңа жет. Бүгіннен қалсаң, ертең өзен өткел бермейді», – деген екен. Айтқаны дәл келіп, таң ата алтын күрек есіп, екі-ақ күнде жер беті ашылған көрінеді.



Осы секілді ел тағдырына, күн райына қатысты болжам айту, сирек кездескенмен де, адам табиғатында бар қасиет қой. Менің ойымша, Өтеген әулиенің көріпкелдігі де, сәуегейлігі де, негізінен, соғыс ісіне байланысты болуы керек. Өтеген батыр әшейін қара күштің иесі ғана емес, кемеңгер қолбасы: ол кісі пайдаланған, қазіргі тілмен айтсақ, дәл есептелген стратегиялық, тактикалық әдістер үнемі сәтті аяқталып отырса керекті. Демек, Өтегеннің әулиелігі туралы сөз қозғағанда, ең алдымен, оның әскери кемеңгерлігі есте тұруға тиіс секілді. Бұл да көріпкелдіктің бір қыры деп білем.

Иә, халық жадындағы Өтегеннің қыры мол, ал орны айырықша. Ол кісі туралы ел аузында сақталған аңыз әңгімелердің өзі керемет құнды қазына. Халық өз ардақтысының бейнесін өзі ғажап сомдап алған: ұрпақ көңіліндегі Өтеген батырлығының үстіне ел қамын жеп еңіреген шын мәніндегі ұлы азамат та. Бір кейпі Асан Қайғыға ұқсағандай: ол да Жерұйықты іздеген Асан бабасынша дүниені шарлап, 17 жыл бойы халқына бейқұт мекен қарастырады. Бірақ таппайды. Әйтсе де, сонысымен-ақ ұрпақ көкірегіне мәңгі ұялаған.

Өтеген ерлігі Жетісудың небір майталман ақынының жырына арқау болған. Қазақ Энциклопедиясында: «Оны алғаш жырлаған Сүйімбайдың бабасы Күсеп ақын» деген дерек бар. Ақиық Майкөт те дастан арнаған көрінеді Өтегенге. Ал Сүйімбай мен Жамбылдың «Өтеген батыр» атты дастандары бүгінгі тіл білетін қазаққа түгел мәлім болса керек. Тіпті Жамбыл ақыннан үш түрлі нұсқа жеткен ғой бізге.

Жетісудың екі ұлы ақынынан үш дастан мұра боп қалуының өзі тегін емес. Өтеген бейнесі мифологиялық ынғайда суреттелгенмен, бұл туындылар бірін-бірі толықтыра отырып, батыр есімін өз тұтастарынан бастап бүгінге дейінгі ұрпақ санасына сіңіруге өлшеусіз үлес қосқанын атап өту ләзім.

Ал енді осынау аты аңызға айналған халық сүйіктісі кім еді?

Шежіре деректеріне көз салсақ, Өтеген батырдың нәсілі – төрт ру Дулаттың Жанысы. Оның ішінде – Қасқарау. Бәйімбеттен тарайтын үш үлкен атаның ортаншысы Бұқардан алты ағайынды Сырымбет туған. Қазақ Энциклопедиясындағы дерек бойынша, осы Сырымбет ойрат ханы Батырдың 50 мың әскеріне теңдесі жоқ соққы берген, сөйтіп, оның он мың әскерін жойып жіберген Салқам Жәңгірдің 600 жауынгерінің сапында Орбұлақтағы атақты шайқасқа қатысқан жанкешті батырлардың бірі. Қазыбек бек Тауасарұлы тамсана айтқанындай-ақ, Сырымбет жақсы бұтақтаған, өскен ата. Одан: Өтеғұл, Өтеп, Андағұл, Тәңірқұл, Рысқұл, Жылқыайдар атты алты бала өрбиді. Өтеген – Өтеғұлдың бел баласы.

Реті келіп тұрғанда айта кетелік: осындағы Жылқыайдар да аты шулы батыр болған. Біздің елде бұл бабамызды батырлығының үстіне, өзгеше киелі адам ретінде де керемет дәріптейді. Мәселен, бұл кісі шілденің ми қайнатқан ыстығында жылқы бағып түзде жүргенде, шөкімдей ақ бұлт төбесіне үйіріліп, көлеңке себелеп, бірге ілесіп жүреді-міс.

Осы тәрізді ертегіге бергісіз аңыз-әңгімелер әлі күнге ел аузында. Бұл кісінің өз кіндігінен: баласы – Байтүгел, немерелері – Қонай, Мүлкіаман, кейінгі ұрпағынан Қордай сияқты белгілі батырлар шыққан.

Өтеғұлдан Өтегеннен өзге Табылды дейтін тағы бір ұлы бар. Шежіреші қариялардан кезінде естуімізше, бұл кісі Өтеген батыр бір ұзақ сапарға жоғалып кетіп, елге қайтып оралғанда туған екен. Бала есімін Табылды қоятын себебі сол. Одан да алты бала тарайды.

Батырдың анасының аты Ұмсындық екенін біз Қазыбек бек жазбаларынан енді біліп жүрміз. Мен оқыған бір деректер Өтеген батырдың бір әйелі атақты батыр Райымбек әулиенің жақын туысы дегенді айтады. Аты Айғаным екен. Өтегеннің Базарбай мен Аюсадан басқа алты ұлы Қосағал, Қосдәулет, Асау, Ылау, Бертіс, Тарпаң – осы кісіден өрбіген. Бұлардан

өсіп-өнген ұрпақ қазір бірнеше ауыл. Бәрі де негізінен Жамбыл облысының Қордай ауданында тұрады.

Осы арада бір қызықты деректі ұсына кетудің реті келіп тұр. Талдықорған облыстық газетінің бір санында «Өтеген батыр» атты ұзақ мақала жарияланды. Онда біз білетін Өтеген Өтеғұлұлына қатысты әмбеге аян кейбір мәліметтермен қатар, оған еш жанамасы жоқ, қисынсыз бөгде әңгімелер де жүр. Дегенмен, мақаланың ұзын-ырғасына қарасаң, айтып отырғаны— Қасқарау Өтегеннің өзі. «Мүйізді Өтеген», «Өтеген әулие» деген эпитеттері ғана емес, тіпті шөбересі Тілеміс шешенге дейін дөп келеді. Сөйтіп отырып, оны тағы да Жалайыр руына жатқызып, бауырынан өзге ұрпақ өрбітеді: ең қызығы, біз Қаратал ауданының Абай атындағы совхозында Өтегеннің қалмақ әйелінен тарағанбыз дейтін 20 шақты үй бар екенін білеміз. Автордың айтуынша, ол қалмақ әйелдің тарихы былай: Өтеген батыр бір жорықтан малмен қоса жеті қыз олжалай келіпті. Оларды бөліп беруді жас батыр Жанұзақ қарияға тапсырыпты. Сонда Жанұзақ ақсақал: «Оу, батыр, алдымен өзің танда», — деген екен, оған Өтеген: «Маған аласасы қалса, жараспас. Өзіме лайық ең ұзынын қалдырарсыз», — депті. Жоғарыда айтылған 20 үй сол қалмақ қызы мен Өтегеннен туған балалардың ұрпағы екенін өздері айтып отыратын сияқты.

Бұл қызық деректі автор былай бипаздайды: «Өтеген батыр жайлы қоныс іздеп қана қойған жоқ, он сегіз жыл басқа аймақтың шебін қорғады. Есесін түгендеді. Сондықтан Өтеген батырдың ұрпағы бірнеше аймаққа таралуы мүмкін. Өйткені он сегіз жыл салт жүруі кәдік. Ол кездің әдет-ғұрпы бойынша ата да, батыр да, әулие де ортақ.

Халықтың қасиетті ұлы Өтегенді ата, баба деуге бәріміз де хақылы сияқтымыз. Таласпалық дегенім.

Дұрыс-ақ, біреу тегін танып тұрса, текке таласып неміз бар. Солай болуы да әжеп емес...

Қазақ Совет Энциклопедиясында Өтеген батыр 1699 жылы туып, 1773 жылы қайтыс болған деп көрсетілген. Қайда туып,

кайда жерленгені айтылмапты. Қазыбек бек Тауасарұлы: «Ол доңыз жылы туған, менен бір жас үлкен. Ол да мен сияқты көктемгі аласапыранда дүниеге келген екен», – дейді. Балғабек Қыдырбекұлының зерттеуі бойынша, Қазыбек бек 1692 жылы туып, 1776 жылы өлген. Демек, Өтеген батыр 1691 жылғы ақпан-наурыз ішінде жарық дүние есігін ашқан болып шығады. Ал қайтқан жылы шамаға соғатын сияқты, өйткені Қазыбек бек кітабының бір жерінде сүйікті досы Өтегеннің таяуда дүниеден өткенін айтып, қамығатыны бар.

Батырдың дәл қай жерде туғаны белгісіз. Біздегі бір дерек бойынша, ол Шу өзені бойындағы Изенді деген жерде дүниеге келген. Ал енді ата-бабалары мекендеген жер аттары Қазыбек бек Тауасарұлы кітабында анық көрсетілген: автордың айтуынша, Қордай, Қараадыр, Қозыбасы, Бұғымүйіз, Бесмойнақ, Қарарша – Өтеген тумаларының ата қоныстары. Бұнын бәрі қазіргі Қордай, Жамбыл аудандарына қарасты жерлер, әлі де солай аталады.

Халық аузындағы әңгіме-аңыз құр қиялдан тумайтынын, қисынсыз айтылмайтынын, оның ар жағында әр түрлі тарихи шындық жататынын осы Өтеген батыр өмірінің деректері тағы бір дәлелдейтіндей. Өтегенді халық тегіннен-тегін дәріптемеген. Ол қалмақ жаугершілігі тұсында ерекше қайрат көрсеткен батыр әрі қолбасшы болуымен қатар, өз заманындағы көзі ашық білімдар адамның бірі еді. Оның үстіне өмір жолы да шым-шытырық, күрделі-тұғын.

Өзінің болашақ досы, кіндіктері жабысып туғандай өмір бойы жұптарын жазбай бірге өткен жан серігі Қазыбек бек Тауасарұлынан он жасында дәріс алып, сауат сындырған Өтеген кейін онымен бірге Бұқара, Самарқантқа барып, оқуын жалғастырады. Талағында біті бар білімге тойымсыз екі бала Тауасар би мен Өтеғұл байдың дәулеті арқасында түстіктегі мұсылман елдеріне аттанып, Қабыл, Бағдал, Ыстамбұл қалаларындағы ғылым ордаларынан сусындайды. Онымен де тынбай, Еуропа асып, Римге жетеді. Арада сегіз жыл өтіп, тоғызыншы жылға қарағанда, бүкіл Еуропаны көктей өтіп,

Ресей арқылы елге оралады. Бұл Өтеген батырдың бірінші «жоғалып табылуы» еді.

1716 жылы қазақ, қалмақ қолдары Шу өңірінде теке-тірес тұрған шақта аңға шыққан Өтеген батырды қалмақтар қолға түсіріп, аяқ-қолын матап, ішкері алып кетеді. Содан арада сегіз жыл өткенде, қалмақтарды қытай шауып, кісендеулі тұтқын батырды қинамай, елдеріне алып келіп, аяқ-қолын бұғаудан босатады. Сол кеткеннен тұп-тура он үш жыл бойы із-түссіз жоғалған, ас-суы беріліп, өлдіге саналып қойған батыр 1729 жылы елге қайтып келеді. Бұл оның екінші рет «жоғалып табылуы» еді.

Әрине, мұндай тосын да таңырқарлық жәйттер қауесет жамамай, аңызға оранбай таралуы мүмкін емесі белгілі. Жиделібайсынға да осы секілді тағдыр бұйрығымен, барып қайтуы әбден ықтимал. Халық аңызы бойынша, батыр баба ол жаққа жайлы қоныс іздеп барып, жергілікті халқы жылқы малын ұнатпайтынын көргесін, көшіп барудан бас тартыпты-мыс делінеді. Осыған орай, тағы бір аңызда Өтегенді жұмсаған Төле би деген де дерек бар. Қазанғап Байболұлының жазбаларында Төле би: «Ендігісін көпшілік өзі білер, және анау екі жүз де бөлініп кетіп, онан бергі жерде Ұлы жүз де басымен тозып, алты ауыз болып тұрған кез. Жаныс болып Ташкентке ие болып тұрсандар да жаман емес, менің бірауыз тілімменен бар өміріңді сапарда өткіздің, екі дүниені абад болсын», – деп Өтегенге тоқтау айтып, бата бергені айтылады.

Қайткенде де, тарихи аңыз бен тарихи дерек арасында байланыс бары анық. Батыр атының аңызға орануына тұлға мен пішін-келбеті де, әсіресе, төбесіндегі – маңдай тұсына таман туа біткен, шодырайған мүйіз секілді бітеу жарасы да әжептәуір әсер еткен секілді. Оның үстіне жарты дүниені аралап, ащыны да тұщыны да мол татқан, көргені де, түйгені де көп, заманындағы өзімен иықтас азаматтардың көбінен өресі биік, көзі ашық, білімді батырды өзгелерден даралайтын реттер жеткілікті-ақ еді.

Бұның бәрін былай қойғанда, Өтеген Өтеғұлұлы алып қара күштің иесі, жүрек жұтқан батыр әрі ақылды қолбасшы да еді. «Өтегенге салсаң, тіке шабуылға шығып, найзаласып, қылыштасқысы келеді. Ол жау жағының бізден күші басымдау екенін ескермейді», – деп сыпаттайды Қазыбек бек оның көзсіз батырлығын.

Өтеген батырдың жоңғар шапқыншылығы тұсындағы әскери еңбегін, қолбасшылық орнын белгілейтін жазба деректер жоқтығы төл тарихымыздағы дағдылы да үйреншікті нәрсе ғой. Әйтсе де, ол көп батырларға қарағанда, бұл жағынан жолы болған бақытты жанның бірі. Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-түқияннан өзіме шейін» атты кітабында Өтеген туралы біршама мәліметтер бар. Ал оның қалмақтың бас батыры Ботхишармен жекпе-жегі әдемі суреттелген. Осы арада қысқа ғана үзінді бере кеткеніміз жөн сияқты: «Қалмақтармен ұрысты Қаратаудағы Ұзынбұлақтың Бөгенге Құяр жеріндегі өзеннің сол қанатында жүргізетін болдық... Олардың бізбен айқасар кездегі қолбасы Жадамба деген торғауыттан шыққан ноян еді. Жадамба жекпе-жекке шыкса мені сұрары хақ еді. Ол шықпай, оның белгілі батыры Ботхишар шықты...

Өтеген Төлекұлаға мінгенде, Тарпаң солқылдап тұрып жылады... Он-он бес адамның белбеуін мойнына салып, Құдайға жалбарынып, мінәжат етіп тұрғанын байқадым. Өтеген жорға құлаға өзі мінді. Бұл қазақ жоралғысы: майданға бара жатқан кісіні ешкім аттандырмайды. Сәлден кейін Төлекұламен Өтеген майданға қарай жұлдыздай ақты.

Арғы беттен, ол да құлаға мінген, Ботхишар шапты. Ортаға екеуі жеткенде, найзаларының шақ-шақ еткен дыбысы шықты.

Төлекұла өзінің басалқалы жылқы екеніне қарамай, өте омыраулы жылқы екен. Арада бие сауым өткенше екі батыр бірін-бірі алыса алмай, біріне-бірі найзасын да, қылышын да дарыта алмады.

Енді сәлден соң әбден терлеген, денесі қызған аттардың дыбысы да шыға бастады. Төлекұланы Өтеген тура Ботхишар құласының жанынан салды. Төлекұла соншалықты омыраулы

жылқы екен, қалмақ құласын екпінімен, омыраулап ығыстырып жіберді. Қалмақ құласы шыдамай, әрі бұрыла бергенде Өтеген Ботхишарды бүйірден салып жіберді. Ботхишар аттан аунады. Дарымады деп тұрдық біз. Бірақ Өтегеннің кіріп кеткен найзасы шықпай, ол әлі ат үстінде еді. Өтеген қалмаққа енген найзасын қос қолдап қайта тартқанда, шамасы суырылды білем, Ботхишар аттан құлап бара жатты. Қалмақтар жағы шулап кетті. «Құлады, құрыды», – деп қазақтар тұрды. Батырының жеңгеніне қуанған қазақтар жылап жібергендері де көп еді...».

Бұл Өтеген өміріндегі бір ғана оқиға ғой. Осындай жекпе-жекке Өтеген қанша мәрте шықты екен десеңізші! Қай жерде тағы қандай-қандай сүргін соғыс салды екен десеңізші! Өттең, шіркін, соның бәрі бізге түгел жетер ме еді... Тек, әйтеуір білетініміз – оның қалмақ басқыншыларына қарсы жүргізілген Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, қазақ елінің түстігін, Жетісу жерін түгелдей жаудан азат етуге зор еңбек сіңіргені, Түркістан маңындағы кескілескен ұрыстарға, Аңырақайдағы әйгілі шайқасқа қатысқаны және де ол қатардағы жауынгер емес, қолбасшы ретінде мыңдаған, жүздеген қас батырлардан абырой асырып, халық сүйіспеншілігіне бөленгені, аты аңызға айналып, ақындар жырына өлмес тақырып болғаны...

Қазыбек бек Тауасарұлы өзінің Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты кітабында: «Өтеген екеуміз менің он жасымнан бастап бірге болдық та, өле-өлгенше ажырамадық», – деп жазады. Қалмақ жаугершілігі Жетісуға дендей енгенге дейін Өтеғұл бай Іле өзенінің оң жағасын мекендегенді. Кейін Жетісу жері жаудан тазарғасын, Өтеген елі тағы да Іле бойына дейін ұзап көшуге мүмкіндік алады.

Әуелден еншісі бөлінбегендей ауылы аралас, қойы қоралас жататын шапырашты-дулаттың екі ұлы перзенті – қос батыры қоныстарын қатар тігіп, жұптарын жазбай ғұмыр кешеді.

Осы арада екі батырдың әрі бір-біріне, әрі кейінгі ұрпақ үшін тындырып кеткен тағы бір еңбегіне еріксіз тәнті екенімізді айта кету парыз сияқты. Қазыбек бек Тауасарұлы

өзінің «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты кітабында Өтеген туралы көптеген мәлімет беріп, оның батырлық тұлғасын да, азаматтық келбетін де біраз сомдаған ғой. Ол қазір көпшілікке жақсы таныс болып үлгерді. Ал енді сол кітаптың алғашқы бетінде басылған автор суретінің Өтеген батыр қолынан шыққан туынды екенін әркім біле бермес. Егер назарларыңыз түскен болса, байқаған шығарсыздар, сол суреттің оң жақ бұрышында араб әрпімен жазылған: «Қазыбек бек. Сурет рәсімі Өтеген» деген сөздер тұр. Кезінде жарты дүниені кезіп білім жинаған екі жас Рим еліне де жетіп, сурет және музыка өнерін үйренген ғой, соның жемісі – осы.

Бұл өзі Өтегеннің тарих сахнасында досына жасаған «еруге – қару» еңбегі іспеттес. Сонымен қатар, дәл бүгінгі суретшілер үшін ғибрат берерлік те мәні бар. Өздеріңіз көріп жүрсіздер, соңғы кезде баяғы батырлар мен ақындардың суретін салушылар көбейіп кетті ғой. Осыған байланысты бір қайран қалатынымыз – бәрі бір қалыптан шыққандай бір-бірінен айнымайды-ақ: шетінен сұлу, ат жақты, қыр мұрынды, тіпті көз қиықтарына шейін дәл түседі-ау. Егер солардың ортасына Қазыбек бек суретін қоя салса, ешқайсысына ұқсамайтын, тіпті бет-әлпетінен мінезі көрініп тұрғандай мүлдем бөтен бейнені бірден аңғарар едіңіз. Міне, төлтума дегеннің құдіреті! Міне, шындық пен қиялдың аражігі қалай ашылатынын керсететін дәлел керек болса!.. Екі дос болашақ ұрпаққа бір-бірінің бейнесін осылай қалдырған.

Қазіргі Күрті ауданы территориясында Өтеген, Қазыбек аталатын қатар жатқан екі тау бар. Қос батырдың кейінгі тіршіліктері сол екі таудың бауырында өткен. Қазыбек тауының басына жергілікті халық былтырғы жылы батыр бабаларына биік ескерткіш тас орнатты. Қазыбек бектің ұрпағы, белгілі жазушы Балғабек аға (Қыдырбекұлы) мені де сол тойға арнап шақырып, Әбіш Кекілбаев, Тұрсынбек Кәкішев, Шерияздан Елеукенов



сияқты белгілі азаматтарға ата жолымен шапан жапқанда, бабасының сүйікті досы Өтегеннің ұрпағы ретінде маған да жоралғы жасап, оқалы шапан кигізген еді. Мен Өтеғұлдың інісі Өтептен тарағандықтан, батыр бабаның ұрпағының бірі екенімді мақтанышпен сезіндім. Сол салтанат үстінде: «Шіркін, дәл осындай ескерткішті екінші таудың басына да орнатар ма еді! Ғұмыр бойы жұбын жазбаған Қазекең бұдан былай да жалғызсырамай, жұптасып тұрар еді-ау!», – деген тілек оралды көңіліме.

Сексеннен асып қайтыс болған Өтеген батыр әуелде Іле өзенінің бойына, Шеңгелді деген жерге – қазіргі Қапшағай су қоймасының табынына жерленген. Кейін Қапшағай қылтасына бөгет салынған кезде ұрпақтары батыр баба сүйегін Қордай ауданына – қазір Өтеген ауылы аталатын елді мекенге апарып қайта жерледі.

Өтеген батыр – әуелден-ақ Құдай тағала рақметімен маңдайына аңыз болу жазылған адам секілді. Тірлігінде Алты Алашқа атағы озған батырдың дақпырты көзі жұмылғасын да саябырсымаған. Халық оның әруағына сыйынып, қабіріне зиярат етуге көшті.

Созалаң науқасқа ұшыраған дімкәстер, құрсақ көтермеген кам-көңіл келіншектер құрбандық малын сойып әкеп, әулие бабаның басына түнейтін болған. Ауруынан айығып кеткендер, перзент сүйіп, ерні жібігендер санын тізімге алып, есебін жүргізген ешкім жоқ, әрине, бірақ әйтеуір, әруақтың ондай шарапаты тигені даусыз. Бұрынғы аңыздарға жаңа аңыздар қосылып жататыны да сондықтан-ды.

Өтеген батыр туралы ең жаңа аңыздар сүйегін қайта жерлеген тұста тағы бұрқ ете түскен. Өтірік-шынын анықтап айтып берер қариялар қазір жоқ та шығар. Кезіндегі естуімізше, батырдың тікелей ұрпағы саналатын сол тұстағы қариялардың біріне әулие бабасы аян беріп: «Сендер мені осылай су астында қалдырасындар ма, жоқ ауыстырып жерлейсіңдер ме?» – деп салмақ сала сөйлейді-міс. Бәлкім, бұл «ел құлағы – елу»

демекші, Іле арнасы су астында қалатынын естіп, бабасының жайын ойлап, қиналып жүрген алаң көңілдің әсерінен де болар. Қалай дегенмен де, сол қария баба кіндігінен өрбіген өзге де тұстас туыстарының басын қосып, ақылдаса келіп, батыр сүйегін су астында қалдырмай, ауылдарына әкеп жерлеуге бәтуаласады. Боз бие сойып, бет сипасады. «Ақым аузы Іленің қамысымен қаланған екен, сап-сары болып сол күйі сақталыпты», – дегенді айтып жүрді сол кезде елдегі қариялар. Бұл бір жаңа аңыздың ұшығы.

Екіншісі, тіпті жүрек терберлік. Айтушылардың сөзіне қарағанда, батыр зиратын қазып, сүйегін аларда, сол маңдағы тұрғындар мол жиналған көрінеді. Солардың ішінде бір ұл, бір қыз баласын қолынан жетектеп бір орыс кісі әйелімен екеуі пора-пора жылап жүрді дейді. Сұрастырса, ол екеуі де ұзақ жылдар перзент көрмей, қазақ достарының айтуымен, Өтеген әулие зиратына мінәжат етіп түнегендердің бірі екен. Түсіне ақ сақалды қария кіріп: «Қолынды жай, балам, батамды берейін, бір ұл, бір қызды боласың», – десе керек. Жетектеп жүргендері содан кейін көрген перзенттері екен.

Міне, аңыздар осылай туады, осылай тарайды. Аңыздардың соңы да бұл емес шығар. Айтылар сөздің, жазылар жайттердың де соңы бұл болмас. Батыр бабаларымыздың қайта туғандай болып, арамызға оралғаны жаңа. Отанның азаттығы үшін арпалысқан қас батырлар еліміз егемендік алуымен бірге арамызға қайта оралуы да заңдылық.

## ҚИЛЫ-ҚИЛЫ ЗАМАН БОЛАДЫ

*(«Мүйізді Өтеген» кітабынан.)*

Абылай хан бірде үш жүздің билерін жиып:  
– Қилы, қилы заман болады,



Қарағай басын шортан шалады, – деген сөздің шешуін табындар, – депті. Жиналғандар көп ойланыпты, бірақ таба алмапты. Сонда көпшіліктің ішінен біреу Абылайға келіп:

– Көп ойлап, әуреге түскеннен не пайда? Біз бәрібір шеше алмаймыз. Бұл сөзді би шешсе, Арғындағы бала Бостан шешеді, ал батыр шешсе, Дулаттағы Өтеген шешеді, – дейді.

Осы сөзді естіген соң Абылай алдымен Бостанды шақырыпты. Арада біраз күн өткен соң Бостан да келіп жетіпті. Абылайдың үйі толған кісі екен. Бостанның жас кезі. Абылай оны көрсе де Бостан деп ойламапты, көңіл бөлмепті. Біраздан соң Абылай алтын аяққа қымыз құйғызып енді аузына ала бергенде:

– Хан ием, тоқтаңыз. Хан екілі болса, елі шашыңқы болады, – депті Бостан.

Сонда Абылай:

– Мен бұрын бұлай сөйлейтін кісіні көрмеп едім, сен осы Бостан емессің бе? – деп сұрапты.

Жас қонақтың бала би Бостан екенін білген соң Абылай одан «Қилы, қилы заман болады, қарағай басын шортан шалады» деген сөздің шешуін сұрайды.

Сонда Бостан іле-шала:

Ілгері келер заманда,

Үй басы келі болады,

Оттың басы тері болады.

Сиыр пұл болады,

Қатын би болады.

Тастан аяқ шығады,

Сары судан тамақ шығады.

Шортанның қарағай басын шалғаны,

Қарадан хан туады,

Төрені ант ұрады, –

деп жауап беріпті.

Осыдан кейін Абылай Өтегенді шақыртып,  
жоғарыдағы сөздің шешуін тапшы депті.

Өтеген сонда:

Алдымызда жаңа заман болады екен,  
Бұл жүргендер өліп,  
Оның адамдары жаңа болады екен.  
Қарғадай жер шұқып,  
Мал бағудан егін салуды артық көреді екен.

Үйлері там болады екен,  
Кигіз үй таң болады екен.

Өздері-өздеріне хан болады екен,  
Хан – төрелер сүймес жан болады екен,  
Ханды сөгу сән болады екен,

Сиыр пұл болады екен,  
Қатын би болады екен.

Тастан аяқ шығады екен,  
Ит ішпес сары судан тамақ шығады екен.

Адам баласы көкке ұмтылады екен,  
Байлықты боқтап, батырды мақтап,  
Жыр қылады екен, – дегенде Абылай:

– Бостан екеуіңнің сөзің бір жерден шықты, болса  
болар, –  
деген екен ауыр күрсініп.

## ӨТЕГЕННІҢ АБЫЛАЙДЫ СЫНАУЫ

Асан деген бір кедей Өтегеннен бір аттың майын  
сұрап мініп, алты-жеті жылдай бермей қашқақтап жүріпті.  
Бірде Өтеген Асанды кездестіріп қалады да оны алып  
келуге жігіттерін жұмсайды. Жігіттер Асанды атымен  
басып ұстап Өтеген мен Абылайдың алдына алып келеді.

Өтеген Абылайға:

– Мен бұл атты жиырма жорғамен бірге жоғалтып едім. Тақсыр, әділдігін айтсаңыз, – дейді.

Асан болса:

– Алдияр, мен жылқы ұрлаған жоқпын. Өтегеннің атының майын мініп едім. Бермей жүргеніме жеті жылдай болғаны рас. Мені нақақтан күйдірмеңіз. Әділ билігін айтыңыз, – деп шырылдайды.

Абылай Асанның сөзіне құлақ аспастан: «Өтегеннің жиырма жылқысын алпыс жылқы етіп қайтарасың, – дейді.

Хан жарлығы біреу. Асан байғұс жылап-еңіреп еліне барып, ағайын-туғандарынан жылқы жинайды. Сөйтіп алпыс жылқыны айдап Абылай мен Өтегеннің алдына келеді.

Абылай Өтегеннен:

– Батырым, әділдігіме разысың ба? – деп сұрайды.

Сонда Өтеген:

– Жоқ, риза емеспін. Ақ-қарасын айырмаған билікте әділдік жоқ. Мен сені тек сынайын деп едім. Ал сен болсаң кедей байғұстың зарын тыңдамадың. «Майын мінген жылқым еді, нақақтан күйдірмеңіз» деген сөзін құлағыңа ілмедің, – дейді де Асанға:

– Сен майын мінген атты кедейлігіңнен бере алмай жүрген шығарсың. Бұл атты саған басы бүтін бердім, екі дүниеде сұрау жоқ. Алып келген алпыс жылқыңды да айдап ауылыңа қайта бер, – деп Асанды еліне қайтарыпты.

## ДҮНИЕДЕГІ ҚАЗЫНА НЕ?

Арқада Алтынбак деген батырдың асы болып үш жүздің баласына түгел сауын айтыпты. Асқа жора-

жолдастарымен Өтеген Абылай отырған үйді іздеп келсе ол алты қанат ақ үйде тоқсан тоғыз бимен әңгіме-дүкен құрып отыр екен. Үй сыртынан ат үстінде тұрып тыңдаса Абылай:

– Билерім, дүниедегі қазына не? – деп сұрапты.

Билердің біреуі: «Қазына қорадағы қой, өрістегі жылқы» десе, енді біреулері: «Алтын, күміс, асыл тас таусылмас қазына» дейді.

Абылай билердің жауабына риза болмай, басын шайқайды.

Билер Абылайға: «Тақсыр сөзіңіздің жауабын таба алмадық, шешуін өзіңіз айтыңыз», – дейді.

Осы кезде Өтеген ат үстінде тұрып:

– Уа, сөйлес, – дейді.

– Сөйлесең сөйле, – деп шуылдайды үйде отырған билер.

Сонда Өтеген:

– Аузын буған тоқсан тоғыз өгіз жоғалтып жүрмін, – депті.

Абылай Өтеген батырдың даусынан танып:

– Мынау Ұлы жүздегі Өтеген батыр ғой. Аттан түсіріп, үйге кіргізіндер, – дейді де билерге: – Қаз дауысты Қазбектен басқаларың шуылдамай тыныш отырындар, оның «аузын буған тоқсан тоғыз өгіз» дегені сендерсіңдер. Жаңағы дүниедегі қазына не деген сөздің шешуін енді Өтегеннен сұрайық, – дейді.

Өтеген үйге кірген соң Абылай оң жағынан орын береді де:

– Батыр, естіген сөзіңнің шешуін айтшы, – дейді.

Өтеген батыр ойлы көзбен отырған топты шолып шығып:

– Қой жинасаң, қорада, үй жинасаң, түйеде, түйе жинасаң қияда қалады. Жылқы жинасаң, дабылмен айдауға кетеді, ысқырса жаудікі болады. Дүниедегі таусылмас қазына – халық болады, – депті.

Осы сөздерді айтып болған соң Өтеген басындағы бөркін шешіп қасына қояды. Абылай да бөркін алып Өтегеннің бөркінің үстіне кигізіп қояды. Бөрікке бөрік киілген соң Өтеген:

– Хан бергенін қайтып алса, қара болады, қара бергенін қайтып алса, бала болады, – деп, екі бөрікті қабаттап басына киіп алыпты.

## ӨТЕГЕННІҢ ҚАРЫЗЫН ҚАЙТАРУЫ

Өтеген бір күні базарға келіп, аралап жүріп өзімен рулас Жүсіп деген адамды кездестіріп қалады. Жүсіп ақшаға мұқтаж болып тұр екен, батырды көріп қуанып кетеді, қарызға ақша сұрайды. Өтеген оған бір апта мерзімге отыз сом ақша қарызға береді.

Сөйтіп арада үш апта өтеді. Жүсіп қарызға алған ақшасын қайтармайды. Өтеген Жанғұтты болысқа Жүсіптің үстінен шағым айтады. Болыс Жүсіпті шақырып алып:

– Сен Өтегеннен жүз сом қарыз алған екенсің. Ақшасын дереу тауып бер, болмаса сол жүз сомның орнына мал бер, – деп бұйырады.

– Ағатай, алғаным жүз сом емес, отыз сом еді, – деп Жүсіп жыларман болыпты.

Бірақ Жүсіптің сөзіне ешкім құлақ аспайды, ол тағдырдың салғанына амалсыздан көнеді.

Өтеген үйіне қайтып келген соң Жүсіпті өзіне шақыртып алып:

– Балам, мен сенен артық акша алып қойдым ба?– деп сұрапты.

– Ия, атамай, – деп Жүсіп жылап жіберіпті.

Сонда Өтеген Жүсіпке ақыл айтып:

– Шырағым, сен әлі жассың. Мұнан былай өтірік айтпа, – деп беліндегі көп ақшаны шешіп, алдына тастай салады.

– Ал, өзіндікін ал да, өзімдікін өзіме қайтар, – дейді.

Жүсіп батырдан кешірім сұрап, енді өтірік айтпауға уәде беріпті. Өтеген Жүсіпке тай мінгізіпті.

## ӨТЕГЕННИҢ ҚЫЗ БЕРУІ

Өтеген бірде ел аралап жүріп өзі қатарлас Әлжан деген бір азаматтың үйіне қонаққа келеді. Әлжан өзі үйінде жоқ екен. Әйелі Өтегенді құрметтеп күтіп, мал сойып, сый-сияпатын жасайды. Әйел қонаққа кам жасап, ас-суын дайындап жүргенде тұлымы желбіреген үш-төрт жасар бала шешесінің мазасын алып қыңқылдап жылай берген соң Өтеген:

– Ей, кызым, жылама, – деп сәбиді жұбатады.

Бас үйітіп отырған Әлжанның әйелі: – Бұл қыз емес, ат ұстар еді, – дейді.

Сонда Өтеген: «Ат ұстар болса, бұл шіркін маған күйеу бала болсын, – деп баланың маңдайынан сүйеді.

Содан арада бірнеше жыл өтеді. Өтеген баласы Аюса екеуі ел аралап келе жатып Әлжан ауылының тұсына келгенде, Өтеген мінген аттын шідері үзіліп қалыпты. Өтеген: «Сен мына шідері алып Әлжанның үйіне бар. Басы артық шідері болса алып кел», – деп Аюсаны Әлжанның үйіне жібереді. Аюса шідерді алып Әлжанға келеді. Өтегеннің шідер сұратып жібергенін



айтады. Әлжан үзілген шідерді қосып, екі шідерді екі қолына ұстап тұрып:

– Уа, ел-жұртым! Өтеген екеуміз құда едік. Ол менен бір шідер сұратып жіберіпті. Мен оған мына шідерді бердім. Шідердің үш бұтағы Өтегеннің үш түлік қалың малы, желісі әртүрлі кәдесі, енді мен Өтегеннің қызының қалың малынан құтылдым ба? – деп әзілдейді ағайындарына. Ерігіп отырған көпшілік: «Әлжан, сен Өтегеннің қалың малынан, барлық кәдесінен құтылдың,» – деп шуласады. Аюса шідерді алып Өтегенге келеді, болған жайды айтады.

Арада тағы бірнеше жыл өтеді. Өтеген кезекті бір сапардан үйіне оралса, есік алдында бөтен аттар ерттеулі тұр екен. Бәйбішесінен мән-жайды сұраса:

– Дүние деген жетерлік еді ғой. Қайда жүріп қарызданып едің. Күйеуміз деп келіп отырған елдің аттары ол, – дейді ашуланып. Өтегеннің Әлжанға берген уәдесі есіне түседі де:

– Е-е, бұл Мақпалжанның күйеуі ғой. Егер баяғыда мен көрген бала болса жаман болмас. Мақпалға лайық жігіт болса, менде не дауың бар, – дейді.

Сөйтіп құдалар бірнеше күн қонақ болып еліне қайтады. Қайтарда жол үстінде мұз ойылып, күйеу бала қапыда суға кетіп қайтыс болады.

Бірақ Өтеген батыр айтқан сөзінде тұрып, қызын күйеу баласы Жақсылықтың інісі Жақыпқа қалыңсыз ұзатады. Жақып пен Мақпалдан екі ұл туады. Үлкеннің атын Есіркеп, кішісінің атын Мүсіреп деп қояды. Осы екі бала атқа мінуге жарағанда Әлжан Жақып пен Мақпалды шақырып алып:

– Бір ауыз қалжыңмен Өтегеннің қарызы мойнымда кетіп барады. Сен екеуің Өтегеннің екі жиенін алып,

қастарына жора-жолдастарыңды ертіп, жүз жылқы, елу түйе айдап барып, көзімнің тірісінде мені Өтегеннің қарызынан құтқарыңдар, – дейді.

Жақып пен Мақпал Әлжан айтқан малдарды алып, екі ұлы мен жолдастарың ертіп бірнеше күн жол жүріп Өтеген ауылына келеді. Өтеген батыр үйде жоқ екен. Бәйбішесі мен балалары қонақтарды күтіп, жөнжоралғасын жасайды.

Өтеген ауылына келсе, ауыл сыртында түрі, түсі бөлек жүз қаралы жылқы, елу шақты түйе жайылып жүр. Мұны көрген батыр бәйбішесінен мән-жайды сұраса:

– Мақпалжан мен Жақып екі жиенмен, жора-жолдастарымен келіп жатыр. Анау малдар Әлжанның қарызы екен, – дейді.

Бұл сөзді естіген Өтеген ел-жұртың, балаларың түгел шақырып алып:

– Балаларым, Әлжанның тағалы тайына тимей өзіне қайырыңдар. Әлжан құда Мақпалдың қалыңмалынан, кәдесінен әлдеқашан құтылған, – дейді.

Балалары: Әке, қызыңыздың қалың малына не алып едіңіз? – деп сұрайды.

Өтеген сонда:

– «Ілгеріде Әлжан маған бір шідерің берген еді. Оның үш буғаны үш түлік мал, желісі кәдесі деп бағалап, көпшіліктен «Өтегеннің қарызынан құтылдым ба?» деп сұрағанында, ел-жұрт, ағайыңдары «Құтылдың, құтылдың» деп куә болып еді. Сол жетеді, – деп Әлжан малының жалғыз қылына да тигізбей қайтарыпты.

Содан Жақыптар ауылдан шыға бергенде Өтегеннің Базарбай деген ұлы бір айғырды қалап алып қалған екен, әкесіне айтпай. Мұны арада бір-екі жыл өткен соң ғана білген батыр баласына қатты ренжіпті. Содан Базарбай

ұрпағы өспей қалған екен. Өтеген балалары ішіндегі ең азы да осы Базарбай балалары деседі.

Бір жылдың тамыз айында Өтеген өз руластарын жинап алып, алдағы қыстың қатты, малға жайлы жерге қоныс аударуға шақырады. Ауылдың қариялары: «Өтеген біліп айтады, малдарыңды айдап Өтегенге ілесіндер» деп балаларын Өтегеннің көшіне қосады.

Жолда олар бірнеше ауылды басып өтеді. Өтеген ол ауылдың адамдарына да: «Биыл жұт болады. Мұнда қалмандар, малдарыңды бірге айдандар, малды жұттан аман шығарып, көктемде қайта көшіп келеміз, – дейді. Алайда біраз адамдар Өтегенде ілеспей қалып қояды.

Көш жүргелі жатқанда Өтеген батырға бір жас келіншек келіп: – Ата-ай, ерім өлгеніне біраз жыл болды, балам жас, қолымда аздаған малым бар еді, оны қайтем, ақылыңызды айтсаңыз, мдеп жөн сұрайды.

Өтеген: «Балам, малдарыңды маған қос, мен өлмесем, бір малыңды шығын қылмай көктемде өз қолыңа алып кеп беремін,» – деп уәде етеді.

Келіншек бар малын Өтеген батырдың көшіне қосып, өзі баласы екеуі қала береді. Мұны көрген сол ауылдың жігіттері келіншекті мазақтап: «Басқамыз жұтап қалармыз, сен ақылдылығыңнан аман қаларсың енді. Жұт болса алдымен малын айдап көшіп бара жатқан Өтегеннің өзі жұтар» – деп күледі.

Сөйтіп Өтеген батыр қысы жұмсақ қоныс тауып, сол жерге қыстап шығады, малын жұттан аман алып, көктемге қарай елге қайтады. Жесір келіншектің малын, жаңа туған төлімен аман-есен қолына береді. Қыстап бара жатқанда мазақтап күлген жігіттер ұялмай сауға сұрайды. Бар малынан айырылып жұттан жұтап қалған оларға Өтеген сұраған малдарын беріп, аштықтан құтқарады.

## ӨТЕГЕННІҢ АРАША ТҮСУІ

Бірде Қыстаубай деген кедей адам Қынардағы дауын шештіру үшін Абылайға келеді. Абылай Қыстаубайды тыңдап болған соң:

– Бұл дауынды шешсем маған не бересің?» – деп сұрайды.

Қыстаубай: «Алдияр, менің сіз алуға жарайтын нем бар дейсіз» – депті.

Абылай: «Сенің он төртке келген бойжеткен қызың бар. Сол қызыңды Ақбердіге бересің. Ақберді елуге жаңа ғана шықты. Өзі бай адам. Басының тазы жазылмай жүргені болмаса қызыңа лайық, дұрыс адам емес пе?– дейді.

Сонда бір дауды шешу үшін жап-жас баламды өзі кәрі, өзі таз Ақбердіге қор қылмайын, оданда Өтегеннен барып араша-көмек сұрайын деп ойлаған Қыстаубай Абылайға:

– Алдияр, үйге барып әйеліммен ақылдасып көрейін. Жауабын сосын берерміз, – дейді де, өзі Өтеген батырдың ауылын іздеп жүріп кетеді.

Абылайдан үміті үзіліп, тауы шағылып қайтқан Қыстаубай Өтегенге келіп:

– Батыр, Абылай ханға Қынардағы дауым туралы арыз айтсам жалғыз қызыңды Ақбердіге берсең ғана дауынды шешем деп ұялмай-қызармай айтып отыр, – деп мұңын шағады.

«Менен қандай жәрдем керек» – деп сұраған Өтегенге Қыстаубай: «Абылай ханға бірауыз айтып араша түссеңіз, қызымды Ақберді тазға қимаймын. Дауымды шешіп бер деп айтсаңыз» дейді.

Өтеген Қыстаубайды ертіп Абылай ханға келеді. Ат үстінде тұрып:

– Абылай, сен мына бейшараның Қынардағы дауын неге шешпей жібердің? Асты қорлама құстырады, елді қорлама састырады. Тыңдамасаң тыңдатармын, ел қанаған сендей төрені айдап жүріп құрттырармын, – деп ат басын бұрмастан жүріп кетіпті. Абылай тоқта десе де тоқтамапты. Содан Абылай Қыстаубайдың дауын оның пайдасына шешкен екен дейді.

## ӨТЕГЕННІҢ АДАМҒА СЫН БЕРУІ

Ұлы жүздің Шанышқылы руында Бердіқожа деген батыр болады. Ол өзінің жалғыз ұлына Тауасардың баласы (Тауасар – Өтеғұлдың інісі, Өтептің баласы) Малдыбай бидің қызын алып беру ниетімен Малдыбай ауылына құда түсіп келеді. Малдыбай Бердіқожаны жолдас-жораларымен күтіп, сый-сияпатын көрсетеді. Таңертең ертелеп Өтегенмен ақылдасуға келеді. Өтегеннің қартайған кезі екен. Малдыбай Бердіқожаның құда түсіп келгенін айтып, ағасынан ақыл сұрайды.

Өтеген Малдыбайға: «Менің ақылымды тыңдасаң, қызыңды Бердіқожаның баласына берме», – дейді.

Себебін сұраған Малдыбайға Өтеген:

– Бердіқожа жалғыз шыққан бәйтерек, өзі құласа жанында орнын басып көгеріп шығары жоқ. Бердіқожа өлген соң қызың Малдыбайдың қызы, Бердіқожаның келіні едім деп бір аяғына көн, бір аяғына тон етік киіп қайыр сұрап, қаңғып кетеді, – дейді.

Бердіқожа ұйқысынан тұрып Малдыбайды сұрастырады. Ауыл адамдары оған: «Би жақсы атаммен ақылдасуға кетті, қазір келіп қалар» – дейді. Сонда Бердіқожа: «Е-е, Өтеген қарт менімен құда болмайды»

деп, Малдыбайды да күтпестен аттанып кеткен екен. Ол жол жөнекей өзіне лайық біреудің қызына құда түсіп, баласына алып береді.

Өтеген батырдың бұл дүниеден өткен, Малдыбайдың қартайған шағы екен. Бір күні Малдыбайдың үйіне бір аяғына көн, бір аяғына тон етік киген әйел қайыр сұрап келіпті. Жөн сұраса, әлгі келіншек жаныс Қараменде бидің қызы, баяғы Бердіқожа батырдың келіні болып шығады.

Сонда Малдыбай би:

– Қасиетіңнен айналайын, Жақсы атам-ай! Не деген әулие едің, не деген киелі едің, – деген екен көзіне жас алып.

Ал қайыр сұрап келген келіншекке отыз қой, құлынды бие, түйе беріпті.

## ҚАЛМАҚ, ҚАЛМАҚТЫ ЕПТЕП АЛМАҚ...

Абылай хан, Өтеген батыр Ұлытаудың бөктерінде аң аулап жүріп, бір сайға келіп аз-кем аялдап демалуға отырады. Қапысыз отырған хан мен батырдың үстіне жаудың қалың қолы кездейсоқ тап болып, екеуін қалмақтар байлап әкетеді. Қалмақтың ханы екеуін зынданға салып тастайды.

Өтеген мен Абылайдың қолға түскенін естіген Төле би батырларды бастап, 30 мың қолмен қалмақтың ордасын қамапты. Қалмақтың ханы Қалдан Серен зәреқұты қалмай қорқып: «Би ашуланбасын, сөйлесейік, келісейік» – деп кісісін жіберіпті.

Төле би ханның ордасына кіріп барып:



– Ей, қалмақтың ханы, жерімді алғаныңды кешіріп едім, малымды алғаныңды кешіріп едім, енді Батырым мен Ханымды байлап алғаныңды кешірмеспін. 30 мың қолмен өзім келдім, 30 мың қолмен Қойкелді келеді, 30 мың қолмен Наурызбай келеді, – дейді.

Сонда қалмақтың ханы бұрынғысынан да қатты сасып:

– Биеке, бір білместік болды, кешіріңіз, – деп кешірім сұрайды. Өтеген мен Абылай екеуін өзі барып зынданнан шығарып әкелген екен. Өтеген мен Абылай ойда жоқ жерде Төле биді көргенде таңғалып, «калай келдіңіз?» деп сұрайды.

Сонда Төле би:

– Үндемендер ханым, батырым. Қалмақ, қалмақты ептеп алмақ. Осылай етсек жабыла, қалмақтың өзі-ақ біздің жерден жоғалмақ, – депті.

Сөйтіп, Төле бидің «Қалмақ, қалмақты ептеп алмақ» деген сөзі елге тарап кетіпті.

## СҰМДЫҚТЫҢ БАСЫ ТАРҚАН

Мөңке бай деген кісі жолаушылап Кіші жүзге барып, сол сапардан қайтып келе жатқанында алдынан Өтеген батырдың кенже баласы Тарпаң жолығып, «Кіші жүзден не көрдіңіз?» дегенде Мөңке бай былай деген екен:

Ардақты інім Тарпаң,  
Сүйікті ұлы батырдың  
Қара орнында қалған.  
Көріп келдім талайды,  
Осы барған сапардан.

Кіші жүзден шығыпты,  
Сұмдықтың басы Тарқан.  
Батырмын деп мақтанып,  
Кәпірден барып ақша алған.  
Хандар да жоқ оларға,  
Қандай-ау деп көз салған.  
Билер де жоқ ол істі,  
Қандай-ау деп ойлаған.  
Байқаймын да байқаймын,  
Бұзылды-ау бұл жалған.

Сонда Өтеген батырдың шешендігімен әйгілі болған  
ұлы Тарпаң:

Ардақты Мөңке ағажан,  
Мен де оған көз салғам.  
Табылсын мен Төле би ол қайдан.  
Тәуке мен Төле бірігіп,  
Қылышты өткір қайраған,  
Қолын бастап қазақтың,  
Қалмақты кейін айдаған.  
Азайды ғой бұл кезде,  
Оларды көріп үлгі алған.  
Ақылға салып абайлап,  
Алдағы істі болжаған, —  
деп жауап берген екен.

*(“Асу-асу бел Қордай” кітабынан).*

## ТІЛЕМІСКЕ

Ей, Тілеміс, Тілеміс!  
Тілің мірдің оғындай.  
Тиіп кетсе күйдірген,  
Сексеуілдің шоғындай.



Қарсы келген жау болса,  
Құтылмайды соғылмай.  
Құр сүлдесі қалғанша,  
Қара терге шомылмай!  
Кебекбай мен Ноғайбай,  
Тіліңнен-ақ именіп,  
Жүр ғой сені алмай!

*Бұл өлеңді жазып алған Ғали Орманов.*

1896 жылы Жамбыл Қырғыз еліне бара жатып, Сұлутөр жайлауындағы Қасқарау руының Ноғайбай ауылында қонақта болады. Таңертең қонақтар тысқа шығып тұрғанда, бір таста қылп-қылп етіп қонып отырған торғай көрінеді. Соған көз тастап тұрған Кебекбай би:

– Анау шіркін не деп қылпылдап тұр? – деп Тілеміске қарапты.

– Ол Ноқан екеуіңе ұқсап, ауыры болса алып, жеңілі болса тастап кетейін деп тұр ғой, – деп астарлап, әзілдеп жауап береді Тілеміс.

– Тілің кесілсін, Тілеміс, – деп Ноғайбай теріс айналып кетіпті. Тілемістің тапқырлығына риза болған Жамбыл осы өлеңді соған арнаған.

## ӨТЕГЕН БАТЫР

*Сүйінбай Аронұлы*

Батырды халық сағынып,  
Қайғы, уайым жамылып,  
Қоқаннан көріп зорлықты,  
Тар кешу, қиын жылдарға  
Жетісу елі жолықты.  
Қара күн туған көп халық  
Көз жетпей сәуле, жарыққа,

Уайым мен опық жеп,  
Тебінгіден тер кеппей,  
Күнде аттанып жорыққа,  
Көп қиналған халықтың  
Тілегі батыр болыпты.  
Батыр туса білекті,  
Берсе деп шіркін тілекті.  
Қайтпас мүйіз жүректі,  
Батыр бар деп сүйекті,  
Ру, ел басын құрайды,  
Бір батыр деп сұрайды,  
Сонда батыр туғанша,  
Халық қалай шыдайды.  
Батырмын деген ерлерді,  
Халық қатты сынайды.  
Айдыңды ер болмаса,  
Өз басын өзі қорғаса,  
Түн ұйқысын бұзбаса,  
Түн жамылып тұрмаса,  
Кезеңдей жерден кездесіп,  
Ел дұшпанын ұрмаса,  
Қайтып көпке ұнайды?!  
Туған ердің анасы  
Өтеген болса баласы,  
Ол әйелді құрметтер  
Келгенше халық шамасы.  
Бергі атасы Сырымбет,  
Арғы атасы Дулат-ты.  
Туғанша осы Өтеген  
Тілекпен елді шулатты.  
Барымта-ұрыс, көп жанжал,  
Әлсіреп елден кеткен хал.  
Бала туса шүйіншіге,  
Даярлады қазына-мал.  
Ақ сақалды, сар тісті,  
Нашарлау ғана киінген,

Өміріне сүйінген,  
Шүйінші алмақ кісідей,  
Әдейі шыққан үйінен,  
Сөйледі бір кәрі шал:  
«Дүниеге келді бір батыр,  
Аты болсын Өтеген.  
Осы бір кезде сол бала  
Тумақшы еді ертеден.  
Елдің болып тілегі,  
Қуансын деп жүрегі  
Күн шашырап шықпастан,  
Әдейі келдім ертемен,  
Шүйінші сұрап алыстан.  
Алысқа кетер атағы,  
Бақытын тағдыр көтерген.  
Ер жеткенде сол бала,  
Дүниежүзін кезеді.  
Ойлағаны ел қамы,  
Мал-дүниеден безеді.  
Дүниеде аң-құстар,  
Өтегенді сағынар.  
Өтегенді көргенде,  
Бас иіп түгел бағынар.  
Ел бағын сол ашады,  
Қорлық көрген жан болса,  
Дұшпаннан кекті әперіп,  
Ашуын сөйтіп басады.  
Оған өлшеу бола алмас,  
Адамның туған баласы.  
Тілін білер әлемнің,  
Ол жүрген жанның данасы.  
Неше түрлі керемет,  
Дию-пері жындардың,  
Оған келмес шамасы.  
Алар жау оны болмайды,  
Ешкімге қалмас жаласы.

Қайтпайтын мүйіз жүректі,  
Көк дулыға басында,  
Жаудан кекті әперер,  
Дәл он екі жасында»  
Осыны айтты әлгі шал.  
Халық түгел қуанды,  
Болар деп тілек жұбанды.  
Елге түгел жар салды  
Шапқыншылар аралап,  
Ай-күні толған әйелді  
Жинастырды шамалап.  
Аналарды жинады,  
Құрметтеді, сыйлады.  
Күндер өтті бірталай,  
Өтеген батыр тумады.  
Талай әйел толғатып,  
Күзетші қойды қорғатып,  
Туа ма деп Өтеген,  
Бақсыларға болжатып,  
Бірнеше бала туады  
Айтқанындай сол шалдың  
Қайсысы көпке ұнады?!

Тумаған соң Өтеген,  
Төңірекке жар салып,  
Әркімдерден сұрады.  
Үміттеніп келгендер,  
Өтеген таппай, қыз тауып,  
Жасып үйден шығады.  
Туғанынша Өтеген  
Халық тұрды асығып,  
Әйелдерге сенбеді  
Қоя ма деп жасырып.  
Тоғыз-тоғыз сыйлық бар  
Өтегенді тапқанға,  
Шүйіншісі елу ат –  
Өтегеннің туғанын

Бұрын естіп айтқанға.  
Он бес жамбы бәйгесі –  
Өтегеннің шешесі  
Толғатса ішін тартқанға.  
Өтеген ұзап тұмады,  
Белгісіз болды туғаны.  
Алыста жатқан бір кедей  
Әйелі туып арсалаң,  
Қалжа таппай шулады.  
Міне, осы ұлдың туғанын  
Біреу келіп көреді.  
Шүйінші сұрап халыққа  
Келді деп батыр жарыққа,  
Елу атты алады.  
Ішін тартқан бір әйел  
Ол да байып қалады.  
Жасады халық үлкен той  
Күңіренгіп даланы.  
Ханға оны сездірмей,  
Жасырып ұстап, бағады.  
Тілікпес үшін балаға,  
Алпыс үкі тағады.  
Сол кезде осы батырды,  
Ханға мерген айтады.  
Өлтірмекке баланы  
Хан да шеру тартады.  
Сауға сұрап қалың ел,  
Хан алдында тұрады.  
Қоқанның ханы қорықты  
Ер жетсе бір күн сол бала,  
Жасай ма деп жорықты.  
Қолында билік тұрғанда,  
Жасаған елге зорлықты.  
Қолына түссе Көки хан,  
Сол баланы жоймақшы.  
Елдің үмітін ұшырып,

Өкіндіріп қоймақшы.  
Көки ханға бермеді  
Өтегенді ел жасырып.  
Әртүрлі әдіс қолданды,  
Ханнан қулық асырып.  
Көки ханның дауысы  
Жеті қат көкті жарыпты.  
Бойыңда жаның барыңда  
Тауып бер деп баланы.  
Зәріне ханның шыдамай,  
Ел есінен танады.  
Ханға қарсы шаппақ боп,  
Оттай бала жанады.  
Барма деп халық жалынды:  
– Бойың өсіп жетпеген,  
Ерніңнен сүт кеппеген,  
Ханнан көрген қорлық көп,  
Жүректен кек кетпеген.  
Қазақта адам қалмады  
Ызасы ханның өтпеген.  
Тілімізді ал, қарағым,  
Ісін қылмай баланың,  
Бермейміз, сені қорғаймыз  
Келгенінше шамамыз!  
– Тыңда, халқым, мені де,  
Мен туғанда қуанып,  
Жеткенін білдім бағаның.  
Сарбазын қырып қалдырмай,  
Ханның басын аламын.  
Оған көңілің тынбаса,  
Қоқанды барып шабамын.  
Кек алмай тоқтап тұралман,  
Бақытқа туған баламын.  
Тілекті тілеп тұрыңдар,  
Қайласын өзім табамын.  
Осыны айтып Өтеген,

Аттанды жауға түтеген.  
Жау шетіне кіргенде,  
Жалғыз келіп тигенде,  
Қоқан ханы қобалжып,  
Қашуға бет алады,  
Көрген кезде баланы.  
Қызыл қанға бояды  
Байтақ жатқан даланы.  
Быт-шыт қылып қолдарын,  
Ханды барып шабады.  
Замандар бойы қорлаған,  
Орынсыз іске зорлаған,  
Хан жүрегі жаралы.  
Басына қайғы орнаған,  
Шамасы келмей балаға  
Қашады хан ордадан.  
Ханды қазақ көрмеді,  
Өтегеннің кезінде!  
Құлашын кең сермеді,  
Қайрат барда өзінде,  
Сөйтіп халық ес алған...

## ӨТЕГЕН БАТЫР

*Жамбыл ЖАБАЕВ*

Ақ көбікке оранып,  
Толқыны тоқсан бұралып,  
Арықтай аққан арналы,  
Жамбыл бір жыр жырласын.  
Жұрт хикая тындасын,  
Өтеген батыр туралы.  
Хикая емес бұл өзі,  
Өз жанымнан шығарған,  
Есімде жоқ осы жыр –  
Қайдан, қалай алынған.

Мұны ызыңдап даладан, –  
Жырлаған, ескен жел маған.  
Бұл жырды мен естігем –  
Тағы құлжа үнімен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Бұлбұлдың тәтті күйінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Ер Өтеген туралы,  
Саңқылдап шынның қыраны,  
Аңыз еткен күнінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Тулаған толқын дөнінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Шөбінен, дала гүлінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Жұлдызды аққан көгінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Өрінен ескен жерінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Сай-саланың шегінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Безіп жүріп ауылдан.  
Бұл жырды мен естігем –  
Жыршыдан, ақын, қауымнан.  
Жылды айналып, жыл озып,  
Өтеген өліп, қол үзіп,  
Сапар шекті келместей.  
Алайдағы тарихтың,  
Ауызында халықтың, –  
Аңыз қалды өлместей.  
Сол туралы, мінекей,  
Домбыраны сөйлетем.  
Өтегенді мадақтап,  
Жырға қосып тербетем.  
Халық айтқанын қостаймын,



Артық сөзді қоспаймын,  
Жырымды желше гулетем.  
«Халық айтса, қалып айтпайды»,  
Мен де сонан асырман.  
Шынайы берген тұлға еді,  
Келе жатқан ғасырдан.  
Жаздың жылы түні еді,  
Өтегеннің тууы,  
Жетісу еді мәулеті,  
Сырымбет еді сәулеті.  
Дулат еді руы.  
Түннің желі бесік боп,  
Тербеткен бөбек уызды,  
Қасара біткен маңдайдан,  
Жан еді қос мүйізді.  
Бала жастан әлпештеп,  
Баққан оны гiл кісі ед.  
Қасара біткен қос мүйіз,  
Батырлықтың белгісі ед.  
Жеңілмес жалын боп өскен,  
Ақылға, күшке, болжауға,  
Тартқан сымдай тал бойы,  
Ұқсаған тағы құлжаға.  
Өсті батыр тұлғалы,  
Жолбарыстай қарулы,  
Қырандайын қырағы,  
Арыстандай айбарлы.  
Жүз кісінің ішінде,  
Ол бір жүрген дүлегей,  
Бір өзі батпан бірегей.  
Аң аулауда, бәйгеде,  
Атағы шыққан әйгіге.  
Жан еді бір думанда  
Жабықпаған жалғанда.  
Мейірімді ана ниетін,  
Бөбегін сүйіп, өрімін.

Сондай-ақ о да сүйетін,  
Көшпелі қазақ өмірін.  
Жетісу қазақ қонысы ед,  
Мамығы майда оралған,  
Күндер болған бір кезде  
Сол жер қанға боялған.  
Бір кездерде алакөз –  
Болған сол жер аймағы.  
Ұрыс, қағыс болған кез,  
Қырғыз, қазақ, қалмағы.  
Найза ұшталып тұлпарлар,  
Жортып, жебе жарқылдар.  
Күндер болған өлікке,  
Қара қарға қарқылдар.  
Он сегізінші ғасырда,  
Далада, қардың басында,  
Ақ жағалы, жез топшы,  
Патша жорық ашуда.  
Дүре соғып дүрілдеп,  
Бүлдірген елді біртіндеп,  
Атуға да асуға.  
Көшпелі елді қырғандай,  
Бұзып, қырып, өртеді.  
Ол күн қара борандай,  
Болып кетті ертегі.  
Еміренген дала күңіреніп,  
Жайлауларда, тауларда –  
Жетісу бойы тебіреніп,  
Қуырылған патша, хандарға.  
Өтеген сонда ойқастай,  
Талабынан талмастай,  
Ызаланып, өршігіп,  
Тұлыбы тала тершігіп,  
Бұл өрт оған болмады,  
Халықпен біге жанбастай.  
Күшінен бірақ танбайды,



Суарылған алмастай.  
Жұрт білмегенді ол білді,  
Боларын сезді әлемет.  
Патша тігіп ордасын,  
Халықтың бұзып қордасын,  
Қан төгерін керемет,  
Жұрттан бұрын ол сезді.  
Қайғыға халық түсерін,  
Патша алдында бас иіп,  
Хандардың ант ішерін.  
Өтеген сезді хандардың,  
Арам, пасық ниеттерін,  
Халықты сатып, патшаның,  
Киерін шенін, шекпенін.  
Ер Өтеген олардан,  
Қорықпады – шынықты.  
Ұзақ сапар шегуге,  
Дайындады жорықты.  
Жинап болып нөкерін,  
Жарқылдады ол қырандай.  
Батыр барлық халықпен  
Ақылдасты ұрандай:  
«Арыным – батыр арыны,  
Дабылым халық дабылы»,  
Ақ жағалы патшаның,  
Жақындап тұр жорығы.  
Жетісуға жендеттің,  
Түскелі тұр құрығы.  
Жетсе жендет нөкері,  
Халықтың сөзсіз құруы.  
Айдан анық қан қылып,  
Ұл, қызды тұтқын қылуы.  
Малды айдап, жерді алып,  
Таялды қуып шығуы.  
Олар келіп халықты,  
Көк өспейтін жерге айдайд,

Көрместей ғып жарықты,  
Күн түспейтін жерге айдайд,  
Күнге қақтап көктемде,  
Су түспейтін жерге айдайд,  
Аспанда ыстық күн шыжып,  
Жел еспейтін жерге айдайд,  
Сағым ойнап, құм қайнап,  
Үйлеспейтін жерге айдайд,  
Сондай жерге шыжыған,  
Кім барғысы келеді,  
Барған адам ол жерге,  
Жапан түзде өледі,  
Жерді, суды патша алад –  
Жүрегім соны біледі.  
Ауылды апат күтіп тұр,  
Нар тәуекел жетіп тұр,  
Алға қарап аңқылық –  
Күтудің не керегі?  
Кім белсенед, кәнеки,  
Күшін жинап жорықта?  
Үйірінен айдатып,  
Тұлпар атын байлатып,  
Қайсың әзір шығуға,  
Өтегенмен жорыққа?  
Өтегеннің талабы,  
Майданнан күтпейді бағаны.  
Келген кезде кезегі,  
Дүние жүзін кезеді.  
Қара қазан, сар бала,  
Қамы үшін қамдана  
Қонысқа жер іздейді:  
«Мен табамын, табамын,  
Бұлақ аққан жерлерді,  
Көгі көктеп, гүл жарып,  
Құрақ атқан жерлерді.  
Төрт түлікке ыңғайлы,

Толқын көлі, тоғайлы,  
Көгінен нәубет, жерден нұр,  
Құлап жатқан жерлерді.  
Жұт болғызбай, құт қонған,  
Қой үстіне боз торғай,  
Жұмыртқалап бақ қонған,  
Сүйікті қазақ халқына,  
Ұнап жатқан жерлерді».

Өтеген қарап жатпады,  
Пайдасыз сөз айтпады.  
Ұрандап елді шақырды,  
Батыр кірпік қақпады.  
Елу жігіт бел байлап,  
Мақұлдасып, ыңғайлап,  
Ақылға айтқан тоқтады.  
Ұрыс-керіс тоқталып,  
Насырға – айғай шаппады.  
Қай үйден кім шығады,  
Санап жұртты саптады.  
Өтеген бастап бұл ісін,  
Жорыққа оны-мұнысын,  
Екі жылға жеткендей –  
Етіп бал, шай, күрішін,  
Бөліп үйір жылқысын,  
Жібек жал тұлпар бұлдысын,  
Қыздың сұлу құндысын,  
Жігіттің балуан, ірісін,  
Таңдап ап жер тележіп,  
Өткір көзбен жер сүзіп,  
Тұлпарының тұяғы  
Саз балшықтай тасты езіп,  
Жөнелді батыр жорыққа,  
Нөкерімен түзеп жүрісін!  
Жортқан жолдың шаңдағы,  
Ақ бұлттайын алысқа,

Бұрқырап атып жол тартты,  
Қытай жақ, күн шығысқа.  
Жүрді олар жорықта  
Жол тартқандай Меккеге,  
Таудан, құздан, өзеннен,  
Кездесті талай өтуге.  
Жүре-жүре өздері,  
Алтын күннің аясы,  
Көрінді түскен қарасы,  
Жақындады Пекинге,  
Ол жердің миуа, жемісі –  
Күнге күйіп қабысқан  
Даласында жүр кісі –  
Бүгіліп жерге жабысқан.  
Ұлтарақтай өлкесі,  
Адамы көп, жері тар,  
Өтегеннің көзіне,  
Көрінді ол жер – қыспақ жар.  
Өліп-өшіп ондағы ел –  
Күріш еккен алқына.  
Қытайда қоныс болмады,  
Қоныстар қазақ халқына.  
Жігіттер шаңға шалдығып,  
Азап тартты, түн қатты,  
Ол жерден қоныс таба алмай,  
Ізінше кері жол тартты.  
Сайлы, құзды тауларды,  
Жұлдызды түнді таптады,  
Өтегеннің нөкері,  
Сонда да қажып қайтпады.  
Ереуіл ерлер ерісіп,  
Жетті жортып Еділге,  
Өртеніп күн батқан кез,  
Қан толқынды Еділде.  
Көңілсіз Еділ бойлары,  
Ерлерді хұп алмады,

Түнжыраңқы аймағы,  
Жабырқаңқы жан-жағы  
Ол кез Ресей патшасы,  
Еділге бұғау салғаны,  
Сезілді езіп зарлатқан,  
Салғаны елге найзаны.  
Осыдан бастап патшаның,  
Тігілді орда, іргесі,  
Көшпелі қазақ еліне,  
Ол орда болды түрмесі.  
Арандайын ашылды,  
Қорқау патша құлқыны,  
Қызды күң ғып зарлатып,  
Айдап алды жылқыны.  
Онан да әрі ылғалап,  
Өтеген батыр айқайлап,  
Түсті сыпыра жортуға,  
Дабыл ұрып, жарқылдап,  
Тағы тау, құз жол тосып,  
Алдында жел аңқылдап,  
Үйсіз-күйсіз Өтеген,  
Жиһан кезіп ертеден,  
Кешке дейін салпылдап.  
Суыққа тоңып қысты күн,  
Ыстыққа күйіп жазды күн,  
Қобызындай Қорқыттың,  
Безілдейді қалтылдап.  
Таң атып, күн батқанша,  
Жұлдыз сөніп жатқанша,  
Жел аударған қаңбақтай,  
Жортуылда жортақтай  
Аттың басын тартпады.  
Су суалып, шөп қуарып,  
Күн жер көнін қақтады.  
Сол жердің барып шөліне,  
Өтеген қазақ еліне,

Қоныстар жерді таппады.  
Аттың басын доғарып –  
Тойғызып, жемдеп, суарып,  
Өтеген енді бет қойды,  
Ақтөбеге қайтқалы.  
Қылыштары жарқылдап,  
Жорытқанда жер тарпып,  
Ойнақтады аттары.  
Басып өтті белінен,  
Талай асқар құздардың  
Естілді үн көлінен,  
Қанаты талған қаздардың,  
Жер танабын қуырып,  
Сарбаздары серілді.  
Бір уақытта жарқырап,  
Ақтөбе де көрінді.  
Көзбен шалып сол кезде,  
Қара жолдан қиырды,  
Шалқыған өзен бойына,  
Үй тігуге бұйырды.  
Өзен ағып күрілдеп,  
Сай-саланы, даланы –  
Алып жатты гуілдеп,  
Соқты салқын самалы,  
Сапырулы сар қымыз,  
Мұрын жарып барады.  
Жігіттердің отырған,  
Ашылды сондай-ақ қабағы.  
Тіл қатпады Өтеген,  
Ұштасып ойдың сабағы.  
Құстай ұшып ұшқыр ой,  
Көздің де шырымын алмады.  
«Әйелімді алыста,  
Өксітіп үйде қалдырдым.  
Жапан түзде жол шегіп,  
Қорқыттай-ақ қаңғырдым.



Күн күркіреп аспанда,  
Нажағай ойнап жатса да,  
Жанарымды жандырдым.  
Мен халқымды сүйемін,  
Оған қоныс табармын,  
Шалқып жатқан шалғынның,  
Шұрайлы жерін алармын», –  
Өтеген отыр тұнжырап.  
Деген ойда маужырап,  
Түн көрпесін тұйықтап,  
Үнсіз дала, көк шатыр,  
Астында аспан жұрт жатыр,  
Жігіттер қалды ұйықтап,  
Көктегі нәзік алтын ай,  
Құлындай сұлу айқын ай,  
Жұлдызды көгін жайлауын,  
Жайлаған жанып жарқырай.  
Тынышы кете жыбырлап,  
Сөйлескендей сыбырлап,  
Жұлдыз бен жұлдыз қалтырай,  
Бір уақытта сырылдап,  
Шөптің басы шуылдап,  
Ескендей жел ышқынып,  
Жұрт та шошып оянды,  
Аттардағы пысқырып,  
Жұрт үрпиіп тұрысты,  
Бір-біріне ығысты,  
Мұрын жарған күлімсі,  
Сезді бір жат иісті.  
Иіс мұрын жарғандай,  
Қоңырсып киіз жанғандай,  
Жігіттер көзден жас алды,  
Шын бір сұмдық болғандай.  
Кейбіреуі ойбайлай,  
Айдалада қалғандай,  
Жүректері қысылды,

Тарылып дем алғандай.  
Жігіттер тұрып дүрлігіп,  
Бір-біріне тығылып,  
Біреуі сонда сөйледі:  
«Біздер болдық сор мандай,  
Осы түн естен танғандай,  
Секілденіп сезілді,  
Құрығын ажал салғандай».  
Құралайды көзге атқан,  
Өтеген мерген толғанбай,  
Қорқуды еш ойланбай.  
Тұрды жалғыз сескенбей,  
Тұлыптан шыққан тұлғасы,  
Майданда қанат жайғандай.  
Ол сабырлы дауыспен,  
Жігіттерге тіл қатты,  
Иісті сезіп тұрғандай.  
«Бұл күлімсі зәрлі иіс,  
Айдаһардың иісі.  
Болар жылан ордасы,  
Қорқыныш емес мұнысы.  
Тойып ұйықтап айдаһар,  
Жатқан шығар саспаңыз,  
Не болса да күтелік,  
Жігіттер, қорқып, қашпаңыз!  
Зәрлі аш жылан болса егер,  
Айбат шашып шабар еді.  
Нар тарпыған шыбындай,  
Бізді жалмай жарар еді.  
Бізге айбат шашпаса,  
Осы жерде болалық,  
Ашық аспан астында,  
Тынығып дем алалық».  
Күншығыс жақ өртке ұқсап,  
Күн шығарда қызарды.  
«Көріп тұрмын – қозғалды,



Айдаһарды у-зәрлі».  
Жігіттер де қалшылдап,  
Қалмайды үрей-үрейден.  
Күн де шығып, таң атты,  
Қорқыныш бірақ тым қатты,  
Түнеріңкі түніннен,  
Біріне-бірі тығылып,  
Жұрт қысылып, жаншылды,  
Оскырып, зәрді сезгендей.  
Ат құлағын шаншады,  
Қара жерге шомылып,  
Қара жерге қан сиді,  
Өтеген батыр бұқпастан,  
Қорқып-сасып жатпастан,  
Атына мінді аршындап,  
Шімірігіп, қас қақпастан.  
Бітімге келер кісідей,  
Өтеген батыр сассын ба,  
Айдаһарға тұп-тура  
Қарсы жүрді бет бұра.  
Баратқандай секілді,  
Тақсыр қарсы тақсырға.  
Ысқырғанда айдаһар,  
Тізе бүкті жал тұлпар,  
Өтеген барып айқасты,  
Өртеген желдей дем алып,  
Айдаһар мың бұралып,  
Ауыздан жалын, от шашты.  
Қозғалған таудан қалтырап,  
Найзағайдай жарқырап,  
Толқындайын тауланып,  
Қомданды жылан қос басты,  
Шұбарлана шабынып,  
Күн көзіне шағылып,  
Жылтырап әйнек қос көзі,  
Шатынады жарылып,

Шатыната жар тасты.  
Өтеген сонда баптана,  
Қаруланып қаттана,  
Тұлыптан түгі шықты да,  
Тұлпарының қос көзін  
Бір қолымен жапты да,  
Шамырқанып, шамданып,  
Соғысуға қамданып,  
Қос тізгінін жай тартты.  
Айдаһарға шүйліп –  
Сөйтті-дағы тіл қатты:  
«Әй, керемет, мақұлық,  
Жатып ап зәр шақырып,  
Отты аузынды ашасың,  
Айбатыңды шашасың,  
Бүйтіп неге тасасың?  
Шаша берсең зәріңді,  
Жылқымыз безіп қашатын?!  
Қимылдасаң қылт етіп,  
Қалтырап дала босатын,  
Жолды байлап өткізбей,  
Жігіттерді кеткізбей,  
Тоғыз жолдың торабын,  
Неге бүйтіп, тосасың?  
Мен бір батыр Өтеген,  
Жетісуда жұртым бар,  
Шалқардай шалқып қайнаған,  
Қуатты менің халқым бар.  
Ұзақ жолға жорытқан,  
Сапар шеккен қалпым бар.  
Мені ыстық күн жандырған,  
Мұздақ жаңбыр тоңдырған,  
Шөліркетіп шөл дала,  
Еліркеткен ен дала.  
Жол қатам деп қақтығып,  
Ауызым дәм татпаған.

Бір жыл емес көп болды.  
Мен шыққалы елімнен,  
Қиялай жортып асқанмын,  
Талай таулы жеріңнен!  
Көзімше менің күнің жоқ,  
Қызара барып шықпаған,  
Көзімше менің күнің жоқ,  
Өртеге барып батпаған.  
Қыспағы жоқ көңілді,  
Жайдары, жайлы өмірді,  
Іздегелі көп болды.  
Қондыру үшін ен жарып,  
Бақыт келіп, бақ дарып,  
Тұратұғын оңдалып,  
Халқымды, қазақ елімді.  
Қарасам сондай іреңің,  
Сенің де мендей жүрегің,  
Іздегендей тыныш жер,  
Жүрер шағым жетіп тұр,  
Ойымда өмір бекіп тұр.  
Халқым өсу күтіп тұр,  
Бөгеме, өткіз, жолды бер!...».

Ирелеңдеп айдаһар,  
Құбылған түгін оңдады.  
Көзін ашып, құлағын,  
Тіге сөзді тыңдады.  
Өтегеннің жалынды,  
Батырлық сөзін орынды,  
Тыңдады да, қолдады.  
Денесін ішке жиырып,  
Дегендей «мақұл» иіліп,  
Өтегенге жол беріп,  
Сапарын қолдап, жолдады.  
Күн сәулесі құлпырды,  
Жігіттер жолға ұмтылды,

Жортуылға түскен соң,  
Қорқыныш, түнек ұмытылды.  
Жүрмесе де ақырын,  
Шыққасын алты-ақ шақырым.  
Тоқтады тағы топтанып,  
Айдаһар шықты оқталып.  
Өтеген енді мұнысын,  
Көрейін деп ұрысын,  
Қарсы жүрді тағы да  
Қарсы жауып қабағын,  
Суырып қыннан қылышын.  
Айдаһар жатып ышқынды,  
Тұндыра құлақ ысқырды,  
Құйрығымен жерді ұрып,  
Жер сілкінте күш қылды.  
Айдаһар енді шамданып,  
Көбік шашып шорланып,  
Тауға қарай талпынды,  
Ишарамен білдіріп,  
Өтегенді шақырды.  
Жүз құбылып толғанып,  
Мұнарланған тауына,  
Шұбар жылан жауына,  
Шымырқатып шабына,  
Өтеген де жөнелді,  
Айқаспақ боп қомдана.  
Олардың сол кез алдынан,  
Өрмелеген тауынан,  
Екі тасқын күркілдей,  
Өрден тасып бүлкілдей,  
Толқыны тулап, тасқа ұрып,  
Ақ көбігі күркілдей,  
Тауды орай аққаны,  
Көктегі қосақ кемпірдей,  
Ақты таудың жарынан,  
Таудағы сайдың төрінен,

У шашқандай зәрінен,  
Тұра қалды ысылдап.  
Айдаһар таудың баурынан,  
Жақындап барып Өтеген,  
Қарап таудың қуысын,  
Айдаһарға беттеді.  
«Шық, тезірек шық!» – деді.  
Жарқылдатып қылышын.  
Жер астынан ышқынып,  
Айдаһар қатты ысқырып,  
Шық дегендей майданға,  
Тұрғандай-ақ жалмауға,  
Шығарды даусын күштірек.  
Өтеген тұрды долданып,  
Салқын қанмен шамданып –  
Айдаһар шықты бір кезде,  
Үсті қанға боялып.  
Екеуі қарсы кездесті,  
Шамданысып, шеңдесті,  
Дауысымен ақырған,  
Айдаһар қорқып батырдан,  
Бұққан шақта тіл қатып,  
Өтеген былай тілдесті:  
– Ей, абжылан, тауып су,  
Денеңдегі қанды жу.  
Сүйт те ініңе қайта кір,  
Қарсыласқан жауды қу.  
Майдандассаң мен әзір,  
Соғыссаң қазір белді бу!».  
Айдаһар кірді ініне,  
Қара жердің түбіне,  
Тау жырадан ащы айқай,  
Шықты, бақсаң үніне.  
Сол кезде іннен қан зулап,  
Өзеннен ақты төгіле.  
Іннен қан мен су шықты,

Бумен бірге шу шықты.  
Бірін-бірі шағысып,  
Біріне-бірі тұншықты.  
Іліп зәрлі тырнаққа,  
Бірін-бірін улап та,  
Жанталасып алысты,  
Жас жылан болмай қарысты,  
Айбат шегіп шабысты,  
Жасының ойы сондағы:  
Кәрісін қуып, у шашқан,  
Інін тартып алмаққа  
Кәрісін шақ дәрменде,  
Нәр қалмады әлден де.  
Өтегенге ол қарады,  
Кел дегендей жәрдемге...  
Көздеп тұрып Өтеген,  
Көзіменен жетеген,  
Жас жыланға оқ атты,  
Атқан оғын жасының,  
Маңдайынан қадағты.  
Оғы мұрттай ұшырып,  
Жас жыланды құлатты.  
Мергендігі батырдың,  
Жігіттерді таңғалтты.  
Қарт айдаһар қуанып,  
Тасқын суға жуынып,  
Үстегі қанын тазартып,  
Түлете жүнін жайнатты.  
Қонақтарын күтуге,  
Құрмет етпей қалмапты.  
Бәрін жинап, жар тасқа,  
Сый көрсетіп, сырласқа,  
Өтегенге, бишара –  
Көрсетіп сыйлық ишара,  
Асқан батыр екен деп,  
Күшіне оның таңғапты.



Онан да асып Өтеген,  
Таудан, тастан, төбеден,  
Іркілмей жортып отырып,  
Жетті қалың орманға.  
Деген кезде күн батты,  
Есін жиып абжылан,  
Ізінше тауға қайтадан,  
Жылмаң қағып жорғалап,  
Жігіттерге қарауға,  
Қорқып, бұғып, қорғалап,  
Мекеніне жол тартты.  
Орман, жерде күз күні,  
Жерде шық бар, сыз күні.  
Қарағайдың түбінде,  
Тұрған жақсы ақ үйді,  
Келе жатып шалады,  
Өтегеннің көздері.  
Атыменен Өтеген,  
Жетіп келді үйге нақ.  
Жеткенде үйден үн шықты,  
Күркіреген күндей-ақ:  
– Өтеген деген сенбісің,  
Қамалды бұзған ермісің?!  
Мың күн жортып жол-жолай,  
Тауда безген құлжадай,  
Жиһанды кезіп жүрмісің?!  
Неге тыныш таппайсың.  
Үйіңе неге қайтпайсың?  
Шарламаған жерің жоқ,  
Судан өзге құрлықты,  
Жол ғып жортып таптайсың.  
Мықты болса білегің,  
Түкті болса жүрегің,  
Атыңнан түс те, үйге кір.  
Қарағайдың түбіне,  
Жігіттерің токтасын!».

Аттан түсіп батырын,  
Үйге кірді ақырын.  
Кіріп ед үйге жайменен,  
Қарсы алып Ғайып-ерен  
Деген кәрі көрінді,  
Аппақ қудай сақалды,  
Жарқыратып ақ басын,  
Үйдің жары жақпардай,  
Қырау шалған ақ қардай,  
Сәлем беріп Өтеген,  
Жөн сұрауға төтеден  
Сөйледі, тіл қатқандай:  
– Ақ сақалды, ақ шашты,  
Қария, ата, көп жасты.  
Жортар жолым мың тарау,  
Шаршадым рас, өң қашты.  
Маған қажет ел табу,  
Кері қайту, үй табу,  
Жүретін жолым тұйықтау,  
Қиынырақ жол табу.  
Жаһанда жол көп, я өлу  
Керек я маған жер табу.  
Жетісу елім, аймағым,  
Қыстауым да жайлауым,  
Соған алып баратқан,  
Бар жаңалық, хабарым.  
Елім жаңа қонысқа,  
Қонса ұшырап ырысқа.  
Күткен өмір жайнауын,  
Құмырсқа да илеуін.  
Шегіртке де жырасын,  
Іздемей ме жайлы орын,  
Бозторғай да ұясын.  
Әркім жайды көздеген,

Балық та су іздеген,  
Халқым үшін мен қалай,  
Сұлу жерді іздемен?!  
Көрдім, талай көремін,  
Жиһан кезіп келемін.  
Халқым үшін бас қиып,  
Не болса да көнемін!»

Деді оған Ғайып-ерен:  
– Жолың болсын, Өтеген!  
Сен мұзбалақ қырансың  
Түйілетін төтеден,  
Алтайы жүйрік маралдай,  
Қашсаң құтылып, қуғанға,  
Қас қаққанша жетеген.  
Алдыңда сенің майдан бар,  
Оған айтар айлам бар;  
Түнде барма үйіңе,  
Күндіз барсаң жайдан бар,  
Жұмыста да соғыста,  
Ақылыңды ашу қыспасын,  
Ашушаң болсаң, сол қолың,  
Оң қолыңды ұстасын!».

Өтеген иліп, бүгіле,  
Ұқсап туған ұлына,  
Рақмет айтып кәріге,  
Аттанды жортып жолына.  
Тағы да жазық, тау, дала,  
Жақпарланып, жалдана,  
Мұнарланып көрінді,  
Шапқан жолы шаңдана.  
Жылаған даусы естілді,  
Желінен жазық даланың,  
Секілді емес ол дауыс,  
Яки аңның, адамның.

Бұл дауысты Өтеген,  
Жігіттерге айтты да,  
«Білейін» деп жөнелді,  
Құйындатып, шапты да:  
«Жау болса, табанда өлтірем,  
Дос болса, бірге келтірем;  
Айғайға қарсы шаппасам,  
Батыр боп не бітіргем?!  
Оқтап мылтық, қылышты,  
Білуге шыққан дыбысты,  
Барса Өтеген айдаһар,  
Талықсыған тынысты.  
Айдаһардың жүрегін,  
Шаққан екен абжылан.  
Шашқан екен у-зәрін,  
Сусылдаған абжылан.  
Шаққан зәрі жүрекке,  
Дарыса дем алмас ед,  
Ол айдаһар ол кезде,  
Жерде тірі қалмас ед.  
Өтеген сонда ойлап кеп:  
«Тимесе егер атқан оқ, –  
Абжылан оқтай зымырап,  
Секіреді-ау маған деп;  
Оқ тиіп егер абжылан,  
Сеспей қатса қылжия,  
Болар еді-ау, деді шын,  
Айдаһар маған риза».  
Атып келіп жіберді,  
Тек күрс етті оқ күшті.  
Быт-шыт боп басы абжылан,  
Өрем қауып оққа ұшты.  
Сонан кейін Өтеген,  
Жігіттерге оралды.  
– Не болды? – деп, анталап,  
Жаудырды олар сұрауды.

«Түнде текке кетем бе,  
Абжыланға оқталдым,  
Сеспей қатты абжылан,  
Айдаһарды құтқардым.  
Ал, ұйықтандар, жыланнан,  
Пәле келсе көрермін.  
Айдаһардың, тірі аңның,  
Сазасын өзім берермін!  
Айдаһар исін сезсендер,  
Ойланбаңыз қорқуға.  
Ол келсе тек келеді,  
Бізге сыйлық тартуға.  
Енді бізге қауіпті,  
Жыландар да жолықпайд,  
Аң да аңғарған шығар-ау,  
Аңнан жүрек қорықпайд.  
Ағашты қойып еселей,  
Ұйықтап жатқан кісідей,  
Етіп, басына ер жастап,  
Үстіне шапан жабамыз.  
Кісі екен деп аң келсе,  
Бағып тұрып аламыз».  
Сөйтті, соған тоқтады,  
Жел де самал соқпады.  
Бағып қана күткенді,  
Түн бойы от жақпады.  
Түннің толған ортасы ед  
Шөпті де сыбырлатпады,  
Сусып жылан жорғалап,  
Көк жұлдызсыз қорғалап,  
Айды бұлт қаптады.  
Ысылдаған айдаһар,  
Көрінді жалын атқаны.  
Ажал оғы келе ме  
Деп біреуі біріне –  
Жігіттер тағат таппады.

Тал бойы талдай бұралып,  
Өтеген тұрды сұрланып.  
Қорықпады – басынан,  
Талай майданды ақтаған.  
Құс оянып таң алды,  
Шырылдап, шырлап ән салды.  
Ұйықтаған боп қатты ағаш, –  
Киіммен жауып тастаған,  
Кісі орнына жатты ағаш,  
Айдаһарға басына,  
Жігіттер жетті қасына,  
Айдаһардың үстіне,  
Қараса басын ішіне,  
Жиырып алып, шықпаған,  
Жыланның басы талпынған,  
Қапталған толып алтыннан.  
Адам ойлап таппаған,  
Сары құмандай алтынды,  
Өтеген алып жалқынды,  
Деді Өтеген: «Бұл екен,  
Айдаһардың сыйы екен,  
Беруге бізге сақтаған,  
Ізгілік, достық істесек,  
Алтын, күміс береді.  
Егер қастық істесек,  
Зұлымдық уын төгеді.  
Ізгі болсақ, біз егер,  
Әділдіктің жолында, –  
Еш уақытта болмаймыз,  
Зұлымдықтың торында.  
Халық үшін қасық қанымыз,  
Аяусыз болсын жанымыз.  
Болысарлық әрдәйім,  
Жетім-жесір момынға.  
Еңбек еткен емеді,  
Еңбексіз жан өледі.



Жалқау болсан жабылып,  
Жұрт өзіне күледі».  
Өтеген батыр атақты,  
Нөкерге осы сөзді айтты.  
Сөйтті де таудан, тастардан,  
Асып асу асқардан,  
Кент аралға жол тартты.  
Кент арал деген бос арал,  
Болып шықты тас арал,  
Құмды, сулы аралдан,  
Сусыз, шөлді даладан  
Жігіттерін ертіп,  
Өтеген кетті жорытып,  
Аш бөрідей жаланған.  
Түзеп алып жорықты,  
Бір кең ашық алаңда,  
Қарағайлы, қайыңды,  
Қара орманға жолықты.  
Қабағын жапқан қара орман,  
Келе жатқан бұрыннан,  
Ертегі әнін соғыпты.  
Қызыл іңір түнеріп,  
Шық түсіп жер мұнартып,  
Өтеген батыр нөкері,  
Сол орманға қоныпты.  
Қара орман қалқып жайнады,  
От жағылып, парлады.  
Қара қазан асылып,  
Оттан жалын шашылып,  
Ішінде қойдың сорпасы,  
Бұрқ-бұрқ етіп қайнады.  
Қараңғы түнде қылмиып,  
Жағылған отқа жылмиып,  
Келеді екі сұлу қыз,  
Шолпандай туған таңдағы.  
Беті қызыл алмадай,

Қара шашы құндыздай,  
Көздері жанған жұлдыздай.  
Киімінен құлпырған,  
Інжу-маржан ойнады.  
Өздері әппақ қудай-ақ,  
Күлкісі сылдыр судай-ақ.  
Сүйдіргендей әдепшен,  
Әзілдеп, күліп ойнады,  
От басында отырды,  
Жұртқа көзін салмады.  
Қадала қарап жігіттер,  
Сұлудан көзін алмады.  
Қош келдіңіз дегендей,  
«Асқа өрлеңіз» дегендей,  
Иба қып батыр қарады,  
«Палауыңыз майлы», – деп,  
Сыйлығына сұлулар,  
Отармады, бармады.  
Еттің майын ағызып,  
Жігіттер құмар қанғызып,  
Ет жескенде сұлулар,  
Сыңқылдап, күліп, мазактап,  
Көз астымен барлады.  
Бар жігіттер көрікті,  
Кеміргенде сүйекті,  
Сұлулар, тағы күлісіп,  
Әзіл сөзбен тиісіп:  
Тірі сүйек тырбиған,  
Өлген малдың сүйегін,  
О несі екен, сындырған? –  
Деп сөзбенен қармады.  
Сылқ-сылқ етіп, күліп боп,  
Сұлулар кетті ғайып боп.  
Қимылымен сұқтана,  
Таң қалдырған тек қана,  
Жігіттердің есінде,



Көрген түстей қалғаны.  
Қас қарайып, түн тынып,  
Шөп қимылсыз, жел тынып,  
Өтеген ойлап: «Ол мұнар  
Манағы келген сұлулар,  
Сиқыр екен деді шын.  
Ол жезтырнақ болғаны,  
Сұлу боп түнде жүргені,  
Сиқырлана келгені,  
Жанды бүред болаттай,  
Тырнағымен бүргені.  
Біз сөйлесіп тұрғанда,  
Көздері жанды жарқырап,  
Олар нағыз – жезтырнақ.  
Келгені бізді шолғаны,  
Жылмаңдаған жезтырнақ.  
Жауызырақ аңдардан,  
Түсіре алмас біздерді,  
Сұмдығын оның аңғарғам.  
Ағашты қойып еселей,  
Ұйықтап жатқан кісідей,  
Етіп басын ер жастап,  
Үстіне шапан жабамыз,  
Кісі екен деп ол келер,  
Бағып сонда алармыз» –  
Деп жасырынып кетісті,  
Әр бұтақтан сығалап,  
Жезтырнақты күгісті.  
Түн түнеріп томсарып,  
Түннен түнек төгілді,  
Жүгіргендей сұр қасқыр  
Көзге елестеп көрінді.  
Жұлдыз да жоқ, ай күңгірт,  
Қара бұлтқа көмілді.  
Өтеген күшті түрінде,  
Қарағайдың түбінде,

Мылтығын оқтап кезеніп,  
Күш құрыстап керілді.  
Әлденелер қарандап,  
Қараңғы түнде жарқырап,  
Шөптің басы қалтырап,  
Көрінді бір зат қылт етті.  
Сол арада тарс етті,  
Өтегеннің мылтығы.  
Мұрттай ұшып жезтырнақ,  
Ажалы жетіп бұркырап,  
Қаны судай төгілді.  
Таңертеңгі самалмен,  
Таң құстары сайрады.  
Жастанған ер де, шапан да,  
Қарайып жерге қамалды.  
Үйген ағаш қатарда,  
Жамылдырған шапан да,  
Жезтырнақпен быт-шыт боп,  
Қалды тек жер шаңдағы.  
Онан да асып құтылды,  
Жігіттер де жұтынды.  
Жорыққа тағы аттанды,  
Жезтырнақ та ұмытылды.  
Өзен, таулар, дала да,  
Орман-тоғай, баулар да,  
Көрінді көзге бұлдырап,  
Артта қалған сықылды.  
Желеңдеп тек жел ойнап,  
Дөңгеленіп көл ойнап,  
Көбікті теңіз толқыны,  
Жарына соғып бұлқынды.  
Қырық күн жел желеңдеп,  
Бұлқынып толқын елеңдеп,  
Жатқан қарап теңізге,  
Тіл қатпастан Өтеген,  
Үдете берді жортуды.



Теңіз тұманданғанда,  
Көрініп таудай құмдар да,  
Аспан жерге түскендей,  
Күн өртеніп жанғанда.  
Тұңғыық құм шөліркеп,  
Жапанда жұрт талғанда,  
Көз ұшында нардай боп,  
Күнге күйген жардай боп,  
Көрінді көзге бір шаһар,  
Өлуге енді қалғанда.  
Онда, сусып құм көшіп,  
Тек қана ыстық жел есіп,  
Өлген түйе сүйегі,  
Қадам бассаң кездесіп,  
Көрінед көзін салғанда.  
Құдық пен құдық арасы,  
Айшылық десем жалған ба.  
Жету үшін құдыққа,  
Үйреткен жаңа құрыққа,  
Он жорғаны ұтылап,  
Мінсең-дағы жетпейсің,  
Айрылып естен танғанда.  
Айшылық жүрсең ол жерден,  
Кездеспейді жалғыз көл,  
Шөл далада қалғанда.  
Өтеген батыр жорытып,  
Ортекедей орғытып,  
Қырық күншілік жол жүрді,  
Көрегенді ол көрді,  
Жапан түзде жалғанда.  
Құмайтты, құмды, құмақты,  
Торлаған қара бұлтты,  
Асу аспан шындарды,  
Шулаған қара орманды,  
Көрді Өтеген сарбазы.  
Таудан, тастан таймады,

Шыннан шыққан шынардай,  
Қоршап алдын тұрғанда,  
Өтеген батыр түн қатып,  
Қырық күншілік жол қатып,  
Көктей өтіп орманды,  
Тауды, тасты жарғанда.  
Ақыры, жаздың көктемі,  
Қара орманның көктемі,  
Түлеп тоғай, шалқар көл,  
Сезілді жаздың жеткені.  
Бұлақ ағып таулардан,  
Гүлдер жарып баулардан,  
Тұрған шақта Өтеген,  
Жолды тауып төтеден,  
Жиделібайсын еліне,  
Көрінді көзге өткені...  
– Өтеген сенің іздеуің...  
Жер-жиһанды кезгенің.  
Іздегенде осындай,  
Жер еді ғой көздеуің.  
Жер жаннаты кез болды,  
Көре ме сенің көздерің?  
Қарашы, қызыл арайға,  
Көресің бе, ұнай ма,  
Дақсыз ашық аспанда,  
Балықша бұлттың жүзгенін?  
Көрдің бе таң шапағын,  
Жердегі гүлдің тізбегін.  
Малынған бау-бақшада,  
Жемістің жер сүзгенін.  
Ауызға түскен жалғанда,  
Жемісі тәтті балдан да,  
Жерді жыртып егілген,  
Дәмі тәтті дәннен де.  
Ақ мақтасы – күмістей,  
Жері кілем-пүліштей.

Өтеген! Анық көрдің бе,  
Мұнан басқа тағы да,  
Бар ма артық іздерің?  
Ту тушадай қояны,  
Көресің бе әнеки,  
Жайбарақат малдары,  
Жайлауда жусап жандары  
Рахатта жүргенін.  
Ешкілері жылқыдай,  
Ылағы бағлан тоқтыдай,  
Ертегі болған домбай да,  
Осы жерді сүйіп ынғайға,  
Қоныстауға меңзеген.  
Меруерттей суында,  
Қаз бен қу жоқ жүзбеген.  
Туған шақта жаздары,  
Қоңыр ала қаздары,  
Көздеген жерден кез келген...  
Қазақ халқы белгілі,  
Осы жерден бақыт ілгелі,  
Тұрғандай-ақ сездірген:  
«Осы жерде Өтеген,  
Демінді ал, көзінді сал,  
Кезе бермей қияны,  
Осы жерде демінді ал!».  
Арпалысқан атынан  
Өтеген түсіп өрім тал,  
Жанаттанып құлпыра,  
Шөбін иіскеп қарады  
Жайлы ма деп жылқыға.  
Жылқыға жайлы емес деп,  
Қайтып келді жұлқына.  
Жылқыға шөбі жақпаса,  
Жылқыға жайылым таппаса,  
Шоғы сөнген отындай,  
Келмейді деп қалпына.

Отыра қалып сол жерде,  
Қоныс таппай бұл елден,  
Өтеген батыр жылады,  
Балапандай талпына.  
Ойын күңгірт басқандай,  
Тілегі оның ұшқандай,  
Алтын ойын мыс қылып,  
Салы суға кеткендей,  
Астында тұлпар аты өліп  
Ақырғы демі біткендей,  
Састы батыр сарқыла...  
– Әй, Өтеген, Өтеген!  
Ер едің сен ертеден.  
Жетісудан – даладан,  
Алатаудан, қиядан,  
Жамбыл жаңа хабарды  
Жеткізеді жанарлы,  
Шартарапқа шарқ ұра,  
Қалпыңды бұзып жыланған,  
Қайта тұрсаң молаңнан,  
Молаңнан шығып, оянған,  
Жетісуға, қарасаң, –  
Көрер едің көз салсаң  
Бақытынан нұр жауған.  
Көрер едің бақытты,  
Қазақстанның халқынан.  
Бастап Тянь-Шань тауынан,  
Алатаудың бауырынан,  
Оралға дейін созылып,  
Шалқып жатқан аулынан.  
Көрер едің ел болып,  
Бағыңның нұрын артылған,  
Қазақстанның аймағы,  
Туын тігіп, жайнады,  
Таудағы бүгін көремісің,  
Алтын орақ, балғаны...



Қазақ халқы құлпырып,  
Бұлбұл болып сайрады.  
Гүрілдеген заводтар,  
Қала, дала, қырдағы.  
Көр, жолдастар, жарандар!  
Қазақстан бақыттың,  
Кені болды арналы.  
Қорғасынды көрдің бе,  
Аққан Қаратаудағы.  
Алтын шыға Алтайдан,  
Жарқырап күндей жайнады.  
Қарсақпайдан мыс ағып,  
Бұлақтайын саулады.  
Мақта көктеп Шымкенттен,  
Күріш гүлдеп Жәркенттен,  
Ақтөбенің егіні,  
Өрге өрлеген өнімі.  
Түтіні тұлпар жалданып,  
Ырғып, созып, ырғалып,  
Арғымақтай Түрксіб,  
Желе-зырғып заулады.  
Жүк тиеп Қарағандыға,  
Ырғытып вагон айдады.  
Ембі-нефті жерінен,  
Мұнай атып парлады.  
Асқарлаған аспанға,  
Алатау қызыл алмалы.  
Даласында гүл көктеп,  
Гүлмен қабат мал қаптап,  
Аспандағы бұлттай,  
Төрт түлігі қаулады.  
Алтын жалды бедеулер,  
Жел-аяқ жүйрік денелер,  
Тағасымен тас тарпып,  
Құлағымен ойнады.  
Жарқырап күндей нұрланып,

Семіріп сиыр қорланып,  
Желінен керней сүт ағып,  
Бауырынан бұзауын,  
Емізіп уыз құнарын,  
Өрбітті де, баулыды.  
Күн батып, жұлдыз туғанда,  
Малдың төлі думанда,  
Төл тұяғын ірікпей,  
Ойнақтатып киіктей,  
Шабандар бақты, талмады...  
Бұғыдайын бұзауын,  
Маралдайын ылағын,  
Сипап бота тұлымын,  
Алтын жалды құлынын,  
Жайнатты да, жайлады.  
Суыққа төлді тоңғызбайд,  
Боранда да қалғызбайд,  
Алтын аймақ жеріне,  
Төрт түліктің төліне,  
Қауіпсіз боран, қар-дағы..  
Тыңда, жолдас, сөзімді!  
Ашып қара көзіңді!  
Қырғауыл ұшып, қаз қонған,  
Аққу келіп, жаз болған,  
Алтайға қара маралды!  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,  
Шортаны шоршып ойнаған,  
Алтын қаймақ Аралды,  
Дала суға шомылған,  
Елге қоныс табылған.

Құйылған, жолдас, нұрды көр,  
Баққа шомған тау мен өр.  
Осы бақ қонған таңымда,  
Маған-дағы, саған да!



Құлпырған жайнап жерді көр,  
Құлшынған қайрат ерді көр.  
Осы бақ қонған таңымда,  
Маған да, жолдас, саған да!

Қазақ бұрын құл болған,  
Күн көруге мұң болған,  
Күнді көрдік, ел болдық,  
Асу бермес, өр болдық.  
Осы бақ қонған таңымда,  
Саған да ортақ, маған да!

# ТОЙШЫБЕК БАТЫР

(1783 – 1860)

**Айткүл МАХАЕВА,**  
*тарих ғылымдарының докторы,*  
*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық*  
*университетінің профессоры*

*«Ұлы жүздің атақты қазақтарының бірі – Тойшыбек».*  
*Поляк қайраткері Адольф Янушкевичтің*  
*күнделігінен.*

Қазақ тарихында «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» елін, жерін қорғап, алыс-жақынға танылған батырлар аз болмаған. Соның бірі – XIX ғасырдың 50-60 жылдары аралығында Жетісудағы патшалық Ресейдің жаулаушылық саясатына қарсы азаттық күрестің жетекшісі ретінде танылған би әрі батыр, қолбасы Тойшыбек болатын. Өз замандастарының естеліктерінде, орыс әскери шенеуніктерінің орталық мекемелерге берген құпия рапорттары мен мәлімдемелерінде, еңбектері мен күнделіктерінде Тойшыбек батыр туралы қаншама мәлімет бар. Олардың көбі қазір Ресейдің, Қазақстан мен Қырғызстанның және Өзбекстанның мұрағат қорларында және кітапханалардың сирек кітаптар қорларында сақтаулы тұр. Оған Тойшыбек батырдың Алматы маңында салған бекінісінің Петербордағы мұражайда, Кунсткамерада ілулі тұрған суретін, Мәскеудегі Әскери тарих мұрағатындағы Үшалматы үшін болған шайқастың

(Тойшыбек батыр қолбасшылық жасаған) картасын және қосыңыз. Сонымен бірге зерттеушілердің көзіне ілікпей қалған құнды тарихи мәліметтердің уақыт өте келе табылмасына және кім кепіл?!

Соншалықты мәліметтердің болуына қарамастан, кейбір замандастардың «бұл батыр неге Исатай мен Махамбеттей, Кенесары-Наурызбайдай көпшілікке кеңінен таныс емес» дейтін сұрағының, тіпті күмәншіл кейбіреулердің «ойдан шығарылған батыр емес пе екен» деген күдігінің әлі де сейілмей келе жатқанын жасыруға болмас. Иә, бәрінің де өз себебі бар.

Тойшыбек би өмір сүрген ХІХ ғасырдағы Жетісу аймағының тарихы күрделілігімен ерекшеленеді. Мұндағы қазақтар Қытай, Қоқан, патшалық Ресей империясы сияқты үш бірдей мемлекеттің ықпал ету аясы үшін күресіне ерікті-еріксіз тартылуға мәжбүр болды. Тойшыбек бидің азаттық жолындағы күресте түбі бір, діні бір коқандықтар мен көршілес қырғыздардың жәрдеміне, қолдауына сүйенуге, бірлесе күресуге шақыруы «бөліп ал да билей бер» дейтін патшалық Ресейдің отарлау саясатына қатер тудыратындай қауіпті-тұғын, сондықтан да мұрағаттық құжаттарда оның есімі «бүлікші Тойшыбек би» (бунтавщик Тойшыбек би) деп көрсетіледі, мәліметтер де құпия берілді. Азаттық жолындағы күресте түркі халықтарының бірлігін ту еткен мұндай батырлар туралы тарқатып жазу кеңестік кезеңдегі идеологияға да сай келмеді, екіншіден, мұрағаттық құжаттар «құпия» деген белгімен сақталып, қажетті мәліметтер зерттеушілер үшін қолжетімсіз болды. Әйтсе де, оның есімін еске алып, ерлік істерінің шетін шығаруға ұмтылған қырғыз тарихшылары Б.Солтоноев, Б.Жамгерчинов, қазақ тарихшылары Е.Бекмаханов,

Р.Бекназаров секілді бірлі жарымды зерттеушілер де болғаны белгілі.

Батырдың азаттық жолындағы күресі тарихын жазудың сәті тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана туды.

Тойшыбек Қасаболатұлы шамамен 1783 жылы қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданындағы «Таран» елді мекені маңында дүниеге келген. Бала Тойшыбек батырлардың өнегесі өркен жайған ортада жастайынан ержүрек, батыл да алғыр болып өсті. Бабасы Дәнен, атасы Әлмес, өз әкесі Қасаболат та Жетісудың атақты батырлары болатын. Ал Тойшыбектің атасы Әлместің інісі Сәмен батыр бүкіл қазақ-қырғызға даңқты ер еді. Белгілі жазушы, шежіренің де білгірі М.Ысқақбай дөп басып көрсеткеніндей, «осындай, қазақша айтқанда, «шынжыр балақ, шұбар төс» әулеттен тараған Тойшыбектің беделі жоғары болмайтын жөні жоқ-ты» [1].

Батырлар ауылынан түлеп ұшқан Тойшыбектің өсе келе қара қылды қақ жаратын би ретінде де даңқы шығып, алыс-жақын елдерге танылады. Оның Ұлы жүз қазақтары арасында дәулетті де қуатты кісі болғаны жазба деректерде сақталып қалған. Жетісуда болған поляк революционері А. Янушкевич өзінің саяхатын сипаттайтын күнделігінде «Ұлы жүздің атақты қазақтарының бірі – Тойшыбек» деп көрсеткен [2]. Ал Тілеміс ақын «Кім білмейді Дулаттың Төле биін, кейінгі Тойшыбек пен Сыпатайын» деп жырға қосты [3].

Тойшыбек батырдың сырт бейнесіне қатысты бір дерек Жамбылдың Сарыбаспен айтысында берілген. «Тойшыбек пұшық түксиіп, Қасқарау Керіммен қас екен» деген Жамбылдың сөзі Тойшыбек бидің қалың қабақты, келте мұрын кісі болғанын аңғартады.

Тойшыбек би Жетісудың XIX ғасырдағы сауда-экономикалық қарым-қатынасының дамуына өзіндік үлес қосты. Үшалматы өңірінде, Ташкенттен Құлжаға қатынайтын керуен жолы бойында Тойшыбек би жеке қаражатына бекініс салдырады. Оны қоқандықтар «Тойшыбекқорған» деп атаған. Тойшыбек бекінісі XIX ғасырда бой көтерген Жетісудағы ірі құрылыс нысанының бірі болды және стратегиялық маңызы бар жерге орналасты. Кірпіштері саз балшыққа қыл қосылып өріліп, шатқалды жерде төрт бұрышты етіп салынған бұл бекініс аса беріктігімен ерекшеленді. Бекіністің биіктігі 5 м, бір қабырғасының ұзындығы 85,2 м құрады. Жуырда осы бекіністің суреті табылды. Бұл суретті 1851 жылы подполковник Карбышев отряды құрамында болған штабс-капитан А.Померанцев салған. А.Померанцев бекіністі Үлкен Ақсай өзеніне Қарасудың құяр сағасынан 8 км қашықтықта орналасқан деп көрсеткен (Қараңыз: Померанцев А. Краткое описание Семиреченского края, составленное во время следования экспедиционного отряда штабс капитаном Померанцевым в 1851 г.). Тағы бір деректерде Үлкен Алматы өзенінің Қаскелең өзеніне құяр тұсында деп те көрсетіледі.


Тойшыбек бекінісінің суреті қазіргі кезде Петерборда, Кунсткамерада – Ресей ғылым академиясының Ұлы Петр атындағы антропология және этнография мұражайында сақталып тұр, оны ресейлік зерттеуші В.А. Прищепова 2011 жылы өзінің кітабында жариялады (Қараңыз: Прищепова В. А. Иллюстративные коллекции по народам Центральной Азии второй половины XIX – начала XX века в собраниях Кунсткамеры. СПб.: Наука, 2011. – 452 с., ил.). Төмендегі Тойшыбек бекінісінің суреті осы кітаптан алынды.



Тойшыбек бекінісі Құлжадан Ташкентке баратын негізгі керуен жолы бойында орналасқандықтан, қоқандықтар үшін де, патша өкіметі үшін де және жергілікті ел үшін де стратегиялық және экономикалық маңызы зор болды. Жетісу арқылы өтетін керуен жолдарының ішінде осы Тойшыбек бекінісі арқылы өтетін керуен жолы сол кездегі саудагерлер үшін қолайлы болып есептелінген. Бұл керуен жолы бойын жағалай қазақ ауылдарының қонуы да сауда керуендерінің жүріп-тұруына ыңғайлы еді. Керуен жолы бойын жағалай қонған қазақ ауылдарының басым бөлігі керуендер саудасына қызмет етуге тартылды. Тойшыбек би өз бекінісі арқылы өткен керуендерден кеден салығын алып отырды және саудагерлердің қазақ ауылдарымен сауда-саттық жасауына

жағдай жасады, сонымен бірге керуендердің қауіпсіздігін де қамтамасыз етуге күш салды, сонымен бірге мал-жанды барымташылардан қорғауды қамтамасыз етті.

**ҚАСАБОЛАТҰЛЫ  
ТОЙШЫБЕК БАТЫРДЫҢ  
БЕКІНІСТЕРІНІҢ СҰЛБАСЫ**  
Құрастырушы Серікбаев Молдияр  
2010 ж.




Тойшыбек би салдырған бекіністің қазіргі орнын деректік мәліметтер бойынша айқындау мақсатында 2010 жылы картограф Молдияр Серікбаев жасаған сызба

1845 жылы орыс көпестерінің аман-сау өтуіне тигізген қолғабысы үшін Тойшыбек биге Батыс-Сібір генерал-губернаторы П.Д. Горчаков алтын жіптермен әдіптелген шапанды сыйға тартса, генерал-майор Жемчужников шынайы алғысын білдіреді [4]. 1846 жылы генерал-майор Н.Ф. Вишневский Ұлы жүз қазақтарының биі Тойшыбекке арнап жазған хатында былай деп мәлімдейді: «Сізге Батыс-Сібір генерал-губернаторы Горчаков мырзаның өткен жылы Сіздің ауыл арқылы алғаш рет өткен Құлжадан келе жатқан орыс керуеніне тигізген көмегіңіз және жол бастаушылармен қамтамасыз еткеніңіз үшін сіздердің туыстарыңыз Мәнеке арқылы

алтын оқалы шапанды беріп жіберуді маған тапсырғанын мәлімдеймін, мәртебеліміздің Сізге мұндай көңіл бөлуі, осынау қазақ халқының Ұлы Ресей державасы қол астына кіруге тілек білдірген кезінде, бұдан ары да біздің керуендерге көмектеседі деген үмітінен екенін айта отырып, қадірменді би Сізге өмірдегі жақсылықтарды тілеп, адал ниетте қалған генерал-майор Вишневский» [5].

1845 жылы Ұлы жүздің бір топ билері Ресей бодандығын қабылдау туралы өтініш жасаған болатын. «Егер басшылыққа ыңғайлы болса, осы жазда Қараталда дуан ашылуын өтініп, Ресей үкіметінің қарамағына өтуді қалайтындығымызды жоғарыдағы басшыларға жеткізуіңізді сұраймыз» [6] деп көрсетілген бұл құжатқа дулаттардың билері қатарында бірінші болып Тойшыбек Қасаболатұлы мөрін басқан, ары қарай Байқас Қоныспайұлы, Тілек Жолмамбетұлы, Туғанбай Қойгелдіұлы, Диканбай Қапсалаңұлы, Құлшық Төлекұлы, Байсерке, Әшекей Дайырбекұлы тамғаларын қойған.





Тойшыбек бидің (жоғарыдан санағанда бірінші) 1845 жылы жазылған құжаттағы мөрі. Құжат Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан табылды. 374-к., 1-т., 1669-іс, 5-п.

Өтінішті билердің сөзі бойынша, сұлтан Сүйік Абылайхановтың бұйыруымен 14 класты татар шенеунігі Хаймулла Абдуллин жазған. Тойшыбек сияқты Ұлы жүздің танымал билерінің Қараталда округ ашылуын сұрауының себебі, ел ішіндегі бүліншілік, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының нәтижесінде рулардың ішкі миграциясының жиілеуі, соның әсерінен жайылым үшін күрес белең алып, жер дауының ушығуы, барымтаның күшейіп кетуі, патшалық Ресей жағына өткен қазақтардың (әсіресе Аягөз, Қарқаралы округтеріндегілердің) жиі шабуылдауы, екінші шеті көршілес қырғыздар жақтан да

барымташылардың көбеюі, қоқандықтардың да салықты күшейтуі себеп болады.

Тойшыбек бидің Жетісудағы ұлт-азаттық күресте өзіндік орны бар. 1846 жылы Кенесары Қасымұлы Жетісуға келгенде Тойшыбек батырдың үйіне түседі. Тойшыбек пен оның жас батыр ұлы Байсейіт патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күресте Кенесары ханды қолдайтынын ашық білдіреді. Кенесары ханға бір қызын ұзатып, Тойшыбек би ханмен туыстық қарым-қатынас та орнатады. Дегенмен, Тойшыбек би Жетісудағы Әли төре, Рүстем төре, Тезек төре, Бөлтірік шешен, Сары би және т.б. сияқты Кенесары ханның қырғызға жорығын құптамады. Ол бұрыннан дос-жарандығы, құдандалы-жекжаттығы басым көршілес қырғыздармен мәселені ағайындық жолмен шешуді қолдады.

Тойшыбек би патша өкіметінің Жетісудағы жаулаушылық саясатына барынша қарсылық танытты. Әсіресе, Тойшыбек би өзі салдырған бекіністі қорғауды ұйымдастыруда қолбасшылықтың тамаша үлгісін көрсетті.

Жетісудағы саяси оқиғаларды қалт жібермей қадағалап отырған қоқандықтар Ұлы жүздің Ресей бодандығын қабылдауына жауап ретінде 1848 жылы көктемде Ілеге Аққұлы бастаған 3000 адамдық әскер жібереді. Тойшыбек қорғанына орныққан Аққұлы Рүстем сұлтанның иелігіндегі қазақтардан зекет жинап, елдің беделді адамдарын өз жақтарына өтуге үгіттей бастайды.

1847 жылы Қапал бекінісін салып, Жетісуға аяқ тіреген соң, патшалық Ресей осы жер арқылы өтетін 5 керуен жолына иелік етуге ұмтылып бақты. Ол үшін Ұлы жүз жерін тездетте Ресейге қосу қажет болды. Қытай үкіметі де орыс керуендеріне тек Ұлы жүз қазақтары арқылы ғана қатынас жасауға рұқсат етті. Соған байланысты 1848 жылы Ұлы жүз қазақтарының

приставы К.К. Гутковскийге Ресей үшін Жетісу жеріне иелік етудің маңыздылығы баса айтылды.

Ресей қалайда Шыңжаңда орыс саудасын жүргізуге ресми түрде қол жеткізу үшін Қытай үкіметімен келісімге келуге бар күшін салды. Ішкі қайшылықтары шиеленісіп тұрған Цин үкіметі бұл мәселе бойынша Ресей империясымен икемді саясат жүргізуге мәжбүр болып, орыс көпестеріне ақыры Шәуешек пен Құлжада ғана сауда-саттық жасауға рұқсат етеді.

1850 жылы 25 шілдеде жасалған Құлжа келісімі Ресейдің Орталық Азияда сауда-саттық жүргізуіне құқықтық негіз салып берді. Қытаймен бірқыдыру келіссөздерге қол жеткізген Ресей енді Жетісудағы Қоқан ықпалын біржола жойып, барлық керуен жолдарына бақылауды жеке өз қолына алуды көздеп, әскери экспедициялар ұйымдастыруға кірісіп кетеді.

Патша өкіметі үшін Тойшыбек бекінісін алу Іле бойына нық орнығу мүмкіндігін беретін еді. Осылайша, маңызды керуен жолының бойында орналасқан Тойшыбек бекінісі үшін Қоқан хандығы мен патшалық Ресей арасында бәсекелестік күшейе түсіп, ақыры 1850 жылғы шайқасқа алып келеді.

Бақайшағына дейін қаруланған 300 әскер мен 2 зеңбірегін алып, капитан К.К. Гутковский басқарған отряд 1850 жылы наурызда Қапалдан шығып, Тойшыбек бекінісін бетке алады. Жалайырларға билік етуден шеттеп қалған Сүйік сұлтанмен алдын ала ақылдасып, мән-жайды түгел барлап алған капитан қазақтың Әшекей, Медеу, Керім, Жампоз, Тілеуберді, Құдайберген, Саты және Есім сияқты билері мен төрелерін алдын ала хат жолдап, патша ағзамға қызмет етуге шақырып, қызметтерінің лайықты бағаланатынына уәде береді.

Патшалық Ресей әскерлерінің жаулаушылық әрекетінің астарын сезген Тойшыбек би бастаған Ұлы жүз қазақтары да шабуылға дайындала бастайды. Отрядтың жолын бөгеп, адастырып, титықтату үшін әрі хабар-ошар жеткізу мақсатында жаныс руын басқаратын Рүстем төре отрядқа жол көрсету үшін деген желеумен Кендірбай би мен татар Әлім молданы жібереді. Олар отрядты Шеңгелді өткелі арқылы өту мүмкін емес деп, төте жолды көрсетпей, Түргенге қарай бастап жүреді. Бұл жол қиын да ұзақ болатын. Отрядпен бірге келе жатқан саудагерлер Шеңгелді арқылы жолдың бар екенін алға тартқанмен, өздері бастап жүруге Кендірбай биден қаймығып, қазақ биінің соңынан еруге мәжбүр болады. Сол арада Рүстем сұлтаннан Түргеннің бойында 20 сал дайын тұр деген хабар жетеді. Отряд Ілеге жеткенде бірнеше билерді ерткен Рүстем төренің үлкен ұлы Абылай келіп қосылып, Кендірбай бидің сөзін растап қана қоймай, түрлі ұсыныстар айтып, отрядтың күшін екіге бөлуге талпынады. Отрядқа 200 қазақ жігітін қосып, өзінің билігіне көнбеген Шымырбай бидің жазасын тартқызайық деп бір көреді. К.К. Гутковский қосымша күштің қажет еместігін, басшылық тапсырмасын тоқтаусыз орындау керектігін айтып, бас тартумен болады. «Бірақ Абылай жалпы келісімді бұзуға итермелеуін қоймады» деп еске алады кейіндері капитан [7].

Отрядтағылар Рүстем төренің ауылына жеткенде көліктің дайын емесін, өздерінің алданып қалғанын, Тойшыбек би бастаған қазақтардың қаруланып жатқанын, Тойшыбек би 3000 қырғызды көмекке шақырғанын сенімді адамдары арқылы естіп біледі. Абылай сұлтан бұл мәліметті де теріске шығарып бағады.

17 сәуірде отрядқа Жетісудағы атақты билердің бірі, Әшекей Дайырбекұлы (1916 жылғы көтеріліс

жетекшілерінің бірі – Бекболат Әшекеевтің әкесі) жіберген кісілер келіп, Тойшыбек бекінісінің бегі Аққұлыдан хат әкеліп тапсырады.

Көп ұзамай Әшекей бидің өзі де отрядқа келіп, Ресейге бодандыққа ант береді. К.К. Гутковский Әшекей биді Тойшыбек бекінісі туралы хабар әкелуге жұмсайды. Бұған қуана келіскен Әшекей би отрядтың келесі түнейтін жерін көрсету үшін бір адамын тастап, жүріп кетеді. Абылай мен оның кісілері және Әшекей қалдырған жолбастаушы – бәрі де отрядтың Тойшыбек бекінісіне жетуін кешеуілдету мақсатында алғашқы айтқан бір күндік жол қалды деген пікірлерінен айнып, жолдың әлі алыс екендігін айтып, отрядтың тез жүруіне барынша кедергі жасауға тырысады.

«Қазақтар мені шын берілгендіктеріне сендіруге жалықпады, ал шын мәнісінде, олар көтеріліске дайындалып жатқан еді. Отрядтағы Қамбар сұлтанның адамдары (арасында оның ұлы да бар) ауылдарға жиі барғандарымен еш хабар әкелмеді, тіпті соңғы өткелге келгенде өз шаруаларымен ауылдарға кетуге сұранды. Қамбардың Рүстем сұлтанмен туыстығы оның адамдарының екі жүзді әрекетін көрсетті. Қамбар сұлтанның көмекке жіберген адамдары отрядқа еш жәрдем бермеді», – деп көрсетеді К.К. Гутковский. Дегенмен, отрядқа Іледегі қазақтардың іс-әрекеті жайлы мәлімет беріп, көмектескендер де болады. Олар – Гутковский отрядқа арнайы шақыртып, Қараталда қосып алған семейлік көпес Рахымжан Беделев және Қожағұл Байсеркеұлы еді.

Сүйік сұлтан «үкіметке шын берілген жалғыз қазақ» (орыс капитанының пікірінше) екендігін көрсетіп, Іленің оң жақ жағалауындағы қазақтар ғана емес, мұндағы қазақтарға да сенбеуді, жолсеріктерді тек жалайырлардан ғана алуды ұсынады. Кейін Көксудағы

көпірлер қиратылып, отряд дағдарып, тұрып қалғанда, Сүйік қана көмек қолын созады.

Албандар мен суандардың билеушісі Хакімбектің ауыр науқастан қаза болуына байланысты аға сұлтан болуға өзара таласқан Адамсат Ибақов пен Тезек Нұралиев те экспедицияға ниеттес екендігін білдіреді. Себебі, екеуі де орыстардың көмегімен өз мақсаттарына қол жеткізуді мұрат еткен-ді. Тезек төре албандар мен суандарды бірдей басқаруға ұмтылса, Адамсарт төре суандарды жеке билеуге талпынады. Осылайша, аға сұлтанды таңдауда екі рулы елдің арасында алауыздық туады. Бұл кезде суандар Қытай аумағында тұрды. Албандар болса, Қытай жерінен ығыстырылып, бергі бетте дулаттардың қысымына ұшырап, орыстардың қолдауына зәру болған-ды. Тезек төренің орыс экспедициясына ыңғай танытуының бір себебі осында болса керек. Тезекпен қытайлықтардың санасып отыратындығы да, сонымен бірге ол басқаратын елдің Құлжаға баратын керуен жолы бойында қоныс тебуі де, сұлтанның іс-әрекеті де көңілінен шыққан К.К. Гутковский оны барынша қолдау жасаймын, Омбыға баруды ұйымдастырамын деп кәміл сендіреді.

Әшекей би Аққұлыдан тағы хат әкеліп тапсырғанымен, Тойшыбек туралы мәлімет бермей, тек бекініске жету үшін тағы бір күн түнеу керектігін айтып, сонан соң басқа билерді ертіп келуге сұранады. Оның Тойшыбек туралы хабар әкелмегендігінен сезіктенген Гутковский отрядтың тез жүруін бұйырып, әрі Әшекейді де жібермей, ұстап қалады. Бірақ Әшекей ұрыс кезінде ебін тауып қашып шығып, Тойшыбек қолы жағында жан аямай соғысады.

19 сәуірде кешкі сағат 7-лер шамасында Тойшыбек бекінісіне жеткенде, жол бастап жүрген Абылай сұлтан мен Әшекей бидің отрядты бекініске артиллерия өте алмайтын жағынан әкелгендігі белгілі болып,

отрядтағыларды қатты састырады. Дегенмен де К.К. Гутковский бастаған отряд уақытты ұттырмай, 19 сәуір күні-ақ бекіністі атқылауға кіріседі. Бекініс ішіндегі қоқандық әскерлер мен қазақтардың бірлескен күші бұл күні үлкен қарсылық көрсетеді. Бекініс сыртындағы атты қазақ жігіттері отрядты қалайда бекініске жақындатпауға тырысып, орыс әскерлерінің жолын бөгеу барысында біразы оққа ұшады. Олар зеңбірек оғына қарамастан орыс әскерлеріне жақын келіп, ұрыс салуға ұмтылады.

Тойшыбек туы астында К.К. Гутковский отрядына қарсы алғашқы кезде 3000-дай адам жиналады. Сол кездегі орыс әскери картографтары жасаған Тойшыбек бекінісі түбіндегі шайқастың картасы сақталып қалған.

Диқанбай би Қапсалаңұлы (Сәмен батырдың немересі) 200-дей атты әскерді бастап шығады. «Тойшыбектің жақын туысы – Диқанбай бидің есімі жыртықштардың ұрандарынан жиі естілді», – деп жазады К.К. Гутковский.

Бұдан қазақ жасақтарының арасында «Диқанбай» деп ұран салғандар да болғандығы аңғарылады. «Диқанбай» деп ұрандағандардың арасында Тойшыбек би көмекке шақырған қырғыз жігіттері болуы да мүмкін. Н.А. Аристов былай деп жазады: «Қырғыздар өздерінің қолбасшысын демеу үшін кейде оның әкесінің атын атап ұрандайтыны бар. Қол бастап жүрген батырдың жасақ ішінде ересек балалары, ағайындастары, немерелері мен жиендері болса, кейде өз руының емес, қолбасшының ... атын атап ұрандайды» [8]. Ал «Сәмен» деп ұран шақыратын ботбай руының жігіттері арасында Тойшыбек бидің балалары мен Диқанбайдың өз балалары және басқа ағайындас туыстары болды.

Диқанбай би қолына қарсы тұрған отрядтағы әскерлер кейін оны бірден таниды. Бірақ Әли төре мен

Диқанбай бидің беделінен сескенді ме, К.К. Гутковский солдаттарына оларды таныдық деп айтуға тыйым салады.

Ұрыс болып жатқан кезде Қамбар мен Әли сұлтандар Қапалға қоршауда қалған отрядтың я талқандалуы, я аштықтан құруы мүмкін екендігін және К.К. Гутковскийдің Қапалдан қосымша көмек сұрап, хат жібергенін, бірақ бұл хатты әкеле жатқан 2 казактың бүлікшілер қолына түскендігін баяндап, хат жіберіп үлгереді. «Олардың жоспарынша, Қапалдан жіберілген келесі отрядты да оңаша алып, жойып жіберу еді» деп көрсетеді К.К. Гутковский.

Қамбар сұлтан отрядқа патша үкіметіне беріле қызмет етуге даяр Сүйік сұлтанның баласы – Жадайдың қосылуына жол бермеуге тырысып бағады, ақыры К.К. Гутковский көнбегесін өз баласы Найманқұлды қосып жібереді. Найманқұл, Рүстем сұлтанның баласы – Абылай сұлтан, Әшекей би, Кендірбай би бастарына төнген қауіптен қорықпастан отрядқа дұрыс жөн сілтеуден бас тартады. Рүстем сұлтан жіберген татар молда Әлім Ягудин де Тойшыбек туралы мәлімет жинаудың орнына Ұлы жүз қазақтарының бас көтеруіне мұрындық болады. Әлім Ягудин бауыры Әбубәкір екеуі бұған дейін Орта жүз қазақтарының талай толқуына қатысқан болатын. Әлім молда, әсіресе, Сыбанқұл сұлтанға көп жәрдемін тигізеді. Ағайынды Ягудиндер орыстар Орта жүзге біржола орныққан соң, Ұлы жүз жеріне қарай өтіп, Жетісудағы қазақ, қырғыз, қоқандықтардың орыс жаулап алушылығына қарсы бірлесіп күресуіне үндейді.

Орыс отрядына қарсы қалмақ жасақтары да бой көрсетеді.

Тойшыбек бекінісін қорғаушылар орыс әскерлерінің зеңбірегіне алғашқы күні төтеп береді. Әйтсе де, орыс әскерінің тәжірибелі қолбасшысы қоқандықтардың



зеңбіректерін жай оқтайтынын байқап қалады. Сондықтан саз балшыққа қыл араластырып өрілген кірпіштен салынған бекіністі бірінші күні ала алмаған орыс әскерлері келесі күні, яғни 20 сәуір күні, 30 әскер жіберіп, бекіністі шабуылмен алуға ұмтылады, бірақ оларға қатты тойтарыс беріледі. Бұл күні Тойшыбек туы астында жиналғандардың саны 4000 мыңға жетеді.

20 сәуір күнгі шайқас таң атқаннан күн батқанға дейін жалғасады. Бекініс ішіндегі әскерлер орыс әскерлерін бекініске жақындатпай, жақындап қалғандарының басына тас, балшық, жанған көмір шоқтарын тастап, аянбай күреседі. Амалы құрған К.К. Гутковский бекініске әскерді орыстарға оңтайлы жақтан, яғни Ақсай өзені жағынан әкелуді ойлап, отрядты сонда қарай бастап жүреді. Қоқандықтар орыс әскерлері шегінген екен деп қалып, бір зеңбіректі бекініс сыртына шығарып, атуға кіріседі. Алайда зеңбіректі арқанмен сүйреткен 7 кісі орыс әскерлерінің шабуылына ұшырап, 5 адам қылышпен кескіленіп, өлтіріліп, 2 адам қолға жараланып түседі. Алайда олар бастарына төнген қауіпке қарамастан, зеңбіректі жау қолына түсірмей, батпақты көлге батырып үлгеріп, ерліктің тамаша көрінісін көрсетеді. Қолға түскен жаралы қоқандық сарбаздар бекіністің ішінде барлығы 150 адам бар екенін айтады.

Орыс әскерлері екі күнде бекіністі қорғаушылырға қарсы зеңбіректен 84 рет оқ атады, бірақ бәрібір жеңіске жете алмайды. Қазақтар, керісінше, көбейгеннің үстіне көбейе түседі. Барынша қуат ала бастаған қазақ-қоқан қолының түнгі шабуылынан Гутковский отрядын 20 сәуірдің түнінде жауған қатты нөсер мен қою қараңғылық құтқарып қалады. Орыс әскерлері қорыққандықтарынан от та жақпай қояды. Ал қазақтар қолы отрядтан 1,5- 2 шақырымдай жерде от жағып, түнеп шығады.

19, 20 сәуір күні Тойшыбек бекінісі түбінде орыстар жақтан 1 адам қаза болып, 7 адам жарақат алады, ал қазақ-қоқан қолы жағынан 7 адам қаза болады.

21 сәуір күні орыс отряды бекініске шабуылдауға батпай, Үшалматы өзендеріне қарай шегіне бастайды. Бірақ Үшалматы бойында Рүстем сұлтанның туы көтеріліп, жаныс, қасқарау жігіттерінің шабуылына ұшырайды. Рүстем сұлтанның қолымен Тойшыбек қолы қосылып, қазақтардың саны 6-7 мыңға дейін жетеді. Қазақ қолын басқарушылар арасында Құдайменді төре, Тілеуберген би де болады.

21 сәуірдің түнінде қазақтар ағаштарды кесіп, отрядтың зеңбіректі алып жүруіне кедергі жасауға тырысады. 22 сәуір күні қоршауда қалған отряд зеңбіректен оқ жаудырып, Түрген жақпен келген жолын өзгертіп, Қаскелең мен Талғар жаққа қарай ат басын бұрады. Ілеге дейін жағалай қонған ауылдарын ескертіп үлгеру үшін көптеген қазақ жігіттері ұрыс даласын тастап, ауылдарына қарай шабады. Қазақ ауылдары тез теңдерін буып, үдере көшеді. Қазақ жасақтарының осылайша екіге жырылуы отрядты біржола талқандалудан сақтап қалады. Қайтар жолда орыс отряды өздеріне шабуылдаған қазақтарды аяусыз атқылап, көп адам шығынын келтіреді. Қазақ жасақтары үшін 22 сәуірде Жетісудағы атақты батыр Шаншардың орыс әскерлері қолынан басына үш бірдей оқ тиіп, қаза болуы ауыр тиеді. К.К. Гутковский Шаншар батырдың өлімінен соң қазақтар бұрынғыдай екпінмен шабуылдай алмай қалды деп баяндайды.

Тілеміс ақын Шаншар батырдың ерлігін:

Соғысып ақ патшаның әскерімен,  
Іленің сағасында Шаншар өлген [9], –

деп жырға қосқан.

Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін қанын қиған Шаншар батыр Өтеген батырдың немересі, яғни Өтеген батырдың үлкен ұлы – Қосағалдың баласы болатын.

Орыс әскери шенеуніктерінің мәлімдеуінше, Тойшыбек бекінісі үшін болған 1850 жылдың 19-23 сәуір аралығындағы ұрыста орыстар жақтан 1 адам өліп, 9 адам жарақат алады, ал қазақ-қоқан қолы жағынан 200 кісі қаза табады.

Тойшыбек қорғаны үшін шайқаста жеңіліс тапқан орыс әскерлері келесі ұрысқа әзірлікті мұқият, әрі құпия жүргізді, бәрін елеп, екшеп, сабақ алуға тырысты.

1850 жылдың жазында генерал-губернатор Горчаковтың өзі Жетісуға, Қапалға келіп, жағдайды өз көзімен көріп, тексеру жүргізеді. Ұлы жүздің билері мен сұлтандарын Қапалға шақыртып, қатаң ескерту жасап, Гутковскийдің экспедициясының даярланып жатқанын қоқандықтарға жеткізген деген күдікпен Қамбар төрені аға сұлтандықтан алып, орнына Сүйік Абылайхановты тағайындайды. Сөйтіп, Ұлы жүздің ел билеушілерін «тәртіпке» келтіргендей болған губернатор Тойшыбек бекінісіне жаңа экспедиция жіберуге шешім қабылдап қайтады. Оның Үшалматыға қайта әскери экспедиция жіберу керек деген ұсынысын Николай I патша да қуаттады. Сондықтан орыс әскери шенеуніктері қайтадан жеңіліп қалмау үшін Тойшыбек бекінісі түбіндегі жеңілістің себептерін жан-жақты талқылады.

«Гутковскийдің жеңілісі Іле өлкесінде қоқандықтар беделін көтеріп, Ұлы жүз қазақтары арасында біздің ықпалымызды қатты әлсіретер еді. Мұны болдырмау үшін қатаң шаралар қолдану керек болды [10]», – деп жазды әскери шенеуніктің бірі. Айтқандай-ақ, 1850 жылы 26

маусымда Николай патша Ұлы жүз қазақтарының бас көтерулерін болдырмау үшін бүлік шығарған қазақтарды Сібірдің алыс түкпірлеріне жер айдауға және дала соты бойынша атып тастауға рұқсат берген құжатқа қол қояды.

1851 жылғы Тойшыбек бекінісін алуға баратын экспедицияны басқару үшін қазақтар жайын, тілін жақсы білетін, қазақ ауылдарына қарсы шараларға талай қатысқан подполковник Карбышевтің кандидатурасы қатаң тексеруден өтіп, бекітіледі. Оны князь Горчаковтің өзі аттестациялап, генерал-майор Яковлев қосымша мінездеме беріп, қуаттайды. Экспедицияның жасақталу барысы аса құпия ұсталады. Үлкен орда қазақтарының приставы Перемышльскийге экспедиция күзде болады, отрядқа керек-жарақтар жай әшейін елдің жайын көріп шығуы үшін дайындалып жатыр деген қауесет сөздер таратуға аса құпия түрде тапсырма беріледі.

Отрядқа қазақ сұлтандарын тарту, сондай-ақ оны 2 дәрігер және 2 фельдшермен қамтамасыз ету ұйғарылады. Түркі-мұсылман жұрты, қазақ би, сұлтандары өзара бірігіп кетпеуі жағы да қатаң ойластырылады.

Карбышев отряды оған қатысқан қазақтарды қоспағанда 1371 адамнан құралды. Карбышев экспедициясының жеңісі Шыңжаңдағы сауда-саттыққа ресми рең беруді көздеген Құлжада болатын Ресейдің Қытай үкіметімен келіссөзіне де игі әсерін тигізеді деп есептелінгендіктен, бұл экспедицияның қуаттылығына үлкен көңіл бөлінді. Бірақ Карбышев экспедициясы мен Тойшыбек қолы майдан даласында кездесе алмады. Тойшыбек би мен Әшекей би бастаған Іле бойы қазақтары өздеріне қарсы үлкен күштің келе жатқанын және күштің тең емес екенін сезіп, Карбышев экспедициясы келгенге дейін шегініс жасап, Пішпек бекінісіне қарай көшіп кетеді.

1851 жылдың мамыр айының ортасында Қапал бекінісінен Тойшыбек қорғанына бет алған Карбышев отрядын Дүйсе Сүйіков және Әблес Әлиевтің атты жасағы алып жүреді. Талғар өзенінің Ілеге құяр тұсында оларға өз жасақтарымен албан руының сұлтаны Дүрәлі Хәкімбеков және суан руын басқарушы Адамсарт Ибақов қосылады. Карбышевтің Ілеге қарай қозғалысы ерекше отрядпен қорғалады. Ал қоқандықтар болса, Тойшыбек бекінісі үшін болған 1850 жылғы жеңісті дұрыс бағалай алмады. Жеңіске қол жеткізуге мұрындық болғандарға, мысалы, Тойшыбекке ешқандай сый-сыяпат көрсетілмеді. Оның үстіне жиі түскен жауын-шашыннан жер лайсаң болып, сел жүріп, жол қатынасы қиындағаннан, әрі жазғы бау-бақша, егін егу кезі болғандықтан, соғысқа жөнді әзірлік жұмыстары жүргізілмеді.

Тойшыбек бекінісін қорғаушылар Карбышев отрядымен күресуде күштің тең еместігін байқаған соң, оны тастап шығады. Карбышев отряды 1851 жылдың 8 маусымында зеңбірекпен атқылап, бос қалған Тойшыбек қорғанының астан-кестенін шығарады. Бұдан соң К.К. Гутковский отрядына қарсылық көрсеткендер, яғни көтерілісшілер қатаң жазаланды. Рүстем сұлтанның ұлы Абылай ұсталып, жер аударылды[11]. Қазақ сұлтандары мен билері арасында алакөздік тудыру мақсатында Сүйік Абылайханов жалайырға қайта сұлтан болып қойылды. Әли сұлтанға қысым көрсетілді, түрлі жала да жабылды, ел ішінде беделін түсіруге әрекеттер жасалды. Дулат руының барлық билері көтеріліске қатысты деп көрсетілді, бірақ барынша кінәлілер Тойшыбек, Әшекей, Тілеуберген билер, Құдайменді сұлтан және Рүстем сұлтанның туыстары деп табылып, оларды ұстап, Қапалға әкелу, сол жерден сенімді күзетпен Омбыға жіберуге нұсқау жіберілді. Мұндай қысымға шыдамаған Іле бойы

қазақтары Шудың арғы бетіне көшуге мәжбүр болады. 1851 жылы Әділбек, Дәуітәлі, Тұрғанбай, Қазбек би бастаған ел де үдере көшеді. Соған қарамастан оларды анду, түрлі жолдармен қысым көрсету тоқтатылмайды. Мұрағат құжаттары мәліметтеріне қарағанда, әсіресе, Тойшыбектің туысы, ботбай руының аса беделді биі Диканбай Қапсаланұлының қатаң бақылауға алынғандығы байқалады.

Алматы төңірегіндегі жер үшін де айқас ушыға түсіп, Тойшыбек пен оның батыр ұлы Байсейіт бастаған қазақтар мен қырғыздар Верный бекінісін салып жатқан отрядқа тұтқиылдан шабуылдауды үдетіп, олардың жұмыс көліктері – аттарын айдап, өздерін өлтіріп кетуді жиілетте түседі.

1854 жылы 16 мамырда Іле өзені бойынан 11 жүк таситын жылқыны айдап кетеді [12].

1854 жылы 5 шілдеде Күнгеі Алатау шатқалдарына жасырынған Тойшыбек пен Байсейіттің 80 шамалы атты жігіттері бір-бірден жақындап келіп, отрядтан 5 шақырымдай жерде шөп шауып жатқан казактарға кенеттен шабуыл жасап, оларға қаруларын алуға мұрша бермей, қоршап алып, 5 адамды өлтіріп, 4 адамды жаралап кетеді. 1 шақырымдай жерде шөп шауып жатқан казактардың екінші тобы айғай-шуды естіп, қарудың күшімен қалғандарын арашалап қалады.

Бұл оқиғадан естерін зорға жиған орыстар қарулы әскер шығарып, шабуылдаушы қазақтардың соңынан түсіп, біраз жерге қуып барып, 3 адамды тұтқындап қайтады [13].

Тойшыбек қоқандықтардың қолдауымен қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтарының қарулы шабуылдарын ұйымдастырады. Генерал Гасфордтың сөзімен айтқанда, «оның батылданғаны соншалық Іле отрядына шабуылды

оңтайлы ету үшін Шудың оң жағалауына өтіп, өзінің қонысын 100 шақырымдай жерге орналастырды» [14].

«Үлкен Орда қазақтары приставы подполковник Перемышльский әлі біздің үкіметімізге бодандығы бостау Үлкен Ордадағы басқа руларға, әсіресе Ресей бодандығына жаңадан тілек білдірген қырғыздарға ықпалымызды жоғалтып алмау үшін Тойшыбектің шабуылына бұдан әрі төзіп отыра алмайтынын сезді» [15], – деп ойын сабақтай түседі Гасфорд.

Патша өкіметі де қазақтар мен қырғыздардың бас көтерудің басып тастау үшін олардың басшысы Тойшыбекті қалайда қолға түсіруге тырысып бағады. Ақыры Тойшыбек ауылы қонған жерді бағдарлап алған подполковник Перемышльский 1854 жылы жазда 160 казак әскері мен 2 зеңбірегін алып, түнделетіп жүріп, Тойшыбек ауылына қапыда бас салады. Бірақ бұл Тойшыбектің үлкен ұлы – Жанқожаның ауылы болып шығады. Мұндайды күтпеген қазақтар көп қарсылық көрсете алмай, қырғынға ұшырайды. Көрші ауылдардан құлақтанып үлгергендер көмекке келіп, қарсы тұруға ұмтылады. Көп адам жарақат алып, тауға қашып құтылады. 40 адам орыс әскерлері қолынан қаза табады. Тойшыбектің ұлы Жанқожа қолға түсіп, 753 жылқы, 118 түйе және 66 бас ірі қара қолды болады [16]. Н.А.Аристов еңбегінде 800 жылқы, 200 түйе қолды болды және тұтқынға Жанқожа мен оның әйелі және қызы бірге түсті деп көрсетіледі [17].

Тойшыбектің ауылы Жаңқожа ауылынан онша алыс болмағанымен екі ауылдың арасында өтуі қиын терең сайлар мен жыралар болып, суық хабар жетісімен олар көшіп үлгереді де, қырғынға ұшырамай, аман қалады. Тойшыбектің батыр ұлы Байсейіт те сол кезде ауылда болмайды.

Орыстар жақтан қашқан қазақтарды қуамыз деп еліріп, отрядтан алыстап кеткен 2 казак қазақтардың қолына тұтқынға түседі [18]. Бірақ олар тұтқынға түскен Жанқожамен айырбасталатын болып шешіледі [19].

Тойшыбек би бұл оқиғадан кейін баласы Жанқожаны Ташкент бегіне жібереді. 1854 жылы қыркүйекте Жанқожа Тойшыбекұлы Ташкентке келіп, мұндағы басшылардан орыстарға қарсы шабуылға шығуға көмек сұрайды.

1854 жылы қазанда дулаттардың билері мен бірнеше қадірменді кісілері Ташкент бегіне келіп, Лепсі өзені мен Алматы шатқалында орыстар бекініс салып жатыр деп хабарлап, өздерін орыстардан және оларға қараған Қапал жақтағы қазақтардан қорғауды сұрайды [20].

Қоқандықтар да Алматы бекінісінің салынуына барынша қарсы болды. 1854 жылдың сәуір айында-ақ қоқандықтар орыс бекіністеріне қарсы шабуылдауға дайындық жұмыстарын жүргізіп, Жанғараш пен Орман манаптың қарамағындағы қырғыздарды және Ұлы жүз қазақтарын қаруландыра бастаған және елдің рухын көтеріп, орыс әскерлеріне қарсы көтеру үшін Ақмешіт маңында өздерінің қайта жеңіске жеткендіктері туралы мағлұмат таратып, Іленің сол жағалауындағы орыс отрядына қарсы күш біріктіріп, шабуыл жасауға шақырады. 1854 жылы мамыр айында 800-ге жуық қоқан әскері Пішпекке келіп, соңымыздан тағы әскер келе жатыр деген сөз таратып, қазақ-қырғызды орыс жаулап алушылығына қарсы ұйымдастыруға тырысады. Оларға Тойшыбек бастаған Ұлы жүз қазақтары мен солты руының қырғыздары қосылып, қазақ ауылдарын Шуға қарай өткізе бастайды. Қазақтардың қоқандықтар жағына өте бастағанына қарсы болған Перемышльский 150 солдатты мен 2 зеңбірегін, 2 ракеталық станогын



алып, Пішпекке қарай жылжиды, бірақ қоқандықтармен жолыға алмай кері қайтады. Оған генерал Гасфорд қоқандық экспедицияларды қудалаумен әуестенбей, Верный бекінісін тұрғызындар деп бұйрық береді [21].

Гасфорд жергілікті халықтың нарзылығынан отрядтың талқандалып қалуынан қауіп алып, 1854 жылдың басында Перемышльскийге қоқандықтардың кенеттен шабыл жасауынан сақтанып отыру үшін Шудың арғы бетіндегі Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар арасынан сенімді ақпараттар беріп отыратын тыңшыларын болсын, оларды осындай алмағайып заманда қоқандықтардан гөрі Ресейге қызмет ететіндей қылығыз деп кеңес береді.

1854 жылдың мамыр айында Қазақстанның оңтүстік шығысы ғана емес, оңтүстік батысында да саяси ахуал күрделене түседі. Осы мезгілде Бұхар әмірінің әскерлері Түркістанға таяу келіп, Сырдария өзенінің бойына орналасады.

Іле бойына да қоқандық тыңшылар мен шабармандар аттандырылады. Қоқандықтар ташкенттік паруанашы әскермен Ілеге келгенше кімнің дос, кімнің қас екенін анықтап білу мақсатында Андас батырға, Сәт биге және басқа шапыраштының беделді адамдарына Батырбек датқа бастаған бір топ елге сыйлы кісілерді жібереді. Мырза Рақым датқа Диқанбай би мен Дәулетбақ билерге жолдаған хатында хан «Бізге 500-дей таңдаулы батыр жігіттерді алып, Үшалматыға және Қопа өзені бойына шабуылға баруға дайын тұрындар, – деп бұйырды, қазір 200-дей әскер бекініске келді, сіздер өз елдеріңіздің басшысы ретінде Мұхаммед пайғамбардың дініне адал болыңыздар, ханға бас иіп, сөз бен істің бірлігін сақтаңыздар, тентектерді тыйып ұстасаңыздар, еңбектеріңіз еш кетпес, Пішпекке жақында ханның

бұйрығымен Мамелюк Мадархар датқа мен Мырзабасы датқа бастаған 2000 әскер келіп қалар», – деп жазады.

1854 жылдың күзіне қарай қоқандықтар Шудың бойындағы бекіністерін күшейте түсіп, осы өзеннің екі бетіндегі қазақ ауылдарын өздеріне қосып алады. Қоқандықтар қолымен біріккен Тойшыбек қолы Іле бойындағы бұрынғы қоныстарын қайта алуға ұмтылады.

Жетісу жері үшін қоқандықтар мен орыстар арасындағы бәсекелестік күшейе түсіп, Жамбыл Жабаевтың «Сұраншы батыр» дастанына арқау болған Сарыкемер оқиғасының орын алуына соқтырады.

1854 жылғы Сарыкемер оқиғасы Жамбыл Жабаевтың «Сұраншы батыр» дастанында, Сүйінбай ақынның Тезек төренің алдында тұрып айтқан «Сұраншы батыр» толғауында және 1895 жылғы Сарбас пен Жамбылдың Алматыда өткен айтысында сипатталады.

Қазақ зерттеушілері, соның ішінде кейбір әдебиеттанушы ғалымдармен әуесқой тарихшылар әлі де Сарыкемер оқиғасының себебіне, өткен мезгіліне көңіл бөлмей, ұшқыр тұжырымдар жасап, 1854 жылы болған оқиғаны 1847 жылмен шатастырып, Кенесары ханның Жетісуға келген мезгілімен теңестіріп, көпшілікті адастырып жүр. Жамбылдың өзі «Батыр деген Сыпатай жау қарасын көрмеді» деген, демек Сыпатай батыр Кенесарының қырғызға шабуылы кезінде қашып кеткен деп БАҚ бетінен түспей, өрекіп қоймайтындар мәселенің байыбына бара бермейді. Ал расында Сарыкемер шайқасында Сыпатай батыр, Тойшыбек би және т.б. қазақтардың өзара соғысын болдырмауға тырысқан. Жамбыл Жабаев: «Шағатайдай халықты, барайын десе, барма деп жібермеді Тойшыбек», – дейді.

Сарыкемер оқиғасының ақиқатын ашу үшін қазақ ақындары берген мәліметтерді мұрағаттық мәліметтермен салыстыру қажет.

Сарыкемер – Алматының солтүстік батысында орналасқан жер болатын. Қоқандықтар осы жердегі патшалық Ресей ықпалындағы ауылдарды, соның ішінде Керім биге қарасты қазақ ауылдарын 1854 жылы күзде, 11 қазанда шабуылға ұшыратады. Себебі, мұндағы ауылдарды орыс ықпалынан шығарып, өздеріне қарату және стратегиялық маңызы зор Алматы бекінісін алу болатын.

Қоқан хандығы мен патшалық Ресейдің Жетісудағы ықпал ету аймағы үшін өзара күресі, соған орай жүргізілген бірді бірге айдап салу саясаты ел ішінде іріткі тудырды. Саяси ахуалдардың салқыны бір кездері айнымас дос, құда-жекжат болған Жетісудағы атақты екі бидің – Тойшыбек пен Керімнің ұстанымдарының да екіге жарылуына соқтырды. Қасқараудың Керім биі мен Тойшыбек бидің арасының сууы 1850 жылдан басталған деп топшылауға, болады. Себебі, Әли сұлтанның айтуына карағанда, Керім би Үшалматы үшін Тойшыбек бекінісі түбіндегі Гутковский отрядымен болған 1850 жылғы ұрысқа қатыспаған. Тойшыбек пен Керімнің бірінің Қоқан, екіншісінің орыстар жағын қолдауы екі батыр, әрі бидің достығына, олардың құда жекжаттық туыстығына да, ел бірлігіне де сызатын түсірмей қоймады.

Патшалық Ресей жағына өткен Керім би, Тойшыбектің айтуымен, қоқандықтардың шабуылына ұшырап, 3 ай олардың қамауында болып, мал-мүлкінен айрылып, кедейленген соң, 1852 жылы баласын Қапалға жіберіп, Перемышльскийге шағымданады. Бірақ Перемышльский оған еш көмек көрсетпейді, қайта Діқанбай би екеуіне сенімсіздікпен қарайды. Керім би 1853 жылы

Перемышльский отряды Алматыға келгенде тағы приставқа жолығып, өзінің адалдығын білдіреді. Осыдан кейін екі бидің арасы бұрынғыдан да суып кетеді. Сарыкемердегі оқиға олардың арасын тіпті алшақтатып жібереді.

Сарыкемер шайқасының алдында Керім бимен бұрыннан достық қарым-қатынасы бар қырғыздың Жантай манабы оны Шудан өте бере кісі жіберіп, шабуыл туралы ескертеді, сондықтан Керім би Іленің оң жағалауына көшіп үлгереді.

Көшіп үлгермегендер де Іленің оң жағалауына өтіп, қорғанбақ болады. Сарыкемерде шабылғандар дулаттың ішіндегі ботбайлардың тілеуқабыл, майемер рулары болатын, олар Ақтоғайдан әрі өтіп, Балқаш көліне қарай қашады.

Шабуылға ұшырағандар атынан көмек сұрап, Сұраншы батырға, Сүйінбай ақынның айтуынша, албан, дулат руларының өкілдері барады.

Қоқандықтардың Ілеге келе жатқанын алдын ала білген Перемышльский Ресей бодандығы саналатын қазақ ауылдарын ескертіп, қорғау шараларын ұйымдастырмайды. Ол өздері салып жатқан Алматы бекінісін және отрядын қалайда қорғау қамын ойлап, әйтеуір Гутковскийдің кебін киіп қалмайын деп, шабуылдаушыларға қарсы аттанбайды. Әліптің артын бағып отырған Перемышльский ауылдар әбден шабылып, орыс бодандығындағы албан, дулат рулары көмекті «сендерді қорғауға келдік» деп жүрген орыстардан емес, Сұраншы батырдан сұрағанын, Сұраншы батырдың 400 жігіттен тұратын қолы оларды қорғауға кеткенін естігеннен кейін ғана есаул Рыбин бастаған күшті казак отрядын Сарыкемерге емес, Қаскелең өзеніне

қарай жібереді. Ондағы ойы – Қаскелең түбіндегі қазақтардың да қоқандықтар жағына өтіп кетпеуіне және олардың Тойшыбек қолымен бірігіп кетіп, Алматыдағы өздеріне шабуыл жасауына жол бермеу, әрі бұл жерде біз қожайынбыз деп қыр көрсетіп қою болса керек.

Перемышльскийдің көрсетуі бойынша, Батырбасы бастаған қоқандықтар 500-дей болған, ал қазақ-қырғыз қолы бірнеше мыңды құраған.

Сарыкемердегі шабуыл 1 күнге созылған, келесі күні шабуылдаушылар кері қайтпақ болғанда, кешке қарай Сұраншы қолы келіп қалып, шабуылдың соңы шайқасқа айналып кетеді. Шайқас барысында көп әскері бар орыс отряды келе жатыр екен деген қауесет тарап, ұрыс алаңын алдымен Жантай, Жаңғараш манаптар қарамағындағы қырығыздың сарыбағыш, солто руының жігіттері тастап шығады. Қоқандық сарбаздарды басқарып келген Батырбасыға Сұраншы бастаған қолмен бір өздері соғысуға тура келеді.

Шайқас барысында арасында Батырбасы және тағы бір шенеунігі бар 100 қоқандық, ал қазақ-қырғыздардан арасында Тойшыбектің бір баласы да бар 300 адам қаза болады.

Тойшыбекті қолға түсіре алмағанына күйінген подполковник Перемышльский бар жаланы Тойшыбек батырға жауып, ел арасына іріткі салып, арандатуға тырысты. «Мен оларды тоқтату қажет деп таппадым, бұл қырғыздардың аптығын басып, жуасуына әкелсін дедім, қырғыздар алдыма әлі-ақ келеді және бізден бодандық сұрайтын болады. ...Мұның бәрі ташкенттік шенеуніктің біріне қызын ұзатқан Тойшыбектің ісі» [22], – деп оңды-солды мәліметтер таратады.

Қоқандықтар Сарыкемер шайқасынан кейін сұлтан Әли бастаған Дулат билері – Байсерке, Дәуітәлі, Жарғаққа

және Тәйтiм, Боранбай, Манке, Сары батырларға, сондай-ақ Шапырашты Андас батырға, Сәт, Нарбота билерге хат жолдап, Батырбасы датқа ханның рұқсатынсыз сiздердiң халықты шабуға барды, сол жерде сiздер бiздiң сарбаздарымызды, атақты да қадiрмендi адамдарымызды өлтiрiп, аттарының алтындалған әбзелдерiн алып қойдыңыздар, алайда бiз мұны мұсылмандардың бiрлiгi үшiн кешiремиз, хан бiзге рұқсат берiп, наурыз айының аяғында бiз атқа қондық, қалған жайды сiздерге сенiмдi адамымыз – Мұхаметқали датқа айтады деп хабарлайды [23].

Генерал Гасфордтың Алматыдан Петерборға, Әскери министрге, 1855 жылдың 30 шiлдесiнде жолдаған мәлiмдемесiне қарағанда, Тойшыбек Iле отряды ауылын талқандап, малын тартып әкеткеннен кейiн (1854 жылы) Қоқан ханына барып, орыстар Пiшпек бекiнiсiне шабуыл жасамақшы, мұндағы Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар олармен соғысу үшiн тек қоқандықтардың келуiн күтiп, дайын отыр деп жеткiзедi. Мұны естiген Қоқан ханы 1855 жылы көктемде 4 жеңiл зеңбiрегi бар 1000 жаяу әскердi және тең жарымы Ташкентке жақын Боралдай тауында көшiп-қонатын қазақтардан тұратын (жартысы қоқандықтар) 4-6 мыңдай атты әскердi 1000 түйеге артылған 1 жылға жетерлiк азық-түлiгiмен Пiшпекке аттандырады [24].

Қоқан ханы 5 мың адамдық әскердi Алматыға қарай жiбередi, алайда қалың қар түсiп, көп шығынға ұшырайды.

Бұған жауап ретiнде орыстар да Жетiсудағы бекiнiстерiне орталықтан казак отрядтарын қаптата бастайды. 1855 жылы майда Верный бекiнiсiне, Перемышльский отрядына, полковник Хоментовский басқарған 200 казак 2 зеңбiрегiмен (бiр деректерде 4

зеңбірегімен) көмекке жіберіледі. Оған қоса артынша тағы бір рота әскер аттандырылады. Қапал бекінісіне де 2 рота әскер әкелінеді және оған жақын орналасқан басқа да бекіністердің әскерлері мен қару-жарақтары көбейтіліп, Алматыдағы отрядқа әскери көмек беруге әзірлік жағдайына келтіріледі [25]. Алматыдағы және оның төңірегіндегі саяси жағдайдың шиеленісе түсуі Омбыдан генерал-губернатор Гасфордтың өзін осында келуге мәжбүр қылады.

Гасфорд 1855 жылы Алматыға келіп, мән-жайға көз жеткізіп, бекіністі күшейткеннен кейін Ұлы жүз қазақтарының ықпалды адамдарын шақырып, анттарына адал болуды, қоқандықтардың сөзіне еріп, көшіп кетпеуді қатаң ескертеді. Сонымен бірге қазақтар мен қырғыздарға қоқандықтардан қалыспай, сый-сияпат, шен-шекпен үлестіріп, өздеріне адал қызмет етуге шақырады. Перемышльскийдің орнына 1855 жылы Хоментовскийді Ұлы жүз (Үлкен Орда) қазақтарының приставы етіп тағайындайды.

Гасфорд Ұлы жүзде де, қырғыздар арасында да руаралық талас-тартысты күшейтіп, бірімен-бірін атыстырып, шабыстыру арқылы олардың әлсіреп, тезірек орыстарға мойынсынуына қол жеткізуге ұмтылды.

Папша шенеуніктері қазақтарды өздерінен басқаларға салық төлемеуге шақырып, ал бекініс салуға ат-көлік бермегендерге әскер шығаруды бастайды, мысалы, Шудың арғы бетінде, Мұзтөбеде отырған Діқанбай бидің ауылына пристав 200 әскерден тұратын отрядпен барып, түйе беруге мәжбүр етеді.

1855 жылы 14 тамызда дулаттардың арасында болған саудагерлер Құлжадағы орыс консулдығына «пристав Шұбарағашқа орналасты, Тойшыбек бекінісіне жақын маңнан бекініс сала бастады» деп жеткізеді [26]. Пристав

Врангельдің 1847 жылғы Тойшыбек бекінісі орнына орыс бекінісін салсам деген арманын осылайша пристав Хоментовский 1855 жылы жүзеге асыра бастайды.

1855 жылы қыркүйекке қарай дулаттың билері Діқанбай мен Сыпатай орыс бодандығын мойындайды. Ал Тойшыбек Шудың төменгі бойына көшіп кетеді.

«1850 жылдары орыстардың Орта Азиядағы иеліктерінің түкпір оңтүстіктегі нүктелері Алматы мен Перовск болды, енді тек олардың арасына шептер салу ғана қалған-ды, – деп жазды М. Венюков. – Мерв түрікмендері – Текелер сияқты өзінің жыртқыштығымен және жауынгерлігімен аты шыққан Шу бойының қазақтары Алматы мен Перовск алынғаннан кейін ғана жуасыды» [27].

Шу бойының бұл жауынгер қазақтарын бастап жүрген Тойшыбек батыр болатын. Тойшыбекті отаршылдыққа қарсы күресте дулат билері – Діқанбай, Сыпатай, Байзақ датқа, Әли төре қуаттады, сонымен бірге діні бір, тілі бір қоқандықтар мен қырғыз манаптары Орман, Жантай, Жаңғараш қолдады. Олардың көмегінсіз бақайшағына дейін қаруланған орыс әскерлеріне қарсы үзіліссіз күресу мүмкін де емес еді.

Тойшыбекпен замандас Есет Көтібаров, Бөрі сұлтан, Досжан батыр, Ахмет пен Омар төре, Сыздық сұлтан және тағы басқалар басқарған қазақ жасақтары Ақмешіт маңында, Қазақстанның оңтүстік-батысында тамаша ерліктің көріністерін паш етіп, орыс отарлаушылығына қарсы дамылсыз күресіп жатты. Олардың жеңістері сол замандағы әрбір қазақтың жүрегіне қуаныш ұялатып, рухын көтерді, әркімнің көкірегіне бұрынғы егемендіктің сәулесін түсіріп, қайраты мен намысын жани түсті.



Іле мен Шу арасындағы қазақтардың жер үшін күресін басып тастауға жанталасқан патша үкіметі Алматы маңына орыс шаруаларының станицаларын тізбектеп сала бастады.

Бір ғана 1855 жылы Верный бекінісіне, Лепсі мен Қарабұлаққа казактар мен шаруалардың 344 отбасы, ал 1856 жылы тағы да 326 отбасы көшіріліп келеді. 1855 жылы Үлкен Алматы станицасының негізі қаланады.

«Өздерінің жерін орыс бодандығына айырбастағанда, казактар оның қарымтасына өздерінің шекарасын қорғайтын күшті күткен жоқ па еді, – деп ашына жазады орыс саяхатшысы П.П. Семенов. – Бірақ бұл іске асты ма? Верныйдың батысында дулаттар Қаскелеңге дейін көшіп келуге зорға көнеді, Қаракәстектен Кебиннің аңғарына дейінгі керемет жер олар үшін құрып барады... Үлкен Орда Ресейге өздерінің көршілерінің шабуылынан қорғану үшін бағынды. Олардың жайылымдарының ортасында, жерлерін бөліп алып, өздерін қорғауға тиісті орыстардың қоныстануы қазақтардың көзіне табиғи құбылыстай көрінді. Бірақ олардың жері шексіз емес қой және көшпелі тұрмыс жағдайында халықпен жеткілікті толды. Қапалды салып, жалайырларды Қараталдан әрі ығыстырып, біз жалайырлардың ең шұрайлы жерін алдық та, өздерін албандардың жерінен бірақ шығардық.

Дулаттардан біз Шудың арғы бетіне өткен бас көтеруші рулары тастап кеткен жерін Алматы, Талғар және Есік қоныстарымен қоса кең даласын алдық. Үлкен Орданың қазақтары егін егетін көп жерінен айрылып, енді қайда барамыз деген ащы сауалды жиі алға тартатын болды» [28].

1855 жылы шілдеде Сыр бойына, Ақмешітке таяу орыс отрядының келуіне байданысты қоқандықтар Шу бойына жіберген әскерлерін кері шақырып алады. Осы

арада Тойшыбек арқа сүйеген Қоқан хандығында да, қырғыздар арасында да саяси ахуалдар өзгеріп сала береді. Қоқан ханы – Құдиярды (Тойшыбектің құдасы) бұхарлықтар тұтқынға алып, орнына Мұхамедәлі ханның ұлы отырады. Бұғы руы Ресей бодандығын қабылдап, Хоментовскийді жақын тұтады. Қоқандықтарды жақтаған сарыбағыштар мен Ресейді қолдаған бұғы руы арасында өзара шабыс басталып кетеді. Дегенмен осындай оқиғалардан кейін Пішпектегі Қоқан әскері кері қайтады, ал Тойшыбек 1855 жылы жергілікті орыс билік орындарынан өзіне кешірім жасауын өтінеді [29]. Бірақ приставтардың ауысуына байланысты оның бұл өтініші қабылданбайды. Осы жылы Тойшыбекті қоқандықтар ұстап, тұтқындап, Қоқанға алып кетеді. 70-тен асқан карт Тойшыбек туралы бұдан кейінгі кездегі мұрағаттық құжаттарда онша көп айтылмайды. Есесіне оның батыр ұлы Байсейіт бастаған қазақ-қырғыз қолының азаттық жолындағы күресті 1862 жылға дейін тоқтатпағаны, орыс бекіністеріне жиі шабуыл жасап, Ұзынағаш (1860), Тоқмақ (1860), Пішпек (1860, 1862), Әулиеата (1863) түбіндегі шайқастарға қатысқаны құжаттарда сақталып қалған. Тойшыбектің қос ұлы – Байсейіт пен Керімбек ел ішінде «қос батыр» атанған. Олар Тойшыбектің азаттық жолындағы күресін ары қарай жалғастырды.

Қазақ батыры, қолбасшы әрі би Тойшыбектің және ол бастаған қазақ-қырғыз қолының жауынгерлік биік рухы патша әскерлерінің 1847 жылдан 1853 жылға дейін 7 жыл бойы Үшалматы бойына бекініс сала алмай, бірнеше әскери экспедиция ұйымдастыруына мәжбүр етті. Патшалық Ресей әскерлері қарудың күшімен ғана Үшалматы бойына аяқ тіреп, 1854 жылы Алматы (1855 жылдан Верный) бекінісін сала бастайды.

Тойшыбек би 1860 жылы Пішпек бекінісі алынған соң, көз жұмды [30]. Оның бейіті «Жетісу қоныс аудару ауданының картасында» көрсетілген. Батырдың сүйегі қазіргі Жамбыл облысының Қордай ауданындағы «Қақпатас» елді мекеніне жақын жерге қойылған. Бірақ кеңестік дәуірде Тойшыбек бейіті тұрған жер сүргіленіп, тегістеліп кеткен. Бүгіндері Тойшыбек биге Алматы қаласының Алатау ауданынан көше аты берілді, Жамбыл облысы, Қордай ауданындағы «Алға» ауылында белгі тас қойылды.

Тойшыбек би бастап, оның батыр ұлдары Байсейіт пен Керімбек жалғастырған Жетісудағы 1850–1862 жылдар арасындағы азаттық жолындағы күрес тарихы өзінің әділ бағасын алар уақыт жетті. 1850 жылғы Үшалматы өңірі үшін болған Тойшыбек бекінісі түбіндегі шайқас жыл сайын сәуір айының 19-23 аралығында аталып өтіліп, туған жерді қорғау барысында шейіт болған батырларға құран оқылып, ас беріліп, ғылыми конференциялар өткізілсе, бабалар рухының асқақатай түсері айқын.

1. Ысқақбай М. Асу-асу бел Қордай. – Алматы, 2007. – 169-б.
2. Янушкевич А. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар / Ауд. Ғ. Зұлхаров. – Астана, 2003. – 103-б.
3. Ділібаев Ә. Ауыз әдебиеті үлгілері мен зерттеу мақалалар. – Алматы, 1999. – 54-б.
4. Ресей империясы Сыртқы саясат мұрағаты. 161-к., 1-т., 2-іс, 5-п.
5. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). 374-к., 1-т., 1669-іс, 21-22 -пп.
6. ҚР ОММ. 374-к., 1-т., 1669-іс, 2-3 -пп.
7. Ресей Федерациясы Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты (РФ ООММ). 366-к., 1-т., 236-іс, 1-2 -пп.
8. Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды и кара-киргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. 1894. - Вып. 1-4. - С. 44.

9. Ділібаев Ә. Көрсетілген еңбегі. – 84-б.
10. Недзвецкий В.Е. Узунагачское дело. – Верный, 1910. - С.21.
11. Абылай Рүстемов Обдорскіге жер аударылып, ақыры 1850 жылы 20 қазанда түрмеден қашып шығып, тундрада адасып өледі // Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ӨР ОММ). 715-қ., 1-т., 12-іс, 193 -п.
12. РФ ООММ. 366-қ., 1-т., 249-іс, 22 -п.
13. ӨР ОММ. 715-қ., 1-т., 15-іс, 270 -п.
14. ӨР ОММ. 715-қ., 1-т., 15-іс, 271 -п.
15. ӨР ОММ. 715-қ., 1-т., 15-іс, 272 -п.
16. РФ ООММ. 366-қ., 1-т., 249-іс, 25 -п.
17. Аристов Н.А. Усуни и кыргызы или кара кыргызы. – Бишкек, 2001. - С. 476.
18. ӨР ОММ. 715-қ., 1-т., 15-іс, 273 -п.
19. ӨР ОММ. 715-қ., 1-т., 15-іс, 272 -п.
20. РФ ООММ. 366-қ., 1-т., 249-іс, 27 -п.
21. ӨР ОММ. 715-қ., 1-т., 15-іс, 252 -п.
22. ӨР ОММ. 715-қ., 1-т., 15-іс, 316-п.
23. РФ ОМММ. 316-қ., 1-т., 249-іс, 39, 42-пп.
24. ӨР ОММ. 715-қ. 1-т., 16-іс, 111-п.
25. ӨР ОММ. 715-қ., 1-т., 16-іс, 86 -п.
26. Дневной журнал 1855 года // Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. - Т. IV. - С.370.
27. Россия и Восток. Собрание географических и политических статей М.Венюкова. - С. 273, 279.
28. Записки действительного члена Географического общества П.П.Семенова. – С. 571-572.
29. ӨР ОММ. 715-қ., 1-т., 16-іс, 112 -п.
30. Материалы для биографии генерала от инфантерии Г.А. Колпаковского // ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры. - С. 17.

# КЕБЕКБАЙ ШЕШЕН

(1800 – 1887)

*Нысанбек ТӨРЕҚҰЛОВ*

– Бұл – кішкентайымнан құлағыма сіңіп қалған ел сөзі, – деп бастады әнгімесін Кенен Әзірбаев – Сонда Кебекбай кім? Оны көрдіңіз бе дейсіз ғой. Иә, көрдім. Талай соңына ілесіп жүрдім. Олардың да менің ақын болып өсуіме әсер, ықпалы аз болған жоқ. Біртіндеп айтайын.

Кебекбай бізбен аталас. Менің әкемнен он бес жастай үлкендеу (Сонда Кебекбай шешен 1821 жылы туып, 1906 жылы 87 жаста қайтыс болғанға ұқсайды. Туған жері – қазіргі Жамбыл облысының Қордай ауылы, Мәтібұлақ басы). – Ол Қасқарау еліне би болып сайланғанда, менің әкем оның қызметшісі болды. Қызметшінің атқарар ісі белгілі: – Қасында ілесіп жүру, атын жемдеп, суғарып күту, оны ерттеп беру, үй шаруасына жәрдемдесу, тағысын тағылар. Әкем байқұс калған-құтқанын әкеп бізді асырайтын. Ескісін киетінбіз. Менің шешем өлгенде, Кебекбай атам бір топ ауыл адамдарын бастап келіп әкеме көңіл айтқаны есімде. Сонда ол көсіліп біраз сөйлеген. Ол кезде мен жеті жасар қамкөңіл баламын, не дегенін

ұқпаппын. Кейін әкем Әзірбайды екінші рет үйлендірген де – сол Кебекбай. Оның бізге көрсеткен шапағаты көп. Қайсыбірін айта берейін. Қош, енді сол Кебекбайдың қандай қазақ болғанын айтып берейін.

Кебекбай шешен әрбір іске әділ билік айтқан кісі. Ол кезінде Тезек төре, Ескелді, Балпық, Тәнеке билер, Бәйтеке, Төрекелді батырларға жөн-жосық тоқтам айтқан шешен, би еді. Қайдағы кедей, нашарларға болысқан. Өзі батыл, алғыр, өзі тапқыр, жомарт кісі екен. Осы күнге дейін Кебекбай айтыпты деген сөз ел арасында көп. Кебекбай – Дулаттың Жаныс, Жарылқамыс, Бұхар, Қасқарау, Ораз, Бесқалмақ, Бөгежіл аталарынан шыққан. Боти Байторы деген кісінің баласы, нағашылары Жалайыр Бөлек, Кебек батырлар болған. Кебекбай деп атаған себебі, Кебек батырға еліктеп қойғаны еді деседі халық.

Бір үлкен тойда бәйгеден алдымен келген күрең танып Жәлменде деген тарақты:

– Менің осыдан алты жыл бұрын биемнің ішінде кеткен құлыны, – деп ұстапты. Ат иесі:

– Өзімнің қол тума атым. Күрең биемнен туған төл малым, – дейді.

Осыған екеуі егесіп, ұрыс-төбелес шығады. Араға қалыстар түсіп тексермек болса, ерегіскен екі ел жан-жаққа бөлініп болмайды. Сонда жұрт мұны жанжалсыз бітіретін әділетті кісі іздейді.

Жиналған ел ат иесінің қасына қалыс адамдар қосып, үйде жатқан Кебекбайға жібереді. Келген адамдардан Кебекең жөн сұрай келіп:

– Кәне, Жәлменде мырза, танығыш болсаң, ана өрістегі бір қора қозыдан, бір қойдан туған егіз қозыны танып алып келші? – депті. Жәлменде атымен желіп барып, қозыларды аралап, екі қозыны ұстап алып келеді.

Кебекбай қозыны көгендетіп қояды. – Енді осының енесін танып әкел? – деп оны өрістегі қойға жіберіпті. Жәлменде тағы барып бір саулықты өңгеріп келеді. Қалың елдің көзінше қозы мен қойды қоя бергенде маңырап, табысып кетеді.

Кебекбай:

– Ат жалайыр Жәлмендеге берілсін, – депті. Көзі көріп тұрған халық разы болып, Кебекбайға таңғалады. Аттың иесі әділ билікке көніп шынын айтады.

– Өзім ұры емеспін. Буаз күнінде енесін жылқыма қосып айдап кетіп едім, күрең төбел құлын содан туған, – депті. Кебекбай жүйрік аттың бәйгесін баққан жігітке бұйырды да, атты Жәлмендеге береді. Әділ билік айтқан Кебекбайға ел разы болыпты.

Талқанбай деген тентек-шалыс кісі болады. Ол Кебекбайдың тілін алмайды екен. Көп ішінде Кебекбайдың бетінен алып, ұятқа қалдырып кете береді. Сонда Кебекбай оған бір жолыққанда:

– Түріңе қарасам, Талқанбайсың,  
Мінезіңе қарасам, сайтандайсың.  
Халық алдына барғанда –  
Халық алған тілімді,  
Ұлық алдына барғанда  
Ұлық таппаған мінімді,  
Талқанбайға барғанда  
Итке берсін күнімді, –

депті.

\*\*\*

Қасқарау қырық-елу ауыл болған кезде жұбын жазбай қатар қонып отырады екен. Жаугершілік барымта, ұрлық,

зорлық, атарман-шабарман кез. Қырғыз бен қазақтың қалмақтарымен шабысып жүрегін уақыты. Батырлар бел шешпей жортуылдап, жер шолып, малдарын жауға, елін дауға алдырмай, түн ұйқысын төрт бөліп, жеңін жастық, етегін төсек қылып аттан түспей жүрген кезі. Қасқараудың атқа мінуге жарайтын жігіттері жылқы сойып, оны күзетеді. Бір топ жылқышылардың ішінде он бес жасар Кебекбай да бар екен. Таң атып, күн шыққанда, олар Байсақ шалдың үйіне қымыз ішкелі түседі. Қара сабаны күмпілдетіп қымызды сырлы аяққа жылқышыларға береді. Басқалары қолға тиген заматта қымызды тартып жатады. Кебек бала қолындағы қымыз толы сырлы аяғын «ата» деп сексендегі шалға ұсынады. Шал қымызды қолына алып ауыз тиіп: «балам: өзің іше ғой» – деп, қайта береді. Енді бірде жылқышылар дабырласа сөйлесе бастағанда, Кебекбай оларды тоқтатып қойып, шалға сөз береді. Жылқышылардың бәрін бір-бір шолып қарайды да, Кебекбайға қарап: – Балам кімнің ұлысың? депті. Кебекбай:

– Байторының баласымын.

– Ботый Байторы ма?

– Ия.

– Шырағым атың кім?

– Атым – Кебекбай.

–Шырғанақтан сөз келсе, шырқаушының өзі боларсың түбі, бүкіл Қасқараудың тізгіні бір кезде сенде болар. Бірақ мен көрмей кетемін-ау сорлап, егер менің тұқымыма бір бәле-жала жабыла қалса, сонда осы айтқан сөз-аманатымды ұмытпағайсың, - депті.

Кебекбай кейінірек:



– Байсақ менің он бестегі кезімде тәуір кісі боларымды қайдан білді екен? – деп аузынан тастамайды екен.

Кебекбай ел билеушілерінің бірі болып, сақа кісі болғанда, бір күні ат сабылтып бір жігіт келеді. Кебекбайға сәлем беріп, қолын қусырып арызын айта бастайды.

– Мен Байсақ деген кісінің немересі едім, сізге келдім, бір жалаға тап болдық. Ауылымыздың сыртына бір кісіні өлтіріп тастап кетіпті. Құн сұраған дауға қалдық. Атамыздың сізге тапсырған аманаты бар дегенде, Кебекбай ол сөзді ұмытып кеткені есіне түсіп дереу аттанған дейді. Бара килігіп, Байсақ балаларын даудан құтқарып алған осы Кебекбай екен.

\*\*\*

Қасқарау елі қыз алыспайтын кезде Кебекбайдың баласы Нұрбек Жуасы деген қарындасын алып қашып келеді. Кебекбай мұны есітіп Нұрбекті жарып өлтіремін деп, күн шықпай қолына үлкен қанжар алып, Нұрбектің отауына қарай ашумен келе жатады. Мұны көрген баласының замандастары Бейсек, Белгібай дегендер Нұрбекке келіп:

– Ойбай, әкең қолында қанжары бар, сені жарып тастағалы келеді. Тезірек қашып кет, – деп Нұрбекті жұлқылайды. «Өлтірсе мейлі», – деп Нұрбек ерегісіп жатып алады. Зәрлі Кебекең жақындап келіп қалады. Белгібай мен Бейсектер не қыларын білмей сасады. Сонда Бейсек деген жігіт Нұрбектің көк шапанын жамылып үйден ата жөнеледі. Кебекбай ұмтылып пышақпен жіберіп ұрғанда Бейсектің жалаңаш балтырына тиіп, қан шапшып ағады. Бейсек қырдан аса қашады. Кебекең енді үйден не алсын, қайтып кетеді. Ел мұны естіп, жиыла келіп:

– Қасқарау жеті атаға толды – деп Кебекеңнің ашуын баспақ болады. Сонда Кебекең:

– Аз ғана ауыл Қасқарау туысқанға қыз беріп, қыз алған соң «бауырым-ай» деп кімге жылаймыз? – деп көнбейді.

Баласы кейін әкесін шақырып, қонақ қылып сыйлайды. Ол әкесінің өзбек аспазшысын өзінен рұқсатсыз ертіп кетіп, оған қызыл шай, шаш палау жасаттырады. Сонда баласы әкесіне әзілдеп:

– Баласын жазалаған, Бейсекті жаралаған, ашуы қара дауылдай, сөздері боран, жауындай ата, қызыл шайдан қызыл күрең бауырсақтан, шаш палаудан ала отырыңыз, – депті. Үй толған кісі «не дер екен» деп Кебекеңе қарап қалады. Сонда ол:

– Иә, балам, өзім қарындасымды қатын қылсам, әкемнің өзбегін тартып алсам, менің шайым қызыл, бауырсағым баданадай болмағанда кімдікі болмақ? – деп, елді бір күлдіріп қояды. Кебекеңді тыңдағысы кеп отырған көпшілік оған тағы да қарап: «Сөйлеңіз, Кебеке» дегенде ол жүгініп алып, мына нақылдарды шұбырта жөнепті:

Шаруаның жақсысы – мал баққаны,  
Балаң тілді алмаса – қалмақтағы.  
Туысқаның кім болса – дұшпаның сол,  
Ағайын аман болсын жан-жақтағы.  
Шаруалар күтіп ал малдың астын,  
Малдың астын күтпесең маңдымассың,  
Мінсең – көлік, ішсең сүт, еті анау,  
Мекен қылар жоқ адам жардың астын.  
Еріншектің белгісі – ұйқы мырза,  
Ерте жатып, кеш тұрса болады ырза.  
Кедейшілік кісіге нәсіп қылса,  
Кесір, қырсық жолай ма, ден сау тұрса.

Қыз бойжетсе, тіл алмай мау тартады.  
Өз әкесін өзіне жау тартады.  
Екі көзі далада алағызып,  
Үйді айналып, үзік-жіп, бау тартады.

\*\*\*

Кебекбай үйі күзгі қорада отырғанда мынадай бір оқиға болады. Түн ортасында иттер арсылдап жүрген соң Кебекең далаға шықса, екі көкжал қасқыр бос қорадан түк таппай арсаландап жүреді. Ертеңгі ас үстінде ол ауылдастарына:

«Жеті күн елден, жеті күн жерден» күнелткен қасқырлар қорама келіп мал таппағанына бір ұялдымау, – депті.

Тыңдап отырған ағайындары: «Сіз қасқырдан ұялсаңыз, біз сізден ұялдық», – деп, қырық-елу қой жиып беріпті...

Бір жолы мың қойы бар Қапшағай деген туысы:

– Кебеке-ау, қораң бос тұрмасын, менен жүз қой ал! – депті. Сонда Кебекбай:

– Ау, Қапшағайым, сені бай, мені кедей қылған бір құдайым. Жүз қой бергенің дұрыс қой, біз өлеміз, кейін балаларымыз дауласып жүрсе, көрде тек жазқызбайды ғой оның, – депті.

Сабан деген кісі тақпақшыл, күлдіргі адам екен. Өзі кедей, жалғыз түйесі болады. Қайда жүрсе де сол жалғыз түйесін мініп жүреді.

Бір жолы Кебекбай өзінің жолдастарымен Қарабай батырдың аулына келе жатса, алдынан түйесін бүлкілдетіп бір кісі желіп шыға келеді. Қараса, Сабан қу екен. Кебекбай оны тани кетіп:

– Ау, Сабаным, қайдан келесің? – дейді. Ол:

Кебеке-ау, Ақсай бардым,  
Астық сұрап қақсай бардым.  
Ағайындардан екі қап бидай алдым,  
Бидайын берсе де, қимай алдым.  
Біреуінен ананы алдым,  
Біреуінен мынаны алдым –

деп қолындағы қаршығасын қозғап қалғанда, құс қанатын қағып, жалп етеді. Осы кезде Кебекеңнің аты жалт беріп, өзі аттан жығылып қалады. Жолдастары да Сабан да сасқалақтап аттан түсіп, Кебекеңді тұрғызып, үстін қағып-сілкіп, қайтадан атына мінгізеді.

Сабан қу тағы да :

– Кебеке-ау, сіз мені боқтай жаздадыңыз-ау,  
Айдалада мен сізді жоқтай жаздадым-ау, –

дегенде, Кебекең күліп: «Құдай сақтады, Сабаным», – депті.

Сабан тағы да:

Түйесі бар кісі желіп жүреді,  
Алыстағыны көріп жүреді.  
Түйелі кісі көшіп жүреді,  
Әр нәрсені есіп жүреді.  
Атты кісі жығылып жүреді,  
Сабан өстіп құбылып жүреді, –

дегенде, Кебекең қарқылдап күліп:

– Жарайсың, Сабаным, жарайсың! Әлгі тарының ұшығын базарға сатардағы айтқаныңды айтшы? – дейді.  
Сабан термелей жөнелді:

– Менің тарым қонақ тары,  
Қопаға айдаған сопақ тары.  
Қанша артсаң да ауыр болмайды,  
Артқан түйең жауыр болмайды,  
Су түбіне батпайды,  
Желге шыдап жатпайды.  
Мұндай тарысын ешкім де  
Арзан пұлға сатпайды.

Кебекең көзінен жасы аққанша күледі,  
– Ау, Сабаным, Сарбас ақынға не дедің? Енді соны  
айтшы деді.

Сабан:

Сарбас деген ақыным, қайтыс бопты қатының,  
Тағы қатын әперер, Сұлтанкелді жақының.  
Домбыранды ала бар, айқайынды сала бар!

Анау елдің астында, Матай менен Шала бар,  
Олжабай мен Бектембай, аты жүйрік ала бар.

Кебекбай жол жүруді ұмытып:

– Сабаным-ау, Қожамжардың соқыр бәйбішесі  
өлгенде не деп жыладың, соны айтшы? Аттан жыққан  
айыбынды кешейін, – депті.

Сабан тағы да:

Түйемен келдім елпілдеп,  
Көзден жасым мөлтілдеп.  
Қайда кеттің соқыр шешем?  
Төңірегін қоқыр шешем.

Бай тап десе, бай тапқан шешем,  
Би тап десе, би тапқан шешем.  
Белдеу ұстап ұл тапқан шешем.  
Арқанға асылып қыз тапқан шешем,  
Қайда кеттің береке шешем?  
Ел жұртыңа өнеге шешем, –

депті. Сабан сөзіне әбден риза болған Кебекбай оған: «рақмет» деп жүріп кетті, – дейді.

\*\*\*

Малы жоғалғандар Кебекбайдан келіп ақыл сұрайды екен. Кебекбай оларға жөн сілтесе, олар жоғын тауып ала беретін болады. Бір жолы екі түйесі жоғалған кісі келіп:

– Ұры алғанына сегіз күн болды,– десе, Кебеккең ойлап отырып:

– Бұл түйеңді Күнту алыпты, – дейді.

Әлгі кісі салып отырып Күнтуға барса:

– Алғаным рас еді, саған мұны Кебекбай айтты-ау деп, екі түйесін қайтарып беріпті.

Кебекбайды көрген адамдар ешбір міні жоқ кісі еді. Өзі мақтанбайтын, ашуы жоқ, сөз тапқыш, әділетті шешен, желікпе, желпілдеуді білмейтін, аузынан боқтау, лас сөз шықпайтын, дастарқанды, меймандос, кең пейіл, берекелі адам еді дейді ел.

Ол үнемі:

Асыл менен жасықтың –  
Аспан жердей арасы.

Әр алуан адамның  
Әр түрлі екен бағасы.  
Көргеніңнен көп екен көрмегенің,  
Талай қызық көресің өлмегенің, –

деп нақыл айтып отырады екен.

\*\*\*

Кебекбай ауылдан шығып біраз жер жүрген соң: «Ал, атталай», – деп біраз шауып алады екен. Ол шапқан соң қасындағылардың бәрі де шабады. Аттардың танауы желпілдеп, желігіп қалады.

Кебеке-ау, бұл қалай? – деп сұрағанға ол кісі: «Бұл атталайы» деген болады. Бәйгеге ат қосарда, дауға аттанарда, ат құлағын көтеріп, қолтығын жіпсітіп алар болар, бұл Қосайдан қалған әдет», – дейді екен.

Кебекбай солай десе де, Қасқарау «Кебекбайдың атталайы», «Кебекбай жолы», «Кебекбай ұраны», «Кебекбай сөзі» деп айтады.

\*\*\*

Бірде Кебекең көштің алды Ырғайты өзенінің сағасына жеткенде: «Көшті тоқтатындар!» – деп дауыстапты. Құлаққа ұрған танадай көш тұрып қалады. Жұрт бірінен бірі көшті неге тоқтатты деп сұрап жатыр. Боз жорға аттың басын тартып, Кебекбай төмен қарап мүлгіп тұр екен. Алатау аңғарынан аңқылдап соққан желдей болып құлаққа бір күй сарыны кеп тұрады. Күй кейде санқылдап, кейде қаздай қалықтап, кейде талып естіледі. Сөйтсе, Шоқпар тастың басына шығып алып Байсерке ертемен «Ұран күйді» тартқан екен. Қарсы алдындағы тау жақтан келіп тұрған күйді естіп, Кебекең көшті тоқтатқан екен.

Ол басын төмен салып тыңдап тұрады. Күй бітеді. Көш жүреді. Кебекең көзін сүртіп жылап келеді.

\*\*\*

Кебекең 87 жасында Мәтібұлақ басындағы баласының қыстауына келіп, шай ішіп отырады. Келіндері ет асып жатқанда, ол қайта-қайта үйдің шаңырағына қарап: «Түндікті жабыңдар, тамақтарыңды тездетіңдер» дей береді. Ет пісіп Кебекеңнің алдына қойылады. Ол балаларына, немере, келіндеріне: «Кәне менің қолымнан ет асаңдар!» – деп өзі бір алыстан келгендей, не бір алыс сапарға жол жүретіндей етті бәріне асатып, қалғанын өзі құмарта жеп болып, батасын береді: «Қош болыңдар! Ал енді мені тез үйге апарып тастаңдар», – дейді. Балалары әкесін үйіне апарады. Төсегіне отыра бергенде, – ауырмай-сырқамай, сөйлеп отырып жөнөп кетеді.

Кебекең өлгенде ақындар тұс-тұсына келіп, жоқтау айтқан деседі. Соның есте қалғандары мынау еді:

*Атақты Әмір ақын:*

Ұры түссе қораға,  
Кебекеңді табушы ек.  
Екі кісі ұрысса,  
Кебекең еді мекеміз.  
Енді қайда кетеміз?

*Сарбас ақын:*

Ардақты ағам Кебекем,  
Алыс жақын демеген.  
Төрт дулатқа тірегім,  
Түстің жерге жүрегім.  
Қалмаушы едім қасыңнан,  
Жалғыз қайтіп жүрермін?



Жан серігім, Кебеке-ау,  
Ақыретте көрермін.

*Сүйінбай ақын:*

Жер сұлтаны Сұлутөр,  
Туа бермес сендей ер.  
Кебекемді жалмады,  
Қойны толмас қара жер.  
Әділетті, әулие,  
Қайран құрбым кемеңгер.  
Кеп жатыр ел-жұрт сабылып,  
Кебекеңді сағынып.  
Қасқараудың баласы,  
Ноғайбайға бағынып.  
Айтқан жерден табынып,  
Иманды бол Кебекбай,  
Торқалы бол демек бар.

*Қырғыз ақыны Тоқтағұл:*

Кебекбай елге тең едің,  
Ақылың дархан кең едің.  
Қазақ қырғыз бас қосса,  
Айтқан сөзің ем едің.  
Қайран, әділ Кебеке,  
Ақыретке жөнедің.

*Ел-жұрттың дауыс қосқаны:*

Ұйықтамадың ел үшін,  
Бүтіндемей жең үшін.  
Мал жимадың өзіңе,

Сеніп әділ сөзіңе,  
Жүре бердің көп үшін.  
Дәл он сегіз жасыңда,  
Үш қосайдың басыңда,  
Анатайдай батырды,  
Байлап алдың асуда.  
Нашарлармен дос болған,  
Кедейлермен қос болған.  
Ер атам атқа мінген соң,  
Елімнің мойны бос болған.  
Ауызды ата, ер ата,  
Елдің қамын жер ата.  
Ертелі кеш жоқтасақ,  
Келер ме едің бек ата.  
Өз Төленің інісі ең  
Үлгі алған сөз бағып.  
Талайымен таластың  
Жақсыменен жанастың  
Қалған жоқсың жан бағып.  
Жалғыз жүріп жол таппай,  
Көппен жүріп адастың.  
Әркімге қолқа салмаған,  
Арам олжа алмаған.  
Қайдағы нашар паналап,  
Қасыңыздан қалмаған.  
Ел намысын сатпаған,  
Жаудан, даудан қорғауға,  
Белін шешіп жатпаған.  
Қысылғанда сөз тапқан,  
Адасқанда жол тапқан.  
Жолдас болсын иманы,  
Нұр құйылып оң жақтан

Қайран да асыл ер атам,  
Ақылы асқан кең атам...

*(«Даланың дара ділмарлары» кітабынан)*

## КЕБЕКБАЙ МЕН НОҒАЙБАЙ

*Несіпбек ДӘУТАЙҰЛЫ, жазушы,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
«Алаш» әдеби сыйлығының иегері*

Әрбір құбылыстар сияқты шешендік өнер де туа бітетін қасиет. Кестелі тілдің өн бойында ақыл-парасат, таным, жүйрік ой, ар-намыс жатыр. Онсыз жалғыз ауыз сөзбен жалпақ жұртты бері қаратып, тоқтам айту, жөн-жосықта мойындату мүмкін емес. Ал бұлай ете алған адамдарды қазақ «би» деп атаған.

Орайы келгенде айта кетейік, осы күні соттарды – «би» деп атап, жаза басып, жаңылысу бар. Сот деген ұғым би деген ұғымның жанында әлдеқайда аласа, тіпті шеніне жолай алмайды. Қазақ биі әділ төрелік қана айтып қоймаған, ел мен халық тағдырын шешетін қоғамдық-саяси қайраткер дәрежесінде болған. Би сан-салалы қызметтерді қатар атқара отырып, қалыптасқан жағдайға байланысты кей жағдайда билікті өзі дара иеленіп те кеткен. Ұлы жүздің Жолбарыс ханы өлген соң Төле би 8 жыл хандық дәрежеде елді биледі. Демек, би дегеніңіз биліктің құзыр шыңына, кейде оның ұшар басына шығып, халықтың сүйеніші, есі мен қастері болған. Оны әкеліп

бүгінгінің сотына теңеу – әбестік. Сот деген қазақша – қазы ғой. Нақты бір қылмысты іске немесе екі жақты айтысқа қазылығын айтады. Болған-біткені сол.

Сонымен, шешендік – туа бітетін қасиет, өнер. Сол арқылы билік құру дәстүрі. Әз Жәнібек ханның, Жиренше шешеннің тұсында кеңі өрбіп, Әз Тәуке кезінде шырқап шыққаны әмбеге аян. Төле, Қазыбек, Әйтекенің тарих сахнасына солай келген жері осы Тәукенің кезінде. Содан бері қараған жерде, қызыл империяға дейін қазақ қоғамында билер салған әділ жолдың сан алуан өнегесі жасалды. Әйтсе де, бидің де биі болды. 1993 жылы «Жалын» баспасынан би-шешендер энциклопедиясы іспеттес XII–XIX ғасырларда, яғни Шыңғыс ханның бас уәзірі болған үйсін Майқы биден бері қарай ғұмыр кешкен қазақтың мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік елуден астам би-шешендері туралы кітап шықты. Солардың ішінде Жамбыл облысының Қордай жерінде туып өмір сүрген Кебекбай мен Ноғайбай шешендер де бар.

Бұл екі шешен де Дулат, оның ішінде, Жаныс (Төле биге туыс), Жаныс ішінде Қасқарау, Кебекбай Қасқараудың Оразынан (Кененге жақын), Ноғайбай Бұқарынан туған. Кезегімен екеуі де Қасқарау еліне би болған. Ноғайбай Кебекбайды өмір бақи аға, ұстаз тұтып, қадірлеп, сыйлап өткен. Осыдан кейін екі биді бөлектеп, екі бөлек әңгіме айту әділетсіздік болар еді.

Дүниеге 1821 жылы келген Кебекбай өзінің терең ақылы, ой-парасаты, әділдігі мен адалдығы арқылы жұртына жастай сыйлы болған асқан ділмәр. Оның бұл қасиеті жәй халық қана емес, өз заманындағы Жетісу өңірін жайлаған небір сұңғыла би-шешендер де жоғары бағалаған.

Жалайыр мен Матай елі Алтынемелге таласып, ұрыс болғанда екі жақтан барлығы 7 адам мерт болып

кетеді. О кезде Жалайырды Тезек төре билеп тұрған. Бір кісі артық өліп, есесі кетіп бара жатқан Тезек миятқа Алатау баурайы мен Шу бойындағы Бәйдібек балаларына адам шаптырады. Сонда мұндағы төбе билер бас қосып: Ағайын канша қырқысқанмен аяғы бітімге келеді, сондықтан жауласпай татуласу керек, ал татуластыруға кімді жібереміз?», – деген сөз қозғалады. Әр ру өкілдері өз билерін атай бастайды. Шоман би, Дәуітәлі би, Қарабай батыр, Сұраншы батыр, Сары би...

Сонда бір дана қарт: «Оу, ағайын, дауға Сикымның Шоман биі баратындай Алтын Емел түйенің қом-шомын істеп жатқан жер емес қой, Сәмбеттің Дәуітәлі биі (өте семіз кісі екен) ыңыранып арбамен сонау жер түбіне жеткенше ел тарап кетпей ме? Жаныстың Қарабай батыры баратын о жақта қаптап жатқан жау жоқ, Шапырашты Сұраншыны айтасындар, бұл дауға керегі ақ білектің күші, ақ найзаның ұшы емес. Сары үйсіннің Сары биі баратын Жалайыр мен Матайдың қыз-келіншіктері өлең айтысып жатыр дейсіндер ме? Бұған ауыздыға сөз бермейтін өте шешен адам керек. Аз ата ыстыны ешқайсың айтпайсың, дауға Ысты Бөлтірік барсын, оған Қасқарау Кебекбай серік болсын, Байғозы қастарына еріп жүрсін», – депті...

Дана қарт, сірә, Кебекбайдың сирек шешендігімен қоса, Алтын Емелді бір кезде Қасқараудың да жайлағанын, ал бұл дауласу кезінде бір қажетке жарап кетерін де еске алған. Расында да, Кебекбай өмірге келмей тұрып Алтын Емел Қасқараулар қонысы еді. Соның нақты дәлелі – Алағай әулиенің тас қорған-мазары. Ол күні бүгінге дейін тұр.

Қасқараудың Ораз, Бұқар, Елтүзер дейтін үш ұлы болған. Ораздан – Сұлтанкелді, Бөкен. Алағай әулие сол Сұлтанкелдінің немересі Есебайдың бәйбішесінен, Кебекбай – Бөкеннен.

Сөз арасында айта кетейік, Сұлтанкелді мен Бөкеннен тараған ұрпақ қазіргі Кенен ауылы мен Отар станциясында тұрады. Осы жолдардың авторы Алағай әулиенің ұлы Жұмабай әулиенің төртінші ұрпағы.

Сөйтіп, жолға Бөлтірік пен Кебекбай, оларға ілесіп Байғозы шығады. Бәйдібек балалары үшін бұл үлкен сый еді. Себебі, Матайға мият болып анау-мынау емес, арғынның ақиықтары – атақты Құнанбай, Құсбек төре, Тәнеке билер келіп жатқан. Жөн білетін тектілер емес пе, Құнанбайлар «Ұлы жүз – аға баласы» деп Бөлтіріктерге келіп сәлем береді әрі сөз кезегіне де таласпайды. Сонда сөйлейді ғой Бөлтірік: Ықылым заманнан кімдер келіп, кімдер кетпеген бұл Алтынемелден. Әрі-беріден соң алтының – қазақша, «емелің» қалмақ сөзі емес пе, олардан кейін хакас дегендер ат суарған, он екі баулы ноғайлы да жайлаған. Анау тас молда кімдікі? Қасқарау Есебайдың бәйбішесі Алағай әулиенікі екенін Жалайыр сен де, Матай сен де білесің. Білетінің – Найман жігіттерінің мұрнына самал түсір зар илегенде, сиыр сүгімен оны емдеп жазған сол Алағай әулие. Ендеше, Алтын Емел Жаныс-Қасқарауға да қоныс болған».

– Сонымен жер кімдікі? – деп сұрапты Тәнеке би.

– Тас молда белгісі бар Алтынемел – Жалайырдікі. Жер туралы билігім сол, – дейді Бөлтірік. Бұған мақұл болған Құнанбай жағы:

– Енді Бөлтеке, өлген жеті адамның құнын айтыңыз, – депті.

Бөлтірік қасында отырған Кебекбайға иек қағады.

– Қара халықтың бірлігі болса, шешеннің билігі болса, ердің құны – екі-ақ ауыз сөз, – дейді сонда Кебекең. – Судың түбін шым бекітеді, құнның түбін қыз бекітеді...

Осы уәжде бәрі тоқтайды. Матай Жалайырға қалыңсыз қыз беріп, жауласқалы отырған екі ел құда-жекжатқа айналып, төс түйістіріп, құшаққа құшақ жайылып бітім табады.

Даудан абыроймен оралған Кебекбайдың даңқы бұрыңғыдан да арта түседі. Осыдан көп ұзамай ол Қасқарау еліне би болып сайланады. Бұл бір өзі алмағайып заман еді. Филология ғалымдарының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбайұлының XIX ғасырдағы демократияшыл көзқарастағы (профессор И.Березин секілді) озық ойлы орыс оқымыстыларының Қоқан, Хиуа хандарының қазақтарға көрсеткен зорлық-зомбылықтарын әңгімелейтін Петербург, Қазан, Орынбор қалаларында басып шығарған әдеби еңбектеріне сүйене отырып, нақтылаған деректері бойынша, қоқандықтар әлі Ресей патшалығына бағына қоймаған Жетісу өңіріне қандыбайлақ әскерін қаптатаып жібереді. Тұтқиылдан келіп, бейбіт қазақты аяусыз қырып-жойған бұл басқыншылар одан әрі қазақтың оңтүстігінде жер бауырлап жатып алып, түрлі алым-салығымен халықты сүліктей сорады. Ал, Қоқанның Құдияр ханының оң мыңдаған әскері Шуды кешіп өтіп, Қордай асады. Сөйтіп, Қасқарауға кенеттен шабуыл жасайды. Отар даласының тау бөктеріне жалғасар тұсындағы Сарыкемер деген жерде басталған шайқас Аңырақай жазығындағы кескілескен ұрысқа айналады. Бұл осы далада жоңғар басқыншыларымен тура бір ғасыр 12 жылдан кейінгі екінші ерен соғыс еді: Қасқарау, Тілеуқабыл руларының басына түскен зобаланды естіп исі Дулаттын найза шаншырлары, Сұраншы батыр бастаған Шапырашты сарбаздары жетеді.

*Құдияр хан салған қанды лаңды Жамбыл:*

Колпаков пен Черняев,

Жетісуға жеткенде,

Құдияр хан қағынды.

Қордайдан асқан көп әскер,

Теріскейге ағылды.

Тілеуқабыл, Қасқарау,

Сарыкемерде шабылды.

Беткейде жатқан көп дулат

Бүлінді де жарылды, – деп жазылған.

Қазақтар жауды Аңырақай жазығына өткізіп жіберді.

Бұл баяғы жоңғар басқыншыларымен болған ұлы шайқастан қалған тәсіл еді. Себебі, Аңырақай жазығы–ағын суы аз, оның өзі ащы, күн ыстығына қақталған қара дала. Арғы бетіндегі Соран тауы, Көктөбе, Ақдолы, Бозайғыр, Бесқауға, Қарасай, Қошқар сайы, Сарықамыс, Тымпайы, Жарбастау сияқты жыра-жақпал, қолаттардың да көбісінің суы ішуге келмейтін тым ащы болатын. Ал өздері Отар даласын жағалай, сонау Хан тауына жететін биігі Құлжабасы мен Қушоқы, кез келген сайы ағын су мен бұлақ бұйраттарына бекінеді. Біздің заманымызда қазіргі Қарасай батыр атындағы дифизияның кеңсе дәуірі кезінен осы бұйраттарды бақылау пункттеріне айналдыруы да оның қорғанысқа да, шабуылға да лайықтылығынан.

Аңырақайдың қара даласы – Қараойға иіріліп, өздерінің де, аттарының да тілдері ауыздарына сыймай, берекесі кеткен қалың жауды Дулаттың ержүрек сарбаздары мен Сұраншы батыр бастаған Шапырашты қолы тас-талқан етеді. Осы майданның бел ортасында, әрине, Кебекбай да жүрді, Қасқарауды билеп тұрған адамның Қасқарауды жау шапқанда шетте қалуы мүмкін емес.



Кебекбайдың Кудияр қолын талқандаудағы елді ерлікке жұмылдыру рөлінің айырықша бір дәлелі – осы жеңілістерінен кейін қоқандықтар оның ізіне шам алып түскен. Бішкек, Тоқмақта отырған ұлықтары Кебекбайды ұстап, жазалау үшін жансыздарды жалдайды. Ақырында қапыда қолға түсіреді. Биді қырғыздың Ысқақ деген манабы ұстап берген.

Қоқан ұлықтары Кебекбайдың қол-аяғын кісендеп, зынданға тастайды. Заңдары – тұтқында осылай екі ай ұстап, сосын дарға асағын. Жаман хабар естіген Дулаттың игі жақсылары қарап жатпады. Қоқан ұлықтарымен келіссөз жүргізеді. Дүниеге құныққан ұлықтар 500 бесті сұрайды, Дулаттар олардың сұраған қыл құйрықтарын алдарына салып беріп, Кебекеңді құтқарып алады.

Жаудан жаны қалған Кебекбайды оның талай жөн-жосығын тыңдаған, сөзіне тоқтаған қырғыздың Төрегелді батыры арнайылап қонаққа шақырып, Шу өзенінен өтіп, алдынан шығып, еліне қошеметтеп алып жүргенде, сәулетті киінген бір шал топқа қосылмай, жанамалай желіп, пора-пора жылап келе жатты, дейді. «Бұл кім? Неге жылайды?» – деп сұрапты Кебекбай. «Бұл – қоқан ұлттарына сізді ұстап беріп, қара бет болған Ысқақ манап. Сіздің қол-аяғыңызды матап, апарып беріп үйіне келсе, жалғыз ұлы дөңбекшіп жатып өліп қалыпты», – дейді Төрегелді.

Кебекбай манапты шақырып алып, жұбату айтып, «кештім» депті және анау қол қусырып қонаққа шақырғанда барған, барып: «Балалы бол!» – деп батасын берген. Содан жыл өткенде Ысқақтың тоқалы ұл туыпты. Осыдан кейін қырғыздар «Кебекбай әулие» десіп кеткен.

Кек сақтамайтын, кешірімшіл Кебекең әділетсіздікке әсте төзбеген. Әділетті айтқаннан асқан батырлық

болмайды, дейді екен ол. Бірде өзінің де Бапан, Қарашапан, Жылкелді деген ұрылары бар Тезек төре мал ұрлаған бір үш жігітті ел көзінше дарға аспақ болды.

Онысын әлді, бақуаттылар қолдап, төреге қошемет көрсетіп, бас шұлғысып жатқанда бір тұстан Кебекбай:

– Тақсыр, Тезек төре, менің бір сұрағым бар, – депті.

– Сұра, – дейді Тезек.

– Сұрасам, су басынан тұна ма, аяғынан тұна ма?

– Әрине, басынан тұнады.

– Онда елдің төресі, басшысы бола тұра алдымен өзің ұрлық қылғызасың, дарға өзінді тарту керек, – дейді Кебекбай қаймықпастан.

Қалың жұрт дүркіреп: «Кебекбай дұрыс айтты», – десіп, үш жігітті босатып әкетеді. Тезек көпке топырақ шаша алмай, сұп-сұр болып отырып қалады. Осы оқиғадан кейін Кебекбай туралы жұрт арасында «Туысыңа болайын» деген сөз қалған.

Тарих – ұлы көш. Әртүрлі жағдайларға байланысты ол өзінің барлық асыл қазынасын бір сабақ жібiне дейiн түгел алып жүре алмайды. Оқтын-оқтын небiр алтынның сынықтары түсiп қалып, не емiс-емiс еске түсiп, не мүлде жоғалып кетедi. Қордайда ХIХ ғасырдың екiншi жартысында тағы бiр айрықша тұлға болған. Ол тақыр кедейдiң ұлы Еркебай едi. Ауыз әдебиетiнiң ең соңғы сүлейi әйгiлi Кененнiң Кенен болуына ең алғаш жол ашқан, жағдай жасаған, маңдайынан сипап, қолтығынан демеген, он алтыдағы бозбаланы тұңғыш айтысқа (Шәрипамен ) салған сол. Ал тұңғыш Еркебайды адам еткен – Кебекбай. Адам түгiлi жүйрiк болар жылқыны құлынынан танитын Кебекбай Еркебайдың болайын деп тұрғанын оның қаршадай кезiнен байқаған. Сөйтiп, баланы орыс оқуына жiбередi. Сауатын ашқан, өзi ақылды Еркебай Верный мен Тәшкен жолы бойындағы

қазіргі Кенен ауылымен тұспа-тұс Ешкіліде (кейін біздің заманымызда жол пайдалану пункті болды) бекет ұстады. Ол бекеттен пошта тасығандар ғана лау ауыстырмайтын, әрі-бері өткен орыс ұлықтары да жиі тоқтап, қазақтың да игі жақсылары ат шалдырар жері еді. Еркебайдың жосықтылығы, қайырымдылығы, орыс, қазаққа теңдей дипломатиясы оның атын шығарып, жұртына беделді етті. «Осының барлығы Кебекемнің арқасы» деп отырады екен өзі.

*Кебекбай қаза болғанда Сүйінбай:*

Жер сұлтаны – Сұлутөр,  
Туа бермес сендей ер,  
Кебекеңді жалмады,  
Қойны толмас қара жер.  
Әділетті, әулие,  
Қайран құрбым кемеңгер!..

*Қырғыздың атақты ақыны Тоқтағұл:*

Кебекбай елге тең едің,  
Ақылың асқан кеп едің,  
Қазақ-қырғыз бас қосса,  
Айтқан кебің ем еді.  
Қайран әділ, Кебеке,  
Ақыретке жөнелдің, – деп жоқтау айтқан.

Атақты Сарыбас. Әмір ақындар мен ел-жұрттың жоқтау жыры және бар.

*Ал енді Арқаның азулы ақыны Шәже:*

Кейбіреуі тілге жүйрік, бақ тимеген,  
Кейбіреудің бағы зор үндемеген.  
Қол бермегеннен таныдым Ноғайбайжан,  
Тізгінінен басқа ешбір дақ тимеген.

Құдайым бұл Шөженің көзін алған,  
Көзін алып көңіліне өлең салған.  
Арғы атаң арғымақтай Малдыбай би,  
Басындай Алатаудың бұлт шалған.  
Бар ма екен ер Ноғайбай сенде арман?  
Әселдей Байсейіттің қызын алған.  
Келіні Құнанбайдың Арғын деген,  
Атағыңды есітіп саған барған.  
Сен шықтың Қасқараудан Ноғайбай боп,  
Аруағың қалың орман тоғайдай боп,  
Қырық жылғы қырсыққан дауға барсаң,  
Бір сөзіңмен бітеді оңайдай боп...

Қырғыздың Тоқтағұлы: “Асыл туған Ноғайбай, Ноғайбай болмақ оңай ма-ай?” – деп жырға қосқан Ноғайбай кім және оның қазақ-қырғыздың ақиық ақындары әспеттеп жырға қосатын қоғамдағы рөлі қандай?

Ноғайбай шынжыр балақ, шұбар төс болмаса да, ел билеген әулеттен шыққан. Атасы Малдыбай да, әкесі Дәулетбақ та би болған. Туысынан текті Ноғайбайдың ерте ел ісіне араласуында мұның ықпалы аз болмаса керек. Ол билікке 15 жасынан талпынды.

Ноғайбайдың атқа мінген кезі оңтүстік қазақтарына бір жағынан орыс, бір жағынан қоқандықтар билік жүргізіп тұрған кезбен тұспа-тұс келді. Жұрт олардың қайғысына бағынарын білмей екі жарылып тұрған. Ноғайбайдың әкесі Дәулетбақ би әйтеуір ісі мұсылман ғой деп, кешегі көрген қорлықты айналып өтіп өзбектерге іш тартады. Алайда, Ноғайбай олай етпеді. Ел тыныштығы үшін екі жаққа да бағынған сыңай таныту саясатын ұстанды. Сөйтіп, орыстан шен-шекпен киіп (кейін орыс армиясының майоры шенін алған), өзбектен алтын сапты қылыш сыйлыққа алады. Екі жақтың да көзіне осылай

шел қапталған ақылды Ноғайбай қысыл-таян қыл көпір шақта ел-жұртын орысқа да, өзбекке де қақтырмай-соқтырмай аман алып өте білді.

Ноғайбай Кебекбай секілді хат танымаған. Бірақ ол әрнені алыстан аңғарғыш, туысынан білімдар еді. Қоқан залымдарының түркі халықтарын бөлшектеудегі реакциялық ой-әрекетін байқап қойды. Сондықтан Кенесары ханның қапыда мерт болуынан кейін біраз суысып қалған қырғыз ағайынмен баяғыдағы татулықты қайта орнатуды ойлайды. Сонда кіммен және кім арқылы? Ноқан қырғыздың Сауранбай, Алақұдыс, Құрыш, Шолпанқұл, Шоқа сияқты әйгілі манаптары, Бәйтік секілді батыры (кейін мұнымен құда болған) ішінен Шабданды таңдайды.

Қырғыздың қоқаннан да, кейін орыстан да үлкен лауазым, шен алған шоң манабымен анау-мынау казак терезесі тең сөйлесуді айтасыз, шеніне жуу мүмкін емес еді. Екеуі алғаш рет Піспек базарында кездеседі. Шабдан жұртқа қарап сөз бастайды. Бірақ тым көп сөйлеп кетсе керек, сонда Ноғайбай: «Көп сөз көбік, аз сөз – ақыл», – деп, Шабданды тоқтатып тастап, хан базарда ат үстінде бүкіл жұртты аузына қаратады.

Ноғайбаймен жақындасу патша өкіметі арқасын берген саясаткер Шабданға сол арқылы орысқа қатысты шаруаларын реттеу үшін де керек болған. Мысалы, Піспек оязының бастығын ұрған Шолпанқұл манап Сібірге айдалатын болғанда, Жетісу губернаторына (1863-83 жылдары Шу бойындағы қырғыздар Түркістан генерал-губернаторлығының Жетісу облысына қараған) Шабдан Ноғайбайды салады. Бір жағынан қандасын құтқаруды ойласа, екінші жағынан Ноғайбайдың орыс алдындағы

беделіне көзін жеткізбек болады. Ноқан Шолпанқұл манапты құтқарып береді. Құтқару қағазы қолына тиген Шабдан айналасындағыларға: «Бір шындықты біліп жүріңдер, менің шенім үлкен болғанымен Ноғайбайдың бағы зор»,– депті.

Қоқан, Хиуа хандықтары мен орыс патша өкіметінің басқыншылық саясатын ерте танып қалыптасқан Ноғайбай да, Шабдан да өз жұрттарын аман сақтау бір жағынан қазақ-қырғыздың ынтымағына байланысты екенін жақсы түсінген, әрі соған қажетті әрекеттер жасаған. Қыз алысып, қыз беріскен. Ноғайбайдың қырғыз Бәйтік батырмен құда болатын жері осы тұс.

Көзқарастың бірлігі, туа білімдарлық екі тұлғаны бірдей прогреске жетеледі. Ноғайбай да, Шабдан да қазақ-қырғыздың оқуы керектігін түсінді. Сөйтіп, Шабдан он тоғызыншы ғасырдың аяқ кезінде үлкен медресе, ал Ноғайбай Сұлутөрде мектеп салдырады.

Қазақ пен қырғыздың бұл біртуар текті азаматтары өмір бойы бір-бірін сыйлап, әрі сынап өткен. Ең бастысы, Ноғайбай мен Шабдан атқа мінген ХІХ ғасырдың екінші жартысында Шу өзенін тел емген туыс жұрттар ынтымақ-бірлікке жетті.

Ал енді осы бір-бірінен өзгешелігі қандай еді? Қоқан, орыс әскерлері соғыстарына қатысып, қан көрген полковник Шабдан кейде қылышқа жақын болған. ХІХ ғасырдың сексенінші жылдары Піспек, Тоқмаққа Қытайдан дүнгендердің алғашқы босқындары қашып-пысып келгенде: «Мыналардың көзі тым қысық, төбелері шошақ екен, бір түнде қырып тастасам қайтеді»,– депті. Сонда Ноғайбай: «Мұсылман екен, обал, сауабын қайтесің. Қызғанып тұрғаның жер болса, бір бөлігін бізге жібер»,–

деп дүнгендерге Шудың қазақ жақ жағалауындағы сұлу өңірді берген. Солар қазір Сортөбе, Масанчи, Булар батыр деген үш ауыл болып отыр.

Ноғайбай – обал-сауапқа көп қараған, ешқашан қиянат жасамаған, басынып, басқыншылық көрсетпеген әрі баюды мақсат етпеген адам. Таза, әдемі киініп, сәулетті жүруді қалады. Жұртын соған икемдеді, өзі Верный, Піспек, Ташкент қалаларынан көріп жүрген мәдениетке ден қойды. Тоғыз әйелінің бірі – өзбектен, бірі – қырғыздан, ал келіндерінің арасында орыс қыздарының да болғаны, 18 түтін орыс үйелменін Сұлутөрге көшіріп келгені де сондықтан. Өзі хат танымаған ол қарамағындағы жұрт баласының оқып, жаза алуын көкседі.

Ноғайбайдың біліктілігі, ерен шешендегі, Шу бойындағы қырғыздарға зор ықпалы орыс пен қоқан ұлықтарына тең жасап отырған амал-айласы сонау Сарыарқаға дейін жайылған. Атақты Шөже ақынның әдейілеп іздеп келуі соған дәлел.

Сұлутөрге Абайдың келуі ше? Бұл жайлы, әрине, екіұдай пікір бар. Абай дуанбасының ұлы, он үш жасынан билікке араласқан, небір дуалы ауызды, көп шешендерді көрген, «өлеңінің бірі жамау, бірі құрау» деп әйгілі Бұқар жыраудың өзін талай жерге апарып тастаған данышпан Абайға қанша атақты болса да ана би, мына шешеннің таң болмағаны ақиқат. Алайда, Абайдың Сұлутөрге келуіне дәлел бола алатын – Ақмай. Қасқарау балалары «Арғын апа» атап кеткен Ақмай – Абайдың туған келіні еді. Ол Құдайбердінің ұлы Әмірдің әйелі болған. Әмір көкірек ауруынан отызға жетпей көз жұмып, жесір қалған Ақмай: «Алса Абайдың өзіне тиемін, болмаса өзгесі дәмеленбесін»,– деп кесіп айтады да, Алматыда тұратын Мірқасым деген жездесінің үйіне келеді. Бұл

үйге Ноғайбай да келіп тұрған. Міне, екеуі осы жерде танысып, бас қосқан. Арада біраз жылдардан соң Жетісуға әртүрлі билік іспен Құнанбай, Құспек төре, Айдабол, Алшынбай, Тайкелтір билер ізімен Абай да келіп, сол Мірқасым мен Құнанбайдың жиені – Әпсеметтің үйлеріне тоқтайды.

Бұл кезде Ноғайбай Шабданның өтініп сұрауы бойынша Шолпанқұл манапты Сібірден құтқарып қалу үшін Алматыда генерал-губернаторға жолыққалы келіп жатқан. Жанында Шабдан, Сарыбас ақын, қырғыздың ыршысы Қалмырза болған.

Абайдың Алматыда, өз үйінде екенін Ноғайбайға Мірқасым хабарлайды. Ақмайды алғалы тобықтының тарихын, Абайдың кім екенін жақсы біліп алған Ноқан онымен барып танысып, үлкен сый-құрмет көрсете отырып Сұлутөрге қонаққа шақырады.

Бірақ оған Абай елпілдей қоймаған. Жер шалғай екен, одан да Ақмайды осында алдырсаңыз, есендесіп, көріп қайтайын дегенде, Сарбас ақын:

Арғы атаң Өскенбай мен Құнанбайды,  
Тобықты «Ырғызбайлап» ұрандайды...  
Туғызған кемеңгер ғып бұл Абайды,  
Ноқанды көрген шақта жесіріңіз,  
Айналып аққу қаздай шыға алмайды.  
Шалатұғын палуандай сөзі әрлі,  
Абайжан көңілің қалай бұрандайды?  
Бармаған шақырғанға зар болады,  
Құрметпен барған қонақ ұялмайды, –

деп төгіп жібергенде, Абай күліп: «барайын»,– депті. Сонда екі аптадай Сұлутөрте Ноғайбаймен жата-жастана



әңгімелескен, Қасқарау жұртының тұрмысы, пейілін көрген Абай кетерінде қоштасып тұрып, былай деп тақпақтап жіберген дейді:

Алатау асқар бел екен,  
Үйсін атты ел екен.  
Етек-жеңі кең екен,  
Алма-жеміс көп екен.  
Сұлутөр құтты жер екен,  
Қойны толы мал екен.  
Қоңыр желі Қордайдың  
Дертке шипа ем екен.  
Елден елдің кемі жоқ –  
Қасқараудың көлемі  
Тобықтыдай кең екен.  
Ерден ердің кемі жоқ  
Ноғайбай да ер екен.  
Бақытты бопсың, Ақмайым,  
Келген жерің құт екен.  
Артық деп те кетер ем  
Ел намысы дер екен.  
Қош сау болғын ер, Ноқа,  
Кіре берсін берекең!

Егер Абай Сұлутөрге келмесе, бұл өлеңді кім шығарып жүр? Бәлкім, Абайдың Сұлутөрге келуін, ұлы Абайды жесірінің артынан барған деуге қимай, намыс көретін шығармыз. Ал, Абайдың келуі, тіпті де Ақмай үшін емес, мәселе Ноғайбайдай көкірегі ояу, көсем сөз, прогресшіл, қалай салсаң солай өтіп тұрған ерекше тұлғаның ел-жұртын көруде жатқан шығар.

Шабданның «Ноғайбайдың бағы зор» дегені оның тектілігін таныды. Балалары Бақтияр, Кейкі, Төбей,

Майқы, Бабыралы болып келіп, Бәйдібектен тараған жерде Шоған би, Төле би, Досай би, Есей би, Белтірік шешен, Тілеміс шешен, Қылышбай шешен, Кебекбай шешен, Байзақ датқа, Сапақ датқаның ізін қуған, солар салған адал, әділ жолдан айнымаған Ноғайбай – білгенге қазақтың шешендік өнерінің ең соңғы сұлейі. Оны ана аймақ, мына аймақта болған, сол аймақтағы дау-дамайды шешуден алысқа ұзап кете алмаған шешен, билермен салыстыруға болмайды. Ноғайбай шешен – өз қоғамының ел аузындағы ерекше саяси қайраткері.

Осының барлығынан келіп туатын ой: Қордайдың Кебекбай, Ноғайбай сияқты шешен қайраткер тұлғаларына халық көп жүретін жерге арнап ескерткіш қою. Қойғанда, екеуін екі бөлмей, бірге жасау. Ондай орын Ташкент–Алматы жолының бойындағы Отар жол қиылысында менмұндалап-ақ тұр. Рас, екі шешеннің де басына күмбез тұрғызылған. Кебекбайға Ораз балалары өз қаржыларымен тұрғызды. Осы биыл Қордай ауданының әкімі Құрманғали Уәлі мырза өзі басы-қасында жүріп, Ноғайбай басына да жұрт қаржысымен күмбез салынды. Күзге қарай (қолда 800 мың теңгедей қаржы бар) күмбездің айналасы түбегейлі ретке келтіріледі. Алайда, екі шешеннің күмбездері көзден тасалау. Ал енді Кебекбай, Ноғайбайдың жаңағы біз айтқан жерге ескерткіштері қойылса, жүргіншілерге, жалпы жұртқа ұлттық шешендік, қоғамдық қайраткерлік тарихты танытуға қосылған үлес болар еді.

*ЕСКЕРТУ: мақалада кейбір деректер  
«Қазақтың би-шешендері» кітабынан алынды.*

# НОҒАЙБАЙ ШЕШЕН

**Нысанбек ТӨРЕҚҰЛОВ**

Ноғайбай Дәулетбақұлы 1834 жылы туып, 1910 жылы қайтыс болған. Ноғайбай Ұлы жүз Дулат, Жаныс, Жарылқамыс, Бұхар, Қасқарау, Сырымбет аталардан. Әкесі Дәулетбақ, оның әкесі Малдыбай Жетісудағы қырғыз, қазақ жұртына ұран болған. Ноғайбай орта бойлы, өткір көзді, алғыр сөзді, өте ділмар шешен би еді. Ноғайбайсыз келелі кеңес, дау бітпеген. Адамның кара тілді, ақиық қыраны деп атанған кісі. Жетісу елінде Ноғайбайға сонау Семейден Абай келіпті деген сөз бар.

Ұлы жүз еліне орыстар-келе бастағанда Ноғайбай 15-тегі бала екен. Бұл кезде қырғыз-қазақтардың бір шетін Қоқан ханы билеп тұрады. Бишкек, Токмақ, Ташкентте, олардың ұлықтары отырды. Жұрт екі тарап болып, жартысы орысқа, жартысы Қоқанға қарамақ болады. Ноғайбай баланы ешкім елемеді. Әкесі Дәулетбақ Қасқарауды билейді. Елі мұсылман деп өзбекке тартады. Сонда Ноғайбай екі жақтың да ебін тауып, елді аман сақтап қалудың жолын ойлайды. Ол:

– Әкемді тастап орысқа келдім, бала болсам да, болыса келдім, – деп олардан шен-шекпен киеді. Қоқанның ұлығына барып:

– Кәпірді тастап, дін деп келдім, әкемді қостап сіз деп келдім, – деп алтын сапты қылыш алады. Осыдан былай қарай Ноғайбай шешен атанады.

Қырғыз Бәйтеке батыр той істеп қазақ-қырғызды шақырады. Тойға шақырылған адамдардың барлығы тойхана алып келетін салт бар ғой. Байлар тойхана сыйын бір-бірінен асырам деп, бір тоғыздан кем алып келмейді. Үйірлеп айғыр, қоралап қой, тоғыздатып түйе әкеліп жатады. Бұл – барлардың істейтіні. Ал, Ноғайбай сияқты жалғыз атты серілер не етеді? Ноғайбай мен Бәйтеке батыр құда екен. Ноғайбайда көп мал болмаған, тапқаны тамағына, жұтқаны жұмырына ғана болып, аттонды асыраса мініп, жақсы киініп жүретін.

Нұқаң ойланып бір амал табады. Малдыбай, Қонысбай деген бай елдің түйелері Ырғайтының даласында жайылып жататын. Ноғайбай түлеп шайырға семірген өркештері баладай түйеден жігіттеріне отыз түйе айдатып, тойханаға алып барады. Бәйтеке батыр тойына келе жатқандардың алдынан даяшы қойған екен. Ол даяшылар көбінесе ақындар болады. Кімнің қанша сый әкелгенін, кімнен кімнің асқанын сол даяшы ақындар өлеңмен жариялап тұрады. Сонда Тоқтағұл:

– Асып туған, Ноғайбай,  
Ноғайбай болмақ оңай ма-ай?  
Отыз түйе ап келді,  
Кешіктермей дөп келді.  
Бай-манаптар мақтанған,  
Қайтіп бұған шақ келді.  
Масқара болды байларын,  
Ноғайбайға бақ келді.  
Қазақстан асқан Ноғайбай,  
Батырға, міне, бап келді.  
Төрт түлік малдың төресін  
Келелеп бура сап келді.

Қырғыздар отыз түйені сарайға қамап, «атка коки, Ноғайбайдан асып тойхана алып келген қазақ-қырғыз жоқ» деп, шулап бозаға тойып жата береді.

Ноғайбай жігіттерге: «Таңға жақын қырғыздар ұйықтап жатқанда сарайдың аузын ашып тастаңдар, түйелер өрісіне кете берсін» депті. Таң атқанда қырғыздар қоқилап шауып: «Түйе жоқ, түйе жоқ» десіп қалады. «Кұдай ұрған Ноғайбай алдады», – деп, батыр, Бәйтеке:

– Ау Ноғайбай түйелеріңе кете бер деп үйретіп қойғансың ба? – депті.

Сонда Нұқан:

– Менің түйе, жылқым сендерге мәлім ғой, ағайыннан сұрап айдап келіп едім, қолына беріп, қораңа қамап берген түйеден айырыл деген мен бе? Жоқ, болмаса, сендердің малдарыңды бағып беретін мен малаймын ба? – депті. Уәжден жеңілген қырғыздар «бұл Ноғайбайды адам баласы жеңіп болмайды, ол біз тұрмақ шайтанды да женеді» – депті.

*(«Даланың дара ділмарлары» кітабынан)*

## НОҒАЙБАЙ МЕН ШАБДЕН

**Кенен ӘЗІРБАЕВ**

Ноғайбай мен қырғыз Шабден манап бірін-бірі сырттай естігені болмаса, кездеспеген екен. Жастары да қатар, аттары ел арасына жайылып қалған бұл екеуі Бішкек базарында кездесіп қалып, амандасады. Қастарындағы жолдастары екеуінің үлгілі істерін көруге құмарланып тұрады. Сонда Шабден көп сөйлеп кетеді. Ноғайбай оны «көп сөз көбік, аз сөз алтын» деп қағыта

келіп, тоқтатып тастайды да, өзі судай ағып, хан базардың ортасында ат үстінде жұртты аузына қаратып тұрады. Шабден «пәлі» деп қояды. Бір кезде Ноқаңның көзі Шабденнің астындағы атына түседі. Мойны оқтаудай, сауыры тақтайдай, тұла бойы қыздың тіккен кестесіндей теңбіл-теңбіл, қылыш құйрық, төрт аяғы да ала аяқ, құлағы тас төбесінде қамыстың қияғындай қасқа, шұбар ат басын шұлғып, көздің жауын алып барады. Ноғайбай сөзді Шабденге аударып: «Бір көрген біліс, екі көрген таныс» деген, мынау атыңа көзім түсіп, көңілім кетіп тұр», – депті. Шабден сөзге келмей аттан түсіп, ала ғой дейді. Бішкектің тәуір бір асханасында бәрі тамақтанып бірін-бірі құда доспыз демей-ақ, екі жақсы екі жаққа аттанып кетеді.

Тағы да бірде Шабден Алматыдағы жандаралға келіп, кешке қарай бір топ манаптармен аспазда қымыз ішіп отырғанда, үстіне Ноғайбай кіріп келеді. Оның артынан Алматыда дүкен ұстайтын Ысқақбай көпес келіп Шабденге сәлем береді де:

– Батыр Шабден, Алматыға бірінші келіп отырсыз, сол үшін мынау сізге сый-сияпат үш киімдік қытайдан алып келген асыл еді, – деп сыпайыгершілікпен қояды Ысқақбай. – Оның үстіне есікті көрмеп едіңіз, қонаққа шақыра келдім депті тағы да. Шабден басын иіп «рақмет» деп, қасындағы манаптарға бұрылады. Сол кезде Ноғайбай Шабденнің алдындағы жаңағы заттарды өзіне қарай тарта береді. Қырғыздар шу ете қалады. Сонда Ноғайбай:

– Ау, қырғыз туыстар, мұнша неге ұзақ қарғаша шуылдадыңдар? Қазаққа олжа келсе қырғызға байланады, қырғызға олжа келсе қазаққа байланады емес пе? Бұл кездеме пайғамбардың мәуті тоны дейсіз бе?» – депті. Шабден де: «Сөз-ақ екен, алсын-алсын», – деп отырып

калыпты. Сөйтіп, үш жүз сомдық асылды Ноғайбай алып кеткенде қырғыздың манаптары:

– Батыр-ау, қасыңызда еріп жүрген біз де құр қалдық-ау,– десіпті. Сонда Шабден:

– Өздеріңізге мәлім, қыздың қалың малына татитындай атымды ер-тұрманымен бердім, бір сөзге келмей бүгінгі асыл кездемелерді де бердім. Өйткені, Ноғайбай менің қадірлі замандас досым. Ол менің бірауыз сөзімді екі қылмайды. «Ердің көңілін сақта, лебізін сатпа» деген. Ноғайбай бір ғана қазақ емес қырғызға да әйгілі шешен кісі. Бұл Жетісудағы қазақтардың арасында Ноғайбайдан асатын адам баласы жоқтың қасы. Ол алғыс айтса атқан таңдай, қарғыс айтса қара түндей қылады. Менің шенім-шоң, Ноғайбайдың шешендігі – шоң – дейді.

Бір жолы қазақ-қырғыз бас қосқан үлкен той болады. Шабден қырық кісімен осы тойға келе жатып: – Ал, манаптар, Құдай қаласа, осы жолы Сұлутөрдегі Ноғайбайдың ауылына барамыз. Үйін де, елін де, жерін де көреміз дейді. Олар Табақтан өтіп Қарақоңырға қонады. Шабденнің қасында Қалмырза жыршысы, Мұратәлі күйшісі бар, қырық адамның отызы – манаптар, қалғандары ат қоспысы болады. Шабдендер елден ерекше сән-салтанат құрып, сырнайылатып келеді. Көк майса жайлауда қымыз ішіп, желігіп жатқан ел сырнай мен қобыз даусын тамашалап, батыр Шабденнің жүрісіне таңырқай қарайды. Сұлутөрдегі Ноғайбай аулына жақындағанда Шабден Ноғайбайға бір жігітті шаптырып жібереді. Ол жігіт төбеде отырған Ноғайбайға анадайдан аттан түсіп, қол қусырып сәлем береді.

– Иә, бала, қайдан келесің? – дегенде, жігіт:

– Батыр келе жатыр, сізге хабар айт деп жіберді,– дейді.

– Қанша кісі?

– Қырық кісі. Шабден батыр бастаған Сауранбай, Құрыш, Алақұдыс, шоқа тағы бірқатар манаптары бар. Ноғайбай айылын жиған да жоқ, өзінің әдеті бойынша ауылдың қасындағы көк майса төбеде жұпар аңқыған Сұлутөрдің шөбін иіскеп отыра берді. Сәлден соң ауылдан балаларын шақыртып алады.

– Қырғыздар қыр көрсетіп келе жатыр дейді. Онша елпеңдемей, аттарын қалмақша байлап, баяу амандасып отырыңдар. Осы жолы қазақтарды дауға да жығып, сынға да салғалы кеуделерін көтеріп келе жатқан көрінеді. Шабден тұрғанда жан бетіне қарамайды деп келе жатқан шығар. Сесі қайтсын, екпіні басылсын. Менің ыңғайыма қарай қимылдандар – деп қояды.

Шабден өзі батыр, өзі сақы, мырза, жомарт адам. Орта бойлы, бетінен қаны тамғандай қызыл шырайлы кісі екен. Екі иығында шені жарқырап қырық кісінің алдында келе жатады. Басқалары қаз-қатар ат құлағын теңестіріп келеді. Аттары ылғи жорға. Ақ қалпақ, жұқашапан киген, сырнайшасы нақ ортада сырнайылатып келеді. Олар қырда отырған адамдарға қарай тура жүреді.

Жігіттер алдарынан шығып, қолтықтап аттан түсіреді. Ноғайбай Шабденмен кұшақ жайып сәлемдеседі де, басқаларымен жай ғана амандасады. Олар амандасып, ел жағдайы, шаруа жайын сұрастырып, төбе басында біраз отырысып қалады. Шабденнің ойына еш нәрсе келмесе де, ат қағып шөлдеп келген манаптар жалтақтап ауыл жаққа қарай береді. Салтанатты ақ үйлерді, дүдегелі мамаағаштарды, байлаулы биелерді көріп ауыздары кеберсіп отыр. Ноғайбайды сыртта көретін екен, батырды тақыр жерге отырғызып қойды, сыйламады, «ку» дегені рас-ау деймін деп, шыдай алмай отырысты. Бір-екі сағаттай өткен соң Ноғайбай:



– Ал, батыр, сіз Әселге түсіңіз, жыршылар мен Сауранбай Ақмайға барсын, Ақырғайға Алақұс барсын, Күршібекке Құрыш барсын, Белқожаға Шолпанқұл барсын, Әлімқожаға Шоқа манап барсын, Өзбекке Бәйек манап қонсын... – деп, қырық кісісін бес-бестен өзінің әйелдері мен балаларының үйлеріне түсіреді. Қонақасыға кепе, бағландарды, қысырдың тайларын сойды. Олар көк майсалы, мөлдір бұлақты Сұлутөрде жатып, Сарбас ақынды, жыршы, күйшілерді тыңдап, тынығып, жырғады. Әйелдердің үлгі-өнегесін, тамақ берген тәртібін, көркін көріп, бал қымыз, керең шайын ішіп, үй жиһазын, салтанат-сәулетін тамашалайды. Ноғайбайдың келін балаларының әдеп ибадатын, адамгершілігін, сыпайы сынықтығын, тәлім-тәрбиелігін көріп таңғалады. Ноғайбайдың өзбектен де, татардан да, орыстан да, қырғыздан да келіндері бар. Соларды көріп, олардың тіршіліктеріне дән риза болды. Нұканның басқа үйлеріне қонған қонақтар Әсел бәйбішенің үйінен дәм татамыз деп, күндіз Әселге келеді. Қонақтар қанша күн жатса да, сый-сияпаттары күннен-күнге асып түседі. Ешкім де сыр алдырып, сыбыс білдірер емес. Қонақтар разы. Қырғыздар бұрын айтып жүрген сөздерінен қайтып, енді ауыз ашпайтындай болады.

Әсел күн-түн демей, қонақтарға қырық шапан, қырық тақия дайындайды. Үш күннен кейін олар жүрмек болады. Барлығы келіп Әселдің үйінен дәм татып, қоштасып шығады. Шабденге ер-тұрманымен келісті ат мінгізіп, бұлғын ішік жабады. Басқа он манапқа және ақын, жыршы, күйшілерге ат мінгізіп, шапан жабады. Қалғандарына орамал, тақия, әйтеуір ешқайсысын да құры қайтармайды. Қосшының сыбағасына жолын береді. Осы сый-сияпаттың бәрін де бүкіл ауыл болып көтеріп кетті.

– Ата Ноғайбекке тіл тигізіп жүрген біздерде де ұят жоқ екен дейді олар. Шабден батырдың төбесі көкке жеткендей болды. «Міне, Ноғайбай қандай адам» десті бәрі.

*(«Аңыздар сыры» кітабынан)*

## ШӨЖЕ МЕН НОҒАЙБАЙ

Атақты Шөже ақын жолдағы елді аралай-аралай, Бетпақ даланы басып өтіп, Байқара, Жамбыл адырларын асып өтіп, Сұлутөрдегі Ноғайбайдың үйіне ат басын тірейді. Әдеттегідей, Ноғайбай көп адаммен төбенің басында отырған екен, жол жүріп, шаршаған Шөже келіпті. Жұрт кезек-кезек сәлемдесіп, қол беріп амандасады. Бірталай кісілерден кейін Ноғайбай келіп Шөженің қолын алып еді, Шөже оның қолын жібермей қысып тұрып, әндете бастапты:

Кейбіреу тілге жүйрік, бақ тимеген,  
Кейбіреудің бағы зор үндемеген.  
Қол бергеніңнен таныдым, Ноғайбайжан,  
Тізгіннен басқа ешбір дақ тимеген.

Құдайым, бұл Шөженің көзін алған,  
Көзін алып көңіліне өлең салған.  
Арғы атаң – арғымақтай Малдыбай би,  
Басындай Алатаудың бұлт шалған.

Сен шықтың Қасқараудан Ноғайбай боп,  
Аруағын қалың тоғайдай боп.

Қырық жылғы қырсыққан дауға барсаң,  
Бір сөзбен бітеді оңайдай боп.

Сонда жұрт шулап: «рас, Шөжеке, Ноқаң дәл өзіңіз қолын ұстап тұрған кісі»,— десті. Ноғайбай Шөжені бірекі ай жатқызып, өте ықыласпен сыйлапты. Ноғайбай ақындардың бәрін шетінен сүйе бермеген кісі деседі. Ол кейбір ақындарға кемшілігін бетіне айтып: «Иә, қызыл иек ақынсымақтар, бергенді мақтап, бермегенді даттап қайдан жүрсің?» дейді екен. Ал, Шөжеге ықыласы ауып, Әсел бәйбішеге киім тіккізіп, таза киіндіріп, жақсы күткізіп, ат, түйе беріп аттандырыпты. Шөже ақын разы болып аттанған соң ел: «Ноқа-ау, ақындарды аса қаламаушы едіңіз, Шөжені сонша қадірледіңіз ғой» — дегенде, Ноғайбай:

– Ақын деп Шөжені айт, шешен деп Бөлтірікті айт, батыр деп Сыпатайды айт! — деген екен.

\*\*\*

Немерелері жақында ғана дүние салған қайғылы Ноғайбай мен Әселге бір диханшы шаруа замандасы келіп, көңіл айтамын деп жаңылысып:

– Иә, Ноқа, ұлыңыз орымға, қызыңыз қырымға кетсін — депті. Әсел:

– Не дейді, ойбай, мынау? Аулақ, жағың қарысқыр,— дегенде, әлгі кісі не қыларын білмей, қатты ұялып қалады. Сонда Ноғайбай:

– Олай деме, Әселжан, «жаңылғанға жазық жоқ» дегендей, айтқаны келсін. Ұлымыздың аты Ұрымға, қызымыздың аты Қырымға жайылады екен депті. Қуанған шаруа «кұлдық» деп, ертеңіне екі қап тары әкеліпті.

\*\*\*

Ноғайбайдың болыс кезінде де балалығы қалмапты. Бір күні оның жас балалармен асық ойнап жатқанын көрген Кебекбай, Керім, Қарабай деген үлкен кісілер келіп:

– Ау, Ноғайбай, мұның қалай? Болыс атың бар емес пе, балалармен асық ойнап... , – дейді. Сонда Ноғайбай:

– Жастық дәуірді кәрілікке зая қылма,  
Кәрілік дәуірді жастыққа зая қылма – деп, жауап береді.

\*\*\*

Кебекбай мен Ноғайбай Алматыда біраз уақыт жүріп, ауылға бірге қайтыпты. Ауылдарда Сұлтөртеде жайлау мезгілі екен. Ноғайбай:

– Кебеке, сіз Әселді, мен Былғары жеңгейді түнде барып бір сынасақ қайтеді, – деп қуланады. Сонда Кебекең:

Қой, Ноғайбай,  
Нәпсі деген пәледүр,  
Жанған отқа саладүр.  
Өз нәпсің қандай болса,  
Кісі нәпсісі де сондай, –

деген екен.

\*\*\*

Кебекбай болыс болған жылы ел жұтапты. Кебекеңді сөйлету үшін Ноғайбай жанына тигізе әзілдейді.

– Кебеке-ау, тізеңіз елге, «майдай жақтау» деймін осы, Ақыш болыс елді жұтатып тынып еді, – дегенде, Кебекең:

- Сырымбет Сырға ауғанда, Баба қайың сауғанда да мен болыс болғам ба? – депті. Ноғайбай күліп:  
– Бәсе, Кебеке сөз табасыз-ау, – депті.

*(«Аңыздар сыры» кітабынан)*

## НОҒАЙБАЙДЫ АЛҒАШ КӨРГЕНІМ

Көкшолаққа мініп Талдыбұлақта өтіп жатқан бір жиынға балалармен бірге мен де келдім. «Көкшолақ», «Бозторғай» деген әндерімді айтып, ауылда жүрген он бестер шамасындағы кезім. «Ноғайбай келе жатыр» деп, жұрт дүркірей жүгірді. Атағын үлкендерден естіп жүрген біздер де көрейік деп шауып келдік. Даяршылар алдынан шығып күтіп тұр. Көп тобыр Күнгейдегі Жамбасжолмен сырнайылатып келеді. Ең алдында торы арғымаққа мінген Ноғайбай келеді. Қолына қызыл тобылғы шыбық ұстаған, үстінде таутеке ішігі бар, сексеннен асқан кезі екен. Атқа отырғаны қырық елулердегі адамдай, көзі өткір кісі екен, жалт қарағанда өңменіңнен өтіп кетердей. Даяршылар елді тоқтатып, тәртіпке шақырмаса, Нұқанды бас салып әурелейтін түрі бар. Ақатай деген болыс:

– Нұқанның алтын қолын, алтынмен ұстап көрісемін деп келіп, он сомдық екі алтын ақшаны алақанына салып, қолын алып, құшақтасқаны бүгінгідей көз алдымда. Батасы жалғыз ауыз сөз:

– Ісің жүзеге ассын, – деп қояды екен.

Ноғайбайдың мекені Ырғайты өзені, қыстауы Қаршоқы, Қарасуда Ноғайбайдың күмбезі бар. Тұқымдары әлі де сол Сұлутөрді мекендейді.

*(«Аңыздар сыры» кітабынан)*

# ДОМБЫРАСЫ ҰРАНДАҒАН БАЙСЕРКЕ (1841 – 1906)

**Марал ЫСҚАҚБАЙ**

Әсілі, өнер мұрасының тағдыры да өнер адамының өмір жолы секілді бұралаңы мол, тұрлауы кем келетінін байқаймыз: бірде бағы жанып, тасы өрге домаласа, бірде дәурені өткен кәрідей дабыра-дақпырты күрт құлдырап, ұзақ жылдар елеусіз қалып қояды. Содан өзіне назары ауар, қадір-қасиетін ұғар жаңа жоқтаушысын (орындаушысын) яки уақыт шаңын үрлеп ұшырып, жарық дүние дүбіріне қайта қосар зерттеушісін зарыға күтіп жата береді. Бұл тұрғыдан ол құдды маусым нөсерін тосып шөл тақырда бұғынып жататын тереңдегі тірі тамыр іспетті.

Осылайша жарты ғасырға жуық ескерусіз қалып, халық жадынан мүлде өшуге айналған шақта тірілген айтулы тұлғаның бірі – Байсерке Қылышұлы. 1999 жылдың 6 қарашасы осы тамаша күйшінің жарық дүниеге қайта оралған бақытты күні болды десем, әсіре сөз бола қоймас. Олай дейтінім – дәл сол күні қазақ өнерінің

киелі қара шаңырақтарының бірі – Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің концерт залында осы оркестрдің өз орындауымен Байсеркенің “Ұран күйі” тұңғыш рет өнер сүйер қауым назарына ұсынылды. Бұл Байсерке туындысының үлкен сахна төрінен тұңғыш күмбірлеуі екенін былай қойғанда, Құрманғазы оркестрі ілтипатына ілігінуінің өзі үлкен олжа емес пе?! Тіпті өнер туындысы үшін үлкен мәртебе, бақыт дер едім.

Өз басым бұл оқиғаны қазақ мәдениетінің тарихы үшін де елеулі жайт санаймын. Өйткені Байсерке күйлері ұзақ жылдар бойына күмбірлеген сұлу үнін бір естіртуге зар болып, әртүрлі архивтердің қалың бумалары арасында тұншығып жатқан ғой. Ахмет Жұбановтың дуалы қаламының арқасында ғана көзі қарақты зиялы азаматтар жадында есімі сақталып келді. Күй өнеріне қатысты қозғалар әңгіме үстінде яки жазылар мақалалар ішінде есімі әмсе аталып кетіп жүргенмен, құлақ құрышын қандыра күй сазын тыңдаған адам некен-саяқ қанатұғын. Әлгі концерттен соң сең бұзылды. Кеш бағдарламасы бейнетаспаға жазылып, “Қазақстан-1” телеарнасынан байтақ елімізге көрсетілді. Бірталай өзге шаралар қолға алынды.

Байсерке Қылышұлы (кейбір еңбектерде Құлышұлы деп қате жазылып жүр) есімі маған бала күнімнен таныс. Оның алдын көрген дарынды шәкірттері Бердібек, Қожабек, Сатқынбай, Қырықбайдың да күйшілік өнері туралы мадақ, дақпырттар құлағыма бала күнімнен сіңген. Менің алғашқы көркем әңгімем “Дұшпан тұсарға” осы Байсерке төңірегінде айтылатын аңыздардың бірі арқау болған-ды. Тек кейіпкерім есімін Байсерке деп алмай, Байсүгір деп атағам, өйткені әңгімеге өзімнің жазушылық қиялым да мол араласқан-тұғын. Байсерке деп тура

атасам, ол аңыздарға әуелден қанық елдегі кәрікұлақ ағайындарға жалған сөз таратушыдай көрінетін секілді сезінгенім есімде.

Бүкіл Жетісуға даңқы мол тараған бұл күйшінің шығармашылық мұрасының тағдыры мені бұдан былайғы жерде үнемі толғандырумен келген-ді. Бір мақаламда: “Байсерке, Байсерке” деп есімін мақаладан-мақалаға көшіріп бос дәріптегеннен гөрі, сахнадан яки телерадио арналарынан бір күйінің ауық-ауық орындалып тұруын ұйымдастыру әлдеқайда артық болар еді”, – деп жазғаным бар. Олай дейтін себебім – осы Байсерке дәстүрін жалғастырушылардың бірі, айтулы күйші Темірбек Ахметовтің «Жетім балаң, «Шерниязымен” ғана қазақ күй өнері тарихынан елеулі орын ойып алып орныққаны еріксіз қызықтыратын. Байсеркеге, тым құрмаса, осындай тағдыр бұйырмағаннан соң ғой әлгі сөздерді таусыла жазып жүргенім.

Соны оқыған белгілі жазушы Жұмабай Шаштайұлы: “Сіз Байсеркенің жоқтаушысы екеніңізді білмегенімді қарашы. Әкем марқұм Байсеркенің “Қалипа-Қалыш”, “Ұран күйі” секілді біраз күйлерін тартушы еді, керегіңізді жазып алып қалатын едіңіз,” – деп өкінгені бар. Өкініп жүрмесек, қазақ боламыз ба!..

Әсілі, Жетісу күйшілік мектебі туралы арыдан сөз қозғағанда, есімі аталмай қалуы мүмкін емес үш ірі тұлға бар. Олар: Қожеке Назарұлы (1823–1881), Байсерке Қылышұлы (1841–1906) және Сыбанқұл Қалбасұлы (1865–1945). Бұлар бүгінгі күнге есімі ғана емес, мол мұрасы да жеткен өнерпаздар. Қожеке мен Сыбанқұл екеуі негізгі саналы өмірін Жетісуда өткергенмен, тіршілік соңын тағдыр айдауымен шекараның ар жағында – Шығыс Түркістанда аяқтаған. Олар туралы кезінде “Елге оралған өлмес рухтар” деген мақала жариялағам-ды



(“Қазақ әдебиеті”, 1995 ж.) Енді Байсеркені де бүгінгі жаңарған оқырманға таныстырып өтудің реті келген секілді.

Байсерке Қылышұлы 1841 жылы Шу өзенінің Қордай ауданына қарасты өңірінде дүниеге келген. Жетісуды былай қойып, барша исі қазаққа мәшһүр текті атаның тұқымы ол. Арғы алтыншы атасы Сырымбет – бүгіндері жалпақ жұртқа мәлім атақты Орбұлақ шайқасына қатысқан Салқам Жәңгірдің 600 жауынгерінің бірегейі, қол бастаған батыр. Ал бесінші атасы – қазақ халқының ұлы батырлары қатарында аталатын, аты аңызға айналған Мүйізді Өтеген. Өтегеннің бауырынан өрбіп ұрпақ таратқан он бір ұлдың үлкені – Қосағал. Осы Қосағалдан Дөненбай, Құнанбай, Құттыбай деген үш ұл туады. Ал Дөненбайдан – он бір ұл. Солардың төртіншісі Шұбартайдан – Қылыш, Шопабай, Қопабай дейтін үш ұл. Байсерке – Қылыштың жалғыз ұлы. Байсеркеде Қалипа, Қалыш дейтін екі қыз, Әбдіраман есімді бір ұл болған. Кезінде қағазға түскен деректер бойынша Байсерке 1906 жылы 65 жасында қайтыс болса керек.

Байсеркенің әкесі Қылыш ұсталықпен, етікшілікпен айналысатын, табысы мол, дөңгеленген шағын ауқаты бар кісі болған деседі. Шаруа баққан қарапайым адам екеніне қарамастан, жалғыз ұлының өнер соңына түсіп, серілік мінезбен бұла өсуіне жағдай жасай алған сияқты. Өйткені Байсеркенің ән-күйге құмарлығы өте ерте оянған екен. Жеті жасынан жұрт көзіне ілігіп, он жасында тәп-тәуір домбырашы атаныпты. Бірте-бірте өзі өскен ауыл-аймақтағы домбырашылардың бәрінен асып түседі. Шаруаға қырсыз, ән-күйге құмар баланың бетінен қақпайды әкесі. Соған қарағанда, етікшілік, ұсталық тәрізді қол өнерімен әуестеніп, ақыры ағаштан түйін түйген кәсіп иесіне айналған Қылыштың өзі де,

бәлкім, тіпті Байсеркенің анасы да, ән-күйден қаражаяу болмаған шығар. Байсеркеге күйшілік дарын тегін келді дейсің бе?!

Ахмет Жұбановтың көнекөз қариялардан уақытында жазып алып үлгерген деректеріне қарағанда, Байсеркенің өнер жолында жетілуіне Есім, Сарша дейтін домбырашы кісілердің көп әсері тисе керек. Әсіресе, Есімнің қамқорлығы мол болған. Ол кісі кішкентай Байсеркенің бойындағы дарын қуатын қапысыз танып, бар білгенін жалықпай үйретеді.

Әсілі, сол дәуірде Қордай өңірінде бүкіл Жетісуға танымал бірталай өнер иелері өмір сүргені мәлім. Айналасынан әнші, күйші арылмаған Кебекбай шешен мен Ноғайбай шешен әрі айтыскер ақын, әрі сазгер Тәкен сал, басынан сөз асырмаған ақын қыз Әлмен, әрі шешен, әрі күйші Бердібек, төкпе айтыс ақындары Әлмейін мен Сарбас, осы Байсеркеге жақын туыс болып келетін Тілеміс ақын секілді майталмандар күйші шеберлігін еріксіз жетілдірер өнер атмосферасын жасағаны даусыз. Оның үстіне тоғыз жолдың торабы іспетті қырғыз-қазақ шегарасында ғұмыр кешкен Сұлутөр, Қордай елі Сүйімбай, Жамбыл, Майкөт, Сауытбек, Қуандық, Тоқтағұл, Қатаған, Қалмырза сияқты, тағы басқа толып жатқан қырғыз-қазақ өнерпаздарының әрлі-берлі не түстеніп, не түнеп өтер жолында жатқандықтан да, сол кездегі мәдени ауыс-түйістен мол хабардар әрі сол үрдіс ыңғайында өнерпаз қауымды құрмет тұтып, өнегесін үйреніп өсуге бейімделген ел болса керек-ті. Бұның бәрі жас Байсеркенің шығармашылық тұрғыдан тез жетілуіне де, таным-түйсігінің ерте толысуына да мол ықпал жасағаны анық.

Бірі ұстазы есепті, бірі тұстас әріптесі іспетті осынша мол дарындар арасында Байсерке орны ерекше. Қас шебер күйші дәрежесіне көтерілген Байсерке даңқы Қордай, Шу өңірінен ұзап, бүкіл Жетісу мен қырғыз еліне мәлім болған. Сол замандағы өнер иелерінің салтымен ол да ел-елді аралап, тойлы-думанды жиынның сәніне айналған. Маңына күй құмар жастарды үйіріп, Қожеке Назарұлынан, ұстаздары Есім мен Саршадан қалған күйлерді де, өз туындыларын да үйретуден жалықпаған. Соның нәтижесінде Жетісуда Байсеркенің күйшілік мектебі қалыптасқан. Ахмет Жұбанов оның ізін жалғастырушы шәкірттері қатарында атақты домбырашы Қатшыбай Таубаевты, оның немересі Темірбек Ахметовты, Қожабек Жапашұлы мен Сатқынбай Әлмесұлын атайды. Біздің Сұлутөр өңірінде олармен қатар Бердібек Мықтыбекұлын және Қырықбай Сатқынбайұлын да Байсерке шәкірттері ретінде таниды. Осылардың ішінде, әсіресе, Бердібектің орны бөлек. Ол киелі батыр Жылқайдардың ұрпағы. Жылқайдардағы батырлық тұқым қуалаған: екінші ұлы Байтүгел де, одан туған жеті ұлдың екеуі – Қонай мен Мүлкаман да өз заманындағы атақты батырлар болған. Белгілі Қордай батыр – осы Мүлкаманның шөбересі. Бердібек те Мүлкаманның ұрпағы. Сондықтан болу керек, Бердібек әрі алып қара күштің иесі, әрі бетіне жан қаратпайтын өткір адам болған екен. Соңында көптеген аңыз-әңгімелер қалдырған, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті салсерілерге ғана лайық өзгешелеу кісі еді деседі. Кезінде кәріқұлақ қариялардан естіген аңыздарда ол шешендігі ақындыққа барабар әрі тапқыр адам ретінде сыпатталатын. Басынан сөз асырмаған қиянпұрыс мінезі өзінше бөтен әңгіме. Оның үстіне, күйшілік өнері тағы бар. Оның “Асау торы ат”, “Ұлпан”, “Жасы мерген”, “Боз інген”, “Сұлутөр”, “Жігіт”, Байсеркемен тұңғыш танысуына

арнап шығарған “Кездесу” аталатын күйлерін бізге жеткізген Сатқынбай мен Қырықбай еді. Сол кісілерден қалған әңгімеге қарағанда, Бердібек Байсеркеден оншақты жас кіші болса керек-ті. Әттең, Бердібектен қалған мұра үні де архив бумалары арасында іштей ғана уілдеп, тұншығып жатыр.

Дәл осындай жағдай Байсеркенің екінші дарынды шәкірті Сатқынбайдың да басында бар. Соңында “Боз жорға”, “Қарлығаш”, “Беташар”, “Көк серке”, «Аққу» аталатын күйлер қалдырған бұл күйшінің мұрасы да тырбанып жарыққа шыға алмай жатқан “тірі” туындылар. Олардың бағы Қырықбай қарт о дүниеге аттанған күні қайтқан.

Байсерке шәкірттерінің саны бұл мақалада есімі аталған күйші, домбырашылармен шектелмесе керек. Іле мен Шу аралығында ғұмыр кешкен қай-қай өнерпаз болмасын, белгілі дәрежеде Байсерке мектебінің түлегі іспетті еді. Оны Ахмет Жұбановтан бастап талай-талай күй өнері тарихын зерттеушілер қадап айтқан.

Бір өкініштісі, бүгінгі таңда өзге жерді былай қойғанда, Қордай, Сұлутөр өңірінің өзінде Байсеркенің күйшілік өнерін нақты білетін кісі жоқтың қасы. Біздің бала кезімізде, тіпті бертіңгі Қырықбай ақсақал сексенге таяп қайтыс болған жетпісінші жылдардың басына дейін ол дәулескер күйші жөнінде көнекөз екінің бірі аңыз шертетін. “Байсерке жарықтық Қарақияның басына көтеріліп, домбырасын аңыратқанда, Ойжайлау, Қасқажол, Көкқапталды жайлап отырған ауылдар түгел естір едіміс”, – деп дәріптейтін. “Жетпіс бұтақ” атты тізбекті күйін кешкі іңірде бастаса, жазғы таң ағара әрең бітіруші еді”, – деп таңдай қағатын. Соның бәрі бүгін – көрген түс тәрізді. “Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан”

демекші, дүниенің өзгергенінің белгісі осы шығар. “Опасыз жалған!” дейтін сөз осындайдан айтылған-ау!

Әйтсе де, жалғанды опасыз ететін де, опалы ететін де өзіміз ғой. Егер Байсерке, Бердібек, Сатқынбайлардың мұралары өз дәрежесінде насихатталып тұрса, ал сол насихатты жоспарлы түрде міндетті ұйымдар атқарып жүрсе, бұлайша таусыла сөйлер ме едік. Тоқсан тоғызыншы жылдың алтыншы қарашасы Байсеркенің қайта тірілген күні болды деп жүрек жарды қуанышқа бөленгендей алақайлауымыздың сыры, міне, қайда жатыр...

Сонау қыркыншы жылдары Байсерке мұрасы Ахмет Жұбанов назарына іліккен кезде ол бабамыздың алдын көрген шәкірттерінің кейбірі әлі жер басып жүр еді, ал күйлерін орындайтын домбырашылар Шу мен Іле ортасындағы әр ауылда-ақ ұшырасатын. Ахаңның Байсерке шығармаларына мән беруінің бір сыры сонда. Бір емес, үш мәрте қайырылып соғып, күйші есімін тарихқа жазып кеткен Ахаң еңбегіне баға жетпейді. “Ғасырлар пернесі” жарияланған жетпісінші жылдар Байсерке даңқының тағы бір өрлеген тұсы еді. Амал қанша, сол күндері де Байсерке күйлерін нотаға түсіріп, концерттік бағдарламаларға енгізіп, насихатын жалғап әкететін кісі шыға қоймапты. Ол қасиетті міндетті атқару ғасыр соңында белгілі композитор ағамыз Дүнгенбай Ботбаевтың маңдайына жазылған екен. Құрманғазы оркестрі орындаған “Ұран күйінің” оркестрлік партитурасын дайындап берген – осы кісі еді.

Өмірде жақсылықтың да тосын келетін шақтары көп қой. “Ұран күйінің сахнаға шығуы да мен үшін тосын жаңалық болды. 1999 жылы атақты батыр Мүйізді Өтегеннің 300 жылдығы аталып өткені белгілі. Осыған орай ойластырылған шаралардың бастан-аяқ

басы-қасында жүріп, көптеген шаруасын тікелей өзім ұйымдастыруыма тура келгені бар. Соның бірі – жоғарыда аталып өткен Құрманғазы оркестрі дайындаған “Батыр бабам – Өтеген” атты тақырыптық концерттік кеш еді. Бұл концерттің арнайы атап өтер ерекшелігі – бағдарламаның кілең қаһармандық, әскери жорық, ел қорғау тақырыбына арналған әндер мен күйлерге құрылуындатұғын. Сол күні Абылай ханның “Жорық” күйі де тұңғыш рет оркестр орындауында шалқыды. Н.Тілендиевтің “Махамбет”, Д.Ботбаевтың “Сыпатай батыр жебесі”, халық күйі “Қарасай батыр”, Ж.Тұрсынбаевтың “Батыр бабам – Өтеген”, Б.Жұманиязовтың “Махамбеттің үндеуі” секілді күйлер, әндер, ариялар тамылжи төгілді сахна төрінен. Мен үшін оқиғаның ең үлкені – Байсеркенің “Ұран күйінің оркестр репертуарына енуі еді. Концерт соңынан Дүңгенбай ағама шексіз алғысымды айтып, бетінен сүйдім. Дәл осы күйдің Өтеген батырдың 300 жылдығына арналған кеште тосын орындалуында символдық мән бардай еді. Ұлы бабасының тойына Байсеркенің өзі қатысып, ұрандап тұрғандай көрінген маған.

Көп нәрсені істің онды басталған сәті белгілейді. Еңбегі жанғасын, көңілі марқайды ма, жаппай айтылған қошамет, алғыс шабыттандырды ма, әлде ұлы бабамыз алдындағы парызын сезінді ме, қайткенде де осы оқиғадан кейінгі бір жылға жуық уақыт аралығында Дүңгенбай қария Байсерке мұрасына тағы қайырылып, “Толқытатын күй”, “Қалипа-Қалыш”, “Жекпе-жек” күйлерін оркестрге түсірді. Ал 2001 жылдың қаңтар-тамызы аралығында тағы алты күйінің («Жоқтау», «Келіншек», «Байсеркенің сылқылдағы», «Жетпіс бұтақ», «Қалипа», «Қалыш») оркестрлік партитурасын дайындады. Бұл енді қарт композитордың өліні де, тіріні де ризалаған өлшеусіз

үлкен еңбегі екені анық. Құдай қаласа, аталған он күй де ұзақ жылдар тұншыққан дауысын таяу арада барша қазақ құлағына естіретін болады.

Осы арада әдейілеп айта кетерлік бір жайт мынау: 2001 жылғы наурыздың соңғы күндерінің бірінде менің осы мақалам «Қазақ әдебиетінің газетінде жарық көргенді. Соны оқыған композитор Базарбай Жұманиязов маған телефон шалып, өзінің қолында Байсеркенің біраз күйлері барын айтты. Іздестіріп көріп, тапқан бетте хабарласпақ болып уәде ұстатты. Арада бір-екі ай өткен соң тағы хабарласып, күйлерді тапқанын айтып куантқан. Бұл өзі музыка мамандары сілтеме жасап жүретін «Байсеркенің он күйі» атты қолжазба жинақ екен. Оны сұлутөрлік Жапашұлы Қожабек қариядан Борис Ерзакович 1939 жылдың қыркүйегінде жазып алған екен. Д.Ботпаев оркестрге түсіргенде, қолда бар Қырықбай, Темірбек нұсқаларымен қатар осы Қожабек нұсқасын да пайдаланды. Бұл жерде анықтай кететін бір жайт – «Тұл қатын» күйіне қатысты. Бұл күйді Дүнгенбай Ботбаев өндей отырып нотаға түсірді де, «Тұл қатынның зары» деп атады. Өйткені күйдің музыкалық мазмұны осыны нұсқап тұрғандай еді. Ал «Ұран» аталатын бір күйін Айтқали Жайымов оркестрге түсірді де, сахнаға «Баба ұраны» деген атпен алып шықты. Бұл – алдыңғы «Ұран күйінен» мүлдем бөлек күй; «Ұран күйі» оң бұрауда он алтылық ноталармен басталса, «Баба Ұраны» теріс бұрауда сегіздік ноталармен басталады. Сонымен қатар Байсеркенің «Қазан» күйін де оркестрге Айтқали өте әдемі түсіргенін атай кеткен жөн.

Бір күйін тындауға зар болып жүргенде, он бір күйдің оркестрге түсіп, жеке күйшілердің репертуарына еніп,

сахна төрінен шалқып, радио, телеарналардан естіліп жатуынан артық тағы не тілеуге болады?

Бұл сөз, әрине, қанағатшыл көңілдің тоқмейіл ықыласы ғой. Әйтпесе, Байсерке бабамыздан қалған мұра баршылық емес пе еді!? Біз білетін “Ат ойнатқан” (“Ат ойыны” деп қате жазылып жүр), “Көш тоқтатқан”, “Сұлутөр”, “Төрт қарға”, “Қоңыр”, “Бүлкілдек”, “Айрауықтың ащы күйі”, менің әңгімеме арқау болған “Дұшпан тұсар”, тізбекті “Жетпіс бұтақ” тәрізді күйлердің қайсысы қай архивте, кімнің қолында жатқанын іздестіру керек-ақ. Әйтеуір, біздің естуімізше, тек Сұлутөрлік Қожабек, әкелі-балалы Сатқынбай мен Қырықбайлардан әдейі іздеп келіп, жазып алушылар болған. Олармен кезінде Ахмет Жұбанов жете танысқанын мақала, очерктері дәлелдеп тұр.

Әдетте, байырғы қазақ күйшілерінің әр туындысының шығу тарихы жайында аңыз-әңгімелер ілесе жүретіні аян. Әр күйдің тууына белгілі бір оқиға себеп болатын сияқты. Тіпті ондай елеулі оқиға түрткі болмаған жағдайда, автордың өзі ол күй әуезі ыңғайына лайық аңыз сюжетін ойдан шығаратын кездер де жоқ емес-ті. Тарихи аңыз сюжетін пайдалану да ұшырасады. Бұл дәстүр, әсіресе Жетісу күйшілеріне көбірек тән. Қожеке мен Сыбанқұл күйлерінің аты-ақ соны көрсетпей ме?! Байсерке де осы үрдісті тұтынған. Әр күйін орындар алдында міндетті түрде күй мазмұнын әңгімелеп беріп отыру шарт деп есептегендей.

Байсерке шығармашылығы туралы жазылған зерттеу еңбектерде ол аңыздар үнемі қайталанып жүргендіктен, біз оларға арнайы тоқталмаймыз. Еріксіз еске түсіруге мәжбүр ететін бір жайт – “Қалипа-Қалыш” күйіне байланысты (кейбір еңбектерде “Камене-Қалыш” деп қате жазылып жүр). Әу баста Ахмет Жұбановтың, кейінірек өзге де зерттеушілердің қаламына іліккен



аңыз бойынша, бұл күйдің дүниеге келуіне Далабек деген әрі күйші, әрі батыр жігіттің Қотыр дейтін қорқау барымташының қолына пенде боп түсіп, ұзақ уақыт жапа шегетіні, тіпті адам төзгісіз қинауға шыдап, ақыры әлгі зұлымның бойжеткен сүйкімді қыздары Қалипа мен Қалыштың көмегімен босанып, өзіне көңілі құлаған Қалипаны ілестіре қашатыны, бірақ соңынан жеткен қуғыншылармен шайқас кезінде Қотыр кезенген мылтық оғынан сүйген жігітін қалқалаймын деп ажал құшқан қыз трагедиясы себеп болғаны әңгімеленеді. Аңыз сыртында қаншалық нақты шындық жатқанын анықтап берер деректі қазір ешкім де айта қоймас. Әйтсе де, күйдің де, күй аңызының да Байсерке үшін өзгеше қымбат мәні болғаны анық. Әйтпесе, үйелмелі-сүйелмелі екі қызының есімін күй кейіпкерлерінің есімімен атар ма еді! Соған қарағанда, “Қалипа–Қалыш” автордың сезім жетегінде жүретін жастау кезінде шығарған күйі деуге лайық. Перзенттерінің есімін өнер туындысы құдіретімен мәңгілік өлмес есімдерге айналдырғысы келген сияқты. Белгілі дәрежеде әке тілегі орындалған сыңайлы да.

Бүгінгі хатқа түскен қолда бар күйлері ішінде “Қалипа–Қалыштың” орны бөлек екені рас. Күйді оркестрге түсірген композитор Дүнгенбай Ботбаев ақсақал оған мынадай сыпаттама береді: “Күй көңілді мажорлық ладта шығарылған. Шағын кіріспеден кейін күйдің негізгі тақырыбы басталады. Оның нәзік құрылымы бойжеткен екі қыздың бұралып басқан биязы жүрісін анық аңғартқандай. Ладтың үшінші сатысы төртінші сатыға лига арқылы жылжып жүріс жасайды. Осы лига күйдің басынан аяғына дейін жиі кездесіп отырады. Бұл арада да композитордың музыкалық образ жасаудағы тапқырлығын ерекше атап өткен жөн. Домбыраның кіші сағасынан орта сағаға жетер-жетпес аралыққа “Қалипа–

Қалыш” күйінің мазмұнын сыйдыра алған. Күйдің даму процесі де, күйдің шарықтау шыңы да осы кіші саға көлемінде орындалады. Күйді шартты түрде бірнеше көлемді толқуларға бөліп, оның алғашқы 8 тактысын бірінші толқу деп қарайтын болсақ, кейінгі толқулар оны дәлме-дәл қайталамайды. Керісінше, негізгі тақырыптан өрбіп, дамып, өзгешелеу өрнектеледі. Тек бесінші толқуда ғана күйдің бірінші бөлімі – репризасы қайталанатын. Ал күй ерекшелігіне келетін болсақ, шығарма мазмұнының түгелдей кіші саға көлеміне сыйғанында жатыр. Осындай аумағы шағын шеңберге күй мазмұнын сыйдыру әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Бұның сыры – автордың тапқырлығында: біріншіден, әрбір күй толқуларының ырғақтық өрнектері әртүрлі болып келеді; екіншіден, көрші жатқан дыбыстарды әртүрлі әдіспен өрнектейді; үшіншіден, ладты да өзгерте біледі; төртіншіден, күйдің интервалдық құрамын мазмұнына қарай жаңартып отырады”.

Дүңгенбай қарияның көсіле сөйлеп, тәптіштей айтқан пікірінің сығымдалған нұсқасы осылай.

Күй өнері туралы жазылған біз білетін еңбектерде авторлар көбіне біз секілді қатардағы қазақ оқырмандарының музыкалық сауаты кемшін жататынын, сондықтан арнайы терминдерді түсіне бермейтінін ескеретіндіктен болар, күйдің мазмұнын да, өзіндік ерекшелігін де жалпылама сөздермен сыпаттауға бейім келеді. Ондай талдаулардың тым жалпылама айтылатыны соншалық, тіпті сол қалпында лирикалық өлең сыпаттамасы ретінде пайдалана салу мүмкіндігі мол-ақ. Мен бұл мақаланың мамандар үшін емес, жалпы оқырманға арналғанына қарамастан, маман аузынан естілген лебізді бұзбай беруге тырыстым. Ондағы ойым мақалаға ғылыми сыпат берейін дегендік

емес, халық жадынан өшіп кетуге айналған дәулескер күйшінің шығармасы туралы айтылған маман пікірі болашақ ұрпаққа жетіп қалсын деген ниет қана. Әйтсе де, таза мамандар тіліне ғана лайық дыбыс өлшемін білдіретін бөлшектік сандар, тактылар мен толқулар ретін белгілейтін цифрлар жөніндегі пікірлерін қоспағанымды да ескерте кетейін. Маман зерттеушіге оларды өз бетінше-ақ анықтау қиын шаруа емес деп білем.

Дүнгенбай қариямен әңгіме үстінде байқағаным – музыка мамандары шығармаға пікір айтқанда, ең әуелі шығарманың қандай ладқа (минор, мажор) негізделгенін, ладтың сатылары мен ол сатылардың атқарар міндеттерін (функциясын) ажыратып барып талдау жасайтыны. Лад сатылары жарты тон, кейде бір тон жоғарылап немесе төмен өзгеріп отыратын кездері болатыны аян. Мұндай өзгерулер белгілі бір музыкалық образды нақыштау үшін құрал ретінде пайдаланылатынын байқаймыз. Бұл тәсілді Байсерке “Қалипа” және “Қалыш” күйлерінде ұтымды пайдаланған.

Байсерке бабамыз үйелмелі-сүйелмелі екі қызын соншама әлпештеп, өзгеше бір тебіреніспен қатарынан үш күй арнауы – екі нәрсені аңғартқандай: біріншісі – Байсерке ұлдарынан гөрі қыздарына ниеті көбірек құлап, ерекше мәпелеген; екіншісі – жігіт болып, ат жалын тартып мінген шағында қайтыс болған Әбдіраманнан өзге ұлы болмаған сияқты, болса да, шетінеп кетіп отырса керек, сондықтан да күйші бар әкелік махаббатын екі қызына бағыштаған дер едік. Бұл сөзімізді, жоғарыда атап өткеніміздей, екі қызына “Қалипа–Қалыштан” өзге тағы да жеке-жеке күй арнауы дәлелдей түседі. Бұл екі күйдің алдыда әңгіме болған “Қалипа–Қалыштан” басты айырмашылығы – теріс бұрауда шығарылуында. Бұл тізбек күйлердің өзгеріске түскен нұсқалар емес,

өз алдына дербес туындылар екенін танытатын басты көрсеткіш. “Қалипа” күйінің өлшемі – төрт ширек, тонализі – “фа” мажор. Күйші шеберлігінің белгісі сол – бес тактілі кіріспе күйге бағыт-бағдар сілтегендей бірден аттас “фа” минордың элементін (ля-бемоль) ендіреді. Күйдің әрбір буыны кіріспенің осы “ля-бемоль” қайта-қайта оралып отырады да, бұл дыбыс тактінің ең әлсіз үлесінде де акцентпен орындалады. Соның әсерінен күй ширап, Қалипа қыздың мінезіне сипаттама бергендей сезінесің. Ол үшін “фа” мажордың IV сатысы жарты тон жоғарылаған (си-бекар). “Мұндай өзгерісті музыканттар “еселенген доминанта” (ДД) деп атайды”, деп түсіндіреді Дүнгенбай қария. Музыкалық образды нанымды бейнелеу үшін композиторға “си-бекар” дыбысы қажет-ақ болған да, ол оны әдемі тапқан. Байсеркенің “Қалипасында” ладтың III сатысы жарты тон төмендеп, IV сатысы жарты тон жоғарылайды. Қарапайым оқырманға бұл сөз еш әсер қалдырмасы түсінікті. Ал күйді тыңдағанда, бұл өзгерістер елең еткізбеуі мүмкін емес. Басқа сөзбен айтқанда, әрбір композитор алған тақырыбын айқындау үшін өз бояуын іздейді. Біреулер табады, біреулер таба алмайды. Ал Байсерке өзінің ерке қызының музыкалық бейнесін осылай мүсіндей алған.

“Қалыш” – кіші қызына арналған күйі. Бұның өлшемі де, тонализі де “Қалипамен” үндес. Бұл күйде де кіріспе бес тактіден тұрады.

Байсерке күйлерінен аңғарылатын тағы бір ерекшелік– музыкалық образды ашу үшін күйдің өн бойында кездесетін ырғақтарды (ритм) кіріспеде таныстырып өтетіні. “Қалышта” да сол бар. Қалипаға қарағанда Қалыш мінезі жұмсақ, биязы жан екенін аңғарамыз. Өйткені композитор қыз бейнесін нақыштау үшін лиганы жиі қолданған. Күй ширек ноталармен басталады да,

екінші тактідегі нәзік лигаға тіреледі. Осы тактідегі “ми-бемоль”, “ми-бекар” ноталары да негізгі идеяға қатысы бар ноталар. Кіріспедегі бес такті күйдің аяғына дейін өзгеріссіз төрт рет қайталанады.

Байсерке күйлерінен аңғарылатын айырықша бір ерекшелік – шетінен мажорлық ладта тууы. Оның екі түрлі себебі бар сияқты: біріншісі – композитордың шығармашылық бейімі сол ыңғайда екенін көрсетсе, екіншісі – дәстүрде жатса керек. Зерделеп байқаған кісі Жетісу елінің Кеңес дәуіріне дейінгі эн-күйлерінен мажорлық ладта шығарылған туындылар минорлық ладта шығарылған туындылардан әлдеқайда басым екеніне көз жеткізер еді. Тіпті фригийкалық ладты арқау еткен шығармалар ұшыраспайды да. Демек, Байсеркенің үнемі мажорлық ладты таңдап алуында сондай заңдылық бар. Осы тұста Ахмет Жұбановтың мына бір сөзін келтіре кетудің реті бар сияқты: “Байсеркенің құнды шығармаларының бірі – баласының өліміне арнаған күйі. Бұл – күйші творчествосындағы бетбұрыс кезеңді көрсетеді. Осыдан бастап көптеген ой, мазмұны жағынан терең, халық өмірін шынайы суреттейтін шығармалары пайда бола бастайды. Күйде үлкен сезімнің ұшқыны бар. Екінші дауыста пайда болған тұңғыққа түсіп кеткен уайымның сарыны іле-шала қайғылы тақырыпқа ауысады. Күй ортасында айқын түрдегі ашық үнді мелодия орын алған. Бұл – уайым, қайғыдан келер пайданың жоқ екенін музыка тілімен сездіріп тұрғандай байқалады. Күй қаралы оқиғаға арналып шығарылғанына қарамастан басынан аяғына дейін мажор ладында берілген”. Ал енді бұл – таза шығармашылық психологиясы тұрғысынан қарағанда, қызықты құбылыс. Осы ретте ойыңа Р.Ролланның “Кола Брюньон” романының жазылу кезеңі мен автор мұраты еріксіз оралады.

Байсерке мұрасының ішінде “теріс бұрауда” шығарылған күйлер ұшырасуында да белгілі заңдылық жатыр. Мамандар тілінде бұл бұрау “квинта” деп аталады. Заңдылық жатыр дейтін себебіміз – “теріс бұраулы” күйлерді Жетісу жамиғаты сүйсіне тыңдайтын болған. Жалпыға танымал Темірбектің “Шерниязы” мен “Жетім баласы» “теріс бұрауда” шығарылғанын қолына домбыра ұстаған қауым жақсы біледі. Атақты Қожекенің біраз күйлері, ал Сыбанкүлдың бізге жеткен күйлерінің бәрі дерлік осы “теріс бұрауда”. Байсеркеде де “теріс бұраулы” күйлер жеткілікті. Жоғарыда талданған “Қалипа” мен “Қалыштан” өзге “Толқытатын күй”, “Жетпіс бұтақ”, Байсеркенің сылқылдағы” аталатын күйлері де “теріс бұрауда”.

Байсеркенің бұл ыңғайдағы сұлу туындысының бірі– “Толқытатын күй”. Аты айтып тұрғандай, бұл күй адам ойын шартарапқа жетелеп, еріксіз толғандырады. Әдемі саз бойға шымырлап еніп, жүрек қылын шертеді. Әсіресе жайма-шуақ күй ырғағы тәтті сезімге бөлеп, көңіл тізгінін ұшқыр қиял іліп әкетеді. Сен енді сезім толқынында ма, әлде ой толқынында ма, қалай ығып бара жатқаныңды аңдамайсың. Шығарманың өзегі іспетті мелодиясы да, күй орныққан лад та, күре тамырша бүлк-бүлк соғып тұрған жағымды ырғақ та, осылардың бәрінің басын қосып тұрған “теріс бұрау” да еріксіз осыған жетелейді. Күй өлшеміндегі “сегіздіктердің” ауық-ауық ауысып, бірқалыпты, байсалды екпінмен жүріп отыруы тыңдаушы құлағына тәп-тәтті әртүрлі дыбыстар тізбегін лек-легімен құйып, лажсыз толқытады. Шебер күйші жүрегінен бұлқынып шығып, бір екпінге бағынған ол дыбыстар легі тыңдаушы жүрегіне жетіп, тыңдаушы мен орындаушы арасында гармониялық үндестік тудырады. Толқудың да, толқытудың да сыры осында жатыр.

Байсерке шығармаларымен таныса түскен сайын күйлердің музыкалық мазмұнына, орындалу ерекшелігіне үңіле түскен сайын, біз ұзақ жылдар бойына қандай құнды мұрамызды елеусіз қалдырып келгенімізді аңғарамыз. Басқасын былай қойғанда, Байсерке шеберлігіне қатысты кейбір жайттардың өнегелік сыпаты барын, соларды пайдалану, жетілдіру арқылы музыкалық өнерімізге қаншама үлес қосуға боларын ескермегенбіз ғой. Айталық, музыкалық бейне (образ) жасаудағы суреткерлік шеберлігі қандай! “Жекпе-жек” күйін осы тұрғыдан қарастырып байқауымызға әбден болады. Бұл күй – Байсерке шығармашылығы ішінде ерекше орны бар туынды. Қарама-қарсы екі жойқын күштің теке-тірес арпалысының музыкалық суретін жасаудағы композитор тапқырлығы дәріптеуге лайық-ақ. Күйді оркестрге түсірген Дүнгенбай Ботбаев қария тілімен айтсақ: “Күй 2/4 өлшемімен бастала беріп, 3/4 өлшеміне ауысады. Ашық ішектерден құйындата шыққан “оналтылықтар” бірден күйдің негізгі тақырыбына бастайды. Бұл қарқын шұғыл күшейіп барып, шартпа-шұрт қақтығысқа ұласады. Композитор күйдің негізгі тақырыбынан өзге де әртүрлі ритм өрнектерін өте ұтымды пайдаланады. Мәселен, “оналтылық” ноталар ширек ноталармен, синкопа триольдармен, триольдар ширек ноталармен алмасып отырады. Мұндай алмасулар арпалысып жатқан екі дүлей күштің “өліспей беріспесін” айқындай түсетіндей”.

Расы осы. Күйдің ішкі құрылымына үңіле қарасақ, Дүкең сөзінің шындығына көзің жете түседі. Күй кульминациясына даярлық ерте бастан өте тамаша ойластырылған. Күй кіріспесінің өзінде-ақ атойлаған дабылды үн шығарма бағдарын бірден айқындап, жөн сілтейтіндей. Кіші сағаға дейінгі аралықта-ақ алысып,

шабысып, “жан беріскен” екі қарсыластың біраз психологиялық қыр-сыры бейнеленеді. Музыкалық иірімдердің соншалықты әсерлі де сырбаз, өзгеше сұлу ырғағынан Байсеркенің шын мәніндегі лирик композитор екенін танысың. Осы тұстағы автор шеберлігі, әсіресе, (үшінші нөмірден басталатын) кіші сағадағы ширьғудан жақсырақ көрініс береді. Мұндағы ерекшелік–ладтың жетінші сатысы жарты тон төмен түсіріліп, альтерациялануында. Арпалысқан дүлей күштердің музыкалық суреттемесін табу үшін, композиторға жаңа музыкалық бояулар қажет болғанын аңғарамыз. Автор оларды табиғи дарын түйсігімен өте орынды таба білген. Сөйтіп, онсыз да жігерлі музыканы одан да бетер жігерлендіре түскен альтерация күйдің драматургиясына елеулі әсер қосады. Кіші саға орта сағаға, орта саға үлкен сағаға ұласып, шарықтау шыңына жетіп, күй кенеттен күрт үзіледі. Ширек үзілістен кейін күйдің бізге таныс бірінші бөлімі, басқаша айтқанда, репризасы орнығады. Тек ол дәл бұрынғы қалпында емес, жаңа элементтермен – музыкалық иірімдермен толыса нақышталып, байи түскен кейіпте қайталанады.

Ал енді бұл “Жекпе-жек” күйінің қандай себеппен, қандай оқиғаға қатысты шығарылғаны жөнінде аңыз да, дерек те сақталмапты. Ежелден-ақ үлкен бәсеке майданы іспетті Шу өңірі тіршілігінің бір қыры бейнеленгеніне сеніміміз кәміл. Бәлкім, ұлан-асыр той мен аста белдескен түйе палуандардың шамырқанысы себеп болған болар, бәлкім, ат үстінде қара жерде тұрғаннан гөрі мығымдау сезінер баяғы қазақы тіршіліктің алыптары – білекті сайыскерлердің тегеурінді теке-тіресі себеп болған болар. Шу өзенінің арғы-бергі өңірін қатар жайлайтын қазақ-қырғыз елінде бұндай жекпе-жектер жігіттер арасындағы бәсекеден асып, ұлттық намысқа шауып жататыны



айтпаса да – түсінікті. Осы Байсерке заманында Қордай елінде ел намысын ту етіп сайысатын Әсіреп, Шарын, Исабек секілді атақты палуандар өткен-ді. Дәл сол тұста қырғыз елінің Тістеуік атанған түйе палуаны ұзақ жылдар бойына жамбасы жерге тимей, даңқ асырған. Ақыры жас Шарынмен сайыста оңбай мертіккен. Бәлкім, Байсерке бабамыз сондай белдесулердің біріне куә болған да болар. Тіпті ас пен тойда өтетін бейбіт бәсекені былай қойғанда, кейбір қантөгіске апарар жанжалды да жекпе-жекпен шешкен мысалдар бар қазақ-қырғыз арасында. Соның бірі қырғыз ханы Орманның тұсында өтеді. Орман хан Кекілік-сеңгір маңындағы қазақ жеріне сұғын қадап, қысым жасау ниетімен екі мәрте қол бастап келген. Бірақ екі жолы да Шыңғысбай, Бекеней дейтін ағайынды екі қыбырай жігіт қырғыз қолының қапысын тауып, Орман ханның туын жыққаны – әлі күнге ел аузындағы аңыз. Сол кездің рәсімі бойынша тудың жығылуы – қолдың жеңілуі ретінде бағаланатын көрінеді. Одан әрі ессіз ғана жалғаса керек ұрысты.

Екі мәрте беті қайтса да, Орман хан Кекілік-сеңгір, Қаракемер секілді шұрайлы жерді тартып алу ниетінен бәрібір қайтпайды. Бірақ үшінші жолы айлаға көшіп, жекпе-жек жолымен шешуді ұсынады. Ондағы сенгені – өзге бір қырғыз тайпасының Қабан дейтін түйе палуаны екен, соны жалдап әкеліпті. Бұл кезде баяғы Шыңғысбай да, Бекеней де шау тарта бастаса керек, үш күн бойына Қабанға қарсы қояр жігіт табылмайды. Ақыры Шыңғысбайдың ағасы Жанжігіттің Күреңкей дейтін ұлы намысқа шауып, жекпе-жекке шығуға бел байлайды. Алдын ала жасасқан уәде бойынша, осы жолы жекпе-жек жер дауының тағдырын шешуге тиіс болған: кімнің палуаны ұтса, жер сонікі деп серттеседі. Жастығына қарамастан, Күреңкей де бір алып болса

керек, сәті түскенде Қабанның мойнына қолын шап орап, қылқындырып жүріп жығыпты. Осыдан былай Орман хан қазақ жеріне көз сұғып қадауды біржола доғарса керек. Кейін Кенесары Кекілік сенгірге ат басын тірегенде: “Орманмен жасасқан антымыз бар,” – деп қыбырай елі түгелдей тау ішіне сіңіп кеткен десетін қариялар.

Осы секілді тарихи шындық арқау болды ма, әлде жайшылықтағы көп тайталастың бірі әсер етті ме, қалай болғанда да, Байсерке күйі халық өміріндегі елеулі бір оқиғаны музыка тілімен әдемі нақыштаған көркем суреттей әсерге бөлейді.

Біздің әңгімемізге арқау болар келесі туынды – “Ұран күйі» Бұл – Байсерке шығармалары ішіндегі тарихи кезеңдік мәні бар күй. Ахмет Жұбанов осы туындының шығу тарихы туралы баяндай келіп, идеялық мазмұнын былайша түйетін: “Байсерке сондай қарапайым домбыра тілімен Россия халқының бәрі де еңбекші елдің өміріне кесел келтіріп, теңсіздік, бақытсыздықты тудырып, тұншықтырып тұрған тұманға қарсы күресу керек дегенді әңгімелейді.” Енді бір сәт осы төңіректе ойланып байқайықшы. “Тұншықтырған тұманды” қалай түсіну керек? “Дұшпан” сөзін ашық айта алмай, әдіс үшін пайдаланған тұспал балама емес пе? Өз басым дәл солай деп ұғам. Кеңес дәуірінде өмір сүріп, саяси құқайды көп көрген зиялы буын түгелдей бастан кешірген жағдай ғой бұл. “Россия халқының бәрі де” деген тіркесті де еріксіз жазғанына сенімім кәміл. Өйткені “Ұран” күйінің идеялық мазмұнын осылай сипақтата тұспалдау жолымен ғана түсіндіріп, қатал цензурадан өткізуге болатын еді. Есті оқырман автордың ол емеурінін қапысыз танырына ол сенген, әрине. Шын мәнінде, Байсеркенің күреске үндеген халқы – қазақ еді. Ал бірлесуге шақырғаны –

ағайындас қырғыздартұғын. Себебі – екеуінің дұшпаны да, тағдыры да біреу еді.

Патша өкіметінің Жетісуды және Қазақстанның бүкіл түстік өлкесін отарлау саясаты Байсеркенің бозбала шағына дөп келгені белгілі. От қаруын асынып, зеңбірегін сүйрете жеткен орыс әскері ойранының дүмпуі басылар-басылмастан-ақ, Қордай елінің ең шұрайлы, ешқандай құрғақшылық қаупі төнбейтін, тау баурайындағы нулы, сулы жеріне жаппай орыс мұжықтары қоныстанып, ғасырлар бойы туырылып жатқан құйқалы қыртысқа түрен тісін салған-ды. Өтеген батырдың үрім-бұтағының ата жұрты саналар Қарасу өзені бойында “Черная речка”, Шудың “Жайылма” аталатын жазығында “Георгиевка”, төменгі ағысында “Успеновка”, Сұлутөрдін жаннаттай сұлу баурайында “Красногорка”, “Архангельское”, “Маханьковка”, “Горно-Никольское”, т.б. секілді орыс селолары пайда болған. Қазақтар кіл таулы-тасты, сай-жыралы өңірлерге немесе шөлейт түзге ысырылған. Кейіннен аралас-құралас тіршілік кешіп, жақындаса түскенмен де, ата қоныстарынан көрнеу көзге айырылған жергілікті жұрттың қаны ішіне қатып қалғаны айтпай-ақ түсінікті ғой. Біртіндеп орыс тұрмысына көз үйретіп, салт-дәстүріне зер салып, малдарын астыққа айырбастап, тіпті кейбіреулерімен “тамырлық” сыйластық тапқанмен де, дәл сол тұста бәрібір іштері анық жіби қоймағанды. Үлкен қан төгіске жетпегенмен, араларында дүркін-дүркін жанжалдар ушығып тұрған. Осының бәрі Байсерке жүрегіне жүк түсірмеуі мүмкін емес еді. Орыс ауылдарына катынап, тіпті балалайкасын қызықтай шертіп, ырғағы бөтендеу музыкасын үйрене жүргенмен, Байсерке бәрібір отарлаушылар саясатының зардабына көндіге алмаса керек-ті. Онысы, әрине, ішкі қарсылық

қой. Жасар өзге қайраны жоқ композитор ішін өртеген запыранды домбыра тілімен жеткізген ғой айналасына. Қара домбыраның шанағын дабылдата шертіп, қиянат қияметінен құтылудың жөнін нұсқауға тырысқан...

Байсерке әр туындысының музыкалық мазмұн ерекшелігіне орай оның аңыздық нұсқасын қоса ойластыратын үрдісті тұтынғанын айтып өткенбіз. Сол әдеті бойынша бұл күйіне де лайық сюжет құрастырады. Композитордың айтуынша, ол бірде басына нокта түскен ел тағдырын ойлап, іштей мүжіле күңіреніп отырған сәтінде еңсесі биік асқақ Алатау кенет ақ басты ақсақалға айналып, сөйлеп кетеді: “Оу, қалқам, дейді алып Алатау, – сен неге сонша таусыласың!? Мына менің баурайыма – сенің ата жұртыңа жаранған жаудың келгені бір осы деп тұрсың ба? Мен мынау ұзақ ғұмырым ішінде бұның талайын көрдім. Қай-қайсысы да бұл жерден бақыт тапқан жоқ. Бірі текке қырылып, жер жастанған. Бірі өлімтігін сүйретіп, әзер қашып құтылған. Бірі айдалада көмусіз қалып, аңға-құсқа жем болған. Уақыты жеткенде бұлар да жөнін табады. Тек сендер асқар Алатаудың ұланы екендерінді ұмытпаңдар. Алатаудың кеудесін ешкім басқан емес. Қарлы шыңынан ешкім асқан емес. Тіпті қанатты құста аса алмайды. Асса, тек асқақ ән асады, тамылжыған күй асады. Сен көкірегіңнен күй ақтар. Барша еліңе тарат. Шыңдардан асырып қырғызға жеткіз. Ол да сенің кебіңді киіп отыр. Ырыс түбі – бірлікте. Бірлесіп қарсылассаң ғана жетесің мұратқа. Азаттық өз бетінше келмек емес. Күресіп жүріп аласың. Соны жеткіз халыққа!”

Кәрі Алатау, ақбас Алатау осылай тебіренеді. Бұл сөз Байсеркенің ұран күйінің тууына түрткі болады. Күйдің аллегориялық мазмұнын автор осылай таратып, осылай әңгімелейді екен.

Күй аты – “Ұран күй” екен, демек ол елді күреске үндеуге тиіс. Ұран атаулының міндеті – сол. Ал енді сол тұста орыс отаршылдарынан өзге тағы кіммен

күресуге тиіс еді халық? Заман ыңғайына байланысты Ахаң оны “тұншықтырған тұман”, теңсіздік, бақытсыздық дей отырып, оның қай тараптан төнген қасірет екенін емеурінмен сездіреді, бірақ өз дәуірінің идеологиялық мұратын алдыға тартқан сыңаймен “Россия халықтарының бәрі де”, “еңбекші ел” деген саяси сыпаты бар тіркестерді әдейі қолданады. Әркім аузын баққан заманда басқаша айтудың мүмкіндігі жоқ та еді ғой. Әйтпесе, күйдегі орыс музыкасы интонациясының пайдаланылуы нені меңзеп тұрғанын аңғарта салу қолынан келмейтін іс пе еді.

Ахмет Жұбанов “Ұран күйінің” көркемдік ерекшелігін тәптіштей талдаған. Оны қайталай айтып беруді қажет деп санамаймын. Есесіне, өзге маманның – осы күйді оркестрге түсірген Дүңгенбай қарияның пікірін ұсынуды жөн көрдім. Ол кісі былай дейді: “Ұран күйі – жүктелген міндетіне сай мажорлық ладта өрнектелген жігерлі шығарма. Оптимистік ырғағы халықты бірлікке шақырып тұрғандай. Атойлаған үш тактілі кіріспеден кейін “қауіп-қатер” тақырыбы домбыраның үстіңгі ішегіне өтеді. Іле-шала оған қарама-қайшы тақырып – халыққа үндеу тастайтын “Ұран” тақырыбы шалқи жөнеледі. Бір-бірінен алшақ жатқан образдық міндеттер атқаратын осы екі тақырып қайшыласып, күйдің драмалық сыпатын ашық аңғартады. Ладтың жетінші сатысын альтерациялау арқылы автор “қауіп-қатер” образын иланымды жасай алған. Ал ладтың алтыншы, бесінші сатыларын ойната отыра, әрі қайталай отыра, музыкалық әдемі иірімдер табады. Күйдің екі тақырыбы домбыраның астыңғы, үстіңгі ішектеріне алма-кезек ауысып, қақтығыса дамиды. Сондықтан да күй сазы мәнерлі де әсерлі. Өйткені күйдің жедел екпіні, тақырыптардың кезектесе өрнектелуі тыңдаушысын еш жалықтырмайды, қайта алға жетелеп, еліктіріп отырады. Күйдің аумағы, негізінен, орта саға аралығын қамтиды. Мұндай ауқымды тақырыпты шағын диапазонға сыйдыру композитор үшін оңай іс емес. Ол үшін шығарманың ішкі құрылымын дамытуда композитор әртүрлі әдістер қолданады. Солардың бірі – вариациялау

(тақырыпты өрнектеу). Күйдің жетінші цифрынан былай қарай тақырыпты өрнектеу басталады. Осысымен-ақ автор шығарманың ішкі құрылымын дамытуда бірнеше әдістермен таныс екенін және оны қапысыз меңгергенін байқатады.”

Дүңгенбай ағаның сүйсініске толы ұзақ сөзінің мейлінше сығымдалған нұсқасы осылай. Айтса айтқандай, күйші шеберлігін айқын танытатын бұл күйді тебірене тыңдайсың. Азат өмір жолында, азат ұрпақ жолында бір сәт толастамас, ғасырлардан-ғасырларға ұласа, үнемі арпалыспен өтер күрес суреті күй сарынынан әдемі көрініс тапқан.

Сонымен біз Байсерке Қылышұлының өмір тарихына шолу жасай отырып, қолдағы бар бес-алты күйінің тақырыбы мен көркемдік ерекшеліктері жөнінде де тиіп-қашты сөз қозғадық. Ұзақ жылдар бойына ұмыт қалған автор болғандықтан, кейбір тұстарда әдейі маман пікірін ұсынып, күйші мұрасымен тереңірек таныстыруды да жөн көрдік. Ең қуаныштысы – бұл күйлерді еліміздің күй өнерін қадірлейтін тыңдармандарына жеткізу мүмкіндігі туғаны. Құрманғазы оркестрі ұжымы бұл абыройлы істі қолға алып отыр.

*Желтоқсан, 2000 – 13 қаңтар, 2001 жыл.*

**P.S.** Бұл мақала жазылғалы бері алты жылға таяу уақыт өтті ғой. Сондықтан осында айтылған мәселелердің біразы содан бергі уақытта өз шешімін тапқан-ды. Ең бастысы, 15 күйдің оркестрлік нұсқасы жасалып, Құрманғазы атындағы академиялық оркестрдің ұйымдастыруымен күйшінің 160 жылдығы аталып өтіп, сол кеште 12 күйі осы оркестр орындауында шалқыды. Осыдан соң іле-шала оркестрдің бас дирижеры Айтқали Жайымов оларды Қазақ радиосының Алтын Қорына жаздырды. Ол үшін Айтқалиға да, Радионың бас директоры Нұрлан Өнербаевқа да алғысымыз зор. Сонымен қатар 15 күйінің домбыралық нұсқасы мен оркестрлік партитурасы «Баба ұраны» /Күйші Байсерке/ деген қосарлы атпен «Өнер» баспасынан жарық көрді.

Осының бәріне атсалысып, қол ұшын берген азаматтарға  
Аллаһ разы болсын айтамыз!

*Сәуір, 2006 жыл.*

# САРБАС МАЙКӨТҰЛЫ

(1845/46 – 1913/14)

**Марал ЫСҚАҚБАЙ**

Баспа беетінде жарияланған кейбір деректерде «1849 жылы туып, 1913–14 жылдары қайтыс болған» деп көрсетіледі. Әйтсе де, Жамбылмен айтысындағы: «Мен келген соң бұл жерде неге отырсың, қара сирақ, қалбағай қара бала?» деген сөзіне қарағанда, ол не Жамбылмен құрдас, не бір-екі жас болса да үлкен болуға тиіс. Оған Жамбылдың сол айтыстағы: «Сен отырсың шал болып, шөкімдей боп, мен отырмын жас болып, өрімдей боп» дейтін сөзі де дәлел бола түсетіндей. Демек, Сарбас 1845–46 жылдар шамасында дүниеге келген деу дұрысырақ. Туған жері қазіргі Қордай ауданына қарасты Долаңқара, Мәтібұлақ маңы. Бір өлеңінде ол өзін Майкөттің сегіз ұлының бірімін деп таныстырады. Қазір оның Пішенбай, Токсейіт дейтін бауырларының ғана есімі белгілі.

Сарбас өз заманындағы айтулы айтыскер ақынның бірі еді. Даусы да ащы болған деседі. Өлең айтарда, әсіресе, айтысты бастарда, өз құлағын өзі бұрап, айғайлап барып бастайтын әдеті болған. Ақынның өз айтуына қарағанда, ол ұлы жүз ақындарының ұстазы іспетті

жалайыр Қабан жыраудың жиені көрінеді. Құлақ бұрау сол Қабаннан қалған үрдіс екен.

Сарбас бүкіл Жетісу атырабына аты мәшһүр Кебекбай шешенге жақын туыс болып келеді, ақындық өнерін көбіне осы ағасының қасында жүріп танытқан жалпақ жұртқа.

Ақындық қуаты жағынан Сарбас өз тұсындағы майталман жүйріктердің көбінен басым болған. Оның өлеңдері өткір батылдығымен қатар өрнек-айшығымен де, тапқырлық-ұтқырлығымен де ерекшеленген. «Сарбас ақынның байларды мазақтауы», «Сарбастың сайлау туралы айтқаны», «Сарбастың өлердегі қоштасуы» сияқты шығармалары соны дәлелдейді.

Сарбас, негізінен, айтыс өнерінің ірі өкілі ретінде белгілі. Бізге оның «Сарбас пен Қуандық ақынның айтысы», «Сарбас пен қырғыз Қалмырзаның айтысы», «Жамбыл мен Сарбастың айтысы», «Сарбас пен Күлзипаның айтысы» дейтін туындылары жеткен.

Қырғыз ақыны Қалмырза да ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің қатарында аталатын айтыскер ақынның бірі. Сарбас екеуінің айтысы жұмбақ айтыс түрінде өтеді. Айтыс Сарбастың жеңісімен аяқталады. Әйтсе де, Сарбастың есімін әдебиет тарихына жазып кеткен айтыс – Жамбылмен айтысы. Жамбыл шығармашылығы мен өмірін зерттеушілердің анықтауы бойынша, бұл атақты айтыс 1895 жылы Алматы қаласында өткен.

Сарбастың ұрпақтары Қордай ауданына қарасты Отар бекетінде тұрады.



## САРБАС ПЕН ҚАЛМЫРЗАНЫҢ АЙТЫСЫ

Кебекбай, Ноғайбай, Шабдан секілді қазақ пен қырғыздың белгілі жайсаңдары бас қосқан бір жиында Сарбас пен қырғыздың Қалмырза ақыны да бірге болған екен. Жиналған көпшілік екі ақынды айтыстырып, тамашаламақ болады. Сонда Шабдан: «Ақындардың қара өлеңі таусылмайды. Елдің намысына тиіп, бірінді-бірін жамандамай, жұмбақ айтысыңдар» деп ұсыныс тастапты.

Сонда Қалмырза ақынның айтқаны:

Құр Қордайдың жерінде,  
Кебекемнің елінде,  
Сарбас ақын сен едің,  
Қалмырза ыршы мен едім.  
Сар жазықтың тобына  
Құдай айдап кеп едім.  
Бес ауыз жұмбақ айтайын,  
Бұл жұмбағым тапсаңыз,  
Бұғы менен саяққа  
Аяңдамай қайтайын.  
Оқ жыландай ысқырған,  
Беліне қылыш қыстырған,  
Төренің ұлын қосшы алып,  
Төбені шалды білдің бе?  
Ханның ұлын қосшы алып,  
Қабакты шалды білдің бе?  
Иесіз жатқан ақ жылқы –  
Бірін қармап міндің бе?  
Ұзынағаш басында

Ақ сұңқар отыр көрдің бе?  
Жер ортасын мөлшерлеп,  
Тұзақ құрды, білдің бе?  
Екі айдаһар айқасып,  
Инге кірді, білдің бе?  
Екі шолпан тең туып,  
Көріп қалдық, білдің бе?  
Қарақоңыз бауырына  
Сары нар шөкті , білдің бе?  
Әтеке, Сауранбай, Қанай,  
Бұл жұмбағым қалай? –

деп тоқтаған екен. Есімі аталғандар – атақты, әруақты адамдары болса керек. Сол кезде Сарбас ақын құлағын бұрап, айғайлай беріпті. Кебекбай сонда оны қамшымен тартып жіберіп: «Айтсаң айт, әйтпесе, ат-шапан бәйгесін бер»,– деп ақырыпты. Сонда Сарбас ақын былай төккен екен:

Қашырма, Кебеке, қаныңды!  
Қалмырзадан жеңілсем,  
Талауға сал малымды.  
Қалмырзадан жеңілсем,  
Қағындыдан жатайын.  
Қатын менен баламды  
Қара нанға сатайын.  
Ашуланба, ер Ноқа,  
Мен де ойлап айтайын.  
Оқ жыландай ысқырған,  
Беліне қылыш қыстырған,  
Төренің ұлын қосшы алып,  
Төбені шолды дегенің –  
Кенесары, Наурызбай,  
Сыпатай батыр болмасын.  
Ханның ұлын қосшы алып,

Қабакты шалды дегенің —  
Шабдан бидің әкесі  
Қарабек, Жантай болмасын.  
Иесіз жатқан ақ жылқы  
Бірін қармап міндің бе  
Деп ишара қылғаның —  
Кешегі өткен Қарымбай  
Зекетсіз жинап көп малды,  
Опа қылмаған өзіне  
Арқар, құлжа болмасын.  
Ұзын ағаш басында  
Ақ сұңқар отыр дегенің —  
Қарағайдың басында  
Ақ шәйнегі болмасын.  
Алыс жерді жақын ғып,  
Айтқан сөзін мақұл ғып,  
Ызындаған далада  
Тілгірәмі болмасын.  
Жер ортасын мөлшерлеп,  
Тұзақ құрды дегенің —  
Қарағайдың басында  
Жүргізген сымы болмасын.  
Екі айдаһар айқасып,  
Інге кірді дегенің —  
Қырғыз, қазақ жау болып,  
Орыс келген шағында,  
Екі шолпан тең туып,  
Көріп қалды дегенің —  
Ноғайбай, Шабдан болмасын.  
Қарақоңыз бауырына  
Сары нар шөкті дегенің —  
Балдыр-бұлдыр сөйлеген,  
Адам тілін білмеген,

Тоқашының тұзы жоқ,  
Басып кетсе ізі жоқ,  
Етігінде таға жоқ,  
Дүнген, орыс болмасын.

Абылай!

А, Құдай!

Домалақ! Дулат!

Атасы қырғыздың ит деуші ед,

Мына тексіз Қалмырза

Отыр неғып жоғалмай!—

деп сиынып тоқтапты.

Сонда Қалмырза: «Атаң көрі, оқшонтайдай болған сары қазақ» деп шығып жүре беріпті.

*(Айтыс “Асу-асу бел Қордай”*

*кітабынан алынған.)*

## САРБАС ПЕН ҚУАНДЫҚТЫҢ АЙТЫСЫ

Қуандық Ыстыдан шыққан ақын екен. Қаржау деген кісінің асында Сарбас екеуі айтысады. Айтысты Сарбас бастайды:

Ел түмені төменді,

Жер түмені төменді.

Ақын болсаң, Қуандық,

Көрсет бері төбенді.

Мен тұрғанда сен қашан

Бастаушы едің өленді?

Жолға тастап кетемін,

Қуандық ақын деген-ді.

Ақ шапанын киіп ап,

Ажал айдап келген-ді.

Төрт Дулаттың тұқымы,

Қаптап кетсе, ақыным,  
Құмда жатқан Ыстының,  
Бір қойдан оңай өлмегі.  
Мына тұрған Қуандық,  
Жеңу оны қиын ба-ай!  
Қуандықты көрмеймін  
Бір қалаштық тиындай.  
Сауырыннан тістейін,  
Келмесін қайтып жиынға-ай!  
Ақындығы белгілі,  
Бұ да бізге бұйым ба-ай.  
Асына Қаржау баралық,  
Әнімізді салалық.  
Домбыраны тарталық,  
Көңілімізді айталық.  
Өнерін оның байқалық.  
Тиіспек болса сөзбенен,  
Бастағы миын шайқалық.  
Ас берген байдың үйінен  
Ат, шапан алып қайталық.

### **Қуандық:**

Құдай атқан Сарыбас,  
Ел даттаған жарымас.  
Неменеңе болдың мас.  
Көптіігіңе болма мас.  
Меніменен сөйлескен,  
Бұл дүниеде мандымас.  
Есім менен Малайды,  
Таз, Құланшы төртеуін,  
Төрт Дулатқа балаймын.  
Байтүгелге – Жантүгел,  
Жарысуға жараймын.

Сенің атаң, Сарбасым,  
Солтанкелді, Бөкенсің,  
Атып алған текемсің.  
Жар түбінде жататың,  
Сорлы кедей екенсің.  
Қамшыменен бір салсам,  
Быт-шыт болып кетерсің.

Қуандықтың сөзіне жұрт мәз болып күледі. Әрі қарай сөз тыңдар құлық көрсетпей: «Қуандық женді»,— десіп тарап кетеді. Келесі жылы атақты Мөңкенің ағасы Әбділдә деген кісінің асы өтеді. Оған кіл ығай мен сығай болыстардан өзге ояз ұлықтары да келген екен. Қуандық оларды мақтап өлең айтады:

Алдияр тақсыр, ұлығым,  
Дариядай тұнығым.  
Ұзын болды құрығың,  
Қыз шашындай қайырған,  
Кекілің мен бұрымың.  
Таза сүйек руың,  
Қарағалы өзіңе,  
Жұрттың бәрі бек болды.  
Дәулетіміз көп болды.  
Сиырымыз пұл болды,  
Мінгеніміз жорға болды,  
Кигеніміз торқа болды...  
Түйедегі нарымсың,  
Маңдайдағы барымсың.  
Арыстаным, арланым,  
Жылқыдағы тарланым,  
Аспандағы жұлдызым,  
Басымдағы құндызым...

Бұл жиынға Сарбас та келген екен, Қуандықтың сөзін үндемей тыңдап тұрады. Баяғы өшін алатын кез келгендей көріп, шиыршық атады. Қуандық сөзін аяқтасымен, құлағын бұрап тұрып, айқайға басады. Оны көрген ұлықтар мәз болып күліседі. Есі дұрыс кісі емес болар деп те қалады. Сарбастың даусын естіген жұрт кимелей ұмтылады.

Сондағы Сарбастың айтқаны:

Ау, Құдай атқан, Қуандық,  
Өлеңіңе біз қандық.  
Сақал-мұрты жоқ немесің!  
Осы сықылды төрені  
Арыстан деп, Түйе деп,  
Айуан итке теңейсің.  
Қайтадан айтшы –  
Не дейсің?!  
Болыстар мен оязды  
Арыстан деп, қасқыр деп,  
Қуайын деп жүрсің-ау!  
Шоқпарменен тұмсықтан  
Ұрайын деп жүрсің-ау!  
Жау келді деп төбеге,  
Шығайын деп жүрсің-ау!  
Түйедегі нарым деп,  
Үш қап тұзды оязға  
Артайын деп жүрсің-ау!  
Мұрнын тесіп қанатып,  
Сөзбұйдалап оязды  
Тартайын деп жүрсің-ау!  
Тарланым деп оязды  
Мініп алып ауылыңа

Қайтайын деп жүрсің-ау!  
Ау, оязым, оязым!  
Жауға сесті болсын деп,  
Алғызбадың шашыңды.  
Әйелге сесті болсын деп,  
Таңдап іштің асыңды.  
Елге сесті болсын деп,  
Баспай қойдың мұртыңды.  
Сарала қаздай шен тағып,  
Бұлтитып алып ұртыңды,  
Тілмәшіңнен сұрағын,  
Айуанға сені теңгерген,  
Қуандық деген шіркінді! –

деп жұртты күлкіге қарық қып тоқтағанда, орыс ұлықтары тілмәштан не деді деп сұрайды. Тілмәш екі ақынның сөзін аударып бергенде, ояз ашуланып, өзін мақтаған Қуандықты үйден қуып шығарып, Сарбасты төрге шақырып, сый-құрмет көрсетіпті.

## САРБАС ПЕН КҮЛЗИПА

**Күлзипа:**

Отырған көш алдында жаман сары,  
Жетеді екі ұртыңа батпан тары.  
Көшімде тамам тайлақ бос келеді,  
Қойына ойнақтайды, қайтар әрі.

**Сарбас:**

Мінгенің қара ала ма, торы ала ма?  
Қуырса қыз күйдірмей тары ала ма?  
Бейпіл қыз, әлде адалсың, әлде арамсың,  
Бай малын қыдыр көрген аралама!

**Күлзипа:**

Қойыңды, сорлы қойшы, бағады-ақсың,



Байларға қызметіңмен жағады-ақсың.  
Өріске көп қойыңды айдап салып,  
Желінін әр саулықтың қағады-ақсың.

**Сарбас:**

Шынымен мен қойымды бағады-ақпын,  
Байларға қызметіммен жағады-ақпын.  
Малымды бестен-оннан саған берсем,  
Жар етіп сендей қызды қағады-ақпын.

**Күлзипа:**

Ауылым, көше-көше жондаймысың,  
Жондап барып бір жерге қонбаймысың.  
Бестен-оннан малыңды маған беріп,  
әкеңе керегінді қондаймысың.

**Сарбас:**

Шынында, ауылың сенің, жондаймысың,  
Жондап барып бір жерге қонбаймысың.  
Малымды бестен, оннан саған берсем,  
Һәм атым, һәм сүйгенім болмаймысың?

**Күлзипа:**

Айтайын, айт дегенде, ақырапты,  
Мал жейді түшіркеніп жапырақты.

Мені алмақ боп үміт еткен сорлы қойшы,  
Етегі шапаныңның қақырапты.

**Сарбас:**

Ақ тікен, қара тікен кей жерде бар,  
Біреу бай, біреу кедей пенде де бар.  
Бетіме кедейлікті салық қылдың,  
Қарыс жер қақыраған сенде де бар.

**Күлзипа:**

Байлардың көзіне ыстық қара тоқты,  
Қойға ере алмай жүргенде қасқыр соқты.  
Қасымда әкем де бар, шешем де бар,  
Сары қойшы, бос сөйлеп, айтпа жоқты.

**Сарбас:**

Расында байларға ыстық қара тоқты,  
Жүргенде қойға ере алмай қасқыр соқты.  
Қышыды аузың сенің келген жерден,  
Тіліңе басайын ба қызыл шоқты?

**Күлзипа:**

Маямды бота салып идірейін,  
Ақындықты мен саған білдірейін.  
Шоқ басып тіліңе мен не қылайын,  
Ернің тотияйынды тидірейін.

**Сарбас:**

Сендей қызды өзіме идірейін,  
Ақындықты мен саған білдірейін.  
Тотияйын жақпақ боп келгеніңде,  
Күйдіретін ернімді сүйдірейін.

## САРБАСТЫҢ ҚОШТАСУ ӨЛЕҢІ

Ноғайбай шешеннің асы боларда Сарбас науқастанып жүр екен. Сонда да үйде жата алмай, барып қайтуға жолға шығыпты. Бірақ жолда жағдайы нашарлап, Сұлутөрге жете алмайтын болғасын, қасындағы ағайындары кері

алып қайтады. Үйге жеткесін, Сарбас домбырасын қолына алып, жиналған туыстарымен қоштасқан екен.

Атандым талай елге Сарбас ақын,  
Қазақ, қырғыз тұз-дәмін талай таттым.  
Кеселдің кесрінен амалым жоқ,  
Жиынын Ноғайбайдың көрмей қайттым.

Танылдым талай елге тілімменен,  
Домбыра бірдей еді үнімменен.  
Жанымнан жарты сағат тастамайтын,  
Сырлы ағаш, қаласың ба шыныменен.

Біліндім жасымнан-ақ әр тарапқа,  
Жазсамшы бұл өлеңді бұрын хатқа.  
Өмірім соққан желдей өте шықты,  
Бермеңдер домбырамды ешбір жатқа.

Атандым Ұлы жүздің сарыбасы,  
Бұл сөзді бекер деген болар қасы.  
Айтатын, туыстарым, арызым бар,  
Сөзіме құлақ салып сәл тыңдашы.

Байшора, Байсейіт пен Әзіз аға,  
Басыңнан сыйласпасаң кетер баға.  
Атаусыз тастамаңдар сарыбасты,  
Артымда жас боп барат жалғыз бала.

Қош енді аман болғын, қайран елім,  
Бұлбұлың боп талай топта сайрап едім.  
Атаусыз тастамаңдар, қалың бауырым,  
Дулаттың Сарыбасы болып едім.

Біреуді патша Құдай жарлы қылды,  
Біреуді мал мен басқа зарлы қылды.  
Артында ағасы жоқ, інісі жоқ,  
Тапсырдым өздеріңе жалғызымды.

О, Құдай, тура жолға барғың бастап,  
Барамын қызық дүние сені тастап.  
Жүрерсің Әбдікерім қай есікте,  
Басыңа қоюшы едім шекер жастап.

Тоқсейіт, былғақбай мен Пішенбайым,  
Қорабай аман болғың, Мұқатайым.  
Бәріңе белгілі ғой менің жайым,  
Жетімнің біле жүргін халін, жайын.  
Бұлағың ағып тұрған тартылды енді,  
Сен дағы хош боп тұрғын алған жарым.

Бұл жайды Кебекең де білген шығар,  
Ноғайбай да күдерін үзген шығар.  
Барайын мен соларға сәлемдесіп,  
Сағынып дауысымды жүрген шығар.

## ЖОЛДЫҚАРАҒА<sup>1</sup>

Ау, Жолдықара дегенде, Жолдықара,  
Маңдайдан ағып тұрған терді қара.  
Үстіне киіп жүрген тонды қара,  
Қап-қара, кір-қожалақ қолды қара.

<sup>1</sup> Жолдықара құрдасы диқан екен.

Сарыбас тары жейді елден бұрын,  
Байлардың бас имейді қорлығына.  
Қап-қап астық үзілмейді қысы-жазы,  
Күштінің бой бермейді зорлығына.

## БАЙҚАРА МОЛДАҒА

Молда жылаған жерден алады,  
Ақын жырлаған жерден алады.  
Молда шулатып алады,  
Ақын дулатып алады.

Молда жүрер тіленіп, кісі өлсін деп,  
Ақын тілер ел-жұртым көгерсін деп.  
Қожа, молда ақынға қылма қиқан,  
Зекет, бітір аласың елді ұйпап.  
Жыбырлатып ерінді, көзді сүзіп,  
Дем саласың әйелдің төсін сипап.

## СҮЙІНБАЙҒА АЙТҚАНЫ

Қарабай дейтін қадірлі кісі қайтыс болып, оған  
Сүйінбай ақын келе алмапты. Бір жиында Сарбас оған:  
Сүйінбай бата қылмай Қарабайға,  
Қарабай қатарласқа жарамай ма?  
Көңіл айтып келмедің өлігіне,  
Сүйінбай бұл қылығың жарамайды, –  
деп құлағын бұрап айғайлай бастаған екен, Кебекбай  
оған: «Қой, Сарбас, Сүйінбайға тіл тигізбе. Ол қырғыз,  
қазақтың еркесі емес пе!?» –деп тоқтатыпты.

# ТӘКЕН САЛ БАЙҒҰТТЫҰЛЫ

(1860 – ӨЛГЕН ЖЫЛЫ БЕЛГІСІЗ)

Марал ЫСҚАҚБАЙ

Тәкен сал 1860 жылдардың орта тұсында Қордай ауданына қарасты Сұлутөр өңірінде дүниеге келген. Арғы бабасы Жылқайдар – қалмақ жаугершілігі тұсында асқан ерлік көрсеткен айтулы батыр, ел қамқоры болған адам. Ұрпақтар ұғымында киелі жан саналып, артында мол аңыз қалған. Мәселен, ол кісі жазғы шілдеде жылқы жайып жүргенде, төбесінде бір шөкім бұлт еріп жүреді екен. Жылқайдардың екі немересі Мүлкаман мен Қонай да – ата жолын қуған қас батырлар. Баршаға аты мәлім Қордай батыр – осы Мүлкаманның ұрпағы. Атақты Бердібек күйші, Тәкен сал да – тікелей осы әулеттен.

Тәкен сал өз тұсында Жетісу өлкесіне кеңінен мәлім болған, әншілік, сазгерлік, ақындық өнерді қатар ұстаған үлкен дарын иесі еді. Қордай өңірінде Тәкен туралы сөз болғанда, оның замандасы, өзгеше дарынды ақын қыз Әлмен қатар аталады. Әлмен ақын да ХІХ

ғасырдың екінші жартысында қазіргі Қордай ауданына қарасты Сұлутөр өңірінде өмір сүрген. Жазда жайлауға жанай көшіп, қыста қыстауға қатар қонатын, төскейде малы, төсекте басы араласқан құдандалы, бауырлас, ағайындас екі ауылда бір кезеңде тетелес туған қос өнерпаз бір-бірін бала жастан-ақ жақсы біліп, ойын-тойда жиі ұшырасып, отты өлеңмен қағысып жүріп қатар өскен.

Әлмен ақын Тәкенге: «Қой мен жылқың белгілі, Тәкен байғұс, көкала аттан бөлек не құтың бар?», – деп кемсіткенмен, Тәкеннің әкесі әжептеуір ауқатты кісі болған. Тәкеннің салдық құрып жүруі тегін емес. Ел аузындағы аңызға қарағанда, Тәкен сал бөтен ел, бөгде жұртты аралағанда, көкала атын жібек матамен тұсап жіберетін көрінеді. Таңертең атын өрістен ұстап әкелген кісіден әлгі матаны сұрамайды-мыс.

Тәкен сал жүйрік баптап, бәйгеге қосуға құмар екен. Кезінде оның көкала сәйгүлігінің даңқы ақынның өз атағынан кем тарамаған. Жетісу көлеміндегі ат шабылар ас пен тойдан көкала атты Тәкен сал қалып көрмеген.

Тәкен салдың мұрасы бізге түгел жетпеген. Көп айтыстарынан хатқа түскені – Әлмен қызбен айтысы. Әсілі, Тәкен сал Әлменмен өмір бойы айтысқан. «Айтыс кітәбінің бірінші томында жарияланған айтыс пен Кенен архивіндегі, сондай-ақ Асылқұл Бұрбаев айтуындағы нұсқалар бір-біріне кейде ұқсап, кейде алшақтап жататыны байқалады. Оның бар себебі, негізінен, ол екі ақынның әр кездегі әр басқа айтыстарының бір-бірімен араласып кетуінің әсері боса керек.

Әлмен қыздың Тәкенмен тым ерте ұстасқанын айғақтайтын мынадай бір әңгіме бар ел аузында: Тәкен сал бір күні «Әлмен қыз ұзатылып барады

екен» дегенді естиді. Шамасы, әкетіп бара жатқанын кездейсоқ көрген біреулер жеткізсе керек. Бірақ бұл кәделі ұзатылу емес еді. Әйтпесе, Тәкен салдың естімей қалар жөні жоқ-ты. Ақын қыз бесікте атастырылған /«бесік кертпе»/ күйеуін менсінбей, кердендей берген соң, анау оны нағашысыныкіне қонаққа бара жатқан жерінен жолда ұстап алып, зорлықпен әкеткен-ді. Және оны қыз әкесінің келісімімен істеген. Ол жағын естиді ме, естімеді ме, кім білсін, әйтеуір, Тәкен сал: «Бір сүрінер тұсы осы, айтысып қалайын», – деп соңынан қуа жөнеледі. Зорлықшыл топ ақын қызды жеңіл пәуескемен әкетіп барады екен. Тәкен сал оған қатарласа беріп, шырқай жөнеледі. Күйеу қасындағы топты менсінбей қыр көрсеткені ме, әлде ақын қызды тұқыртудың жолы осы дегені ме, қайткенде де, Тәкен сал сыпайылықты аттаңқырай сөйлейді /“Алып қашып бара ма ойпаң жерін?»/. Бұл таңырқарлық жәйт емес. Әр кезде-ақ қыз бен жігіт айтысы үстінде жігіттер ондай анайы мінез көрсететіні – ұшырай беретін жәйт. Мәселен, Ұлбике мен Күдері қожа айтысы, т.б.

Жапа шегіп, ашынып келе жатқан қыз еш тартынбастан, уытты өлең тізгінін босатып қоя беереді. Тәкеннің аанайылау сөздерін елең етпегендей ұтқыр да өткір өлеңмен жауаптасып, бетін қайтаруға тырысады: «Ойпаң жерді сөз етіп не қыласың, аузы-басың қан жалап шыққан жерің», дейді. Жол үстінде екеуі біраз айтысып, ақыры Тәкен бұл жолы да ұта алмай кетеді. Оны Тәкен салдың осалдығы дегеннен гөрі Әлмен қыздың мықтылығы деп бағалаған жөн сияқты.

Тәкен салда ақындықпен қатар әншілік, сазгерлік өнер де бар еді дедік қой. Жетісу көлемінде жақсы белгілі халық әндерінің ішінде Тәкеннің әндері де жүргені даусыз. Тәкен туындыларының бізге анық белгілісі – «Қоянды, Желсаз жайлауы-ай», «Ойжайлау» және «Жүрдім ойлай» әндері. Бұлардың алғашқы екеуі бүгіндері де халық арасында жиі айтылады.



Тек біріншісі әр ауылда әрқалай: «Сұлутөр, Желсаз жайлауы-ай», «Ақтерек, Желсаз жайлауы-ай» т.т. деп өзгертіліп, екінші жолы ғана «өмірдің бар ма байлауы-ай» деп дұрыс қайталанады.

Тәкен салдың Көшер, Өскенбай, Жаңғараш, Суанқұл дейтін бірге туған төрт бауыры болған. Тәкен сал солардың кенжесі. Бәрінен де өсіп-өнген ұрпақ баршылық.

## ЖҮРДІМ ОЙЛАЙ

Қалқатай, сені іздеймін, сағынамын,  
Көре алмай дидарыңды зарығамын.

### Қайырмасы:

Ойлай, жүрдім ойлай,  
Жүрдім ойлай,  
Жүзінді бір көре алмай.  
Ойлағанда өзінді ұйқым қашып,  
Қарап жүріп есімнен жаңыламын.

### Қайырмасы:

Беу, қалқа, ұстатсаңшы білегіңнен,  
Кетер ме салған дертің жүрегімнен.  
Көрмесем дидарыңды бірер жұма,  
Есі кеткен кісідей жүремін мен.

### Қайырмасы.

Ойлай,  
Жүрдім ойлай,  
Жүрдім ойлай,  
Өзінді бір көре алмай.

## ӨМІРДІҢ БАР МА БАЙЛАУЫ-АЙ

Дәйім менің мінгенім – Көкала атым,  
Әнге бассам, мұң-қайғы жоғалатын.

### Қайырмасы:

Қоянды, Желсаз жайлауы-ай,

Өмірдің бар ма байлауы-ай.  
Көшкен бұлттай жас дәурен өте шығар,  
Қарманып қал кезінде ала алатын.

Қайырмасы:

Қоянды, Желсаз жайлауы-ай,  
Өмірдің бар ма байлауы-ай.

Астымдағы Көкала – асыл атым,  
Топқа қосып, көңілім тасынатын.

Қайырмасы:

Шоқпартас, Желсаз жайлауы-ай,  
Өмірдің бар ма байлауы-ай.

Жазғы күндей жас дәурен өте шығар,  
Кез келеді жалының басылатын.

Қайырмасы:

Шоқпартас , Желсаз жайлауы-ай,  
Өмірдің бар ма байлауы-ай.

Ғұмыры аз жас дәурен бәйшешектей,  
Қайта айналмас, қайырылмас «эй» десек те.

Қайырмасы:

Қасқажол, Желсаз жайлауы-ай,  
Өмірдің бар ма байлауы-ай.

Оралыңның барында ойна да күл,  
Тай қосатын бұл жалған бәйге есепті.

Қасқажол, Желсаз жайлауы-ай,  
Өмірдің бар ма байлауы-ай.

## ТӘКЕН САЛ МЕН ӘЛМЕН ҚЫЗ

**Тәкен:**

Байғұттының кенжесі Тәкен салмын,  
Ерке болып еліме туған жанмын.  
Кесірленбей өлең айт, Әлмен ақын,  
Қасқараудың қызына ашына жанмын.

**Әлмен:**

Мақтайсың өзінді-өзің Тәкен көсе,  
Жұқпайды көсе жігіт майды жесе.  
Қыздардың қанжығанда қаншасы жүр,  
Ілесіп жүрмес пе еді жақсы көрсе.

**Тәкен:**

Ауылыңмен, Әлменжан, ауылым қатар,  
Сендей қызды Тәкен сал леппен тартар.  
Қаба сақал жігіттен көсе жақсы,  
Мұрт пен сақал бетінді жыбырлатар.

**Әлмен:**

Алдар қызың мен емес, Тәкен көсе,  
Шайнар едім күйқанды әлім келсе.  
Кимешек пен шаршыны басыңа сал,  
Ел сенбейді өзінді еркек десе.

**Тәкен:**

Менсінбейтін, Әлмен-ау, қай жерің бар?  
Пышақ жонып алғандай мұрының бар.  
Намаз оқып жүргендей етегіңе,  
Сендей қыздың ажалы қырық жеті мал.

**Әлмен:**

Шындықты айтпай қайтеміз, көсе демей,  
Көп жігітке келемін есе бермей.  
Көкала аттың үстінде шіренесің,  
Малын отар жіберген бай немедей.  
Жаным тұрмақ жауапқа зар боп жүрме,  
Бытпылдықтап ұрланған бөденедей.

**Тәкен:**

Араз болма, тату бол Тәкенменен,  
Ат-тонымды көрсеңші әсемделген.  
Бұл мінезді қоймасаң, Әлмен ақын,  
Көп мал беріп сөйлесем әкеңменен.

**Әлмен:** Сақалы жоқ Тәкеннің үш мұрты бар,  
Өзі жақсы жігіттің үш жұрты бар.  
Қарақшының дәулеті көп болмайды,  
Көкала аттан бөлек не құтың бар?..

**Тәкен:**

Бір алар ел торыған шын қарақшы,  
Өзін-өзі ұрлаған қыз – қарақшы.  
Малға кедей болсам да, көңілім бай,  
Ойлап айтшы, Әлмен-ау, кім қарақшы?

**Әлмен:**

Бердің<sup>2</sup> ұрлық қылады күн-түн қатып,  
Мамай, Тәкен май жейді былпылдатып.  
Ұрыларың ат үйге жылқы тығат,  
Шығар-шықпас құлағын қылтыңдатып.

**Тәкен:**

Бердім ұрлық қылады күн-түн қатып,  
Мамай, Тәкен май жейді былпылдатып.  
Оның несін бетіме салық қылдың,  
Әмеш жүр ғой өзінді ыңқылдатып.

**Әлмен:**

Берекесі болмайды ұры, шіркін,  
Болмайды ғой ұрынын сұры, шіркін.  
Күні-түні қылғаның ұрлық-қарлық,  
Қай жеріңнен кіреді түрің, шіркін.

**Тәкен:**

Байқалмақтың қызы едің – атың Әлмен,  
Бүрме етек, ұзын шаш – затың Әлмен.  
Бұл кесірді қоймасаң, әу, бейшара,  
Сені тоқал қылармын ақыры, Әлмен.

**Әлмен:**

Менің атам атаңды алып келген,  
Ақ қоржынның түбіне салып келген.  
Күштімін деп, көпшін деп күпір болма,  
Отыз Ұлы Дәуіттің бір күнде өлген.

**Тәкен:**

Қызыл атты қыз мінер қырындатып,  
Қыз ұйқысын қандырап бұрын жатып.  
Құдай сүйер қылығың бар ма, Әлмен,  
Анаң сүйген жеріңді ырымдатып.

**Әлмен:**

Бір сай шығар бір сайдың ішіменен,  
Ат озады бәйгеде күшіменен.  
Былғанбаған жерімді былғанды деп,  
Тазалап кет тіліңнің ұшыменен.

<sup>2</sup>Берді – Мықтыбекұлы Бердібек күйшінің ағасы.

## ТӘКЕН САЛ МЕН ӘЛМЕН ҚЫЗ<sup>3</sup>

**Әлмен:**

Баласы Байғұттының Тәкен сал бар,  
Байғұстың жақ терісі шалбар-шалбар.  
Көкала атты мінгелі көп жыл болды,  
Тәкен салдың үйінде қанша мал бар?

**Тәкен:**

Баласы Байғұттының Тәкен салмын,  
Жылқыға жоқ, мен өзім қойға баймын.  
Өзің көңіл бергендей, әй-еу, Әлмен,  
Ісіне елу қыздың ашына-жаймын.

**Әлмен:**

Баласы Байғұттының Тәкен көсе,  
Аузы-аузына тимейді талқан жесе<sup>4</sup>  
Басына кимешекті кигізе сап,  
Кім сенбейді Тәкенді қатын десе.

**Тәкен:** Күйдім-пістім, Әлменжан, күйдім-пістім,  
Отқа түстім сен үшін, суға түстім.  
Өзің көңіл бергенде, әй-еу, Әлмен,  
Әкең Байқалмақтың төрінде күбі пістім.

**Әлмен:**

Базар барып, базардан тай аларсың.  
Артылса пұлын, тағы шәй аларсың.  
Әкем Байқалмақтың төрінде күбі піссең,  
Әкең Байғұттының басындай май аларсың...  
(Осыдан кейін күлкіге қарық болған жұрт, «болды,  
болды!» десіп, Әлменді көтеріп алып кетіпті де, айтыс  
жалғаспай қалыпты).

<sup>3</sup>Өлеңдер “Асу-асу бел Қордай” кітабінен алынған.

<sup>4</sup>«талқан жесе» деп кекететіні – Байғұтты әулеті шетінен диқан болған.

# КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ

(1884 – 1976)

## КЕНЕКЕҢ ӘҢГІМЕШІЛ ЕДІ

Нысанбек ТӨРЕҚҰЛОВ,  
филология ғылымдарының докторы,  
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері

Кенен Әзірбаев – әйгілі әнші ақын болуымен бірге, әңгімешіл жырау болатын. Ол домбырасын шертіп, сан құбылтып ән шырқай отырып, кейде тыңдаушысын еліктіріп әңгіме, аңыз, ертегі әпсаналарды көп айтатын.

Алпысыншы жылдардан бастап ол кісінің қасына еріп жүріп, талай әңгіме, аңыздарын тыңдап жазып жүрдім. «Жалғыз қаз», «Көкетайдың асы» дейсіз бе, «Қордай батыр», «Қажымұқан», Кебекбай, Ноғайбай, Бөлтірік тәрізді шешен билер, батырлар дейсіз бе, Балуан Шолақ, Шашубай, Нартай, Тоқтағұл, Қалмырза, Әлмен, тағы сондай ақын-жырауларды айтасыз ба, әйтеуір ол ақынның білмейтіні болмайтын.

Қазақ, қырғыздың батырлар жырын бойына көп сіңірген, ойына тоқыған ақынның «Манасты», «Семетейді», «Көкетайды» тыңдағаны бар. Ұстазы Жамбылдың аузынан «Өтеген», «Сұраншы», «Саурықты»

әлденеше мәрте есіткен-ді. Көкейде «мені жырла, мені жырла» деп жүрген қызықты оқиғалар, естелік әңгіме, аңыздар қаншама? Енді ол осыларды жырламақ болды. Әуелі, «Жалғыз қазды» жазды.

«Жалғыз қаз» дастаны ертегі аңыз ізімен жырланған. Онда ақыл, ойлылық, парасаттылық, тапқырлық қазаққа деген сүйіспеншілік, халық даналығы әңгіме етіледі. «Жақсы еркекті жаман қылатын да, жаман еркекті жақсы қылатын да – әйел» деген әйел қауымының абзал-асыл қасиеттері паш етілген.

Ал енді, аңыз-дастандарының ішінде ақынның «Бұрынғы өткен батырлары» («Көкетайдың асы») деп аталған алты мың жолдық эпикалық жырының орны бөлек. Бұл «Алпамыс», «Қобыланды» үлгісінде жырланған ұзақ хикая. Оны ақын 15-16 жасынан бастап айтып келген. Бұл әуел баста, ертедегі өткен «Кәрі құлақ» қарилар хикая етіп, бірінен-біріне қалдырып келген ел аңызы. Кененнің арғы аталары Манабайдан-Әзірбай, Әзірбайдан-Кенен үйреніп айтып, атадан-балаға қалдырған. Ол аңызды кенен бір ғана өз әкесінен үйреніп қоймаған. Сол елдегі Сарбас, Қуандық және бірқатар ақындардан тындап үйренген. Кенен жас кезінде бұл ертегі аңыздың тартымды жерлерін жырға айналдырып, оны қойшылар мен ауылдастары арасында жырлап жүрген. Жыл сайын жаңа тарау-тармақтар қосыла берген. 1940 – 1947 жылдары ақын сол айтып жүрген үзік-үзік жырларының басын біріктіріп қағазға түсірткен. Домбыраға қосып әлденеше рет қайталап толықтырған. Бұл дастан жөнінде ақынның өзі: «Оның жырлануына осындағы ақын, жазушылардың Кенен кең тынысты ақын емес, әнші ғой. Одан дастан шығушы ма еді?» деген сөзі қамшы болды, – дейді. Ақын жырдың бас-аяғын түгендеп, ойға тоқып алған соң, оны арналы, төкпелі,

сазды жыр әуенімен бірнеше түндер таң бозарып атқанша жырлаған кездері болған екен.

Бұл эпикалық аңыз-дастанда ертеде өткен Ерқосай, Ертөстік, Манас, Көкетай сияқты бір топ батырлардың ел қорғау, халық тыныштығын сақтау, отбасын құру жолындағы ерлік қимылдары, жортуыл-жорықтары жырланған. Дастанда Көкетай төңірегінде сөз көбірек болғанымен Қосай батырдың бітімпаз, ақылгөйлігі, Ертөстік пен Бокмұрынның ұрда-жық батырлыққа тән мінездері, Манастың талай жорықты басынан кешірген көшпелілігі көрініс береді. Әсіресе, Ерқосайдың қандай шиеленіскен жаугершілік, дау-жанжалды қан төгіссіз, бейбітшілік жолымен шешуінде үлкен тәрбиелік мән бар. Қосай барған жер бітімсіз болмайды. Ол қандай жауға барса да ұрыс-соғыссыз, жанжал-қауғасыз тындырып келе береді. Сондықтан да ел «Жолды Қосай жолын бер, жұлдызының оңын бер» деген нақыл сөз айтып кетеді. Жырдағы басты идея осы. Негізгі мақсат – ел қорғау, өз халқын сыртқы шапқыншылықтан сақтау болғанымен, оның бітімгершілік, бейбітшілік жырлау жағы басым екені бірден ойға ұялайды.

– Бұл кішкентайымнан құлағыма сіңіп қалған ел сөзі,— деп бастады Кенен келесі бір әңгімесін. Ол Кебекбай мен Ноғайбай жайында еді. Оларды көрдім, талай соңына ілесіп те жүрдім, менің ақын болып өсуіме әсер, ықпалы аз болған жоқ. Кебекбай бізбен аталас. Жасы менің әкемнен үлкен. Ол Қасқарау еліне болыс болып сайланғанда менің әкем оның қызметшісі болды. Қызметшінің атқарар ісі белгілі: қасында ілесіп жүру, атын жемдеп, суғарып күту, оны ерттеп беру, үй шаруасына жәрдемдесу, тағы тағылар. Әкем байқұс солардың қалған-құтқанын әкеліп, бізді асырайтын. Ескісін киетінбіз. Менің шешем өлгенде Кебекбай атамның бір топ ауыл адамдарын бастап келіп



көңіл айтқаны есімде. Сонда ол көсіліп біраз сөйлеген. Ол кезде мен жеті жасар қамкөңіл баламын, не дегенін ұқпаппын, – деуші еді Кенекем.

Кенекен сол Кебекбай шешен сөздерін көбірек айтатын, әсіресе, Талқанбай, Сабан, Бердібек сияқты күлдіргі, көңілді кісілерді аузынан тастамайтын.

Ноғайбай құс ұйқылы, күміс күлкілі, құран қарауыл сақ кісі екен. Дауға да, жауға да алдырмайтын, шалдырмайтын әбжіл шешен бопты. Оның мекені – Ырғайты өзені, қыстауы – Қара шоқы. Онда Ноғайбайдың күмбезі бар. Тұқымдары сол Сұлутөрді мекендейді. Сұлутөр десе, сұлу төр. Қара қия, қасқа жол, арна бұлақ, қызылқұр, қалқа болар, шоқпар тас, шұрайлы жер, сұлу жайлаулары көп. Кенекеннің өзі айтқандай «Сұлу қыздай керілген Сұлутөрім» дегеніндей екен.

Қысқасы, Кенекеннің өткен-кеткен ақын-жырау, сал-сері, билер, батырлар жөнінде айтары мол болған.

## ӘН БОЛЫП АСҚАҚТАЙДЫ КЕНЕН ҒҰМЫР...

*Серік ҮМБЕТОВ,  
мемлекет және қоғам қайраткері*

Қазақтық көрнекті қаламгері, аузы дуалы Қалтай Мұхамеджанов Кенен Әзірбаевтың 100 жылдық торқалы тойында «Кенекен қазақтың сал-серілік дәстүрінің үлгісін ХІХ ғасырдан ХХ ғасырға алып өткен алтын көпір» дегені бәріміздің жадымызда. Бұдан артық бағалау мүмкін емес сияқты. Шынын айту керек, Кенен қайталанбас тұлға. «Екі Кенен шықпайды, Алатауға ексең де» деп өзі бекер айтпаған. Оның өлендері жайлы әңгіме бір төбе. Бүгінгі сөз әндері жайлы болмақ. Кенен әндері өміршең. Онда

ұлттық нақыш, ұлттық бояу өрнегін салған. Бұрынғы дәстүр мен жаңашыл леп үндескен әндері қай кезде де ескірмейді. Сондықтан болуы керек, Кенен Әзірбаевтың әндері қазіргі батысқа еліктегіш, жаңаға жаны құмар, тәрбиесі мен өмір сүріп отырған ортасы бөлек жастардың құлағына да жағымды, қазіргі эстрадаға бейім. Оның әндерінің сахна төрінде қайта жанғыруы осының айғағы. Ән мен сөзі астасқан әндері құлақтың да құрышын қандырады, жүректі де сезімге бөлейді, көңілді де шарықтатып аспанға көтереді. Тыңдаушыларды әртүрлі күйге бөлейтін әндердің мінезі де әрқилы. Біресе мұңға батырады, біресе шыңға лактырады, біресе «туған жердің, көбелек қуған жердің» ауасын сіміртіп, аунатып-қунатып, аласапыран күй кештіреді.

Бүгінде жарқ-жұрқ еткен жарығы көп, құлақты тесіп, миды шыңылдататын айқайлы әуеннен соң Кенен әндерін тыңдасаң, оңаша өмір сүріп, тамаша демалыста жүргендей тынығасың. Әндердің сөздері тәлімге, тәрбиеге, өнегесіетке толы. Қалтай ағамыз Кенен дәстүрі ХІХ ғасырдан ХХ ғасырға өткен алтын көпір десе, бүгін біз айтар едік: «Сол дәстүр шаршамай шалдықпай ХХ ғасырдан ХХІ ғасырға алқынбай тағы да өтті» деп. Қордайдан шыққан қоңыр үн Алатау асып, Қаратау жағалап, қазақтың кең даласында ән болып асқақтаған Кенен – ғұмыр боп мәңгілік, қайта-қайта жаңғырып өмір сүре беретініне, ғасырдан ғасырға жалғаса беретініне кәміл сенімдіміз.

## «ЕКІ КЕНЕН ТУМАЙДЫ АЛАТАУҒА ЕКСЕҢ ДЕ!...»

(Көрнекті әдебиетші, ғалым Мырзатай  
Жолдасбековпен сыр-сұхбаттан үзінді)

*Болат БОДАУБАЙ,  
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері*

**Автор:** Мырзеке, мен сіздің бұрынғы берген сұхбаттарыңыздың бірінен қазақ даласында аты аңызға айналған «Кенен Әзірбаевтың туған баласындай, қимас сырласындай болғанымды мақтаныш тұтамын» деген сөздеріңізді оқыған едім. Сіз ол кісімен он жылдан аса араластыңыз. Ол кісінің өмірін де, өнерін де, шығармашылығын да барынша терең зерттедіңіз. Қазақ ақын, жазушыларының, әдебиет зерттеушілерінің ішінде ол кісі жөнінде сізден көп білетін, сізден көп жазған ешкім жоқ десем, мұның өзі шындыққа қылдай қиянат болмайтынына сенімдімін. Кененнің Кенен болып қалай қалыптасуы?..

**Мырзатай:** Үлкен жиын-тойды Кенен алғаш рет он үш жасында көреді. Әкесі біреудің арық көк ала тайын сұрап алып: «Бар, қызық көріп келе ғой» – деп баласын соған мінгізіп, тойға жібереді. Кененнің сондағы көргендері ұмытылмай, өмір-бақи есінде қалып қояды. Сол тойда ол қазақтың атақтысы Ноғайбай биді, қырғыздың атақтысы Шәбден манапты, қазақтан Сарбас, Қуандық, қырғыздан Тоқтағұл, Қалмырза сияқты ақын, жыршыларды, қазақ, қырғыз балуандарының күресін, найзагерлерінің сайысын көреді.

– Атақты ақындарды алғаш көруім еді. Мен де солардай елді аузына қаратқан ақын болсам деп

армандадым сонда. Сарбас ақын құлағын жұлып бұрап Ноғайбайды, Шәбденді, жеңіп шыққан палуан мен найзагерді мақтап жыр айтты. Ноғайбай сол жолы Әлмен әпкеме Тәкен салмен айтысын айтқызды. Әлмен әпкем басқа да қызық өлеңдер айтты. Даусы сыбызғыдай сызылып шығады екен. Тойдағылар: «Ой, бұл Әлмен кімді отырғызбады дейсің. Олжабайды, Қабасақалды, Жидебайды жеңіп кеткен ғой. Бұған ешбір ақын тең келмейді», – деп отырды. Ертеңіне ат жарысын көреміз деп бір топ кісімен келе жатқанда, мен Сарбас атамның алдынан шығып: «Ассалаумағалейкүм» – деп сәлем беріп, қолын алдым. «Сен Әзірбай шалдың жетімегісің бе, әкең бакуат па?» – деп маған қарады. Мен: «Иә» – деп басымды изедім. Ол сәл тоқтап, «мынаны ұстай тұр» – деп домбырасын маған беріп, жан қалтасынан көлдей орамалын алып, бетін сүртті. Желпініп алды. Мен оның ескі домбырасын ұстағанда, денем дір ете қалды. Ол домбырасын қолына қайтып алды да, жүріп кетті. Мен біраз жерге дейін соңынан қалмай ілесіп бардым. Ат жарыс бәйге басталып кетті. Мен оған қызыққан жоқпын. Есіл-дертім, екі көзім Сарбас ақында болды, – деп, еске алушы еді Кенекең.

Содан, тағы бірер жыл өткенде Кенен түс көреді. Түсінде тілі аузына сыймай, шөлдеп қалыпты. Мәтібұлақтың басындағы Кіндіктас дейтін шоқыда атын қаңтарып тастап, Сарбас ақын отыр екен дейді. Киізбен қаптаған, мойнына мылтықша асып жүретін домбырасы алдында жатыр. Беті шұбар, аузы бүрік, ұсқынсыз келген Сарбастан балалар қорқады екен. Бұл да бір жырамен қашып кетуге бұрылғанында:

– Әй, Әзірбай шалдың жалғызы, қайда қашып барасың, бері кел! – деп шақырады. Амалсыз қол қусырып, алдына барады. Ол бетіне қарай салып:

– Өй, шөлден өлетін болыпсың ғой, – деп, алдында қарын тола айран жатыр екен: «Мә, мынадан іш» дейді. Бұл жүгініп отыра кетіп, мейірі қанғанша сіміре береді, сіміре береді. Екі бүйірі суға қанған қойдың ішіндей болып қампайып кетеді. Оянып кетсе, түсі екен. Таң атып, күн шығып қалыпты. Әкесі намазын оқып болған екен. Бұл көрген түсін әкесіне түгел айтады. Әкесі: «Құдайға шүкір» – деп далаға шығып кетеді. Бұл да артынша сыртқа шығып қараса, әкесі баяғы ақ лақтың тұқымы ақ ешкіні бауыздап жатыр екен. «Бар, осы ауылдың шал-кемпірлерін шақырып кел» – дейді бұған. Сөйтіп, ақ ешкінің етін құдайы қылып таратады. «Сарбас ақын өлгелі біраз болған. Түсімде ақындыққа аян берген сол ақын атамыз екен. Сонан кейін-ақ көкейіме өлең-жыр ұялай берді. Қалақша домбырамды сабалап, өлең-жыр айта беретін болдым», – деп еске алатын Кенекен.

**Автор:** Ол кісінің бозбала кездегі шығарған «Көкшолақ» әні де елге тез тарап кеткен ғой. Ол әнді айтыс үстінде шығарған ба?

**Мырзатай:** Көкшолақ – Кененнің маңдайына біткен алғашқы аты. Оның мынадай тарихы бар. Наурыз келіп, көктем шыққанда бір күні таңертең Кенен әдеттегідей қой жаюға кетеді, әкесі: «Бүгін саған қайтсем де бір тай сатып әкеліп беремін» – деп базарға аттанады. Ондайда уақыттың өтпейтін әдеті ғой. Кіші бесін болғанда Кенен қойды ауылға беттетеді. Өзі қойдың алдына түсіп, асыға басып үйіне келсе, есік алдында бір көк құнан байлаулы тұрады. «Жануарым, құтты қыла көр» – деп сауырынан сипайды. Бас-аяғына зер сала қараса, әлі ит жүні түсіп үлгермеген, құйрық, жалдан жұрдай, арық неме екен. «Еш нәрсе етпес, әлі-ақ жетіліп, түлеп кетесің», – деп ойлайды ол. Үйге кірсе, әкесі талқан шылап, шай ішіп отыр екен. «Құнаньынды көрдің бе, балам?» – деп сұрайды.

– Өзі жұтаңдау ма, қалай?

– Күтімге алып, семіртеміз ғой. Базарда жылқы қымбат. Екеуіміздің бар тапқанымыз осыған әзер жетті. Талас жағының маған ұқсаған бір қырғыз шалы ұстап тұр екен. «Арзан беремін, ала ғой, өзі тұлпар тұяғы» деп мақтады. «Маған тұлпарынның керегі жоқ, аяқ лауға жараса болғаны» деп, алдым да жүре бердім, – дейді әкесі.

Көкшолағы әкемнің дөнен шықты,  
Қойға мініп, қикайып Кенен шықты.  
Шілдеhana, тойларда әнге салып,  
Қиыстырған кеудемнен өлең шықты, –

деп жырлады Кенекең кейініректе. Ал, «Көкшолақ» әнінің шығу тарихы мынадай. Оны да кезінде Кенекеңнің өзі әңгімелеп берген еді.

Бір күні көрші ауылда бір бай адам қыз ұзату тойын жасайды. Жұрт лек-легімен ағылып, сонда бара жатады. Тойға барғысы келіп қызыққан Кенен өзінің Аянбай деген досына жалынып-жалпайып, көндіріп, өз қойын соның қойына қосып, Көкшолағына жайдақ міне салып, жіппен нокталап, ақ таяқпен қақпалап, тойшылардың артынан шоқытып ала жөнеледі. Қырға шығып қараса еңісте кетіп бара жатқандардың түрі, салтанаты бөлек, қыз-келіншек атаулы қызылды-жасылды киініп, құлпырып кетіпті. Шоқыт киімді, киіз етіккі Кенен қойшы екпіндеп, Көкшолақты тепкілеп барып, үкісін желбіретіп, жорға мінген Шәлипа қыздың тұсына жетіп, айтыса кетеді.

Мінгенім – астымдағы Көкшолақ-ты,  
Жалы жоқ, құйрығы жоқ, шоп-шолақ-ты.  
Ей, қыздар, қойшысынбай өлеңінді айт,  
Тұсына біздей құрбың келіп қапты.

Жылдам жүрші, Көкшолақ,  
Шапшаң жүрші, Көкшолақ.  
Олай жүрші, Көкшолақ,  
Былай жүрші Көкшолақ.  
Жамандатқыр, Көкшолақ,  
Арам қатқыр, Көкшолақ-а, а, ай!

Топ-топ болып тойға кетіп бара жатқан жігіт-желең, қыз-қырқын, үлкен кісілер елең етеді. Екеуін замағта қоршалап алады.

– Даусың да, әнің де жақсы екен. Айта түс, қалқам!

– Тоқталма. Шырқай түс! – деп үлкендер жағы дем береді. Бұған қанаттанған Кенен Көкшолағын екі өкпеге тепкілеп, Шәлипа қызға жақындай түседі. Тағы да шырқатып қоя береді:

Мінгенім – астымдағы Қызыл шолақ,  
Қыз байғұс әкесіне аз күн қонақ.  
Әй, қыздар, кедейсінбей өлеңді айт,  
Тұсыңа келіп қалдым «кұдашалап», – дейді.

Шәлипа да ауыл арасындағы айтыстарға қатысып жүрген қыз екен. Ол Кененді менсінбей былай деп жауап береді:

Бағып жүрген ешкінің бәрі жағал,  
Әріптесім сен болсаң, әдіре қал.  
Әдіре қал дегенге арсаңдамай,  
Жел жағымды мұңкітпей әрі жоғал.

*Кенен:*

Мен өзім Алатаудың ителгісі,  
Қойшының қызға жақын икемдісі.  
Кедейсің деп кемітпе, байдың қызы,  
Құрбыңның келіп отыр сүйкенгісі.

*Шәлипа:*

Көк ала үйрек ұшады көл дегенде,  
Ешкі емеді қойшылар шөлдегенде.

Сүт сауам деп кеуденің бәрі сірне,  
Қойың бақпай, ой, сорлы-ау, нең бар менде!

Айтыс осылай біраз жалғасады.

*Шәлипа:*

Сенің атың, ей, Кенен, жалаң аяқ,  
Құртқан екен Құдайым аямай-ақ.  
Әкең байғұс ұстап жүр қазан-аяқ,  
Қойды жөндеп бақсаңшы сандалмай-ақ.

*Кенен:*

Сенің атаң, Шәлипа, Байбалақ-ты,  
Жиырма беске келгенше бақты-қақты.  
Төсіндегі томпиған екі емшекті  
Мендей қойшы мыжғылап аймалапты.

*Шәлипа:*

Өйт-бүйтпесем, ей, байғұс, өйт-бүйтпесем,  
Қу шекпенді құржытып отқа үйтпесем.  
Жапалақша жарбандап қалмай қойдың,  
Итаяққа ас құйып «көйіт, көйіт» десем.

*Кенен:*

Шәлипа, сен олай деп кесірленбе,  
Жүйрік аттай самғаймын көсілгенде.  
Адамды итке теңеп шақыратын,  
Шешең ит қып өзінді өсірген бе?!

Осыны естіген қыздың шешесі атының басын оқыс бұрып:

– Әдепті болыңдар, балалар. Қызым, олай деме, доғар сөзді, қойшы баланың алымын бер! – деп айтысты тоқтатады. Кенен Шәлипадан кестелі орамал алып қала береді. Жігіт-желеңдер енді оны ортаға алып, «Көкшолағын» қайта айтқызады, сол жерде-ақ үйренісіп алады. Сөйтіп, бұл ән ауыл-ауылды аралап, ел ішіне тез тарайды.



**Автор:** Мырзеке, Кенен сондай қорлық өмірден, қой жаюдан қашан, қалай құтылды екен?

**Мырзатай:** Оны қой жаюдан, қорлық өмірден құтқарған – жалаң аяқ жалшы баланың бойындағы тұтанып, түлеп келе жатқан талантты алғаш танып, бағалаған, сауатын ашып, санасын оятқан да, ат, киім беріп, ас-тойға ертіп жүріп бағын ашқан ақылшы, қамқоршы да, атақты Балуан Шолақпен, Қажымұқанмен, Шашубаймен таныстырған да – Еркебай Базарұлы. Енді сол кісі туралы азырақ айта кетейін. Еркебайдың әкесі кезінде Қордай бекетінде жәмшік болып тұрған екен. Өзі ерте қайтыс болады да, артында Еркебай, Еркетай деген екі ұлы жетім қалады. Шешесі Жаңыл Бұғылыбазар деген ауқатты кісіге тиген соң ғана балалардың тамағы тойып, киімдері бүтінделе бастайды.

Бір жылдары патша әмірі бойынша әр болыс елден орысша оқуға бір-бір баладан жинайды. Тамақ, киім қазынадан делінеді. Екі мындай түтіні бар Қордай болысынан бірде-бір қазақ баласын оқуға жібергісі келмейді. Баламыз шоқынып кетеді деп қорқады. Сонда Бұғылыбазар:

– Мен Еркебай деген баламды жіберейін, – дейді.

Содан Еркебай жоқ болып кетеді. Елге «Еркебай шоқынып, кәпір болып кетіпті» деген сөз тарайды. Он жаста кеткен Еркебай жеті-сегіз жыл өткенде еліне төре болып оралады. Орысша білетін бірде-бір адамы жоқ Қасқарау еліне ол енді ем-дәрідей болады. Анасы Жаңыл да туған айдай жарқырап шыға келеді. Дау-шарға ұшырағандар, біреуде есесі кеткендер Еркебайды іздейді. Орысшаға судай Еркебай болысқа писарь, оязға тілмаш қызметін атқарады. Өзі әділ, жайдары, кішіпейіл болады, әлсіздерге көмектеседі. Қазақ, қырғызға атағы бірдей жайылады. Қаладағы Сүлеймен дегеннің қызын алып,

шаңырақ көтереді, балалары болады. Ұшқыр ат, қыран құс, жүйрік тазысыз жүрмейтін, атты баптап мініп, киімді таза киетін, сыпайы, қонақшыл, дастарханды кісі болыпты. Қордайдағы ел там салуды білмейтін кезде қарағайдан үй тұрғызады. Айналасына ағаш, бау-бақша еккізеді. Монша салғызады. Сөйтіп, елге жаңаша үлгі, өнеге шашады. Оның өнерді, өнерпаздарды қадірлей білгендігінен болу керек, Арқадан Жетісуға келген ақындар алдымен Ноғайбай мен осы Еркебайға түседі екен. Ол үйде Шөже де, Абай да, Майкөт те, Жамбыл да, Балуан Шолақ та, Шашубай да, Тоқтағұл да болған. Шашубай ақын Ноғайбайға кездесетін жылы әуелі Еркебайға түскен. Сонда Шашекең төгілтіп былай депті:

Еркебай, бай болдың сен мал жимаған,  
Тәкаппар төремін деп шалжимаған.  
Үлкенге, кішіге де сынық мінез,  
Мақтанып, асып-тасып далдимаған.  
Еркебай, туып-өскен жерің Қордай,  
Атағың шыға келді туған айдай.  
Әдейі көрейін деп келдім аңсап,  
Баласы Қошқарбайдың мен – Шашубай.

Кенекең былай деп еске алатын:

– Еркебайдың Ыбырай деген шабарманы ауылға құйындатып шауып келді де, «сені Еркебай алып кел деді» деп, мені мінгестіріп ала жөнелді. «Мені неге іздетті екен, солдатқа жібергісі бар ма? Әлде біреу үстімнен арыз айдады ма? Әлде бір жаққа жұмсамақ па екен?» деп, мазасызданып келемін. Үстімде жыртық шоқпыт шапан, аяғымда киіз етік, басымда ескі бөрік. Қордай бекетіне келсек, құжынаған адам. Ішінде Еркебай да жүр.

– Ә-ә, келдіңдер ме? – деді бізге. Өңі жылы екен. – Ана моншаға апарып, жуындырып, мына киімдерді

киіндіріп, дереу әкеле ғой, – деді шабарманына. «Ол мені ертіп алып, анадай жерде төбесінен буы бұрқырап тұрған тамға апарды», – деп еске алатын Кенекең.

Сөйтсе, ол монша екен. Шабарман есікті жауып алып, жылы сумен сабындап, неше жылғы кір-батпан аяқтың тас, тікен кірген жерлеріне дейін әбден тазалап жуындырып, су жаңа ішкиім, жеңсіз қамзол, көк шыт шапан, қара бөрік, қызыл тақия, базары етік кигізіп, сары ала белбеу таққызып, атқа мінгізіп, қайтадан Еркебайға алып келеді.

– Міне, соқталдай, әдемі жігіт болыпсың ғой. Шіркін, кедейлік, жетімдік-ай! «Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» деген осы ғой, – дейді Еркебай оның кескін-келбетіне риза болып.

Сол оқиғадан соң кешікпей қырғыз манабы Шәбденге ас беріледі. Оған Еркебай өзгелермен бірге он алты жастағы Кененді де ертіп алып барады. Петербордан арнайы келген зерттеуші-этнограф Дмитриевтің сол ас туралы жазған мақаласы сақталған. Онда ол Бішкек уезінде өткізілген асқа қырық мың кісі шақырылғанын, аумағы отыз шаршы шақырым жазыққа екі мың ақ үй тігілгенін жазады. Аста ат жарысы, күрес, сайыс болады. Жарысқа 172 ат қосылып, алдыңғы келген отыз атқа бәйге беріледі. Асқа қазақтың, қырғыздың небір талантты ақындары келгені айтылып, солардың ішінде Жамбылдың аты бірінші аталады.

Сол аста Шәбденге арнау айту үшін байлар, би, болыстар өз ауылдарынан ақын, әншілерді ерте барған. Асты басқарып жүрген Қалмырза жыршы Еркебайға келіп:

– Кәне, Шәбденді мақтап өлең айтатын кімің бар?– деп сұрағанда, ол:

– Мынау Кенен деген жас ақынымыз. Даусы зор, жақсы айтады, – деп, Кененді жаздырады. Ертеңінде ас басталып, кезек ақын-жыршыларға тиеді.

Бұрын мұндай жиынды көрмеген, әрі Жамбыл, Тоқтағұл, Қалмырза, Арқабайдай атақты, төкпе ақындардан кейін кезек алып ортаға шыққан Кенен қатты қысылады. Күздің қара суық күнінде қара суға түсіп терлейді. Сарбасша құлағын бұрап, айқай салады. Дауысы шырқап кетеді. Бірақ аузына сөз түспей, амалсыз тұрып қалады. Ел күледі.

– Ау, халайық, күлмеңдер, топқа түспеген бала екен. Қойдан құтқарып, Еркебай алып келіпті. Қайта айтсын, – дейді біреу.

– Айтсын, айтсын! Дауысы жақсы екен, – деп шуласады жұрт. Асты басқарып жүрген Қалмырза жігер беріп: «Қысылма, айта бер», – дегенде барып кеудесінен жыр шығады:

Мен өзім жол көрмеген ақын едім,  
Атақты ақын Сарбастың жақыны едім.  
Өнерім өр-қияға алып ұшты,  
Астында алты уықтың жатыр едім...

Бірте-бірте оның биік, шырқау, өр даусы жалпақ даланы жаңғыртып, айналасы ат шаптырым жерге естіліп, жиналған жұртты таңдай қақтырады.

– Е-е, бәсе, даусы да, сөзі де жақсы екен. Бұрын топқа түспегендік қой, – деп көпшілік ду ете қалады. Алдында қобалжып, ренжіп тұрған Еркебай да көңілі орнына түсіп, жүгіріп келіп, оны құшақтап, алып кетеді.

Сол жолы Кенен астан «Көпшілік көрсін әнімді» деген келісті ән-жыры үшін бас жүлденің бірін алып, кемер белдік тағынып, құла байтал мініп қайтады. Ақындығы мен әншілігі қырғыз, қазаққа бірдей танылады.

Жамбылдай даңғыл оң батасын береді. Қырғыздың Тоқтағұл, Қалмырзадай әйгілі ақындары, Сағымбайдай әруақты манасшысы арнайы шақырып, «жас бұлбұл» деп қолпаптап, үнін тыңдайды. Сөйтіп, тұсауы кесіліп, жолы да, бағы да ашылады.

«Кенен бәйге алыпты» дегенді естіген ағайын ел оны Мәтібұлақтың басынан күтіп алады. Көкшолақпен келген атасы баласын көре салып құшақтап, жылап жібереді. Кешке қарай ақ тушасын сойып, ауыл-аймақты шақырады. Бәрі Кененге өлең айтқызады. Жас ақын «Бозторғай», «Көпшілік көрсін әнімді», «Көкшолақ», «Ри, қойым» сияқты әндерін шырқайды. Жұрт риза болып, жас талапты баулып жүрген Еркебайға алғыс айтып, өзіне «Өнерің өрлей берсін!», «Бағың ашылсын!», «Сарбас атаңның әруағы қолдасын!» деп бата, тілектерін жаудырады.

«Әзірбай шалдың ақын, әнші баласы Шәбден тойынан сыйлық алып, абыроймен оралыпты» деген хабар айналадағы Балқаш, Топар, Сарытау құмға, Ұзынағаш, Есік, Қарқара жайлауына жайылады. Енді жан-жақтағы ел өздерінде өтетін жиын-тойларға оны ат жіберіп, арнайы шақыра бастайды.

**Автор:** Мырзеке, Кенен жас кезінде Балуан Шолақты да көрген, біраз уақыт қасына еріп жүріп, әндерін үйреніп алған ғой.

**Мырзатай:** Арқаның атақты серісі Балуан Шолақ (шын аты – Нұрмағамбет Баймырзақұлы) бір жылдарда патша үкіметінің қудалауынан бой тасалап, өзінің Шу бойындағы ата жұртына келеді, Жетісу жерін, Алатау алқабын аралайды. Оның шыққан тегі Ұлы жүз Үйсін, оның ішінде – Дулат, Дулаттың ішінде – Шымыр, Шымырдың – ішінде Сәмбет қой. Осы өлкенің әнші-күйшілері, өнерпаз жастары оның айналасына шоқтай үйіріліп, топ құрап, ілесіп жүреді. Думандатқан сол топ

Қасқарау еліне барып, Еркебайдың үйіне түскенде, ол топқа ендігі жерде Кенен де қосылады. Сол жылдың тамыз айында Балуан Шолақ жанына ерген өнерпаз інілерімен бірге Асы жайлауынан асады. Қасқа судан өтіп, Ақкия, Қызыл Күңгей, Қараш-Қараш жоталарындағы малды ауылдарды аралайды. Елдің ықылас-пейіліне, өлкенің өзгеше сұлулығына мейірі қанып, риза болады.

Балуан Шолаққа ағайындары, ата жұрты өз алдына отау тігіп, ат мінгізіп, мал-мүлік жинап береді. Содан ол бірнеше жыл осы өлкеде тұрып қалады. Жетісу елін армансыз аралап, ойын-сауық, сән-салтанат құрады. Қалың елді өлең-жырға, ән-күйге қарық қылады. Кейін Арқадағы өзінің жастай барып, сіңіскен, өскен, үйренген елін аңсайды, қайтуға жиналады. Қастектен Жамбылды, Қордайдан Кененді, Шудан Сауытбекті, өзінің басқа да бірқатар ақын, әнші інілері мен шәкірттерін шақыртып, қоштасу өлеңін айтады:

Аман бол, Шапырашты, Албан, Дулат,  
Дертіме шипа болдың жүргенде улап.  
Жалайыр, Ысты, Ошақты, жалпы Үйсінді  
Аралап, сайрандадым аунап-кунап.  
Мәуелі естен кетпес Алатауым,  
Қош боп тұр, көріскенше жалпы қауым.  
Жеріне жастай барып өскен елдің  
Мен қайттым, білейін деп есен-сауын.  
Мақсатым – қайта оралу Жетісуға  
Саянда көңілім толған шаттық нұрға.  
Шырқаған асқақтатып ән мен өлең  
Тартуым кейін қалған ұрпақтарға.

Балуан Шолақтың өз аузынан естіген бұл өлеңдерді Кенекең асыл ағасының соларды айтқан әнімен өзіндей етіп шырқатар еді.

**Автор:** Балуан Шолақ туралы Сәбит Мұқанов та шындық әңгімелер негізінде повесть жазған ғой.

**Мырзатай:** Ол повесте оның Жетісуға келген, қайтқан сапары жақсы баяндалады.

**Автор:** Көкшетаудағы осы күнгі «Оқжетпес» санаторийінің маңында кезінде уезд бастығы Балуан Шолақты қолға түсіру үшін оның отбасы мүшелерін тұтқындап, қамағанда, соларды босаттыру үшін Балуан Шолақ та күшке қарсы күш қолданып, қарсы әрекет жасап, уезд бастығының тарантаспен серуенге шығатын бойжеткен қызын аңдып тұрып, ат айдаушы көшірін бір-ақ ұрып құлатып, қызды алдына өңгеріп алып қашып әкетіп, қызбен бірге бірнеше күн жасырыныпты делінетін үңгір бар. Балуан Шолақ Көкшетау уезінің бастығына хат жолдап: «От басымды босат, менің де ізіме түскенді қой, сонда ғана қызың аман-есен қолыңа тиеді», – деп шарт қояды, сол талабын орындатады. Балуан Шолақпен үңгірде бірнеше күн бірге болған уезд бастығының қызы оған ғашық болып қалыпты деген де сөз бар. Осы оқиға туралы аңыз-әңгімелер ел ішінде әлі ұмытылған жоқ. «Оқжетпесте» демалатындар сол үңгірді сұрастырып барып, тауып, көріп жүр. Сонда демалғанда мен де барып көрген едім. Егер сол жерді ретке келтіріп, үңгірге апаратын соқпақты адамдар жүруге кішкене қолайлырақ етсе, үңгірдің аузына сол оқиға баяндалатын темір тақтайша орнатылса, ол үңгір «Оқжетпесте» тынығушылар ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен, шетелдерден келетін туристер де барып көруіне болатын тарихи орынға айналар еді-ау деген ой келген еді маған сонда.

Балуан Шолақтың өмірі патша үкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы күреске, оқыс оқиғаларға толы болған ғой. Жап-жас кезінде Ресейден келген цирктің атақты

балуанымен белдесіп, оның қабырғасын сындырғаны, уезд орталығындағы съезге жиналған жұрт алдында елу бір пұт кірдің тасын көтергені, өзін түрмеге қамағанда абақтының тор көз темір терезесін күшке салып жұлып алып, босанып, сыртқа шығатыны, күзетте тұрған екі солдатты екі-ақ ұрып, естен тандырып, өзінің атын қамаған тас қораның есігіндегі құлыпты қолмен бұрап жұлып тастап, ақбоз атымен түрмеден қашатыны туралы елге белгілі әні де бар ғой. Сондай алапат күш иесі Балуан Шолақ 1919 жылы елу бес жасында соқырішектен қайтыс болыпты деген әңгімені естігенде: «Шіркін-ай, бүгінгі хирург дәрігерлер сол кезде болса, оны аман алып қалар еді-ау», – деп өкіне ойланғаным есімде.

Соңғы жылдарда Шу ауданының орталығы Төле би ауылына кіреберіс жол жағасына Балуан Шолаққа арналған тамаша ескерткіш мүсін орнатылды. Оның жанында Балуан Шолақтың көтерген тасы да жатыр. Ол ескерткішті көрген адам Балуан Шолақтың күш-қуаты сыртқа тепкен келісті, шымыр тұлғасына, кескін-келбетіне еріксіз қызығып қарап қалады. Мүсіншінің талантына риза болып, авторы кім екен деп, ескерткішті айнала қарағанымызбен, өкінішке орай, ешқандай дерек таба алмадық. «Мынадай ғажап мүсінді кім жасаған?» – деп сұрағанымда, сондағы жерлес ағайындар: «Бір талантты қырғыз жігіті көрінеді» – деп жауап берді. «Ескерткіш авторының аты-жөні тұғыр тастың бір жерінде жазулы тұрғаны жөн болар еді-ау» деген ой келді сонда.

**Мырзатай:** Кенекен Балуан Шолақтың жас кезінде қыз-келіншектерге арнап шығарған «Ыңғай көк», «Діңкілдек», «Сегіз келін», Жетісуға келген соң алыста қалған ғашығы Ғалиясын аңсап шығарған «Сұрша қыз», өзінің ерлігіне, өжеттігіне әуені де, сөзі де сай «Балуан Шолақ», сондай-ақ «Құлан кісінес», «Желдірме», «Қос



барабан», «Жай қоңыр» сияқты, тағы басқа да бас-аяғы он екі әнін айтар еді. Сонда ол: «Балуан асау мінезді, өр қылықты адам ғой. Оның әндері мен өлеңдері де өзіне ұқсас, асқақты, екпінді келетін. Мен оның әндері мен өлеңдерінің ырғағын келтіргенмен, екпінін дәл өзіндей келтіре алмаймын», – деуші еді.

**Автор:** Мырзеке, Кенен ағамыз өз өмірінің елеулі оқиғаларының барлығын өлең-жырға айналдырып отырған ғой. Жас кезінде әкесі атастырған алғашқы қалыңдығына қалай үйленгені, он алтыншы жылғы қазақ даласындағы патшаға қарсы көтеріліс, сол көтерілістің батырлары, өзінің де сол көтеріліске қатысқаны туралы дастандары бар ғой.

**Мырзатай:** Кененнің жасы он сегізге толғанда әкесі Әзірбай оны үйлендірмек болады. Жан-жаққа сөз сала жүріп, Ырғайты еліндегі Байшығаш деген, өзі бұрыннан білетін кісінің қызына құда түседі. Тапқан-таянғанын, ағайындарының да көмек ретінде берген ұсақ малдарын жинастырып, қалыңмал ретінде айдап апарады. Құдасы оны азырканады. Әзірбай: «Тағы да тапқандарым болса әкеле беремін ғой», – дейді. Сөйтіп, арада алым-берім, құдалық кәдесі жүріп жатады. Арада біраз уақыт өткенде, құдасы Әзірбайды кедейсініп айнаиды, қызын енді жасы елуден асқан бір байға көбірек мал алып, қатын үстіне бермек болады. Әзірбай құдасына барып:

– Мен құда болғанда жирен шолақ құнаның бар еді, ербиген екі құлағың бар еді, басыңда жарбиған тымағың бар еді. Менімен тең едің, мен қашан сенен кем едім. Екі жасқа рақымшылық жасайық, – десе, құдасы көнбейді. Әкелі-балалы екеуі қызға астыртын сөз салса, ол өзінің Кененді қалайтынын, әкесі малға қызығып, басқа адамға тоқалдыққа зорлап берем десе буынып өлетінін айтады.

Мұны естіген Кенен өзі батыр, өзі сері, намысқой, ер көңілді Құрақбай деген досымен ақылдасады.

– Мен көмектесейін, – дейді Құрақбай. – Жақында сол ауылда Бекқожа деген бай қызын ұзатып, той жасамақ. Сен тойға жігіттер ертіп, дайындалып кел. Мен қызды саған мінгестіріп жіберемін. Ал да, қаш. Ар жағын бірге көреміз, – дейді. Кенен солай істейді. Той болып жатқанда Құрақбай қызды екі жеңгесімен уәделескен жерге алып шығады. Кененді Үлпілдек қызбен таныстырып, табыстырады. Содан соң: «Ал, кеттік», – деп, өзі бастай жөнеледі. Қыздың қашқанын сезіп қалған екі ағасы ауыл жігіттерін жинап, арттарынан қуады. Шөладыр деген жерде қуып жетіп, екі жақ қамшы сілтесіп, төбелеседі. Құрақбай бастаған қарулы, әбжіл жігіттер қуғыншыларды аттарынан аударып түсіріп, беттерін қайтарады.

Кененнің қалыңдық әкелгенін естіген ауыл адамдары, ағайын-туыс қуанып, көптеп-көмектеп, беташар тойды өздері жасап, Кенен мен Үлпілдекке отау тігіп береді. Бұл оқиғаның арты біраз дау-дамайға ұласып, екі жақ биге жүгінеді. Айтыс-тартыс ақыры бейбіт шешіледі. Құрақбай сынды еркөңіл адал достың шын достығы осы оқиға үстінде анық көрінеді. Кенен кейін бұл оқиғаны дастан етіп жырлайды. Тек қана Үлпілдектің есімін Ханзада деп өзгертеді.

**Автор:** Кенен атамыз жас кезінен дауысы әдемі, зор болғанымен, дұрыс домбырасы болмаған ғой. Ол кісінің жақсы домбыраға қолы алғаш қалай жеткені жөнінде ертеректе бір әңгіменің шет-жағасын естіген едім.

**Мырзатай:** Ол әңгімесін Кенекен бізге айтқан. Жігіт шағында оны Бұлар деген, дүнгеннен шыққан, Қытай мен Ресей арасында сауда жасап байыған батыр адам шақырып алып, ақын етіп, біраз уақыт қасына ертіп жүріпті.

– Домбыраға жарымай жүрген кезім. Дауысым зор, домбырам нашар. Шабан атқа мінгендей өленді қиналып айтамын, – дейтін еді Кенекен. – Бір қырғыздың ауылына түстенгенде бала жігіт күй тартты. Атын Сарқұнан деді. Төгіп жырлайтыны үшін «Төкпе» атанып кетіпті. Қырғыздар домбыраны «қомыз» дейді ғой. Үш ішекті қомызын еңіретте тартады екен. Екеуміз айтыса кеттік. Біраз сілкілестік. Кезек тағы бір маған келгенде мен оның қомызын мақтап: «Дос болайық, осы қомызыңды маған бер», – деп қолқа салдым. «Құрбым, астымдағы қасқа атымды ал, қомызымды сұрама», – деп жолатпады. Сол жердегі жиналған қазақ, дүнген, қырғыздар «қу ағашты берсеші» деп шуласа да, бергісі келмеді. Бұлар батыр он сомдық қағаз ақшаны лақтырып: «Шаужайына байладық, қолқасын тағы да ала жатарсың. Кенен екеуің дос болыңдар», – деп жатыр. Жұрт жабыла шуылдап кеткен соң, Төкпе лажсыз қомызын берді. Перне тағып, әнге салғанда, айызым сонда бір қанды-ау. Денем қызып, терлеп, тоқтамастан ағыта беріппін. Қолға жағалата су құйылғанда бір-ақ тоқтадым. «Шіркін, домбыраң жараспай, қор болып жүр екенсің ғой», – деп, тындағандар разы болды. Қырғыздар да сүйсініп: «Кер жолақ қомыз иесін жана тапты», – десіп жатты. Төкпе сол жерде қомызының тарихын айтты. «Теріскейдің қарағайы түнде сөйлеп, күндіз шықпайды, күнгейдің қарағайы күндіз шығып, түнде сөйлемейді. Ал қыр жотаға біткен қарағай күндіз-түні шамалда тұрады, күннің көзі шыққаннан, батып кеткенше басынан күн кетпейді. Шың басындағы осындай қарағайдан кесіп алып, ыстық суға үш қайтара қайнатып, шаптым. Күнге тастасаң – қаңсымайды, су тисе – су сіңбейді. Күндіз-түні бірдей сарнайды. Кененім, ырысың бар екен. Енді саған құтты болсын. Сайрай бер! – деді. – Домбыраға сөйтіп бір жарыған едім, – дейтін

Кенекен. Содан бастап ол Төкпемен дос болып кетеді, екеуі бір-бірінің әндерін үйреніп, айтып жүреді.

**Автор:** Енді 1916 жылдың оқиғаларына келсек.

**Мырзатай:** «Сол жылы маған бір жорға қара ат бітті, – деуші еді Кенекен. – Мен оны күтіп мініп жүрдім. Отымның басы түзеле бастады. Қара атым жолды қара ат болды. Бір күні Айдарбектің үйінде қымыз ішіп, қыза сөйлеп отыр едім, «Ойбай, Кенен, атыңды солдат мініп кетті», – деп, сырттан қатын-балалар шу ете қалды. Ер-тоқымымен жоңышқаның көрпе көгінде арқандаулы тұрған менің атымды біреуі, екіншісі Қонарбайдың қасқа байталын мініпті. Ол кезде әрі өткен, бері өткен солдаттар кездескен атты мініп, кез келген үйді де үштеп тонап кететін. Мен дереу Айдарбектің қашаған қуатын Көктөбел байталын сұрап мініп, артынан қудым. Екі солдат Ырғайты сайын өрлеп кетіп барады. Мен Құрсайды өрлеп, Бүркіт ұясының астымен шауып өтіп, Мысықбай қорасының алдындағы өзеннен өтпей, солдаттарды тосып, жай жолаушы құсап тұра бердім. Менің Қара атыма мінген солдат ат ауыздығымен алысып, алда келеді. Мойнында мылтығы бар. Біреуі кейін қалыпты. Солдаттардың мінер жағы жар тас, қамшылар жағы құлама жар. Сарылдаған Ырғайты өзені тастан тасқа шапшып ағып жатыр. Бұл өткелден көшкен ел де, атты адам да жалғыз-жалғыздан өтетін. Жол жайы мәлім. Сол жерде судан өтпей, алдынан қарсы келе жатқан жолаушыдай тұра қалдым. Олардың беті Тоқпаққа қарай өрлеп барады.

Еркебайдан ұққаным бар еді, «темекінің залалы көп, бірақ пайдасы да бар, танымаған адамдармен тілдестіреді» дейтін. Сол Еркебай айтқандай, темекі орап алдым да, тар жолда: «Здравствуй», – деп амандастым.

**Автор:** Сонда Кенекен, осы сөзіне қарағанда, жас кезінде темекі тартқан, насыбай атқан ба?

**Мырзатай:** Жас кезіндегісін анық білмеймін, мен білетін кейінгі жылдарда насыбай да атқан емес, темекі де тартқан емес.

Иә, жаңағы әңгімені жалғастырайын. «Солдат та: «Здравствуй», – деп жауап берді дейтін Кенекең. Қара жорға ақ көбік болып келе жатыр екен. Мені танып, оқырана қарады. Бірге жүрген байтал да кісінеп қоя берді. Шаужайды қатты қағып, тебініп қалдым да, жақындап: «Дайте прикурить, спешка есть?», – дедім. Алдыңғы солдат өзі де темекі тұтатып, махоркасын берді. Шап беріп мылтықтың бауынан тартып қалғанымда, астымдағы байтал атып кетті. Бауы үзілген мылтық менің қолымда кетті. Мылтықты кезеніп: «Стой!» деп едім, солдаттың есі шығып, аттан түсе қалды. Қара ат ер-тоқымымен қолыма тиді. Көк қасқа байталдағы да құлай түсіп, қол көтерді. Ол да байталды қоя берді. Құдай жарылқап екі атты шылбырынан жетектедім де, ауылға тарттым. Екі солдат жаяу қала берді. Былай шығып, айқайлап, аспанға мылтық аттым, оным әлгі екі солдат артымнан кумасын дегенім ғой.

Ауылға келіп «осылай болды» десем, ел сенбейді. Менің екі солдаттан аттарды қалай аударып алғанымды, мылтық атқанымды арғы бетте Төлебай деген қойшы көріп тұрыпты. Жұрт содан анығын естіп барып сенді. Кейін үлкен-кіші маған разы болып, аңыз қылып кетті.

**Автор:** Кенекең бойы биік, қапсағай ірі кісі ғой. Ержүрек те болған-ау шамасы.

**Мырзатай:** Ол кісі атыс-шабыс, төбелес дегендерді суқаны сүймеген. Мүмкін ондайға ыңғайы, ебі де болмаған шығар. Оған мынадай әңгімесі куә.

– Сол кезде Қасым атты жасауыл болды, – дейтін еді Кенекең. – Өз әкесін өзі өлтірген, Алматы оязына жаққан, талайды жылатқан, үміттайым, зұлым еді. Ұзынағаштан

бергі он екі болыс қарайтын елге жалғыз өзі шауып, ылаудан ылау алмастырып отыратын. Ел он алтыншы жылы үркіп, Әли батырға еріп, патша жарлығына қарсы тұрған кезде мен Ұзынағаш, Қарғалыдағы жекжатқа қара атпен бара жатқанмын. Абайсызда алдымнан Қасым шыға келіп, атымды тартып алып, өзімді сабап, айдалаға тастап кетпек болды. Зәрі суық, кісіге масадай қадалатын сары жігіт еді. Маған көзін тігіп, жақындап келе жатты. Мен сонда:

Ау, қатарласым, Қасымым,  
Қайраты асқан асылым,  
Айдалаға тастама,  
Қурап қалар жасығым.  
Жансерігім – Қара атым,  
Сүйенішім, қанатым.  
Жекжатым алыс баратын,  
Көпке өкпелеп не болды,  
Түсінбейтін сен бе едің,  
Құрбыдан өш алатын, –

дей бергенімде, Қасым жасауыл:

– Тілін қара, тілін, өзі бір жатқан кесір, мейлі, бір жолы жөніңе бара ғой, – деп жүріп кетті. Мен осы өленді айттым да, одан құтылып қала бердім.

**Автор:** Енді сол он алтыншы жылдың оқиғаларын да біраз айта кетсеңіз.

**Мырзатай:** Он алтыншы жылы патшаның қазақтарды майдандағы қара жұмысқа алу туралы жарлығы шыққаннан кейін ел іші дүрліккені белгілі ғой. Бұл жарлыққа қарсы болып, балаларын майданға жібергісі келмеген ел адамдары Әли батырдың айналасына

топтасады. Олар кейін «Ақтерек» деп аталған совхоздын жоғары жағындағы тау қуысына бекінеді. Әлидің өзі Үшқоңыр жайлауына барып, Тоқашқа, Бекболатқа жолығып қайтады. Көтерілісшілер қатары күн санап көбейе береді. Әлидің сенімді серіктерінің ішінде Кененмен бірге Есдәулет Қандеков деген ақын да болады. Мақсұт батыр өзінің Ысты еліне барып, бес жүзден астам жігіттерді жиып келеді. Қасқараудан Қанат батыр үш жүздей жігітімен келіп Әли жасағына қосылады. Кенен сол жолы:

Ел-жұртым, бас қосалық, аттаналық,  
Әлидің жасағына саптаналық!  
Қорлықтан да соғысып өлген артық,  
Патшадан кегімізді ап қалалық!  
Аттанындар, ау, аттанындар! –

делінетін «Аттан», сондай-ақ «16 жыл», «Қайран елім» деген әндерін шырқайды, Әли батыр туралы дастанын шығарып, айта бастайды. Көтерілісшілер патшаның жазалаушы отрядымен Көлқамыс, Ырғайты, Қопа, Мәтібұлақ басында кездесіп, қырғын соғыстар болады. Бірде жеңсе, бірде жеңіледі. Өте көп шығынға ұшырайды. Ақыры зеңбірек, пулеметпен қаруланған патша солдаттарынан жеңіліс табады. Көтеріліс басылады. Енді губернатор, жандаралдар көтеріліске басшылық жасаған Бекболат, Тоқаш, Әли, Қырғызбай сияқты батырлардың, олардың серіктерінің соңына түседі. Әли қолға түсіп, жазаланады. Көтерілісшілер арасында Кененмен бірге болған Есдәулет Қандеков ақын ұсталып, оған көтерілісті жақтап өлең айтты деген айып тағылып, 20 жылға сотталады. Кенен бес-алты жолдасымен әуелі Іле, Топар жағына барып, бой тасалайды. Сондағы қойшылар арасында паналап, анда-санда «Желторанғы» ауылындағы

Балтағұл Бигелдіұлының үйіне соғып, жан-жақтан хабар алып тұрады. Бір жолы Балтағұл Кененге оны іздеуші жендеттер ара-тұра оның үйіне барып, Қордай атырабына сұрау салып жүргенін, әзірге дамыл табатын түрлері жоқ екенін, енді Іле, Топар, Балқаш жағына шықпақшы деген сөздер естігенін айтады. Осыдан соң Кенен түнделетіп үйіне жетеді де, балаларының бетінен сүйіп, жол азығын қамдап, Қырғыз еліне, Ыстықкөл жағына өтіп кетеді. Сол жақта жай момын шаруаның қалпына түсіп, елеусіз, ескерусіз жүре береді. Қойшылармен тау арасында қой жайысады, шөпшілермен шөп шабысады. Сөйтіп жүргенде күз өтеді, қыс кетеді, көктем жетеді. Кенен бұл кезде Әбіш Көбейұлы дейтін қырғыз досына қой жайысып, соның жапырайған қоржынбас тамында бірге тұрып жатады. Ағаштар жапырақ жайып, жер көктейді.

Бір күні Әбіш жотаға өрмелей жайылып кеткен қойдың алдын қайтарып келуге кетеді. Кенен далаға шықса, үй жанындағы ағаш бұтағында бір бұлбұл бұйығып, сайрап отырады. Әлдеқайдан оған тағы бір бұлбұл қосылады. Екеуінің мұңды әні Кененнің көңілін толқытып жібереді. Алыста қалған бала-шағасын еске түсіреді. Бұлбұл әніне өзінің де іштегі зарын қосады.

Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,  
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр.  
Айырылып ел мен жерден жүрген шақта,  
Жұбатып ертелі-кеш сайра да тұр.  
Алатау, аңсадым-ау самал лебін,  
Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін.  
Ер жігіт шетте жүрген ел сағынар,  
Елден соң туып-өскен жер сағынар.  
Туған жер, өскен елім, орның бөлек,  
Сыйласар қырғыздан да ел табылар.  
Алатау, аңсадым-ау самал лебін,



Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін.

Ер жігіт тірі жүрсе нені көрмес,

Ер болса қасіретке бойын бермес.

«Ел кегі жауға кетпес» деген бар ғой,

Дегенге кек қайтпайды көңіл сенбес.

Алатау, аңсадым-ау самал лебін,

Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін, —

делінетін «Бұлбұл» әні көкірегін жарып шығады.

— Кенеке, мен сіздің әншілігіңізге тәнті едім. Бірақ мұншалықты көп білетініңізді, терең екеніңізді білмеуші ем, өзгенің жырын жатқа айтатын жыршы ма деп ойлаушы ем. Сіз шындығында да ғұлама жырау, атақты ақын, әбжіл шешен, байтақ шежіре, халқымыздың ғасырда бір туатын адамы екенсіз, — депті.

Сол жылы күзде Мұхаң Кененді Мәскеуге шығысты зерттеушілердің дүниежүзілік конгресіне алып барып, «Қобыланды батырдан» Тайбурылдың шабысын жырлатады. Отырған орындығын Тайбурыл ғып мініп, сахнаны айнала шапқан Кененнің қимылына, асқақ даусына, орындау шеберлігіне залдағылар тәнті болып, қайран қалады. Әдетте тектен-текке шашылып-төгіле бермейтін Мұхаң осы оқиғаға байланысты «Мәскеу» қонақ үйінде үлкен той жасайды. Екеуінің кеш те болса табысқан бақыты баянды болмай, 1961 жылдың жазында ұлы жазушы дүние салғанда Кенекем:

Тұлпардың бір аяғы сынғандай боп,

Сұңқардың оң қанатын жұлғандай боп,

Айырылдык, арамыздан кетті Мұхтар,

Ай маңдай, айна көзін жұмғандай боп.

Асылым, арысым, Мұхтаржан-ай, —

деп, кабырғасы қайысып, қатты күңіренеді.

**Мырзатай:** Кенекен біреудің сөзін біреуге ауыстырмай, әңгімені баппен, нақты, дәл, дәмді, тартымды етіп айтатын. Әңгіме арасында домбыраға Қордайдың жайлап ескен самалындай өзінің әдемі құлақ күйін шертіп қосып отырушы еді. Задында Кенекен тарихты, аңыз-әңгімені, шежірені жетік білетін және тамсандырып, қызықтырып, дәлелімен айтатын. Көңілі түссе, заты қазақ, қырғыз өнерпаздары, көбіне Жетісу өңірінің бұрынғы-соңғы жыраулары, ақындары, жыршылары, шешендері, әншілері, күйшілері жөнінде аңыздай ғып байтақ, ғажап әңгімелер айтушы еді. Соның бірқатарын мен қағазға түсіріп отырдым. Бірқатары, өкінішке қарай, түспей қалды. Сонда көбірек әңгімелейтіндері Кебекбай, Бердібек, Ноғайбай, Бөлтiрiк шешендер, Сыпатай батыр, Дәурен сал, Тiлемiс, Сарбас ақын, Байсерке күйшi болатын. Балуан Шолақтың Жетісуға келгенін, ілесе жүріп серінің өнерін үйренгенін де жырдай қылып айтушы еді. Кенен солардың бірінен жыраулықты, ақындықты, бірінен салдықты, әншілікті, бірінен шешендікті, енді бірінен күйшілікті үйренген.

Жалпы, қазақ халқының бағзы замандардан келе жатқан сан салалы байтақ өнерінде ешбір елге ұқсамайтын ерекшеліктер, қасиеттер көп-ақ. Сол өнердің өзгеше бір қызықты саласын сал-серілер құрайды. Олардың ең соңғы үздігі – Кенен Әзірбаев. Кенекен бұл ретте өзіне Дәурен салды ұстаз тұтатын.

**Автор:** Мырзеке, Дәурен сал туралы қызық әңгімелердің шет жағасын мен «Социалистік Қазақстан» газетінде әдебиет және өнер бөлімін басқарып қызмет істеген жылдарда сол кездегі газет редакторының орынбасары белгілі журналист, жазушы Балғабек Қыдырбекұлы ағамыздан естіген едім. Ол кісінің:

«Дәурен сал туралы әңгімелерді менен де артық білетін адам Кенен Әзірбаев» деген сөзі де есте қалыпты. Қазір сізден Дәурен сал туралы Кенекеннің әңгімесін қысқаша болса да айтып беруіңізді сұрағалы отырмын.

**Мырзатай:** Айтайын. Бұл туралы кезінде мен жаздым да. Дәурен сал Жетісу, Әулиеата өңіріне, оңтүстік өлкесіне даңқы тегіс жайылған айтулы өнерпаз, ақын, әнші, ит жүгіртіп, құс салған, көпшіліктің сән-салтанатты серісі болған ғой. Бір жылдары Дәурен салдың даңқын естіп, салдық салыстырамыз деп бірдей киінген, жасанған, ылғи қамысқұлақ, қаз мойын, арғымақ аттар мінген алты жас сері іздеп келіпті. Дәурен сал алыстан келген алты салды ту бие сойып, қазы-қарта, құймақ-қымыз беріп сыйлайды, құрметтеп қонақ етеді. Олар да бар өнерін аямайды. Еліне қайтатын мезгіл жеткенде алтауына ертұрманымен құлағын шашақтаған, құйрығына үкі таққан жез қоңыраулы алты арғымақ мінгізіп тұрып Дәурен сал:

– Кезінде азды-көпті салдық құрдым. Алыстан іздеп, ат арытып, тон тоздырып келіпсіндер, бар мәзір осы, барға разы боласындар, – депті.

– Біріміз ойдан, біріміз қырдан, сізден салдығымызды асырамыз деп келіп едік, кісілігіңізде, жомарттығыңызда шек жоқ екен, ризамыз. Сізден үлгі алайық, біздің елді аралап қайтыңыз, – депті әлгілер.

Сонда Дәурен сал:

– Сендер мен салдықты тастағанда кез болдыңдар. Салдықты он сегізімде бастадым, отыз жетімде тастадым, – дейді. Сонда алты сал бірдей шулап:

– Себебі не? – деп сұрайды.

– Айтқан серт, алысқан қол бар еді. Салдықтан жеңілгенім жоқ, бір қыздан жеңіліп тастап едім, – деген

екен Дәурен сал. Алты сал мұның мәнісін сұрайды, сал түсіндіреді:

– Қырғыздың екі ауылы ай жоқ, шай жоқ, көшіп келіп, Дулаттың Сусамыр, Меркі, Аспара жайлауына шаңырақ көтеріп, үйлерін тіге бастайды. Мұны есітіп, оларды көшіргелі жолдастарын ертіп, салдық бұрмасын киіп, қырғи қара атқа мініп Дәурен сал келеді. Екі жігіт шаңырақ көтеріп жатыр екен, тігіліп жатқан үйдің жанындағы көк шатырдан құндыз бөркін шекесіне қисайта киген күміс дауысты әсем қыз шығып, қонақтардың атын байлатып, ішке кіргізеді. Келген қонақтарды төрге отырғызып, дастарқан жайып, сырлы тегенеден алтын ожаумен сапырып, бал қымыз құяды.

Бұлар Дәуреннің салдық салтын, ел-жұртын сынағалы көшіп келген қырғыздың Қырмызы сал деген ерке қызының ауылы болса керек. Он саусағынан өнері тамған айтулы өнерпаз, байсалды, сабырлы сал Қырмызы салдықтың белгісі ретінде алтын алқа тағып, басына зер тақия киеді екен. Қомузын кер жорғаның әсем шалысындай, сүйріктей әдемі ақ саусағымен қағып тартады. Бір ауыз әзіл-қалжың айтыспай, жөн де сұраспай, сойған малына қарамай, қонақтар атқа қоныпты. Қыздар да үн-түнсіз қала береді.

Келе жатып ылғи біркелкі ақтан түйе, боздан жылқы айдаған, ақ шатырдай киінген бақташы қартқа жолығады. Ол Қырмызының қойшысы екен, жөн сұрасады.

– Бұл алты қабат Алатаудан асып қазақтың Дәурен салымен салдық салыстырғалы көшіп келген қырғыздан асқан Қырмызы салдың малы. Жасы он алтыда. Өзі ақын, өзі әнші. Сұлулығына – мінезі, ақылына адамгершілігі сай, қолы ашық, жомарт, бір байдың ұлы да, қызы да өзі. Ерке, еркін өсіп келеді, еркі өзінде. Жалғыз болған соң әке-шешесі еркекше киіндіріп, ұл баладай етіп өсірді.

Асық атып, көкпар тартты, ит жүгіртіп, құс салды, жиын-тойда өлең-жыр айтып салдық құрып, серілікпен келеді. Он үш жасқа келгенде ата-анасына боз бие шалдыртып, той істетіп, шүлен тараттырып, ел-жұртқа қыз екенін әйгілетті. «Мені малға сатпаңдар. Өз еркіме жіберіңдер. Еркек болып көпке атым қалмады, салдық құрамын, серілік жолына түсемін, тым болмаса қыз атағым қалсын, – деп, әкесі мен шешесінің уәдесін алып, дегенін істетті. Міне, қыз осылай он үшінен бастап салдық құрды. Мына жағы – Талас, мына жағы – Ыстықкөл, Жаркент, Қарқара, Шу елдерін тегіс аралап келген беті бұл. Көшті бастайтын да, сұрағанға жөн айтатын да – өзі. Мен қыздың өкіл әкесі едім, Қырмызы болсын деп атын қойған мен едім. Жасымнан әкесімен дос едік. Әкесі Исақ – Дулан батырдың тұқымы, атақты батыр; шешесі Айша сұлу – атақты Төрегелді батырдың қызы. Міне, Дәурен сал шырақ, Қырмызы сенің атақ-данқынды, дақпыртынды естіп, жүзіңді көргелі, салдығыңды сынағалы келді, әңгіме осы, – дейді ақсақал.

Дәурен сал ел-жұртын жинап, «ер намысы – ел намысы» дегендей, елімен ақылдасып, бір сазға ақ үй тіктіріп, мамаағаштарын күмістетіп, керме арқанын жібектен тарттырады. Үйге түрікпен кілем төсетіп, есіктен төрге дейін кестелі атлас көрпе жайдырып, үйдің бау-басқұрларын зерлетіп, уық-керегенің басын күмістетіп, саба сайын қос күміс піспек салып, түйемойнақ оншақты сабаны оң босағаға қойдырады.

Сөйтіп, Әулиеатадан бергі жердегі сері жігіттерді: Майкөт, Майлықожа, Сарбас, Тоқтағұл ақындарды, Балқыбек, Сауытбек, Жидебай секілді шешен, жырау құрбыларын шақыртып, Қырмызы салды ауылымен күтеді. Қырғыз-қазақтың ортақ жайлауы Сусамыр төрінде жұрт түрлі сауық-салтанат құрып, тамашалап жатады.

Күйші күйін тартып, сал-серілер салдығын құрып, ақын-жыраулар төгілтіп жыр айтады.

Қырмызы қыз сүйріктей нәзік ақ саусағымен шаңқобызын шалып, қомузын тартады. Той тарқап, еліне аттанар алдында:

«Аспара, Меркі – жеріңіз,  
Дулат, Ботпай еліңіз.  
Дәурен, даңқың жер жарып,  
Көкейден кетпеп едіңіз.  
Келіп едім даңқыңа,  
Ризамын халқыңа.  
Жыр шығарып, күй төккен  
Өнерші қауым – жалпына.  
Мейманды жақсы күткендей  
Еліңнің жақсы салтына.  
Қырмызыдай құрбыңның  
Жеткен де баға-парқына.  
Көздерің жетсе деп едім  
Қырмызының нарқына.  
Тілегімді айтайын,  
Тоқтасаң қыздың шартына:  
Іздеп кеп ем айылдан  
Атағыңа жайылған.  
Жігіт қызды іздейтін  
Ата салты байырдан.  
Ағалықтың жолын бер.  
Аман болғын, асыл ер,  
Ата-анамды барып көр,  
Мен бір сұңқар тұғырда  
Томағамды алып бер», –

деп, ризашылығын білдіріп, тілегін айтады.

Қыздың сән-салтанатына, ақыл-парасатына әбден риза болған Дәурен сал жауап қайтарады:

«Қош, сау бол, сал қарындас, Қырмызым-ай,  
Аспанның Таңшолпаны, жұлдызым-ай.  
Сәлем де ата-анаңа сені туған,  
Ұжмақтың райхан гүл үр қызындай.  
Барамын тірі болсам ат арытып,  
Атақты ақ қалпақты қырғызыңа-ай.  
Қазақтың ортасында Дәурен салмын,  
Өнердің арқасында жүрген жанмын.  
Беріп кет бір белгіні ұмытпасқа,  
Шырағым, сендей қызға мен де зармын».

*Қырмызы:*

«Туған жерім Атбашы,  
Жүрегім дейді айтпашы.  
Ертең елге көшеміз,  
Дәурен сал, қош бол, топ башы.  
Мен тұлпардың құлыны,  
Түседі кімнің ноқтасы.  
Мінеки, алтын жүзігім,  
Көзімдей көріп сақташы», –

деп, сақинасын Дәурен салға беріп, қимастықпен еліне қайтады.

Дәурен сал кейін Қырмызыны іздеп барып, қырғыздардың арасында бір жыл тұрып, отыз күн той жасап, қызды еліне алып қайтады. Жүрерінде ата-енесі:

– «Шаруа түбі – кеніш, саудагер түбі – борыш, таздың шашы сұйық, салдың арты сұйық» деген қазақ-қырғыздың

мақалы бар, енді екеуің де салдықты тастаңдар, – деп өтінеді. Еліне келген соң Сыпатай батырды шақырып батасын алып, екеуі де салдықты біржолата қояды.

Дәуреннің салдықты тастаған себебі осы екен. Бұл әңгімені тыңдаған алты сал таң-тамаша қалып, елдеріне қайтыпты.

Кенекең дәл осылай Сарбас, Әлмен, Әмір ақындар туралы да құлақ құрышын қандырғандай керемет қызық әңгімелер айтушы еді, амал не, солардың көбі хатқа түспей қалды.

**Автор:** Мырзеке, Кенекеннің Дәурен сал туралы әңгімесі түбі бірге туысқан, қатар жатқан көшпенді екі халықтың, қазақ пен қырғыз халықтарының өміріндегі, тарихындағы естіген құлақтың айызы қанатындай, кез келген адам қызығатындай, тұтас алғандағы адамзат тарихының сәулетті, жарқын бір көрінісі деп айтатындай, таңғажайып оқиға екен. Екі халықтың да өнерге, өлеңге, әнге, жырға, күйге, ойын-сауыққа әуестігі, өнер мен өнерліні бағалауы, болмысына біткен жомарттығы, сауық-сайраншылдығы Дәурен сал мен Қырмызы қыз туралы айтылатын осы азғантай әңгімеден барынша анық көрінеді екен. Жер бетінде, өмірде, тарихта бар қазақ, қырғыз деген халықтардың асыл қасиеттерін, жарқын өмір сүруге деген құштарлығын, талпынысын айдай әлемге жарқыратып көрсетіп, айғақтайды екен. Осындай тарихымызды әлі де қаузап, түптей зерттесек, осындай әңгімелерді мектептеріміздің оқулықтарына енгізіп, жас өскіндеріміздің көкірегіне құйсақ, шын мәніндегі, жақсы мағынасындағы ұлтшыл, отаншыл, өз елін, өз жерін, өз халқын сүйетін нағыз патриот ұрпақ тәрбиелеуге де сөзсіз септігі тиер еді-ау деген ой келеді.

Соған жалғас «Бір-бірін сүйіп қосылған Дәурен сал мен Қырмызы қыздың одан кейінгі өмірлері қандай



болды екен?» деген де ой туады. Балалары болды ма, ұрпақтары қалды ма? Жаңағы әңгімеде айтылған, Дәурен сал салдықты қойғаннан кейін алыс жерден оны іздеп келген алты жасты, алты салды ту бие сойып қарсы алып, құрметтеп қонақ етіп, кетерінде ер-тұрманымен құлағын шашақтаған, құйрығына үкі таққан, жез қоңыраулы алты арғымақ мінгізіп аттандырғанынан Дәурен салдың салдықты тастап, қарапайым тіршілікке көшкеннен кейін де кедейшілік, жоқшылық, тапшылық көрмей, салтанатты өмір сүргенін байқауға болатындай екен.

Бүгін сізден Кенекеннің өзі, өмірі туралы қызықты, ұлағатты әңгіме естігеніме қуанып отырмын. Жалпы, Кенекен де Жамбыл атамыз сияқты көп жасаған, халқымыздың да, үкіметтің де сый-құрметіне бөленген адам ғой. Жамбыл атамыздың мүшелді тойлары сияқты Кенекеннің де сексенге, тоқсанға толған тойлары кезінде республика көлемінде аталып өтті емес пе?

**Мырзатай:** Бұларды сен еске дұрыс салып отырсың. Ол тойлардың қалай өткені көз алдымда.

1972 жылы елімізде Жамбылдың 125 жылдық тойына әзірлік жүріп жатты. КазГУ-дің филология факультетінің деканымын. Бір күні мені Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров шақыртты. Келдім. Естігенім болмаса, кездескен кісім емес еді. Даңқы жер жарады. Кабинетіне жүрексініп кірдім. Сәлемімді жылы шыраймен қабылдады. Кім екенімді біліп отыр, менің туған ауылымда да болған екен. Әбіржімей, өзімді еркін сезіне бастадым. Қоңыр дауысты, келбетті, түлеген сұңқардай кісі екен.

– Екі күннен кейін Ленин сарайында Жамбылдың 125 жылдық тойының салтанаты өтеді. Димаш Ахметович өзі қатысады. Шетелдерден қонақтар келеді. Әбділда Тәжібаев баяндама жасайды. Осы тойға қалай да Кенен

Әзірбаевты қатыстыруымыз керек. Жібермеген адамымыз жоқ, ол кісі көнбей отыр. Насиха жеңгей: «Бір көндірсе Мырзатай ғана көндіреді. Жамбыл қартайғанда «Кененнің үнінен басқаны ұқпаймын», – деген екен. Сол айтқандай, бүгінде Кенен Мырзатайдың сөзінен басқа кісінің сөзіне құлақ аспайды», – депті, саған сеніп отырмыз, шырағым, барып, көнсе ертең Кененді Алматыға алып кел, – деді.

Бұл сөзі маған ауыр болды. Шал көне қойса жақсы, көнбесе қайтемін? Тәуекел деп күйеу баласы Тасығанды (Қауіпсіздік комитетінде істеуші еді), жиені полковник Манан Иманбаевты алып Қордайдағы ақынның үйіне келіп жеттік. Неге келгенімізді сезіп отырған тәрізді, Кенекең сәлемімізді салқындау алды. Өзі сексеннің сегізінде. Бәйге атындай болып жүретін кісі, соңғы екі-үш жылда аурушаң, жардай боп толып еді.

– Ата, – деп мен сөз бастадым, – екі күннен соң Алматыда Жамбылдың 125 жылдық тойы өтеді. Үкімет атынан арнайы шақыртушы болып келіп отырмын, бүгін салқын түсе жүруіміз керек. Ертең тынығасыз, арғы күні жиынға қатысасыз, жиналыңыз, – дедім.

– Алматыдағылар Кененді баяғыдай, айтса шауып жетіп келеді дейді-ау, бүгінде қарға адым жер мұң болып отырған жоқ па, жолға жарамаймын, жүрегім шыдамайды, бейнетке қаласындар, – деді.

Бәріміз де дағдарып қалдық. Насиха апам:

– Әй, Кенен, жолда қалам деп қорқып отырмысың. Өлмейтін пенде жоқ. Өлмесе Кебекбай, Ноғайбай қайда? Сүйінбай, Жамбыл қайда? Өлсең мына балаларың «Атам-ай, атам-ай!» деп жылап-еніреп ауылға әкеп көмеді. Балалардың сағын сындырма, – деді. Дауысы қаттылау шықты. Ақын сыңай білдіре қоймады. Мен сөзге қайта араластым:

– 1937 жылы Жамбыл тоқсан екі жасында жер түбі – Тбилисиге Шота Руставелидің өз тойы да емес, «Жолбарыс терісін жамылған батыр» деген дастанының 750 жылдығына барды. Сонда қолтығынан демеп сіз жүрдіңіз қасында. Қырық жыл үзеңгілес болдыңыз, ұстазыңыз Жамбылдың мына тұрған Алматыда, іргеңізде өтіп жатқан тойына қалай бармайсыз, ел не дейді, Димекең мен Асекең не ойлайды, партия қалай түсінеді мұныңызды? – дедім.

Сөз өтті білем.

– Бармайын деп отыр деймісің. Қу кәрілік шідерлеп, матап, шемендеп отырған жоқ па түге, бар десеңдер, барайын, – деді қиналып.

Мәз-мейрам болдық. Киімдерін алдырдық. Бірі шақ келмей, әлекке түстік. Сиғанын кигізіп, жолға шықтық.

Алматыға алып келіп, Төрткеннің үйіне түсіріп, ертеңіне Асанбай Асқаровқа кіріп баяндадым. Асекең қатты қуанды. Орталық партия комитетінің мәдениет бөлімінің меңгерушісі Михаил Есенәлиевке телефон соғып, тойға шақыру билетін алдыртты.

– Кенекең бірінші қатардың 12 орнында отырады, сен екінші қатардың 12 орнында, ол кісінің артында отырасың, – деп түсіндіріп, қолыма шақыру билетін берді.

Маусымның тоғызы күні Республика сарайында Салтанат ашылды. Біз сахнаға кешігіп жеттік. Жұрт жайғасып, Димекең Салтанатты ашып, Әбділда Тәжібаев баяндама жасап жатыр екен. Өзі денелі, буындары тырысып қалған, өліп-тіріліп Кенекеңді сахнаға сүйреп шыққанымда, Жамбыл тіріліп келгендей, Кененді көрген жұрт түгел орындарынан тұрып қол соқты. Алғашында Президиумдағылар не болғанын түсінбей қалды. Еңкеңдеп, еңтігіп келе жатқан ақынды көргенде олар да түгел түрегеліп кетті. Бірінші-екінші қатардың

арасымен сүйрелеп келемін. Бәйтеректей болып қол соғып тұрған Димекең:

– Кенеке, ассалаума-әлейкүм, қалайсыз, аман-есенбісіз? – деді.

Кімнің сәлем бергенін Кенекең аңғармай қалған тәрізді көрінді маған. Сүйрелеп апарып әйтеуір орнына отырғыздым. Өзім артына отырдым. Орнына жайғасқан соң Кенекең маған бұрылып:

– Әбділда менің келгенімді айтты ма? – деді.

– Айтты, – дедім.

Біраздан соң қанының қысымы көтеріліп, шаршағандай болды. Дәл қасында отыр еді, осыны сезген Асекең:

– Сусын әкеп бер. Үзілісте қан қысымын өлшет, укол салдыр, – деді.

Салтанатты жиналыс аяқталды. Жұрт лап беріп Кененнің қолына жармасты. Мен пәленшемін, мен түгеншемін деп жатты жапырлап. Кенекең оның біріне де мән берген жоқ, аман-есен тез сахнадан кетудің амалын іздеді.

Сахна төріндегі бір бөлмеге апарып тынықтырдым. Сәл есін жиған соң:

– Димаш көрінбейді ғой, Асанбай да келмеген бе өзі? – деді.

– Ойбай-ау, жаңа екеуі де тік тұрып сізге сәлем беріп, аман-есендік айтысты ғой, – дедім.

– Ой, қу кәрілік, Димашым мен Асанбайымды танымағаным – мені құдайдың атайын дегені екен. Түбіме жеткен екенсің сен, қу кәрілік, сен кімді ондырып ең, кімді аяп ең, – деп әбден пұшайман болды. Қатты қиналды. Концертке қарамады. Мен ол кісіні Төрткеннің үйіне апарып салдым.

Келесі 10 маусым күні тойдың жалғасы Жамбылдың ауылында, алма бағының ішінде өтті. Көп үй тігілген екен, Кененді соның ең шеттегі жұпынысына түсірді, біз қасында болдық. Қонақ күткен жалпаңбайлар басшыларымен әлек болып, ақын ескерусіз қалды. Тезекбайды шақыртты да әкесінің тойына құтты болсын айтып, Кенен дәмге де қарамай, Қордайға тартты да кетті. Ұлық көрсе иіліп, шыр айналған қазақ-ай, бүйтпесен қазақ боласың ба деп, көпке дейін айыға алмаған қалың ойдың құрсауында қалдық. Жамбылдың бір өлеңін оқып көрмеген қайсыбір әкімдерге биіктетіп үй тігіліп, қымыз сапырылып, қазы-қарта тартылып, өзді-өзі гу-гу боп жатты. Ал Жамбылды қырық жыл қолтығынан демеп, қасында жүрген, жырын-сырын ұққан, өзі де тоқсанды алқымдаған Кенен, осылай қатардағы мейман дәрежесінде де күтілмеді. Бұл Кенен Әзірбаевтың аяулы Алматыға, ұлы ұстазының ауылына соңғы рет келуі еді... Абыр-сабыр есі шығып, босқа даурығатын мінезден арылар ма екенбіз...

**Автор:** Ондай жалпаңбайлардың билікте әлі де кездесетінін көріп жүрміз ғой, Мырзеке. Ал бірақ Кенекеннің тоқсан жылдық тойы өз дәрежесінде өтті емес пе?

**Мырзатай:** Ол енді Димекеннің сара басшылығының, кісіні қадірлей білетіндігінің арқасы ғой. Жамбыл тойынан кейін, көп кешікпей республика жұртшылығы тағы бір жыр мерекесінің – Кенен Әзірбаевтың 90 жылдығының қамына кірісті.

Таңдамалыларының, әндерінің жинағын шығардық, теле-радио хабарлар үздіксіз беріліп жатты, оқу орындарында, аудандарда, облыстарда ақынға арналған әдеби кештер, жиындар, айтыстар өткізілді, естелік мақалалар жарияланды.

Ақынның 90 жылдығы, өнер жолының 75 жылдығы өзі туып-өскен жерде, Бөлдек тауының етегінде 1974 жылдың маусымының 22-23-інде өткізілді.

Қазақ жері импровизацияның туын тігіп, қанатын жайған жер, ақындықтың бағы жанған жер. Көкшолағы Кененнің дүлдүл болған, өзі қазақ халқына бұлбұл болған, аталы жасқа жеткен, даңқы асқан, аты аңызға айналған заманы еді. Жырдың тойы – елдің, халықтың тойына айналды. 217 үй тігілді. Бәйгеге 172 ат қосылды. Екі күн бойы ұлттық ойындар өткізілді, әншілер тамылжытып ән салып, күй төгіліп, жыр ақтарылып, ақындар суырылып айтысқа шықты. Мұны көзімен көріп, басынан кешкен Кенекен риза болды.

– Қазақ ілгеріде небір айтулы ас берген, мен ес білгелі мұндай той өткен жоқ. Осының бәрін жасап отырған халқыма мың алғыс. Армансыз адам жоқ дейді. Мен армансызбын. Осынша жасқа жеттім, бақытқа кенелдім, бәрін де көрдім, енді менің арманым жоқ, – деп тебіренгені есімізде.

**Автор:** Сол тойдан кейін Кенекеннің сізге арнап әнімен өлең шығарғанын білеміз ғой.

**Мырзатай:** Иә. Тойды өткіздік. Мен тойға екі қызым мен жеңгенді алып барғанмын. Той біткеннен кейін жұрттың бәрін атқарып, тарқатқан соң: «Ал, енді, ата, бізге рұқсат беріңіз», – дегенімде, басыма тақия кигізді. Сол кезде КазГУ-де декан болып тағайындалдым да, жұмыс көп, қолым тимей кетті, үш ай ат ізін салмадым. Сонда Алматының жолына қарап, мені іздеп, елендепті. «Әлгі Мырзатайдан хабар болмады-ау, өзімде де бар, Кенен тоқсанға толады деп жар салғанына үш жыл болып еді. Япырмай, осы жігіттің еңбегін ескермедім-ау. Жұрттың бәріне ат мінгізіп, шапан жауып жатқанда, басына тақия кигізіп жіберіп едім. Еңбегі зор еді, тойдың бәрін атқарған

сол еді. Құдай мені неден тарта қойды екен. Айтпады демендер, ол өкпелеп кетті», – деп пұшайман болыпты. Сөйтіп жүргенде Төрткен барып қалған екен, соған: «Шырағым, басқа амалым жоқ, сағындым Мырзатайды, қолыңа қалам ал», – деп, өзі домбырасын алып, қолма-қол сөзін шығарып, «Мырзатайға» деген әнін бірнеше рет қайталап айтып, Төрткенге жаздырыпты. Сөздері мынадай:

Сағынып сәлем жаздым Мырзатайға,  
Жігітсің сөзге шешен, тілің майда.  
Қормалы, қорғаушы боп ақындарға,  
Маған да көп еңбек қып тиді пайдан.  
Өз жүзін көрсеткендей өз келбетін,  
Баласың алтын сөзді, асыл айна.  
«Түтпейді түбі бірге» деген халық,  
Таныттың өнерімді бар жамайға.  
Тілектес боп өзіңе бата беріп,  
Отырмын өзің көрген жайлы жайда.  
Келін мен балаларға менен сәлем,  
Еңбегің маған сіңген кетпейді ойда.  
Сәлемді той өткелі бермей кеттің,  
Қарағым, өкпең бар ма, кеттің қайда?  
Отырмын нардай шөгіп бір орында,  
Тағдыр мен кәрілікке бар ма айла.  
Тілектес аман-есен жүргеніңе,  
Отырған Кенен атаң терең ойда.

Халқының пейіліндей кең, жеріндей байтақ, теңіздей терең, тауларындай биік, ән-жырдан туған, данадай ақын атамыз Кенен Әзірбаев бәрімізді өзінің саф алтындай таза өнеріне, сұлу келбетіне мәңгі ғашық етіп, ежелгі аңыз адамындай, 1976 жылдың көктемінде 92 жасында Сұлтүрдің етегінде, Қордайдың баурайында дүние салды. Аспан жылап, тау теңселді. Дауыл соғып, ел күңіренді.

Кенен фәни дүниеде мәңгі жасамайтынын білді.  
Өлерінен екі апта бұрын Төрткенге «Қалады-ау» деп  
атын қойып, әніменен ең соңғы мына өлеңін жаздырды:

Қайран елім, туған жерім,  
Ажал жетсе қалады-ау.  
Қара көрге, қатты жерге,  
Халқым шулап салады-ау.  
Жалғыз көйлек, еншім тимек,  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Есіл тәнім, салтанатым,  
Жер астында қалады-ау.  
Қырғыз, қазақ, Абақ, Тарақ –  
Ардақты елім қалады-ау.  
Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ,  
Керей, Уақ қалады-ау.  
Әлім, Адай, Жағалбайлы –  
Саңлақты елім қалады-ау.  
Алшын, Жаппас, Тама, Табын –  
Жан-жақты елім қалады-ау.  
Албан, Суан, бірге туған  
Қалың Дулат қалады-ау.  
Шапырашты, Ысты, Ошақты,  
Сары үйсінім қалады-ау.  
Ботпай, Шымыр, Сиқым, Жаныс –  
Бауырларым қалады-ау.  
Жарлықамыс, Қасқарауым,  
Ораз, Бұхар қалады-ау.  
Солтангелді, Бөкен бауырым,  
Сатый – Боти қалады-ау.  
Сыбаға алып, есіне алып,  
Қай бауырым барады-ау.  
Жарым, балам, іні-аға,  
Жора-жолдас қалады-ау.  
Ақ домбырам, қағаз-қалам  
Серік болған қалады-ау.



Қимас достар, тең құрдастар,  
Кәрі-жастар қалады-ау.  
Бірге жүрген, ойнап-күлген  
Замандастар қалады-ау.  
Қала-дала, сай мен сала,  
Жүрген жерлер қалады-ау.  
Тау мен тастар, тартқан көкпар,  
Әріптестер қалады-ау.  
Сыңғыр қаққан, сырын айтқан  
Күміс бұлақ қалады-ау.  
Жалғыздығың, шықпас үнің  
Тап сол жерде болады-ау.

Кенен Әзірбаев – өмірде де, өнерде де қайталана бермейтін құбылыстардың бірі, сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы тұлға; жырау әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шешен әрі шежіреші. Ол Қордайдан түлеп ұшқан жыр қыран еді, әндегі импровизацияның тамаша үлгісі еді, терең сөздің тұнбасы еді. Оның байтақ мұрасы халқымыздың биік эстетикалық мұраты ретінде ұрпаққа үздіксіз қызмет ете береді, ұлы Жамбылдың есімімен егіздің сыңарындай бірге аталатын болады, халық поэзиясының айы мен жұлдызындай бірге жасайтын болады; уақыт өткен сайын арман, құдірет, аңыз адамына айнала береді. Өйткені, ол артына өлмейтұғын сөз, өшпейтұғын өнеге қалдырған ақын.

# КЕНЕН КЕҢІСТІГІ МӘҢГІЛІК

*Несіпбек ДӘУТАЙҰЛЫ,  
жазушы,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері*

Қасиетті Алатау мен құдіретті Қаратаудың арасында өнер дейтін ұлы көштің басқан жер, шыққан тауын жіпке дәл тізіп берер кім бар? Десек те, әр заманда кезегімен келіп отырған сүңгі тіл, семсер сөздің ертеңнен салса кешке озған сүлейлері халық жадында аз жазылып қалған жоқ. Соның ішінде Жетісу жерінде Сүйінбайдан басталған ақындық дәстүр Жамбыл болып жалғасып, Майкөт, Сарыбас, Кенен болып кете барды. Оның бір жағында өнердің өлкесіне Сауытбек, Қылышбай, Сәдіқожа, Пішан, Әлмейіндер домбыра іліп, Ұлбике, Әлмен, Шәрипалар үкі таққан.

Жетісуда ақындық, жыраулық дәстүрдің үзілген жері жоқ. Бір ғана Сүйінбайдың өзі, бір ғана Жамбылдың өзі бір-бір эпос еді. Кенен осы екі даңғылды ұстаз тұтты. Өлеңдері зар күйінде тұратын Сүйінбай мен Жамбыл салған жол тым күрделі болатын. Бұл екі алып жыр толғаса елдік пен ерлікті, кісілік пен түсінікті түгендеп, айтысса қарсыластарын қынадай «қыртып» қиядан ілер қырғилар еді. Кенен Сүйінбай, Жамбыл болуды немесе жардан асып түсуді көздемеген, Тәңірінің әркімге өзінің бойына лайық өлшеп беретін дарынының әрқилылығы жағдайында олай ету мүмкін емес те еді. Мәселе, Кененнің ұстаздары сияқты өнер ақиқатынан айнымауында. Ол өзі өмір сүрген кездегі елдің қоғамдық-әлеуметтік әуенінен

өзін бөлектеген жоқ. Өткен ғасыр басындағы арыдан келе жатқан бай-манапты мақтап күн көретін кейбір ақындардай, әркімнің бір сойылын соғып кеткен жоқ. Кенен ақындығының қадыр-қасиетін осыдан іздеу керек. Осындай қадыр-қасиеті болғандықтан да ол халықтың мұқтажын, заман әуенін, өткен шақ пен келер күндердің ғибраттары мен арман-тілегін жырлай білді.

Дегенмен, Кенен жалпы, қандай тұлға? Ақын ба, сазгер ме, әнші ме? Ол – осының бәрі. Бір адамның бойына дарынның бірнешеуін үйіп-төгіп беру табиғатта сирек кездесетін құбылыс.

Ұлы Мұхтар Әуезовтің Кенекенді әуелде бәлендей елей қоймағаны белгілі ғой. Кейінірек, бір кеңірек отырып сұхбаттасудың ретінен кейін, Мұқаң: «Кенеке, мен сізді әнші ғана ма деуші едім, осыған дейін анық танымаған екенмін. Сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне, әрі ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз, халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға бас иемін», – деген екен.

Атамыз көзі тірісінде талай-талай елдерге барды. Қасиетті қазақ домбырасын көтеріп барады. Оның асқақ даусы Ресейді, Кавказды да әнмен әлдилеген.

Ән демекші, Жетісудың әншілік мектебі тікелей осы Кененмен байланысты. Батыс әншілік мектебінің іргетасын қалаған Мұхит, Арқада – Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұсалар болса, Жетісуда – Кенен. Осы бір дау туғызбайтын ақиқат әлі күнге дейін жөндеп айтылмай жүр. Жоқ десеніздер, Жетісудың арғы-бергі тарихында әншіліктен Кененнен асқан кім бар? Оны айтасыз, Кенен сазгерлігі мен орындаушылығы жағынан Мұхит салдан да, Ақан сері мен Біржан салдан да асып түседі. Мұны Атам болған соң айтып тұрғаным жоқ. Мен ән зерттеушісі емеспін. Мұндай тұжырымды қазір Ұлттық

Ғылым Академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының өнер зерттеуші жас ғалымдары жасап отыр.

Ақындық, жыраулық, жыршылық қатты дамыған Жетісу жерінде Кенен туғанға дейін, яғни ХІХ ғасырдың аяғына дейін әншілік дәстүрдің негізі жоқ болғаны ақиқат. Бұл жайлы даулы, құнды пікірлер жетеді. Ал шындық – Жетісудың әншілік мектебінің Арқаның әншілік мектебінен көп кейін дамығаны. Егер қазақтың әншілік өнерін жетік зерттеген профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты Саида Елеманованың сөзіне құлақ қойсақ, рас, Жетісу өлкесінде композиторлар аз болмаған, бірақ олардың шығармашылық даму кезеңі ХХ ғасырдың басындағы зобаландарға тап болып, көбісі өмірден ерте өткен.

1929 жылы Қордай ревкомының төрағасы болған Кенекең Голощекиннің қанды қылышына іліне жаздап, әйтеуір қырғыз елін паналап аман қалды. Қырғыздың токмо ақындарымен терең аралас-құраластығы сақтап қалды оны. Осы орайда еске ала кетейін, Кенен қырғыз ағайындарға он алты жасында ат басын тіреген. Үстіне киім кигізіп, астына ат мінгізіп оны үлкен тойға ертіп барған осы өңірдің көзі ашық, көкірегі ояу азаматы–Еркебай Базарұлы. Кенен сол 16 жасында қырғыз елін, оның атақты Шәбден манабын көрді. 16 жасында қазақ-қырғыздың шаршы тобының алдында алғаш рет асқақтата ән салды. 16 жасында осы үлкен тойдағы үш бас жүлденің бірін иеленіп, ұлы Жамбылдың батасын алды. Оның Жамбылмен ендігі жерде ешқашан ажырамас бірлігі осы 16 жасынан басталып, тура 61 жылға созылды. Бірі жырдың, бірі әннің ұлы тұлғалары осылай қосылды. Мұндай үйлесім Жетісу өлкесінде бұрын-соңды болмаған құбылыс еді.

Өнерде тыңнан жол салу өте сирек болатын бақыт. Кенекен әншілікте тура солай етті. Ол Арқаның да, Батыстың да әншілік дәстүрінің жалғастырушысы емес. «Бозторғай» әнін шығарғанда ол небәрі 13 жаста болатын. Осы жоғары деңгейдегі классикалық ән бала көмейден қанат қағып шыққан кезде Кенен Арқа, Батыс әндерін әлі естіген де жоқ еді. Кенен дегенде әуелі осыны айту керек. Кененді Кенен қылған оның қазақ әніне мүлде жаңа саз, жаңа әуен әкелгендігінде. Сөйтіп, Жетісудың тұңғыш әншілік мектебінің іргетасын қалады.

«Бозторғай» әнін Кененнің жастау кезінде орындаған дауыс лентасы фонотекада сақталып қалған. Даусы ешкімге ұқсамайтын аса жоғары да бояуы соншалық әдемі. Сайын даланың самғауы бөлек саңлағы осылай келген дүниеге. Оны айтасыз, «Базар-Назар» әніндегі орындаушылық әдістері қазақтың ешбір әнінде кездеспейді. Әттең Кенен әндері осы бүгінгі күнге дейін түптен тартып, түбегейлі зерттелмеген. Басқаша айтқанда, өнертану ғылымында оның шығармашылығына арналған бірде-бір мардымды ғылыми жұмыс жоқ. Болса, бірен-саран. Олар Ахмет Жұбановтың «Заман бұлбұлдары» монографиясындағы композитордың шығармашылығына арналған көлемді очеркі, Зейнұр Қоспақовтың «Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің» ғылыми еңбегіндегі Кенекеннің өмірі мен шығармашылығына байланысты ұсынған жаңа деректері. Осының ішінде өз басыма ұнағаны Нұрғиса Тілендиевтің естеліктері, Нұрағаң жазбалары зерттеу мақалаларынан әлдеқайда артық. Себебі? Нұрғиса Тілендиев Кененнен кейін Жетісу өлкесінде дүниеге келген осы замандық ұлы композитор. Тілендиевтің дүниеге бұлай келуінің түп тамырын Кененнен де іздеу керек. Мен мұны тұқым қуалау тұрғысынан айтып отырмын. Нұрағаңның анасы Салиқа әпкеміз Кененмен аталас қыз алыспайтын рудан.

Яғни, Кенекен мен Нұрағаң нағашы-жиен. Қаннан қанға ауысып келетін қасиетті ешкім де жоққа шығармайды. Оны көзі тірісінде Тілендиевтің өзі де жиі айтып жүретін. Енді осы Нұрағаң ғылыми зерттеуге бергісіз өз естеліктерінде Кененнің бойындағы қасиеттің төрт қырын ашады. Ол атамыздың күйшілігі, композиторлығы, әншілігі және ақындығы. Нұрағаң Кененнің әншілігін екі ұлы құбылыстан іздейді. Біріншісі – әнші анасы Ұлдардың ана сүті, екіншісі – Жетісудың желегі желмен ойнап, терегі көкке әуелеген, бұлбұлы үздіксіз сайраған әсем табиғаты. «Кенен, – дейді Тілендиев, – осы екі жаратылыстың ортақ перзенті». Ана сүтімен дарыған сезімтал түйсік, табиғаттың сырлы-сыбдыр әуезін санамен қабылдау әсем әндерге айналды. Кенен әндері тыз етпе, бір қақпай, жалт етті де жоқ болдыға жатпайды. Өмір-тірліктің мәнін, заң-мұңын, арман-айын, беу дүниесін, па шіркінін қазбалаған күрделі әндер. «Бозторғай», «Көкшолақ», «Домбыра», «Ри, қойым», «Шырқа, даусым», «Көпшілік тыңда әнімді», «Біздің Отан жеңеді» сияқты әндерін дәл өзіндей орындау үшін жел жетпейтін жүйріктің алапат жүрек соғысы керек. Кенен әндерін орындау үшін танымдық, талғамдық, бекзаттық, тектілік қасиет қажет. Кенен әндерінің ерекшелігі бір ғана сезімнің еркетотай әуезі емес. Олардың қатты тартып өрген бұрымның тарқатылған кезіндегідей жайылып сала беретін де, жүйріктің сауырын сипап қана отыратын төрт таспаның жеңіл өріміндей ерке шиырылып тұтас мамырлап тұрып алатын да, қыранның қос қанатындай қиядан қиқу салып кете баратын да, тік шырқаса тікенді ойдың тігісін қақыратып жіберетін де кездері көп. Осылардың бәрінде дүние шіркін мың аунап, өмірдің өзегі бірде өбектеп, бірде өртеніп, ғұмырдың мағынасы менмұндалай түседі. Кенен туралы көптеген жазбаларда

оның авторлары осылардың бәрін айналып өтіп кеткен. Айтқандары, Кенен қашан туды, әкесі кім болды, қанша ән шығарды, кімді көрді, сондай-ақ өзінің онымен әңгімелескені, қолына су құйғаны, атқосшы болғаны болып, жортақтап кете барады.

Менің көршілес қырғыз ағайынның біраз ақын, ыршыларымен сұхбаттас болғаным бар. Қайсыбір жылы «Қырғызстан маданияты» журналы Бас редакторының үйінде қазіргі «Өнер» баспасының директоры, жазушы Әшірбек Көпішев екеуміз қонақта болдық. Сонда қырғыздың бір ыршы азаматы Кененнің «Бұлбұл» әнін орындады. Сәл-пәл бұзыңқырап айтты. Күрделі әннің иірімдерін икемге келтіре алмады. Алайда, мәселе онда емес еді. Мәселе, осы әннің қырғыз әндерімен тамырлас, туыстығында болатын. Қырғыздың төкме ақындары, ыршыларымен қоян-қолтық жүрген Кенекен өз әніне қырғыз мақамын да қиюын тауып қиыстырып жіберген. Мұндай шеберлік, Пушкиннен біраз дүние аударған әрі оларына ән шығарған тек ұлы Абайда ғана байқалған. Бұл әнді түрлендіру, мүлде жаңа рең беру мақсатында жасалған ұлы тұлғалардың эксперименті де болуы мүмкін. Әлде таланттың танымға сұранып тұрған тағы бір таңдай қақтырар қыры ма екен.

Меніңше, Кененнің тағдырына өзі де, өзгеміз де ризамыз. Ең әуелі ол тоқсан жасады. Шерағаңның сөзімен айтқанда, жазушы, ақын, композитордың жасы ұзақ болғаны дұрыс. Ол сонда ғана халқына көп бере алады. «Бозторғай» мен «Сексен жас» әндерінің арасында ойын баласының 13 жасын алып тастағанда 67 жыл жатыр. Бұл ұзақ жылдар тарихи оқиғаларға толы болды. 1916 жылғы ақ патшаға қарсы көтеріліс, он жетінші жылғы Қазан төңкерісі, жиырмасыншы жылдары жүрген ұжымдастыру, кәмпеске, отызыншы

жылдың басындағы ашаршылық, оның ақ шеніндігі сталиндік репрессия. Ұлы Отан соғысы, тас-талқаны шыққан халық шаруашылығын қалпына келтіру, тың көтеру сияқты тірсек тістесіп тізіліп кете беретін аумалы-төкпелі замандар түгелдей Кенекеннің көз алдында өтті. Көз алдынан өткенде ол мұның барлығына төбеге шығып алып бақылаушы ретінде отырған жоқ. 1916 жылдың оқиғасына араласты. Араласып «Әли батыр» дастанын жазды. 1921 жылы Қордай ревкомының төрағасы болды. Бұл Қазақстанның басына Голощекиннің «Кіші октябрь» зауалының төніп келген кезі еді. Әйтеуір, одан қырғыз ауып, аман қалды.

Аса дарынды тұлға үшін адамның, жалпы тірліктің мәнін ашу – өмірдің ащы-тұщысын, уы мен зәрін пайымдауына тікелей байланысты. Ұлы өнер «ала жаздай ән салып, селкілде де билей бергеннен» тумайды, қан қақсатып, қабырға қайыстырған азап-шерден туады. «Азабы жоқ, шері жоқ елім қайтіп күн көрер!» дескен бабалардың күңіренісінде осы әңгіме, осы ғибрат жатыр. Кенекеннің күрделі әндерінің бәрі дерлік жарық дүниеден, жарық дүниені жайлаған жан біткеннің тіршілігінен мән-мағына іздеген, арман-тілегін айтқан күдіретті, қуатты күңіреністер. Рас, атамызда ажары атқан таңдай да, күйменің күміс қоңырауындай сыңғыр қаққан да күлтеленген жалы да бар әндер де аз емес.

Былайғы жұрт ойлайды: «Е, Құдай берді, Құдай берген соң әнді де шығара береді», – деп. Олай емес, ағайын. Ұлы талантқа – ұлы еңбек керек. Ұлы талант тамақ ішіп отырып та, әңгіме-дүкен құрып отырып та, әлдебір шаруамен айналысып жүріп те, пойызда, автокөлікте, самолетте кетіп бара жатып та шығармашылық процесін тоқтатпайды. Кенекен заманында Дағыстанда Әбутәліп деген әйгілі ақын болған. Ол жақта үйлердің төбесі тоқал



болады. Әбутәліп әлгі тоқал төбеде шалқасынан түсіп жатса, есіктің алдын сыпырып жүрген әйелі: «Әбутәліп, әй Әбутәліп, не істеп жатырсың?», – деп , – «Ой, сұмдық-ай, жатқан адам қалай жұмыс істейді?», – деп таңғалыпты әйелі. Үй шаруасындағы қарапайым адам ақынның жатса да, тұрса да өлең шығарып жататын, яғни оның жұмысы өзінен басқа өзгеге көрінбейтінін қайдан білсін. Атамыздың да творчестволық процесінің күндіз де, түнде де тынымсыз жүріп жатқаны, оның соншама ұзақ жылдарға ұласқаны даусыз. Болмаса, бір емес, екі емес, ондаған классикалық әндері дүниеге қалай келді. Ондаған классикалық әндерді жарық әлемге алып келген Кененнің шексіз еңбекқорлығын ұлы таланттың қайтпас Қаһармандығы, қайталанбаас Ерлігі, қазақ рухының қанаты талмас Қыран-Қырағылығы демеске шара, кәне.

Осы қасиеттердің барлығын жазбай таныған, ең алдымен, әрине, халық. Алайда, «Тұрымтай тұсымен» дегендей, қилы кезеңдерде таланттың да тасада қалып, тағдырының тәлкекке түсіп кетуі де өтірік емес. 1940 жылдың соңына қарай қайран атамның дерті белгісіз дертпен табаны күректей алты жыл төбесі аласа, едені сыз қоржын тамда сал болып жатып қалғаны бар. Егер сол кезде Красногор ауданына 28 жасар Асанбай Асқаров басшы болып келіп, ақынды іздеп тауып, қазіргі Кенен ауылынан оған үй салдырып, қамқорлық жасамаса, қалайда, қалай еді-ау.

Егер Қазақстанды Дінмұхамед Қонаев билеп тұрмағанда Кенекеннің 75 және 90 жылдық мерекесі республикалық масштабта дүбірлеп өтіп, оған былайғы жүз сан әдебиет пен өнердің санлақтарын, саясаттың серкелерін айтпағанда со кездің дүниені тіреп тұрған «қызыл» қаламгер Мәскеуден КСРО Жазушылар

одағының бірінші секретары Марковқа дейін арнайы келер ме еді, келмес пе еді. Айтматов сияқты ақиықтар аталап сөйлер ме еді, сөйлемес пе еді.

Еліміздің қазіргі президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың аса қадірлейтін, көңілден еш уақытта ұмыт қалдыруға болмайды деп қалап айтып отыратын екі композиторы бар. Оның бірі – Кенен, бірі – Шәмші Қалдаяқов. Өзі халықшыл Елбасы халықтың өнер үлгісіндегі екі ерен тұлғаны ел есінде ерекше есінде ұстауды аманат қылып отырады екен.

Облыстың кешегі әкімі Серік Үмбетов Кенен рухына азаматтық тағзымның ұлттық азаматтығын үнемі көрсетіп отыратын.

Осы орайда, мен Қордай ауданының әкімі Құрманғали Уәлінің де атасының әруағына қылау түсірмей рухының төбесінен құс ұшырмай жүргенін айтпасыма болмайды.

Ұрпақтар ауысар. Билік бірден-бірге жетер. Бірақ осынау азаматтық дәстүр келесілерге үлгі болып қалатыны даусыз. Ендеше, Алатауға ексең де екі келмейтін Кененнің кеңістігі мәңгілік. Ел билеген азаматтар оның шамын, халқы отын жаға береді. Дәтке қуат деген осы.

## КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ ТУРАЛЫ ЛЕБІЗДЕР

(Мұражай мұрағатынан)

«Кенен, Кенен деп жүр ғой елдің бәрі,  
Жақсы көріп кетіпті жас пен кәрі.  
Төрт аяғы тең жорға өлеңінің,  
Құлағымнан кетпейді салған әні».

*Жамбыл ЖАБАЕВ,  
ұлы жсырау.*

«Кенен Әзірбаев – өмірде де, өнерде де қайталана бермейтін ерекше құбылыс».

*Дінмұхамед ҚОНАЕВ,  
мемлекет қайраткері.*

«Халық өмірінде Кенен Әзірбаев үн қоспаған, өзінің жарқын талантымен шуағын төкпеген бірде-бір айтулы оқиға болған жоқ... Оның тамаша, өшпес туындылары бүгін де осы жауапты, құрметті істе сапта тұр».

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Елбасы, Тұңғыш Президент.*

«Совет оқушылары Кенен Әзірбаевтың есімін халық әдебиетінің аса ұлы алыптары Сүлеймен Стальскиймен, Жамбыл Жабаевпен қатар атайды. Кененді бүгінгі Жамбыл, екінші Жамбыл деп біледі».

*Георгий МАРКОВ,  
орыс жазушысы.*

«Кенеке, сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шешіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға дән ризамын».

*Мұхтар ӘУЕЗОВ,  
жазушы.*

«Кенен көнеден келе жатқан сал-серілер дәстүрін жалғастырушы, сол ұлы көштің соңғы тұяғы».

*Ғабит МҮСІРЕПОВ,  
жазушы.*

«Балуан ұзаған сайын ән биіктей береді. Жетісуда қалып бара жатқан Кенен, оған өз бейнесі сияқтанып кетті... Елде өз көзіндей көретін мұрагері қалуы оның қуанышын теңіздей тасқындатты. Кеудесіне сыймаған бұл тасқын Балуан Шолақтың көзінен жас болып сорғалады... (повестен үзінді)».

*Сәбит МҰҚАНОВ,  
жазушы.*

Сіз, Кенен ата, қазақ-қырғызға тең ортақ ұлы адамсыз. Сіздің тойыңыз – біздің тойымыз. Сіздің мерекеңіз – біздің мерекеміз. Қырғыз елі Сізді өзінің ең таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас, үзеңгілес, дәмдес болған, Жетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге араласқан, атағы жер жарған Осмонқұл, Алымқұл, Атай, Халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді, солардай ардақ тұтып, Сізді өз атамыз, өз ақынымыз, өзіміздің өнердегі Алатауымыз деп есептейді».

*Шыңғыс АЙТМАТОВ,  
жазушы.*

«Еще юношей Кенен Азербасев в совершенстве овладел традициями народной казахской поэзии, стал соратником великого Жамбула, а затем его продолжателем. Поэзия Кенена Азербасева – своего рода поэтическая летопись казахского народа».

*Олжас СУЛЕЙМЕНОВ,  
поэт.*

«Кенен қазіргі заманмен үндес, өйткені оның творчествосы біздің дәуіріміздің жемісі, біздің заманымызбен барынша тығыз байланысты, халықтың ой-сезімін білдіреді. Оның мақсаттары мен үміттері болашаққа бағдарланған».

*Зәки АХМЕТОВ,  
ғалым.*

«Жамбылым, ақын екен жаннан асқан,  
Әр сөзі Сүйінбайша жатыр астам.  
Інісі Мұхтар, Сәбит, Кенен ақын,  
Қартына қайрат беріп, ақыл қосқан».

*Байымбет АБДРАХМАНҰЛЫ  
(Тоголоқ молда)  
(қырғыздың ұлы демократ ақыны).*

«Жамбыл – шаң ілестірмейтін дүлдүл,  
Кенен – әсем әуезді бұлбұл».

*Мұхаметжан ҚАРТАЕВ,  
сыншы-ғылым.*

«Кененнің негізгі тақырыбы – біздің заман. Ол осы майданда үзбестен шығармалар беріп келді. Қандай жаңа оқиға болса да Кенен оны әнде, өлеңде халық арасына үгіттеуде республика композиторларының ішінде бірінші орынның бірін алады... Кененнің репертуары кең. Онда әндерден, өлеңдерден басқа қазақтың «Қобыландысы», қырғыздың «Манасы», түрікпеннің «Көрғұлы» сияқты үлкен эпикалық дастандар бар».

*Ахмет ЖҰБАНОВ,  
ғалым, музыка зерттеуші.*

«Кенен – ән мен жырдың генералы!».

*Бауыржан MOMЫШҰЛЫ,  
Халық қаһарманы.*

«Өлеңді әркімдер-ақ айтады, әркімдер-ақ жазады, бірақ солардың ішінде үнемі санаңнан кетпейтін, сезіміңнен ажырамайтын, дауысы естіліп, дидары көз алдында тұратындары некен-саяқ. Солардың бірі, бірегейі – Кенен».

*Әбділдә ТӘЖІБАЕВ,  
ақын.*

«Кенен ақынның даңқы бүкіл Қазақстанға тарап кеткен. Оның өлеңі айтылмайтын, әні шырқалмайтын, Кенен даусы естілмейтін жер бүкіл республика көлемінде жоқ екені анық».

*Асқар ТОҚМАҒАМБЕТОВ*

«Жамбыл бастаған халық поэзиясы бір мол арна – поэзия арнасы болса, оның ішінде Кененнің ақындық өнері мен еңбегі өзгеше биік. Ол басын ақ бас Алатаудан алып жатқан Жетісу өзендері тәрізді күшті де құдіретті».

*Әнуар ДЕРЫСАЛИН,  
ғалым.*

«Кім қойса да бұл асыл адамның есімін тауып атаған. Кенен. Кеудесі де, өнері де кенен кісі, қазір баба жасындағы Кенен ақсақал!».

*Қалижан БЕКҚОЖИН,  
ақын.*

«Сыртқы сымбаттан да, кейіп-келбеттен де, байсалды мінез, парасатты ойдан да жұтамай жаралу қандай бақыт! Шіркін, өлең-өнер адамдарының күйкі болмай, көрікті туғанына не жетсін! Кенен – өзгені сыйлай да, өзін сыйлаттыра да білетін кісі.

Қадірлі Кенен аға, сіздің сымбатты көркіңізге, сыпайы мінезіңізге қызығумен, сүйсінуге келген едік. Әлі де сүйсіндіре бергейсіз. Таңыңыз жайнап, жаныңыз жасара бергей!».

*Әбу СӘРСЕНБАЕВ,  
ақын.*

«Ойлап тұрсақ, Жамбылдан кейінгі алып, қажырлы қайраткер, ғасыр ғұмырды басынан кешіріп отырған Кенен Әзірбаев көп оқиганың куәсі, бақыты мол, қуанышы көп жан».

*Мүсілім БАЗАРБАЕВ,  
ғалым, қайраткер.*

«Бір бойынан толып жатқан тамаша қасиеттердің табылуы оның дарынының жан-жақтылығын танытты. Осынысымен ол бір жағынан халқымыздың көне дәстүрлерін сақтап келген сал-серілерді де еске түсіреді. Бұл біздің әдебиетіміз ғана емес, жалпы мәдениетіміздегі

сирек кездесетін, айырықша бағаланып, құрметке ие болатын ерен құбылыс».

*Мырзабек ДҮЙСЕНОВ,  
ғалым.*

«Кенен Әзірбаев – сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы өнерпаз: жырау әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шежіреші әрі ел мұрасын сақтаушы үлкен қайраткер».

*Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,  
ғалым, қайраткер.*

«Кенекеннің кей шығармалары үлкен полотнодағы музыкалық еңбектерге арқау болды. Мысалы, Е.Брусиловский оның А.Затаевич нотаға түсірген бір әнін «Қыз Жібек» операсында пайдаланған. Кенекен есімі, Кенекен бейнесі бүгінде өнерлі ізбасарлары мен өрендерінің туындыларына арқау болар объектіге айналып отыр».

*Нұрғиса ТІЛЕНДИЕВ,  
композитор.*

«Кенекен қай кезеңде болсын өз өнерінің бағасын түсінген, өзін-өзі пір тұта білген, көңілі ханға бергісіз дархан өнерпаз болған. Қазақта Кенен сөзінің ұғымы шалқарлық пен дарқандықты білдіреді ғой. Ақсақалдың өнері мен көңілінің кең жазиралығы өз есімі секілді кенендікке келетін».

*Еркеғали РАХМАДИЕВ,  
композитор.*

«Шілдедегі нөсердей шаңды басқан,  
Сағынды елің әнінді таңға ұласқан.  
Күн күлімдеп шыққанда көкжиектен,  
Сені жоқтап тұрады тарғыл аспан».

*Жақсылық СӘТІБЕКОВ,  
ақын.*

«Кененін еске алған ел елжіреді,  
Кенендей туар ма екен енді дейді.  
Ақын туған өлкеде көгілдір ту,  
Халқымның бірлігі боп желбіреді».

*Саттар СЕЙТҚАЗИН,  
ақын.*

«...Көктемнің сол бір күнінде таң атқаннан-ақ Қордай тауының аспанын бүркеп тастаған қара бұлт қабағын ашпай тұрып алып еді. Кенет күркіреген үн естілді. Маған бұл қарт Қордайдың қарс айырылған жүрегі сияқты көрінді. Содан соң аспанды бүркеген қалың бұлт біртіндеп ыдырап, алаулап, алабұртып, аңыраған аналардың ақ жаулығына ұқсап бара жатты да, сорғалап жауа бастады. «Аспан да перзентіне егіліп кетеді-ау!» деген ой кімге де болса келгені ақиқат. Бұл Кенекенді соңғы сапарға шығарып бара жатқан кез еді».

*Алтынбек ҚОРАЗБАЕВ,  
композитор, әнші.*

---

## МАЗМҰНЫ

<b>ӨТЕГЕН БАТЫР.....</b>	<b>5</b>
<b>ТОЙШЫБЕК БАТЫР.....</b>	<b>102</b>
<b>КЕБЕКБАЙ ШЕШЕН.....</b>	<b>137</b>
<b>НОҒАЙБАЙ ШЕШЕН.....</b>	<b>167</b>
<b>ДОМБЫРАСЫ ҰРАНДАҒАН БАЙСЕРКЕ.....</b>	<b>178</b>
<b>САРБАС МАЙКӨТҰЛЫ.....</b>	<b>203</b>
<b>ТӘКЕН САЛ БАЙҒҰТТЫҰЛЫ.....</b>	<b>218</b>
<b>КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ.....</b>	<b>226</b>



# ТҰЛҒАЛАР ТҰҒЫРЫ

*Редакторы Айгүл СӘМЕТҚЫЗЫ  
Беттеуші Айкерім БАҚБЕРГЕНҚЫЗЫ*

ISBN 978-601-03-0447-5



ИБ № 10

Басуға 10.03.2017 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі "Times New Roman". Көлемі  
15,0 ш.б.т.  
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс №2271.

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы









